

БАУМКИ
БАУМКИ

5





ЕҢБЕККЕ БАУЛУ

**Жалыны орта білім беретін мектептердің
5-сыныбына арналған оқулық**

**Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен**



**«SHARQ» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ
ТАШКЕНТ – 2015**

О'К: 372.831=512.121(075)

ВК 74.263

I 47

Авторлар:

**Ш. Шарипов, Н. Муслимов, У. Толипов,
Қ. Абдуллаева, О. Құйсінов, В. Сатторов,
С. Ахмадалиев, М. Муминова**

Пікір жазғандар:

И. Каримов – Қоқан МПИ доценті, п.ғ.к.;

З. Шамсиева – Республикалық білім орталығының «Музыка, өнер, әңбекке балу, физиологиялық кемелдік және салауаттық» бөлімінің меншерушісі;

М. Корабоев – Ташкент қаласындағы 12-мектептің еңбекке баулу пәні оқытушысы;

Ф. Хамдамова – Ташкент қаласындағы 21-мектептің еңбекке баулу пәні оқытушысы;

Х. Хошимов – Ташкент қаласындағы 243-мектептің еңбекке баулу пәні оқытушысы.

Шартты белгілер



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар



Өз бетімен орындайтын жұмыс

М-47 Еңбекке баулу. Жалпы орта білім беретін мектептердің 5-сыныбына арналған оқулық: / Авторлар Ш. Шарипов және басқ. – Т.: «Sharq», 2012, 2015. – 240 бет.

ISBN 978-9943-26-358-1

УО'К: 372.831=512.121(075)

КВК 74.263

**Республикалық мақсатты кітап қорының
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-26-358-1

© Ш. Шарипов және басқ., 2015.

© «Sharq» БПАК Бас редакциясы, 2015.

КІРІСПЕ

Құрметті оқушы! Еңбекке баулу сабағы сені еңбектің түрлерімен, үдерістерімен таныстырыады, оларды қадірлеуге үйретеді. Сенде алғашқы еңбек дағдылары мен білімдерді, жаңалық ашуға қызығуды қалыптастырады. Еңбекке баулу пәні сабактарында түрлі практикалық жаттығуларды орында, болашақтағы күнделікті өмірінде қажет болатын істерді орындауды үйренесін.

Әрбір оқушы мектеп дәүірінен бастап өзін еңбекке, болашақ кәсіби қызметке дайындаپ келу керек. Бұл үшін ол еңбеккерлік, шығармашылық, табандылық, берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындау сынды қасиеттерді өзіне әдет етіп қоюға тиіс. Бұл жолда еңбекке баулу сабағы пәні сенің ең жақын көмекшің болып қалады.

Бұл оқулықта еңбекке баулудың үш — “Технология және дизайн”, “Сервистік қызмет” және “Ауыл шаруашылығы негіздері” бағыттары берілген. Соны да ұмытпау керек, “Технология және дизайн” бағыты үшін оқулықта “Электротехника істері” және “Үй керек-жарак бұйымдарын жөндеу” деген тараулар берілген. Бұл тарауларды “Ауыл шаруашылығы негіздері” бағыттарын үйреніп жатқан оқушылар да үйренеді.

Жаттығулар мен ұйымдастырылатын саяхаттар барысында көптеген салалармен байланысты кәсіби мамандықтар түрімен танысадың. Ал болашақ өмірінде осындай кәсіби мамандықтардың бірін иеленіп, өз салаңың тамаша шебері болып жетілесін. Сонымен сен қоғамымыздың дамуына өз Үлесінді қосасың.

I бағыт


ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДИЗАЙН

1-тарау. МЕТАЛЛ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

1.1. ЖАЛПЫ ТУСІНІКТЕР


Металл өндейтін шеберхананың құрылышы

Еңбекке баулитын жаттығулар жалпы орта білім беретін мектептердің оқу шеберханасында ұйымдастырылады. Бұл жерде окушыларға арнайы жабдықталған жұмыс орындары бөлінген (1-сурет).



1-сурет. Металл өндейтін шеберхананың құрылышы: 1 – кітаптар мен қолданбаларға арналған шкаф; 2 – сыйнып тақтасы; 3 – оқытуышының жұмыс орны; 4 – орындықтар; 5 – слесарлық станоктар; 6 – қайрайтын станок; 7 – слесарлық станок; 8 – бүрғылайтын станок; 9 – арнайы киімге арналған шкаф; 10 – аспаптар мен материалдарға арналған шкаф; 11 – қалдықтар тастауға арналған ыдыс; 12 – шұнғылша (раковина).

Металл өндейтін шеберхана дағы жұмыс орнының тәртібін үзбей отырып, мұнда өтілетін сабақта қажетті аспап-құралдарды ғана жайғастыруға болады. Кесу, соғу, жүзі бар және өлшеу аспаптарын пайдаланғанда сақ болу, өзінді және қасындағы достарды жарақаттанудан сактандыра отырып істеу керек (2-сурет).



2-сурет. Оқушының жұмыс орны.

Металл өндеудегі қауіпсіздік техникасы ережелері

1. Арнаулы киімнің барша түймелері салынған, киімнің жеңіндегі манжет қолдың ұшын қысып тұру керек. Шаштарынды бас киімің толық жауып тұру керек.
2. Тек оқытушы берген тапсырманы, тиісті тәртіпті сактай отырып орындау керек. Тапсырманы орындауда денені дұрыс ұстауға назар аудару керек.
3. Оқытушының рұқсатынсыз станокпен жұмыс істеуге, олардың саған таныс емес қондырғыларына тиуге болмайды. Оқытушы жұмысты орындау тәртібін түсіндіргеннен кейін ғана аспап-құралдарды пайдалануға болады.
4. Тек түзу аспап-құралдарды олардың белгіленген қызметіне сәйкес пайдаланып істету керек. Аспап-құралдарды өз жұмысын үшін қолайлы жайғастыру керек.
5. Жұмыс орнындағы жонқаларды, шаң, қалдықтарды тек ілгекпен, шөткемен және басқа да көмекші құралдармен тазалау керек.
6. Жұмыс кезінде алаңдама, достарының өз міндетін орындауына кедергі жасама.

7. Еңбек қауіпсіздігі ережелері бұзылған немесе жарақаттанған кезде дереу оқытушыға хабар беру керек.

Металдың тұрмыстағы және халық шаруашылығындағы маңызы, қасиеттері мен сипаттары

Адамның өмірін, қоғамның дамуын қазір металдан жасалған заттарсыз елестету өте қыын. Адамдар темір, мыс, күміс, қалайы, алтын, сынап, қорғасын сияқты түрлі металдарды ерте заманнан бері пайдаланып келеді. Қазіргі уақыттағы машиналар, станоктар, құрылымыс жабдықтары, күнделікті тұрмыста қолданылатын көптеген заттар металдардан дайындалады.

Металдар негізінен, физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттері бойынша ерекшеленеді.

Физикалық қасиеттері: тығыздық, ерігіштік, ыстықтан кенейгіштік, жылу откізгіштік, электр откізгіштік.


Механикалық қасиеттері: беріктік, созылғыштық, сығылуыштық, иілгіштік, бұрылғыштық, жабысқактық, қаттылық.

Технологиялық қасиеттері: соғу көтергіштік, жинақтылық, сұйық күйдегі аққыштық, дәнекерлегіштік, кесілгіштік.

Өнеркәсіптегі металдар әдетте таза күйінде емес, қорытпа күйінде қолданылады. Шойын, болат, қола, қанылтыр, дуралюминий сияқтылар құрамында металы бар ең көп қолданылатын қорытпалар болып саналады.

Өнеркәсіптегі металл бұйымдар прокаттау және құю әдісімен істеп шығарылады (3-сурет).

Металды яки металл қорытпаларын қыздырып немесе сұық күйінде прокаттау, қарама-қарсы айналатын біліктер арасынан езіп откізіп алу әдісімен алады. Прокаттау әдісімен қанылтыр, бұрышты темір, сым сияқты түрлі көлденең қимасы бар пішіндегі металл қоспалар дайындалады. Құю әдісімен күрделі пішінді заттар мен детальдар жасайды. Оқу шеберханасында сен



3-сурет. Металды прокаттау станогы мен оның схемасы.

негізінен, қаңылтыр мен сымдардың қасиеттерімен танысады және олардан түрлі бұйымдар жасайды.

Металдан бұйымды дайындайтын шеберлер слесарылар де аталады. Олар металл мен оның қорытпалары қасиеттерін білуге, құрал-саймандар мен станоктарды істету дағдыларын игеруге тиіс. Металды қолмен және механикалық әдіспен өндөр темір ұста шеберханасында жүзеге асырылады.

Металдың сыртқы көрінісі мен өзіне тән белгілері

Сендер металдардың түрлі қасиеттері бар екенін білесіндер. Олардың кейбірі жұмсақ та иілгіш болса, басқалары қаттыәэ иілгіш яки морт болады. Бірер бұйымды жасау үшін алдымен металдардың қасиеттерін білу керек болады.

Металдар түсі жағынан ерекшеленеді. Мысалы, болат – күлгін, мырыш – көгілдір ақ, мыс – қызылт түсті болады.

Барша металдар белгілі бір дәрежеде жылтырақ болады.

Металдар жылу мен электр тогын жақсы өткізеді.

Кез келген металдың нақты бір балқу температурасы болады, осы температурада ол қатты дене күйіне айналады. Мысалы, болаттың балқу температурасы қалайының балқу температурасынан едәуір жоғары.

Металдың қаттылығы басқа нәрселердің, яғни қаттырақ денелердің әсеріне қарсылық көрсету қасиетімен белгіленеді. Егер болат пластинканың үстіне қойылған кернерге балғамен ұрса, пластинкада кішкене шұқыр пайдада болады. Егер бұл істі мыс пластинкамен орындаса, шұқыр үлкенірек болады. Бұдан болаттың мыстан ғері қаттырақ екенін білуге болады.

Егер металл сыртқы күштің әсерінен өз пішінін өзгертіп, сынбайтын болса, ол иілгіш металл деп саналады. Металдың осы қасиеті оны тегістеуде, бұгуде, жаюда және штампылауда кенінен пайдаланылады.

Күштің әсерін алып тастаған соң, металдың бұрынғы күйіне қайтуы оның иілгіштігін білдіреді. Болаттан және мыстан дайындалған серіппелерді бір уақытта тартып, босатып көрші. Сонда болат серіппенің өзінің бұрынғы күйіне қайтқанын, ал мыстан істелген серіппенің созылған күйінде қалып қойғанын көресің. Демек, болат мысқа қарағанда иілгіш екен.

Майысқақтық – металдың арта түсетін күштерге қарсылық көрсете алу қасиеті. Мысалы, шойын плитаны балғамен бір рет соқса, ол сынады. Бұның себебі, шойын – морт металл.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Металл өндертін шеберхананың құрылышын түсіндір.
2. Металл өндеудегі қауіпсіздік техникасы ережелерін түсіндір.
3. Металдың күнделікті тұрмыстағы және халық шаруашылығындағы маңызын айт.
4. Металдың қандай қасиеттерін білесін?
5. 2-3 қорытпаның атын айт.



Оз бетімен орындаңтын жұмыс

1. Қауіпсіздік техникасы ережелерімен, оқу шеберханасының құрылышымен танысу.
2. Металдардың түрін, қасиеттері мен сипаттамаларын, пішіндері мен өлшемдерін, пайдалану мен қолданылу технологияларын үрлену.

Керек-жарақтар: Қауіпсіздік техникасы ережелері жазылған плакат. Оку шеберханасының жабдықталуы мен құрылышына қаты бар материалдар. Қаңылтыр темір, сым үлгілері. Өлшемдері бірде жұқа табақ металдар мен сымдардың жиынтығы, үйдің төбес жабылатын қаңылтыр темір, мырышталған (мырышпен қапталған) қаңылтыр темір, ақ (қалайымен қапталған) қаңылтыр темір, тот бапайтын (құрамында хром мен никелі жоқ) қаңылтыр темір, тағы мис, табақ алюминий, дуралюминий, жез, болаттан, мыстан және алюминийден тартылған сымдар.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Еңбек қауіпсіздігі ережелері жазылған плакатты үйрену.
2. Аспаптарды қолдану, сақтық қагида-ережелерін үйрену.
3. Оку шеберханасындағы арнаулы киім тізімін құрастыру.
4. Металдар мен қорытпалар үлгілерінің сыртқы көрінісімен танысу.
5. Әрбір үлгінің түсін анықтау.
6. Бұл үлгінің қара не түсті металдарға жататынын анықтау.
7. Әрбір үлгідегі металдың яки қорытпаның атын анықтау.

1.2. АСПАП-ҚҰРАЛДАР, ҚОНДЫРҒЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Жұмыс істеген кезде аспаптар мен дайындалманы (жартыла дайын өнім, шикізат, заготовка) жабдықтың үстіне олардың қолдануға қолайлы етіп жайғастыру керек. Оң қолмен ұстайтын аспаптар оң жақта, сол қолмен ұстайтын аспаптар сол жақтада болу керек. Егер жұмыс орнын дұрыс тәртіпке салса, уақыт үнемделеді, еңбектің өнімділігі мен сапасы артады.

Жабдықтың үстіне тап осы сабакқа қажетті аспаптардың коядьын жүргізу аяқталған соң барша аспаптар, дайындалмалар, сыйбалар дайындалған заттар жинап алынады, ал жонқаларды шөткемең сыйбырып тастайды.

Әрбір жұмыс орны, слесарлық станок қажетті аспаптармен

әндүрғылармен жабдықталған болу керек. Бұлар – і және майда тісті егеулер, темір балға, кернер, сызғыш, әсштабты сызғыш, 90° үшбұрышты сызғыш (угольник), тоқпак әне басқалар.

Станоктың металл жөндеуге және бұтуғе арналған плитасы – болу керек. Қорғаныс пердесі тек металл кесу барысында ғана пайдаланылады. Сызбаларды, бұйым дайындаудың әхнологиялық картасын қою үшін көтергіш штатив те болу ерек.

Слесарлық станок

Оқу шеберханасында металдарды қолмен өндөу станоктарда күзеге асырылады (4-сурет). Олардың әрқайсысында мына өлшектер бар: үстелдің үстінгі қақпағы, темір ұста қышқышы тиски) мен қорғаныс пердесі.

Темір ұста қышқышы детальдар жинауға немесе қажетті өндөу кезінде оларды бекемдеуге және ұстап тұруға арналған. Қышқыштың тұтқасын айналдырғанда қозғалғыш винт бұралып, гайкаға кіреді я немесе одан шығады, сөйтіп қышқыштың



4-сурет. Станоктар: орнатылған оқу шеберханасы.

қозғалғыш ауыздарын не ол, не бұл жаққа қарай жылжытады. Дайындаудан сенімді бекемдеу үшін жактардың бетіне дөңестер жасалған (5-сурет).

Станоктың биіктігі оқушының бойымен бірдей болу керек. Бұл үшін оқушы станоктың жанында тұрып, он қолын 90°-қа бұту керек. Сонда оның шынтағы қышқыштың жоғары бөлігіне тиіп тұрса, станоктың биіктігі дұрыс бапталған болады (6-сурет). Станоктың биіктігі оқушының бойымен бірдей келмесе, ол істеген кезде тез шаршап қалып, ісінің сапасы да төмен болады.

Өлшеу және белгі қою аспаптары

Жасалатын детальдың сыйбадағы пішіні мен өлшемдерін белгі қою аспаптарының көмегімен дайындауда көшіруден түзілетін теміршілік (слесарлық) операция белгі қою деп аталады.

Жұқа табақ металдарға белгі қоюда мына аспаптар пайдаланылады: слесарь балғасы, кернер, сывғы масштабты сыйғыш, 90° үшбұрышты сыйғыш, белгі қою цирку. (7-сурет).

Темір ұста шеберханасындағы ішкі тәртіп ережелері

Оқу шеберханасында болатын жаттығуға алдын ала келісабакқа дайындалады.

Жаттығуға әрине арнаулы киім киіп келу керек.


Жаттығу басталудан бұрын күнделікті оқытушының үстелінде жұмыс дәптері мен басқа қажетті заттарды станоктың үстінде қояды.



5-сурет. Слесарлық қысқыш.



6-сурет. Станоктың биіктігін өлшеу.



7-сурет. Өлшеу және белгі қою аспаптары: 1 – 90° үшбұрышты сызғыш; 2 – штангенциркуль; 3 – масштабты сызғыш; 4 – темір сызғыш; 5 – белгі қою циркулі; 6 – темір балға; 7 – кернер; 8-9 – сызғыштар.

Оқытушы өтілген сабак бойынша сұрақ бергенде, жана сабакты түсіндіріп жатқанда оны ықыласпен тындау, белсенді болу, еңбек тәртібін бұзбау керек.

Жаттығу аяқталған соң жұмыс орындарын жинастыру, аспаптарды тапсыру және қорытынды нұсқауларға дайындалу керек.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Слесарлық станоктың негізгі бөлшектерін санап шық.
2. Аспаптар мен қондырғыларды темір шеберлігі станогына қалайша ұрыс орнатады?
3. Қысқыштың жұмыс барысын түсіндір.
4. Темір шеберлігі станогын қандай аспаптармен, қондырғылармен сабдықтайты?



Өз бетімен орындағытын жұмыс

1. Темір ұста шеберханасындағы металл өндейтін құрал-саймандармен, қондырғылармен танысу, оларды түрлерге бөлу, іске жарамдығын тексеру.
2. Темір ұста шеберханасында металл өндеуде қолданылатын белгі

қою аспаптарының құрылышы және қызметімен танысу.

Керек-жарақтар: Слесарлық станок, темір шеберлігі станогын, қолданылатын аспаптар мен механизмдер үлгілері, белгі қою аспаптар кернер, сыйзыш, масштабты сыйзыш, 90° үшбұрышты сыйзыш, тоқп. және басқалар.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Слесарлық станоктың құрылышын үйрен.
2. Темір шеберлігі станоктарының биіктігін өз бойыңа бейімде әдістерін үйренуге мүшкін.
3. Слесарлық қысқыштың құрылышын, онымен жұмыс істеп ережелерін түсіндір.
4. Темір ұста шеберханасында қолданылатын аспаптар мен қодырғылардың тізімін құрастыр.
5. Темір ұста шеберханасында жұмыс істеген кездегі ішкі тәрті ережелерін айт.
6. Темір ұста шеберханасындағы үшбұрыш сыйзышпен белгі қою жұмыстарын орында.
7. Таңдал алынған металл үлгісіне циркульдің жәрдемімен белгі қою амалдарын үйрен.


Аралар мен фрезалардың түрлері

Тұтқасы бар ара (8-сурет) кейде садақ деп те аталатын рамкадан (1) және оған бекітілген тісі бар жұқа болат полосадаң тұрады (4). Рамкалар ажырмайтын және ажырайтын болады Ажырайтын рамка қолайлышақ, өйткені оған түрлі ұзындығы бар ара полотноларын орнатуға болады.

Раманың бір ұшында тұтқа (3) мен ара полотносын орнату үшін ойып тілінген қозғалмайтын стержень (2), екінші ұшында ойық және құлағы бар гайкалы (7) тартқыш винт болады, бұл винт араның полотносын керіп тұруға қызмет етеді.

Металды аралау процесі – сортты прокатты араның көмегімен бөліктерге ажыратудан тұратын слесарлық операция.


Фреза – металл және бейметалл материалдардан дайындалған бұйымдар мен дайындаудардың бедерлі беттерін өңдеу, тіс пен резьба ою және басқа да операцияларды орындау үшін



3-сурет. Тұтқасы бар слесарлық ара: 1 – табан (рамка); 2 – құйрық; 3 – тұтқа; 4 – араның полотносы; 5 – штифт; 6 – тартқыш винт; 7 – құлағы бар гайка.

қолданылатын көп тісті кесетін аспап. Олар бекітілу әдісіне, пішіні мен құрылымына, тістерінің бағыттылығына қарай түрліше болады (9-сурет).

Көп тісті аспап болып табылатын фрезаның әрбір тісі кескіш міндеттін орындаپ, жоңқаны үтір тәріздес етіп кеседі. Жұмыс кезінде бір немесе бірнеше тіс қатынасып, қалғандары сол бір мезгілдің ішінде суып үлгереді. Сөйтіп фрезалардың тісі



9-сурет. Фрезалардың түрі: а) цилиндр тәрізді; ә) дискілі; б) бедерлі; в) қуыс жонуға арналған; г) дөнес; д) үшбұрышты; е) кескіш; ж) ұшты.

кезектесіп істейді.

Металлдарды кескен кезде кесетін аспап ретінде кесі (зубило) пен крейсмейсель, ал соғатын аспап ретінде теңбалғалар пайдаланылады. Крейсмейсель – қатты материалдар өндертін енсіз кескіш.

Кескіш, бұрауыш және атауыздар


Кескіш – металлдарды кесетін аспап ретінде қолданылада. Кескіш – сына тәрізді слесарлық аспап, оны металл қаңылтыр темірден дайында мақрып алу, тесік пен арықшал тілу, металл бетіндегі кедір-бұдырларды тазалау үшін қолданад. **Слесарлық кескіш** – тұтқасы бар кесетін аспап (10-суре). Кескіштің орта бөлігіндегі көлденең қимасының пішіні соп тәрізді болады.

Осындай пішіні бар кескіш істеуге өте қолайлы, өйткені қолдан сырғып немесе айналып кетпейді.

Кескіш жүзінің кеңдігі 5 мм-ден 25 мм-ге дейін сына пішінін созылады да, содан соң қажетті дәрежеде өткірлеу бұрыш жонылады. Кескіштің соғатын бөлігі, яғни басы әдетте кон тәрізді жасалып, дөңестеледі. Бұл пішін кескіштің балғань түсірген соққысына қарсы төзімділігін арттырады.


Бұрауыш (отвертка) – бұрамашегелерді бұрап кіргізетін яғни бекітетін аспап. Бұрауыштар қызметі мен құрылышына қара түрліше болады (11-сурет).

Шегелеп құрастырылған бұйымдарды бөлшектерге бөлгенд




10-сурет. Слесарлық кескіш: 1 – жүзі; 2 – жұмыс бөлімі; 3 – ортаңғы бөлімі; 4 – басы.

ұрыс қағылған шегелерді суырып алған кезде слесарлық гауыз яки шеге суырғыш пайдаланылады (12-сурет).



11-сурет. Бұрауыштар.



12-сурет. Слесарлық атауыз: 1 – тістейтін жайпақ бөлігі; 2 – цилиндр тәріздес бұйымдарды берік ұстап түруға арналған доға тәрізді бөлігі; 3 – кесетін жүздер; 4 – көлденең қимасы домалақ сымдарды кесуге арналған ойықша.


Балғалар және олардың түрлері

Слесарлық балғалар өте көп операцияларды, соның ішінде, белгі қою, қырку, тегістеу, бұту, қағу, дәнекерлеу сиякты операцияларды орындауда пайдаланылады.

Балғаның тұмсығы мен желкесі болады. Оның тұмсығы сына тәрізді болып, ұшы дөңгелектенеді. Оны металдарды қафуда, туралауда, созуда пайдаланады. Оның күрілімін квадрат

яки домалақ желке құрайды, ұшталған бөлігі түрліше болад (13-сурет). Кейбір балғалардың ұшы шеге суыруға бейімделге болады. Слесарлық балғалардың желкесі тегіс те жатық болал дөңесті де жаншылған жері болмауы керек. Дөңесті және жаншылған желкесі бар балғалар металдың бетін жаншылтегістігін бұзады.


Металдан істелген кейбір заттар жасауда слесарлық балғаны орнына **ағаш тоқпақты** да пайдалануға болады (13-сурет, 1, 2). Ағаш тоқпақтың желкесі үлкен әрі тегіс болып, металл беттеге мен қаңылтыры табақтарын байлауға қолайлы. Ағаш тоқпақтары қайын, шынар, тұт сияқты қатты әрі берік ағаштардан сүргіле немесе токарь станогымен жонып дайындайды.



13-сурет. Слесарлық балғалар мен ағаш тоқпақтар: 1,2 – ағаш балталар; 3, 4, 5, 6, 7 – болат балғалар; 8,9 – пластмассадан жасалған балғалар.

Зімпара қагаздардың құрылымы мен түрлері

Зімпара (егеукұм) қағаз – металл, ағаш, тас және т.б. материалдардан жасалатын заттардың бетін тегістеуге ажарлауға арналған материал. Зімпара мата яки қағаздың



14-сурет. Арнайы ағашқа орнатылған зімпара.

Беттердің ажарын шығарғанда зімпараны арнаулы ағаш негізге бекітіп қою керек. Ағаштан жасалған кіші бөлшектердің бетін өндеу үшін, зімпараны тегіс әрі жайпақ тақтайға орнатып, өндөлетін бөлшекті дәл осы тақтайға қояды да, оның үстімен жан-жаққа қарай жүргізеді (14-сурет).



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Слесарлық араның құрылымы қандай?
2. Араның полотносын (жұқа лентасын) оның рамкасына (жиектемесіне) орнату тәсілдерін көрсет.
3. Атауыз, араның полотносы мен кескіштің кесетін бөлімдері арасында қандай жалпылылық бар?
4. Металл кесуде пайдаланылатын аспаптарға сипаттама бер.



Өз бетімен орындаитын жұмыс

Араның құрылымы, металдарды кескішпен өндеу, атауыздардың түрімен іс жүзінде танысу, сондай-ақ оларды пайдалану бойынша бастапқы дағдыларды менгеріп алу.

Керек-жарақтар: Қол ара, кескіш, металл бөлшектері.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Жақсы сорталған металды слесарлық арамен аралау тәсілдерін түсіндіріп, іс жүзінде көрсетіңіз.

2. Жұқа қанылтыр металды, құбырларды слесарлық арамен кесу тәсілдерін түсіндіріп көрсетініз, окушылардың жұмысты ұлгіге сүйеніг дұрыс орындағанын бақылап отырыңыз.

3. Металды темір тақтаның үстіне қойып, кесу тәсілдерін түсіндіріп көрсетініз, окушылардың жұмысты ұлгіге сүйеніп, дұрыс орындағанын бақылап отырыңыз.

4. Металды тақтаның үстінде кескенде жарамсыздықтың алдын алу шараларын түсіндіріңіз.

1.3 МАШИНА, МЕХАНИЗМ, СТАНОКТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ

Металл өндайтін станоктар мен олардың құрылымы туралы түсінік

Фрезер станоктары. Мектеп шеберханасындағы тік әр көлденең беттерді дөнгелек, бұрыштық, ұшталған және фасон фрезалармен өндегендеге горизонталь-фрезер станоктары пайдаланылады (15-сурет).

Станоктың үстелі көлденең және тік бағыттарға қарай қозғала алады.

Станоктың электр аспаптары тұғырының төменгі жағында орналасып, оның құрамы мына бөлшектерден тұрады: электрқозғалтқыш; магнит ұстағыш; трансформатор; клемма (электр сымын ұстактыш) қалыптары; сактандырғыштар; қосу-өшіру элементі; түймешіктегі бар басқару элементтері.


Бұранда жасайтын токарлық станоктар. Бұранда жасайтын токарлық станок темір мен ағаш ісінің негізгі операцияларын орындауға, сондай-ақ цилиндр, конус тәрізді беттерді тілуге, торецтер кесіп жасауға, бұргылап тесуге және резьба тілуге арналған. Мектеп шеберханасында негізінен ТВ-6 және ТВ-7 маркалы токарлық станоктар пайдаланылады (16-сурет).



15-сурет. Горизонталь-фрезер станогы.

Бұл станок қорғаныс аспаптармен жабдықталған. Жұмысшыны металдың шашыраған жарықшаларынан сақтау үшін станоктың экраны бар, егер ол түсірілмесе, станок журмейді.


Бұрғылайтын станок жәрдемімен детальдарды тесуде, сондай-ақ тілу жұмыстарын орындайды (17-сурет).



16-сурет. Бұранда жасайтын ТВ-6 токарлық станогы: 1 – алдыңғы тіреуіш (тумба); 2 – басқару түймешіктері; 3 – қозғаушы білік пен қозғалғыш винтті қосатын рычаг; 4 – беріліс шамасы мен резьбаның адымын балттайтын рычаг; 5 – беріліс қорабы; 6 – алдыңғы бабка; 7 – беріліс бағытын өзгертетін рычаг; 8-9 – шпиндельдің айналу жиілігін балттайтын рычаг; 10 – кескіш бастиекті орнату тетігі; 11 – артқы бабка пинолін қондыру тетігі; 12 – артқы бабканы беттеуіші тұрғыға орнататын тетік; 13 – артқы бабка; 14 – артқы бабка пинолін жылжытатын тетік; 15 – суппорттың жоғарғы салазкаларын қолмен жылжытатын тетік; 16 – көлденең салазкаларды жылжыту тетігі; 17 – рейкалы тістегерішті (шестерня) іске қосатын тетік; 18 – тұғыр (станина); 19 – жетекті бұраманың гайкасын қосатын тетік; 20 – көлденең механикалық берілісті іске қосатын тетік; 21 – берілісті қолмен өткізіп тұратын тісті тұтқа; 22 – артқы тумба; 23 – фартук; 24 – суппорт.

Бұрғымен түрлі жұмыстарды орындауда тік, қиғаш, агрегаттың түрде бұрғылайтын станоктар пайдаланылады.

Ірі өнеркәсіп кәсіпорнындағы бұрғылау жұмыстарын компьютерленген автоматты желілерде цифрлы бағдарлама бойынша істейтін станоктар мен өнеркәсіптік роботтар орындайды. Осы сияқты механизмдерді жоғары білікті бұрғышылар мен баптаушылар баскарады. Олар өндөлетін металдың, кескіш аспап материалдарының қасиеттерін, бұрғылайтын станоктар мен басқа да құрылғылардың құрылымын, сондай-ақ олардың істеу принципін жақсы білуге, аспаптардың баптау және реттеу жұмыстарын орындаі алуға, олардың жұмыс барысындағы ақауларын жөндеп, жоя алуға туіс.



17-сурет. Бұрғылайтын станок: а) жалпы құрылымы (1 – табан, 2 – жұмыс үстелі; 3 – патрон; 4 – тесу терендігін баптайтын шкала; 5 – шпиндель бабкасы; 6 – беріліс механизмі; 7 – белдікті жетек; 8 – қорғаныш қаптама; 9 – электр қозғалтқыш; 10 – шпиндель бабкасын орнату механизмі; 11 – шпиндель бабкасын көтеріп, түсіретін механизм; 12 – колонна; 13 – электр қозғалтқышты қосатын түйме; 14 – тоқтату түймесі); ә) кинематикалық схемасы (1 – рейкалы беріліс; 2 – белдікті беріліс; 3 – бұрандалы беріліс).


Машинаның негізгі бөлімдері

Сен танысып шыққан станоктар, көшеде жүрген автомобильдер, ұшатын ұшақтар, теңізде жүзетін кемелер, далада істеп тұрған трактор мен комбайндар бұлардың бәрі – машиналар. Олар жәрдемші құш ретінде адамның еңбегін жеңілдетеді.

Барша механизмдер мен машиналар құрамын бөлек бөлімдер (узелдер мен бөлшектер) құрастырады. Машина негұрлым күрделі болса, оның узелдері мен бөлшектері соғұрлым көп болады.

Көптеген машиналарда бірдей бөлшектер пайдаланылады.

Мысалы, болттар мен гайкалар (18-сурет, 1,3) автомобильдер, велосипедтер, ұшақтар сияқты барша машиналардың құрамында бар.



18-^сурет. Машина бөлшектерінің үлгілері: 1 – болт; 2 – ұшпилька; 3 – гайка; 4 – біліктер: а) тұзу, б) иінді; 5 – тегершіктер (шкив): а) бір сатылы; ә) үш сатылы; 6 – подшипниктер: а) сырғанайтын; ә) домалайтын; 7 – тісті донғалақтар: а) цилиндр тәрізді; ә) конус тәрізді.

Тісті дөңгелектер (18-сурет, 7) – тепловоз, электровоз, автомобиль, комбайн сияқты машиналардың қозғалтқыштарында және басқа да бөлімдерінде кездеседі.

Машина мен механизмдердің бір бөлек деталь және узельдерден жасалған бөлшегі деталь деп аталады. Машиналар мен механизмдердегі детальдар екі топқа бөлінеді. Көптеген машиналарда қолданылатын детальдар типті детальдар деп, ал машиналардың кейбір түрінде ғана қолданылатын детальдар арнаулы детальдар деп аталады.

Болт – алты жақты яки квадрат пішінді басы бар өзек, оның бұрандалы бөлігіне гайканы ұрап қоюға болады.

Шпилька – екі ұшында бұрандасы бар өзек, оның бір ұшын бөлшектің денесіне ұрап бекітеді, ал екінші ұшын бекітілетін басқа бөлшектің тесігінен өткізіп алғып, гайканы оған ұрап қояды. Кейде-кейде бөлшектерді екі ұшына гайка ұрауға болатын шпилькамен бекітеді.

Гайка – ойықты бұраидалы тесігі бар бөлшектерді біріктіруге қызмет етеді.

Бұрама – бұрандасы мен басы бар жалғаулық деталь, оның бұрандалы бөлігі бір деталь ішіндегі бұрандаға ұрап қойылады.

Білік – машинаның деталі, ол айналу күшін өз осі бойымен жіберуге арналған.

Тегершік (шків) – белдікті жетектің дөңгелек тәрізді деталі.

Подшипник – біліктер мен осьтердің еркін айналуын қамтамасыз ететін бөлігі. Жұмыс принципіне қарай подшипниктердің екі: сырғанау және домалау подшипниктері деп аталатын түрі болады.


Тісті донғалак – тісті механизмнің құрамасы бөлігі. Оның құрамын тістердің түйік жүйесі құрап, механизмдегі басқа бөлшектердің қозғалысын жабдықтайды.

Козғалысты бір бөлшектен екіншісіне өткізетін беріліс

Машиналардағы, солардың ішінде станоктардағы айналмалы қозғалысты бір біліктен екінші білікке өткізіп тұру үшін тісті донғалактар мен жұлдызшалар пайдаланылады. Бұлардың ішінде

ең көп қолданылатындары – цилиндрлі және конус тәрізді тісті берілістер (19-сурет).

Айналмалы қозғалысты ілгерілемелі қозғалысқа айналдырыған кезде, бір-бірімен ілінісken цилиндр тәрізді тісті доңғалақ пен тісті рейкадан тұратын беріліс пайдаланылады (20-сурет). Айналмалы қозғалысты кашықтыққа жіберу үшін таспалы, шынжырлы берілістер қолданылады (21-сурет). Мұндай берілістердің құрамын екі тегершік, белдік яки шынжыр құрайды.




19-сурет. Цилиндр тәрізді тісті (a) және конус тәрізді тісті (2) берілістер.

Берілістердің осындай түрі бұрғылау, токарь, фрезер сияқты станоктарда қолданылады. Бөлшектерді, құрамалар мен берілістерді, сондай-ақ схемалардағы кинематикалық бейнелерді жақсы біліп алу – механизмдер мен машиналарды ойдағыдай үйренуге мүмкіндік береді.

Бұранда жасайтын токарълық станокты іске дайындау

Кескішті қондыру. Кескішті ұстағышқа ұшын шпиндель осінен жоғарырақ етіп орнатады. Кескіштің орналасу биіктігін өлшеу үшін бұрыштық шаблон пайдаланылады (22-сурет). Кескіштің дұрыс орнатылғанын артқы ңентріне қарап тексереді (22-сурет, ə). Кескіштің шығынқы бөлігі оның бір жарым қалыңдығынан артып кетпеуі керек (22-сурет, а).

Қалындағы өндеген кездегі кескіш өндделіп жатқан детальдің осінен 0,5-1 мм биігірек болу керек. Қатты материалдарды



20-сурет. Рейкалы беріліс.



21-сурет. Белдікті беріліс.

өндеген кезде кескіш орталық сзыықтан 0,5-1 мм төменір орналасады.


Детальді соңғы рет өндегендеге кескіштің ұшы детальд орталық сзыығымен бірдей деңгейде орналастырылады.

Дайындааманы (заготовка) қондырып, бекіту. Дайындааман көбінесе центрге өзінен-өзі дәл келетін үшбұрышты патрон орнатады. Патрон арнайы кілтпен бекітіледі. Мектеп жағдайын, жапқыш бүйіржақты (накидной торцовый) кілтті пайдала ұсынылады. Өйткені кескішті кілтпен бекітіп қойған соң, с өзінен-өзі түсіп қалады.

Станокты іске дайындағанда қауіпсіздік ережелері

Станокты іске дайындағанда қауіпсіздік ережелерін сақта керек.

1. Қолдарды, киімдерді станоктың ашық айналып тұрға бөліктеріне, белдікті беріліске тиіп кетуден сақтандыру үші



22-сурет. Кескішті қондыру: а) кескіш ұстағыштағы кескіш; ә) кескіштің орналасу биіктігін тексеру; б) бұрыштық шаблон.

жабдықтың осындай барша бөліктері қорғаныш бөгеттермен коршалған болады.

2. Электр қозғалтқыш жүріп тұрған кезде белдікті бір жағынан екінші жағына өткізуге тыйым салынады.

3. Шпиндель яки патрон айналып тұрғанда, бұрғыларды орнатуға да, ауыстыруға да тыйым салынады.

4. Станокта бұрғыланып жатқан детальді машинаға яки қол қысқышқа берік орнату керек.

5. Станок үстеліндегі металл жонқасын шөткемен сыптыруға болады.

6. Бұрғылап тесетін механизммен істеген кезде киімдердің барлық түймелерін салу, жеңін қысқа тоқыма баumen байлау, шашты орамал тартып жауып қою керек.

7. Үгілетін металдарды бұрғылаған кезде тұнық көзілдірік тағу керек.

8. Бұрғылайтын механизмді тоқтату үшін айналып жатқан патронды қолмен ұстауға болмайды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мектеп шеберханасында қандай станоктар қолданылады?

2. Қандай операция металды бұрғылап тесу деп аталады?

3. Бұрғылайтын станоктың жұмыс принципін айт.

4. Бұрғылайтын станокпен істеген кездегі қауіпсіздік ережелерін айт.

5. Детальдар біріктірудің қандай түрлерін білесін?

6. Қозғалысты өткізіп тұратын берілістердің қандай түрін білесін?

7. Белдікті беріліс қандай машиналар мен механизмдерде колданылады?

1.4. ӨНІМ ӨНДРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ


Металл өндеу технологиясы, құрылымдау элементтер

Металдарды өндеу, негізінен кесу және қысыммен өнд арқылы жүзеге асырылады.

Металды сыртқы құштің жәрдемімен Пластик деформациял (яғни, металды қысыммен өндегендеге металл пішінін өзгерт бұрынғы күйіне қайтпайтынын айтады. Мысалы, алюмин пластик деформацияланады, себебі оған қысым пішін берілг соң бұрынғы күйіне қайтпайды) қысыммен өндеу әдісі д аталады. Қысыммен өндеудің мынадай әдістері бар: прокатта сым созу (волочение), престеу, қақтау (ковка), көлемді жә табақты қалыптау (23-сурет). Металдардың иілгіштігі әртүр болады. Ең иілгіш металл – қорғасын. Суық қалып күйінд қалайы, алюминий, мыс, мырыш пен темірді қысыммен өндеу болады. Шойын мен марганец сияқты басқа сынғыш (мор металдарды қысыммен өндеуге болмайды.

Прокаттау жолымен өнделетін өнімдердің профилі түрлі болады, бұлар: квадрат, алтыбұрыш, шеңбер тәрізді, угол швеллер, қос таврлы балка, рельс, құрылым арматурасы, турби қалақтары және басқалар. Дайындаманың көлденең қимасын с яки престеу жолымен кішірейту, тегістеу мақсатымен оны тес бар волок арқылы өткізу процесі сым созу деп аталады. С созатын стандарт құрамын волок пен тартушы аспаптар құрайд Сым созу әдісі суық және ыстық күйде жүзеге асырылад мұнда әрине үйкелісті азайтатын заттар қолданылады.

Престеу – металдар өндеу әдістерінің бірі. Металды жаб қалыптан арнайы матрицаның каналынан сығып шығару әд престеу деп аталады. Престеу үшін негізінде ыстық күйінд түсті металдар қолданылады. Престеуді гидравликалық прест жәрдемімен орындауды.



23-сурет. Металдарды қысыммен өндеу: а) прокаттау; б) сым созу; в) престеу; г); ыстық күйіндегі көлемді қалыптау (штампылау); д) суық күйіндегі табақтық қалыптау.

Штампылау – металдар өндеу әдістерінің бірі. Мұнда әнімнің пішіні мен өлшемі аспаптың пішініне, яғни қалыпқа байланысты болады.

Жайпақ және көлемді бұйымдарды қанылтыр металдан штампылау жолымен дайындаиды. Өндеудің бұл әдісін сұық және ыстық күйінде жүзеге асыруға болады. Штампыланған бұйымдар кеңінен таралып, балалар ойыншығын, ыдыс-аяқ, ұшақ бөлшектері мен кемелер жасауда колданылады. Бұл жолмен автомобилдердің барша дерлік бөлшектерін жасайды.

Құю. Бұл әдіс дайындауда машина бөлшектерін дайындауда кеңінен таралған. Оны орындау үшін қорытылған металды белгілі пішіні мен өлшемі бар, іші бос қалыпқа құяды. Металл қатқан соң, бұйымды қалыптан шыгарып алғып, тағы да өндейді.

Өндірісте құюға арналған бір реттік құмды қалыптар мен көп реттік металл қалыптар қолданылады. Қарапайым бөлшектер құюға арналған металл қалыптардың құрамы бір немесе бірнеше

бөліктерден тұруы мүмкін. Мұндай қалыптарды қауіпсіз шараларын алдын ала қарастырып, мектеп шеберханасында жасауға болады.

Жұка қаңылтыр мен сымнан бұйымдар дайындау

Машиналар мен аспаптардың корпустары, су құбырлаудыс-аяқ қаңылтыр темірден дайындалады. Бұйымдар қаңылтыр темірден жасайтын ұсталар **слесарълар** деп атала. Олар металл мен оның қоспаларының қасиеттерін білу аспаптар мен станоктарды істету дағдысын иеленіп алтиіс. Металды қолмен және механикалық жолмен өңдемір ұсталығы шеберханасында жүргізіледі. Темір ұста і білу – өндірістің қазіргі заманғы технологиясын менгеру маңызды орын иелейді. Сондықтан темір ұсталығының негізгі операцияларын, еңбек дағдысын білу пайдалы болғандықтан еңбек емес, өндірістегі әрбір жұмысшыға керек болғаны үшін оқып үйрену керек.

5 мм-ден жұкарақ сымдарды арнайы станоктарда прокат жолымен шығарады. Біршама жіңішкерек сымдарды арнауталышқтайтын станоктарда дайындаиды. Мұндағы сымдар тізбектеп орналасқан жіңішке өлшемдегі тесіктерден соарқылы шығарылады. Сымдарды болат, мыс, алюминий сияқ металлдардан дайындаиды. Болат сымдардан шеге, бұрамашеге, тойтарма шеге, серіппе және басқа бұйымдар жасайды. Ал мыс пен алюминийден жасалған сымдар негізін электр қозғалтқыштар өндірісінде қолданылады.


Өзек сым деп көлденен қимасының диаметрі 8 мм-ге дейін ұзын металды айтады.

Зауыттардағы сымдарды әдетте бумалап шығарады. Кейде олардан сүйір тістеуікпен керекті дайындаамалар кесіп ала (24-сурет).



24-сурет.
Сүйір тістеуік.

Кесіп алынған сымның бөлігін істетуден бұрын туралау керек. Сымдардың бөліктегіңін қол тоқпақпен плитаның үстінде немесе болаттан жасалған цилиндрлік оправқадан тартып туралауға болады. Сым



25-сурет. Сымдарды туралау әдістері.

дайындаудан керекті пішінге келтіру үшін оны бүгеді, бірақ бұл амалды алдын ала жоспарлау керек. Сымдарды жайпақ аузы және домалақ аузы бар атауыздармен бүгеді. Сондай-ақ, жұмсақ сымдарды тақтайшаның жердемімен туралауға болады (25-сурет).

Сымдарды атауызбен қысып, керекті бұрышта бүгеді. Ал қысық сзықты пішіндегі күрделі бөлшектерді домалақ гісті атауызбен жасайды. Сақина тәрізді бұйымдар жасауда цилиндрлік оправкалар пайдаланылады.

Әдетте, сымдар болаттан, мыстан, алюминийден іст шығарылады. Болат сымнан шеге, бұрамашеге, бұрама м тойтарма шегелер, серіппе сияқты бұйымдар дайындалад Мыс пен алюминийден созылған сымдардан негізінде әлек сымдарын жасайды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Металдардың қандай қасиеті бар?
2. 2-3 қоспаның атауын айт.
3. Қаңылтыр темір қандай түрлерге бөлінеді? Олардың арасында айырмашылықты айт.
4. Қаңылтыр темір мен сымнан қандай бұйымдар жасауға болады.
5. Сымдарды бұгудің түрлі әдістерін түсіндіріп, көрсет.
6. Сымдарды бұгу кезінде пайдаланылатын құрал-саймандарды айту.
7. Сыммен жұмыс істегендегі қауіпсіздік ережелерін айт.



Өз бетімен орындастырын жұмыс

Металдар мен қоспалардың түрімен танысу.

Керек-жарақтар: Қаңылтыр темір мен сымның ұлгілері (қара және ақ қаңылтыр, жұқа және қалың қаңылтыр, болаттан және мыстан жасалған сым).

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Металдар мен қоспалардың ұлгілерімен танысып шық.
2. Әрбір ұлғінің реңін анықта.
3. Дәл осы ұлғінің қара я түсті металға жататынын анықта.
4. Әрбір ұлғідегі металдың яки қоспаның атауын анықта.

Детальдарды пісіру арқылы біріктіру


Пісіру деп, металдан істелген детальдарды бір-бірімен жоғар температура есебінен біріктіруді айтады.

Қыздыру әдістеріне қарай газбен пісіру және электрмен пісі болып бөлінеді.

Газбен пісіру қалындығы онша үлкен болмаған металл
денелерді қосуда пайдаланылады. Мұндағы жылу көзі (ацетилен,
пропан, сутегі және т.б.) жанғыш газдың оттегінде жануы
себінен пайда болады. Көбінесе ацетилен мен техникалық
оттегінің қоспасы қолданылады.

26-суретте газбен пісіру үшін керекті аспаптар бейнеленген.
Ак түсті баллонда ацетилен сақталады. Ацетилен баллон
ішінен вентиль мен редуктор арқылы шығарылады. Көк түсті
баллондағы оттегі де өз редукторынан шығарылады. Жанағры екі
майысқақ тұтіктен тұрады. Ішкі тұтікке оттегі, сыртқы тұтікке
ацетилен жіберіледі. Екі ағыс жанағры аузында араласады да,
ацетилен мен оттегінің белгілі мөлшерінде жанутемпературасы
3150°C- қа көтеріледі.

Газбен пісірген кезде пісіру жүйесінде металдан істелген
сым қолданылады. Дәнекерленетін металдың химиялық құрамы
қолданылған сымның құрамына жақын болуы керек.



26-сурет. Газбен пісіру
аспаптары: 1 – жанағры;
2 – тұтіктер; 3 – редуктор;
4 – оттегі баллоны;
5 – ацетилен баллон.


Арнаулы жанағры мен газбен
пісіру аспабының көмегімен
кесуге де болады. Кесу металды
1000 – 1180°C температураға дейін
қыздырудан басталады. Кейін
оттегінің кескіш ағысы қызған
металмен реакцияға кіріспі, мұның
нәтижесінде жылулық бөлініп
шығады да, металдың төменгі
кабатын қыздырады.

Газбен пісіру аспабымен
жұмыс істеген кезде оны абайлап,
тәжірибе мен дайындыққа сүйеніп,
қолдану керек.

Электрмен пісірудің екі:
доғалық және контакт деген

түрі бар. Электр-доғалық пісірудің негізгі аспабы – пісіру аппараты. Мұнда екі сымның біреуін өндөлетін детальмен, ал екіншісін – электродпен жалғайды. Электродтарды арнайы болат сымнан дайындауды. Пісірілген жердің сапасы жоғары болуы үшін электродтар бетін арнайы ораммен қаптайтын. Бұл орам металды тотығудан сақтайтын.


Колмен атқарылатын электр-доғалық пісіру процесі былай жүреді (27-сурет). Алдымен қосылатын детальдардың қалыңдығына қарай ток үшін баптайтын. Кейін, деталь мен электродты тығыз тұтастырудың нәтижесінде, түйіске жердің температурасы кенет жоғарылады. Бұдан кей электродты детальдан 3-5 мм алыстатады да, электр доғас пайда болады. Кейінірек электродты ақырын жүргізіп, ерігеметалды қосылатын жерге ағызады.



27-сурет. Электрмен пісіру аспаптары; 1 – пісіруші маскасы; 2 – электрод; 3 – деталь; 4 – пісіру аппараты; 5 – сымдар.

Детальдарды тойтарып шегелеу арқылы біріктіру


Тойтарылатын қосылыстар бір-бірінің беті жазық, ал сыртқы жағы жабулы болған детальдарды біріктіруде колданылады. Олар негізінен авиация, кеме жасау, көпір құру сияқты салаларда кеңінен колданылады. Бұл әдіспен қаңылтыр темірлерді де бір бірімен жалғауға болады. Тойтарма шегелер түрлі пішінді бас бар өзектерге ұқсайды (28-сурет). Оларды штампылау жолымен (жұмсақ болат, мыс, алюминий сияқты) иілгіш металда жасайды.



28-сурет. Тойтарма шегелердің түрі: а) жарты домалақ басы бар; ә) жасырын басы бар; б) жазық басы бар; в) конус тәрізді басы бар;
1 – тойтарма шегенің өзегі; 2 – салатын басы;
3 – тұйықтаушы басы.

Қаңылтыр темірден дайындалған детальдарды тойтарып шегелеу үшін балға, бородок, натяжка, қыспақ (обжимка) мен таяныш (поддержка) қолданылады (29-сурет).

Тойтарып шегелеу үшін детальды ағаш бөренеге орнатады, сонда ондағы тесіктің (29-сурет, а) диаметрі шегенің өзегіне оған қозғалмайтын әрі тығыз кіруге мүмкіндік беретіндей болу керек.



29-сурет. Тойтарылатын құраманы жасау тізбегі.

Тесікті тілген соң шегені оған салады да, төменгі жағын тіреп тұрады (29-сурет, ә). Кейін балғамен соғып, детальдар натяжканың жәрдемімен бір-бірімен қосады (29-сурет, ғ). Өзектің шығыңқы жерін балғамен соғып, жалпайтып тастайд Балға соққыларын біртіндеп күштейтіп (29-сурет, ғ), шеген түйыктаушы басын керек пішінге келтіреді (29-сурет, ғ).

Металл өндеуде қолданылатын халық қолөнершілігінің элементтері

Металдарды халық қолөнершілігіне сүйеніп көркем өнд меканикалық (нақыш салу, шырпу) әдісімен, сондай-ақ қорғань өрнекті қабатпен қаптау (сырлау, алтын жалату, күміске була әдістерімен іске асырылады.

Нақыш салу ежелден металдарды көркем өндеудің кеңін таралған әдістерінің бірі болып саналады. Бұл әдіс бойын белгілі бір пішіндер мен нақыштар дайындаға ойып түсіріле,

Шырпу – бұйымды салқын күйінде өндеу, яғии штампыл яки ойып жасалған бейнеге балғамен соғу жолымен бедер бейне шығару процесі. Шырпу әдісін меканикаландырылған яқолмен өндеу арқылы жүзеге асыруға болады. Шырпуға жататын материал ретінде әдетте алтын, күміс, мыс, алюминий сияқт материалдар пайдаланылады.

Бұйымның сыртын сырлау – ерте заманда безенді әлементі болған. Бұл процесс металдың бетін күрделі құрам бар тез балқитын шынымен сырлау жолымен жүзеге асырылад Сырлауда қолданылатын эмальдардың күйі мен түсі ыстық жә салқын, мөлдір және түрлі түсті болуы мүмкін.

Металл өндеумен байланысты кәсіби мамандықтар туралы мәлімет

Баршаға белгілі, әр кәсіптің өзіне тән атаулары мен ұғымдар бар. Дәл осы атаулар мен ұғымдарға қатысы бар тарихи мәліметтер де көрсетілген.

меттерді зерттеу, осы кәсіптің пайда болуы мен дамуы, оның қоғамдағы рөлі мен маңызы туралы ой жүгіртуге мүмкіндік береді. Бұрын елімізде темір ұста кәсібімен байланысты құты, таға ұсташылығы, пышақ жасау, теміршілік, құлып жасаумен шұғылдану, керек-жарап жасау, ине жасау, шеге қағу ісі, мыс ыдыстарды жөндеу, зергерлік ісі сынды кәсіптік салалар болған. Олардың пайда болу тарихы көп ғасырларға сүйеніп, бұл салалар бір-бірінен арнайы сөздермен аталатын өзгеше бір шикізат, өндіріс (оқыту) жүйесі мен технологиясы бойынша ерекшеленеді.

Металдан жасалатын бұйымдар алдымен материалдық тұрмыс құралдарын өндірге арналған қажетті еңбек құралдары еді. Мысалға, күнделікті өмірде тұтынылатын бұйымдар мен үй керек-жараптары, тұрғын үй құруға керек болған металл бұйымдар, қорғаныс құралдары, әшекейлер жасалған. Халық өмірінде ерекше маңызы бар, жоғарыда айтылған кейір тараулар осы салалармен шұғылданушы адамдардың жасаған мекені мен аумақтарында топонимикалық сөздер түрінде сақталып қалған. Төменде біз осыларға тоқталып өтеміз.

Құлып жасау. Бұл – соқаның тісін, кетпен, күрек, құмыра жасау, сондай-ақ қазан құю ісі сияқтылармен шұғылданатын процесс. Мұндағы істерді дегрез (аға шебер дүкендегі технологиялық процесті басқаратын, шикізат жеткізіп тұратын, дайын өнімді сатушы адам), халфа (көмекші шебер), дамгер (шойын еріту кезінде дүкендегі көрікке жел үрлегіш жұмысшы), қуюшы (шойын құймасын қалыптарда құйып шығаратын шебер) орындаған.

Таға ұсташылығы. Бұл – қашыр, ат, есектің тұяқтарына қағылатын таға жасаумен шұғылданушы адамдардың кәсібі.

Нақысшылық. Мысшы, қуюшы ұсталардың жасаған үй аспаптарын, қаруы мен басқа да металл бұйымдарын ойма нақыштармен безендіріп, оларды тарихи жәдігерлікке айналдырған.

Мыс ыдыстарды ондайтын шеберлер – мискарлар осында ыдыстарды жаса нақыштаған. Олар мыстан істелген ыдыстардың екі: ойма және соқпа әдісімен нақыштаған. Мыс ыдыстар ойып яки соғып жасалған әсем нақыштар кейде біршама тың күрделілігі және әсемдігімен ерекшеленген.

Металдарды өндөу процестерімен үйлесімді халық қолөнершілігі технологиясы

Мыстан жасалған бұйымдардың түрлері:

Лавхоры – мыстан соқпақ яки төртбұрыш етіп жасалған легендердің беті қисайып бүгілген болады. Бұл легендер өсімдік тәрізді, геометриялық және рәмізді нақыштармен өздейі безендірген.

Дулава – мыстан жұмыртқа тәрізді яки төртбұрыш етіп жасалған легендердің бүйір жағы қисайып, одан ары қайырылған түрі. Бұл легендер де өте әдемі етіп жасалған.

Бет пен қол жууда обдасталар (тар мойынды әрі ұзын шүмег күмыра) қолданылады. Шелек, су алу үшін сархум, нан жылы үшін нондон (нан, пәтір сактауға арналған жәшік) тағы бас үй заттарының пішіні әр анғарда өзіне тән құрылышқа ие.

Сархум – Үлкен хұмдардан, су алуда қолданылатын мыс ыдыс. Ол шөмішке ұқсайды, бірақ оның көлемі неғұрлы үлкен, ал тұтқасы өте әдемі болады. Сархумды құйып жасайды яки қолдан жасайды.

Шабака – мыс ыдыстарға ұсақ етіп тесіп шығылған тоғы Ташкентте «Сумбарно» деп аталады. Шабака мыс ыдыстардың ондаудың техникалық әдісі болып саналады.

Осма сауыт – осма езу, қасқа жағу үшін, сондай-ақ түрлі бояулар әзірлеуде қолданылатын кішкене мыс ыдыс. Бұл ыдыстың үш аяғы мен тұтқасы болады. Осма сауытын хош иіс нақыштармен безеген. Осма сауыт жүзім жапырағы түрінде жасалады.

2-тарау. АГАШТЫ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ


2.1. Жалпы түсініктер

Ағаш өндейтін шеберханасың құрылышы

Ағашты өндеу бойынша жаттығулар мектептің тиісті шеберханасында жүргізіледі. Онда әрқайсына тұрақты жұмыс орны, яғни бөлменің станок орнатылған белгілі бір бөлігі бөлінеді (30-сурет).

Әрбір жұмыс орны орындықтармен жабдықталған болу керек.

Жұмыс орнында арнайы жабдықтар: тумбочка, жылжымалы қорап, шкаф, аспапқа арналған стеллаж, қорғаныш көзілдірігі,



30-сурет. Слесарлық оқу шеберханасындағы жұмыс орындарын жайластырудың үлгілі жоспары: 1 – оқытушының жұмыс орны; 2 – қолжуғыш; 3 – аптечка; 4 – аспап-құралдар мен материалдар шамаданы; 5 – діңгек; 6 – оқу-көр-некі құралдар шкафы; 7, 8, 9, 10, 11 – фрезермен өндейтін, бұрғылайтын, ағаш өндейтін токарлық станоктар, сүргілеу, аралау станоктары; 12 – қайрак; 13 – материалдар тұратын сөре.

сызбалар және басқалар бар болып, олардың жұмыс орнын алға шығып тұрмаяны қамтамасыз ету керек.

Жұмыс орны мен жолақтарды материалдармен, үлпілдіктер мен яки қалдықтармен бөгеп қоюға тыйым салына.

Аспаптарды тетіктің қасындағы сактауға болатын құтыншылардың, машиналардың құрылымында көзделген күйілдіктердің сақтайтыншыларды. Жұмыс орнындағы үлгілі тәртіпті сактап, бұл же дәл осы сабакқа қажетті аспаптар ғана қоюға болады.

Ағаш өндеудегі қауіпсіздік техникасы ережелері

Мектеп шеберханасында белгіленген ішкі тәртіп ережелер мойынсұну қажет.

Жаттығу басталудан бұрын жұмыс киімін киіп алады. Әр оқушы шеберханаға қонырау соғылудан бұрын келу, оған оқында оқу құралдары – күнделік дәптер, оқулық, қарындасызғыш, өшіргіш болу керек.

Жаттығу басталарда әркім өзінің жұмыс орнын тексеріп, оны жұмыс істеуге дайындалған қояды. Сондай-ақ, бәрі жұмыс орнында істеуі, оқытушының рұқсатынсыз ешкім жерден кетпеуі керек. Аспаптарды, жабдықтар мен құралдағы айналардың сақтау, шикізаттарды үнемдеп пайдалану кеңесінде оқытушының нұсқауы бойынша тоқтату және оған түсіндірмелерін ықыласпен тындау қажет.

Үзіліс кезінде терезе айналарын ашып қойып, содан кейін шеберханадан шығады. Үзілістен соң әркім өзінің жұмыс орнына келеді де, ісін жалғастырады. Жұмыс аяқталғанда, аспаптарды, жабдықтар мен материалдарды сүртіп тазартада, өз орнына қояды, жұмыс орнын жинайды, дайын бұрын тапсырады, киімдерді тазалайды, қолдарды жуады. Оқытушының рұқсат берген соң ғана шеберханадан шығуға болады.

Шеберханда берілген барша еңбек тапсырмаларын орындаға жұмыстың қауіпсіздігі ережелерін жақсы біліп алу және ола толық орындау керек. Бұл ережелерге мыналар жатады:

1. Жұмыс киімі дұрыс күлгөнін тексеру (халаттардың жеңі мен алдынғы түймелері салынған галстуктар шешілген болу керек), галстуктың ұштарын түйреп қою.

2. Жұмыс орнын тексеру, аспаптардың барын және жұмысқа дайын екенін тексеру.

3. Оқытушының рұқсатынсыз жұмыс орнынан алыстамау.

4. Аспаптар мен шикізаттарды абайлап істету.

5. Оқытушының рұқсатынсыз станокпен жұмыс істемеу.

Кұрылышы түсіндірілген құралдарды ғана пайдалану.

6. Жұмысқа жарамды аспаптарды ғана пайдалану, оларды өз орнында қолдану. Аспаптарды жұмыс орнына пайдалануға колайлы етіп жайғастыру.

7. Жұмыс аяқталған соң еңбек құралдарын тексеру керек. Бұзылған аспаптар болса, оқытушыға айту керек.

8. Жұмыс орнын қалдықтар мен жонқалардан арнаулы шөткемен тазалау.

9. Еңбек қауіпсіздігі ережелері бұзылған немесе жарақаттанған жағдайларда оқытушыға жедел хабарлау.

Ағаштың күнделікті өмірдегі және халық шаруашылығындағы маңызы, құрылышы, түрлері, қолданылу салалары

Ағаш – дайын құрылыш материалы саналады, сондықтан оны алық шаруашылығының түрлі салаларында кеңінен қолданады. ғауыз – ағаш шеберлігінде қолданылатын негізгі материал. Ол құрылыштар мен ғимараттар құруда, автомобиль мен вагон асауда, химия мен көмір өнеркәсібінде, фанер, мебель, спорт иназдарын дайындауда және басқа салаларда пайдаланылады.

Ағаштың кеңінен пайдаланылуының себебі – оның техникалық сиеттерінің жоғарылығы. Ағашты оңай өндеуге болады, оның ламағы жеңіл, беріктігі жоғары, жылу мен электрді нашар

өткізеді, қышқылдар мен сілтілердің әсерінен тез бұзылмайды, көптеген ағаштардың сыртқы көрінісі әдемі болады, жақсы желімденеді, жақсы безендіріледі. Дегенмен, ағаштың кейбір кемшіліктері де бар: температура мен ылғалдықтың өзгеруі нәтижесінде ағаш курап бүріседі, ылғалданып іседі, есіліп, шиыршықталып қалады, жарылады т.с.с. Ағаштың беріктігі, каттылығы мен басқа да механикалық қасиеттері, металдың қасиеттері сияқты, түрлі бағытта түрліше болады. Мысалға, ағаштың механикалық қасиеттері ылғалдың әсерінен күрнашлайды. Ағаш тез жанады, шіриді, кеміргіш құрт құмырсқаларға қарсылық көрсете алмайды.

Ағаш – ағаштың денесі, бұтақтары, сабактары мейтамырларының негізгі бөлігінен шығатын материал (31-сурет). Ағаштың сүрек шығатын діңгегін өзек, ағаш талшық, қабықтарайды.

Ағашты түрлі үш бағытқа қарай, яғии:

- ағаш діңгегінің көлденең қимасын;
- ә) ағаш діңгегінің ортасынан онтың радиусы немесе диаметрін бөйлап ұзына бойы өткен радиал қимасын;


б) ағаш діңгегінің ортасынан өтпей, шенберіне қарай қимасын кесіп, тексереді.

Сонымен қатар ағаштың



31-сурет. Өсіп түрған ағаштың бөліктері.

ылғалдың әсерінен күрнашлайды. Ағаш тез жанады, шіриді, кеміргіш құрт құмырсқаларға қарсылық көрсете алмайды.



32-сурет. Ағаш діңгегінің көлденең қимасының көрінісі.

ұлпалары өздеріне тиесілі заттарды жинап өседі. Ағаштың өсуі оның көлденен бөлігіндегі жылдық сақиналарынан көрінеді (32-сурет).

Бұл сақиналардың саны сол ағаштың жасын білдіреді. Эрбір ағаштың сүргі оның салмағын көтеріп тұру, түрлі әсерлерге қарсылық көрсету міндеттерін де атқарады. Ағаштың діңгегі, бұтақтары, сабақтары мен тамыры оның ағаш сүргін құрайды. Ағаштың діңгегі – оның негізгі жуан ағаш бөлігі, ол тамырлар мен жапырактар арасындағы зат алмасуын қамтамасыз етіп, ағаштың жерден үстіңгі бөлігін ұстап тұру міндетін атқарады.

Ағаштардың сыртқы көрінісі, жарамдылық және жарамсыздық белгілері


Кесілген материалдарды бөренелерді кесу (пішу) жолымен аралап шығарады, ал олардан кесілген дайындалмалар дайындаиды. Кесілген детальдарды бөренелердің өзін аралап (кесіп) шығарады. Кесілген материалдар (33-сурет) белгілі бір өлшемі мен сапасы бар араланған өнім болып, оның екі параллель жазық беті (қабаты) болады.

Сүргіленген тақта – бұл ең болмағанда бір беті яки шеті сүргімен немесе фрезамен өнделген материал.

Ағаштың көрінісін, жарамдылығын, қатты-жұмсақтығын, тығыздығын, сондай-ак әртүрлі сыртқы әсерлерге төзімділігін сынау әдісімен анықтайды.

Ағаштың қаттылығын оған өзінен гөрі қаттырақ заттардың ұшын, жүзін яки қырын белгілі бір мөлшердегі күшпен шаншып анықтайды. Мұнда әрбір мақсат үшін қолданылатын ең қолайлы қаттылығы бар ағаш сапалы болып табылады.

Ағаштың қандай жүктемені ілмей ұстап тұра алатынын, одан ғимараттар, көпірлер т.с.с. құруда негізінен тәжірибелер мен тиісті есеп-қисаптарға сүйеніп анықтайды. Осындай тәжірибелер



33-сурет. Арамен кесілген материалдар түрі: а) пластинка; ә) шир етіп кесілген; б) тазалап кесілген тақта; в) шеті кесілген рейка, 1 екі қырлы бөрене (брус); д) тазалап кесілген қырлы жуан брус; е) кыртыс тақтай; ж) үш қырлы брус; з) шпал.

мен есеп-қисалтарға сүйене отырып, әрбір мақсат үшін қанджуандығы мен ұзындығы бар ағашты қолдану қажеттілі тексереді.

Ағаш сүрегі – ағашты құрайтын негізгі материал, оның ағденесіндегі су мен басқа да заттарды қажетті бағыттар бойын жеткізіп тұратын қасиеті бар; ол өзіне түсірілетін салмак ұстап тұру міндетін атқарады. Ағаш кесілген соң, ағаш ұлпала арасындағы су температуралың әсерінен сыртқа шығады ағаш кебе бастайды. Егер сондағы су ағаштың барлық ұлпала арасынан біркелкі және бірдей уақыт аралығында шығып тұр ағаштың дінгегі жарылмай-ақ кебеді. Егер ондай болмаса, яғ ағаштың бірер бөлігіндегі ұлпалары арасынан су көбірек, басқа бөлігінен азырақ сыртқа шыға бастаса, сондай-ақ ағаш тұрлі бөліктеріндегі су сыртқа бір уақытта шықпаса, ағаш дінгегі біркелкі кеппейді. Мұның нәтижесінде ағаш денесін жарықшалар пайда болып, ағаштың шиыштықталу немесе иі-



34-сурет. Ағаштың жарықшағы.

құбылыстары туындаиды.

Мұндай жағдайлардан сақтандыру үшін ағашты дұрыс кептіру ережелерін сақтау керек. Бұл үшін суланған ағашты тіке күйінде қажетті салмағы бар жүкпен бастырып қойып, оның сыртына ауа ағымы бір тегіс тиетіндей болуын қамтамасыз ету және толық кепкенше осы күйде сақтау керек.

Бұдан тыс, егер белгілі бір бұйым жасау үшін ағашты қажетті күйге келтіру керек болса, әуелі суланып қалған ағашты керекті пішінге келтіреді. Кейін тиісті салмағы бар жүкпен басып қояды немесе арнайы құрылғылармен бекітеді. Кейін, ауа ағымының оның сыртымен біркелкі жанасуын қамтамасыз етіп, ағаш кепкенше сол күйінде сақтайды.

Ағаштың қаттылығын анықтаудың ең қарапайым әдісі – оған шеге қағып көру. Кәдімгі шегені қайрағаш, емен, шамшат, алмұрт, акация сынды қатты ағаштарға қағуға болмайды, ал тал, терек, қарағай сияқты жұмсақ ағаштарға қағуға болады.

Ағаштардың барлық түрі жақсы жанатын материал саналады. Сондықтан ағаштан дайындалған өнімдерге қатысты өрттен сақтау шараларын қарастырады. Шеберханада өртке қарсы барлық талаптарды тұрақты орындау керек.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жұмыс орнын жабдықтауда қандай арнайы құрылғылар қолданылады?
2. Ағаш ұста шеберханасының құрылышын түсіндір.
3. Мектеп шеберханасында белгіленген ішкі тәртіп ережелері қандай?
4. Қауіпсіздік техникасы ережелерін түсіндір.



Өз бетімен орындаітын жұмыс

Қауіпсіздік техникасы ережелерімен, оқу шеберханасының күрылымымен танысу.

Керек-жарақтар: Қауіпсіздік техникасы ережелері жазылған плакат Оку шеберханасын жабдықтауға және оның күрылымына қатысты материалдар.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Енбек қауіпсіздігі ережелері жазылған плакатты үйрену.
2. Аспаптарды істету және сақтау тәртіп ережелерін үйрену.
3. Оку шеберханасындағы арнайы киім тізімін жасау.
4. Оку шеберханасында оқушылардың өзін ұстау ережелерін үйреніп шығып, оларды сақтау.

Ағаш ұсталығында істетілетін ағаштар

Ағаш ұсталығында ағаштың бірнеше түрлері қолданылады Төменде солардың кейбіреулерін қарастырамыз.

Терек. Теректің қаратерек (қалыңжапырақты) және бәйтере деген түрлері бар, олар бір-бірінен дінгегі мен бұтақтарының күрылымы жағынан ерекшеленеді. Қаратеректің қабығы ақшыл көк түсті, тегіс болып, дінгегінің төменгі бөлігінде жарығ болады. Бұтақтары қалың, дінгегі онша тік қатар емес. Бәйтеректің қабығы сарғыш, тегіс, жарығы аз болады. Оны дінгегі тік, қара терекке қарағанда бұтақтары аз, одан сапасы жақсы бөрене шығарады.

Шетен. Шетен – ашық-қызылт түсті, берік, мықты, майыска ағаш болып, онымен істеу қыын. Бірақ тегіс жонылады және жақсы жылтырап тегістеледі. Талшығы жұмсақ, жылдық сақиналары анық көрінеді, табиғи түсі әдемі болады. Буланға күйінде жақсы иілгіш болады. Шетен мебель өнеркәсібінде, фандайындауда, кеме, вагон және ұшақ жасау кәсіпорындарында қолданылады.

Қарағай. Қарағайдың қабығы қалың, қара қоңыр, ағаш сүргегі ақшыл-қызғылт түсті, тұзу қабатты, женіл, берік болады; ол – шайыры бар, ылғалға төзімді ағаш.

Шамшат (бук). Шамшат – сарғылт-қызғылттау бұтактары өте көп, ақшыл түсті, көлденең қимасы бойынша әдемі табиғи гүлі бар, ылғалға төзімсіз, қатты да майысқақ ағаш. Сондықтан одаң майыстырып істетілетін жиһаз, сүргіленген фанер, сызба аспаптарын дайындайды, машина жасау өнеркәсібінде де қолданылады.

Алмұрт ағашы қызғылт-қоңыр, тарамдары мен сзықтары байқалмайды. Тығыздығы біртегіс, қатты және жылтыр ағаш. Өндеу оңай. Алмұрт ағашы 150-300 жыл өмір сүреді.

Емен. Емен ағашы қара қоңыр түсті, жылдық сақиналары анық көрінетін, әдемі табиғи гүлі бар, талшығы ірі болады. Оның механикалық қасиеттері жоғары, өнделуі қыын, тығыздығы жоғары. Суда шірімейді, ылғалға төзімді, оны жақсы тегістеп өндеуге болады.

Шынар. Шынар ағашының қабығы қызғылт-сары түсті, жылтыр да жұқа болады. Оның ағаш сүргегі берік те қатты, өндеуге қыын, ол – қызғылт-қаралау түсті, әдемі табиғи гүлі бар, жақсы тегістеуге болатын ағаш. Одан сүргіленген фанер, қымбат бағалы жиһаз дайындайды.

Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ағаш дегеніміз не?
2. Ағаштың қайсы бөліктерінде ағаш сүргегі пайда болады?
3. Ағаштың ағаш ұлпалары қандай қызметті атқарады?
4. Ағаштың көлденең сақиналарынан нені анықтауға болады?
5. Бұталы өсімдіктердің ағашынан не дайындалады?
6. Ағаштың түрлері жөнінде мәлімет бер.

Өз бетімен орындаңытын жұмыс

1. Кейбір ағаштардың жалпы пішінін, сондай-ақ жеке алынған бөліктерінің қандай пішінде өсетінін анықтау.

2. Түрлі ағаштарға тиесілі көлденең сақиналарды бақылап, олардың не білдіретінін анықтау.


Керек-жарақтар: Ағаш ұлгілері.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Ағаштардың жалпы пішінін, сондай-ақ жеке алынған бөліктерінің қай пішінді болып өсуін анықтау.
2. Ағаш ұлгілерін салыстырып, оның қайсы ағаштан дайындалғанын анықтау.
3. Түрлі ағаштарға тиесілі көлденең сақиналарды бақылап, олар туралы мәлімет беру.

Жергілікті аумақта өсетін ағаштарды және олардан шығарылатын ағаш сүрегінің түрлерін үйрену

Еліміз ормандарында ағаштың 100-ден астам түрі өседі. Ағаштың барлық түрі екіге – инежапырақты (қарақараға, қарағай, шырша т.б.) және жапырақты (емен, қарақайың, қайың, таутерек, т.б.) ағаштарға бөлінеді. Әрбір ағаш түрінің ерекшелігі (текстурасы) болады (35-сурет).



35-сурет. Ағаштардың текстурасы.

Өндөу бойынша қын ағаш жұмсақ (таутерек, жөке, қарағай, т.б.), қатты (емен, қайың, т.б.), өте қатты (ақ акация, қаракайың, т.б.) ағаштарға белінеді.

Ағаштың беріктігі өте жоғары, оны кесетін аспаптармен жақсы өндөуге болады. Ағаштан жасалған детальдарды желімдеу, шегелер, бұрама шегелер арқылы оңай ғана біріктіруге болады. Ағаштан жасалған бұйымдардың сыртқы көрінісі әдемі болады. Ағаштың кемшіліктері де бар, ол ылғалдың әсерінен бұзылады, кепкенде кисаяды, тез қарайады. Ағаштың көздері мен құрт тескен жерлері де оның ақаулары саналады. Бұл кемшіліктер өнеркәсіп өндірісінде ағашты пайдалану мүмкіндіктерін азайтады, бірақ оларды безендіру бұйымдарын дайындауда қолдануға болады.

Ағаштардың сапасы мен ақауларын анықтау

Ағаштың сапасын бақылау және сынау әдістерімен анықтайты. Бақылау арқылы ағаш материалы шығатын ағаштың діңгегі мен бұтактары қаншалықты тік, жуандығы біртегіс екенін және саулығын анықтайты. Көптеген ағаштардың діңгегінен ең негізгі ағаш алынады. Ағаштың ағаш сүрегі болып шығатын бөліктері қаншалықты түзу, ұзын, жуандығы біртегіс әрі сау болса, сапасы соншалықты жоғары болады. Егер ағаш денесінің жанынан бұтактары көп өсіп шыққан болса, онда ағаштың қабықты жерлері көп болады да, оның сапасы нашарлайды. Діңгегі бүгіліп яки бұралып өсken, түзу немесе келте болған ағаштың сүрегі, кажетті мақсаттарда пайдалануға жапырағы болмағандықтан, сапасы төмен болып саналады. Алайда, әртүрлі ұсақ бұйымдарды осындағы ағаштардың сүрегінен оңай жасауға мүмкін болса, олар сол мақсаттар үшін сапалы ағаш деп саналады.


Зиянкес жәндіктер келтіретін зиян, сондай-ақ ағашты көптіру және сақтау кезінде пайда болатын әртүрлі табиғи ақаулар ағаштың ақаулары болып саналады. Ағаш зиянкестерінің

құрамына өсіп тұрған ағаштарға, ағаш бұйымдарға зал келтіретін ағаш зені, ағашпен қоректенетін қоныздар мен ағашеміргіш қоныздар кіреді.

Ағаш зені ағаштардың ағаш сүрегін, әсіресе өзегін, тұрған құрылымдарын шірітеді. Олардың ағаш дінгегіндегі тұрған жерлерге келтірген зиянның салдарынан пайда болған өзгерісті 36-суретте көрсетілген.

Ағаш зиянкестеріне қарсы тұрлі химиялық заттар жәрдемім күреседі.

Ағаш пен ағаш материалдарын кептіру және сактау кезінде пайда болатын ақаулар бұлар: оның бұрыс кептірілгендейтін иілуі, шиыршықталып қалуы, жарылуы; ауасы құрғақ желдетілетін жерде сактамаудың нәтижесіндегі шіру; ағаш зенінен, ағаш қоныздарынан қорғамау нәтижесінде пайдалы аурулар. Мұндай ақаулардан сактандыру үшін ағаш және ағаш материалын кептіру, сактау, зиянкестерден қорғау ережелерін сактау керек.



36-сурет. Ағаштың жағдайына қарай көзге ұқсап тұрған шұқыр жерінің түрлері: а) ақшыл сау жері; ә) қаралау сау жері; б) шіри бастаған жері; в) шіріген жері; г) қауек жері.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ағаш сүргегінің түрлері қандай белгілерімен өзгешеленеді?
2. Инежапырақты ағаштарға мысалдар келтір.
3. Сүрегі жұмсақ инежапырақты ағаштар қайсылар?
4. Қандай жапырақты ағаштардың ағаш сүрегі жұмсақ болады?
5. Қатты немесе сынғыш ағаштардан не жасауға болады?

Оз бетімен орындайтын жұмыс

Ағаштардың жалпы қасиеттерін үйрену, іске жарамдылығы мен жарамсыздығын анықтау. Ағаштың сапасын анықтау.

Керек-жарақтар: Ағаш үлгілері.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Ағаш үлгілеріне сүйеніп, ағаш түрлерін анықтауға қатысты жаттығуларды орындау.
2. Ағаштардың беріктігі мен ылғалға төзімділігін анықтау.
3. Ағаш үлгілеріндегі көздердің күйіне қарап, сапасын анықтауға бағытталған жаттығуларды орындау.
4. Ағаш үлгілерін талдап, оның қайсы ағаштан дайындалғанын анықтау.

2.2. ҚҰРАЛ-САЙМАНДАР, АСПАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ

Ағаш өндейтін станоктар

Ағаш өндеу станоктарында ағашты өндеу процесі орндалады. Баршаға белгілі, ағаш өндейтін станоктардың құрылымы түрліше болады. Солардың бірі 37-суретте көрсетілген. Ағаш өндейтін станоктар түрліше болса да, олардың бәрінін құрамында ағаштан яки металдан жасалған тұғыры (станоктың тірекі) және қысқыштары бар ағаш қақпағы болады. Тұғырда үстел орнатылады. Үстелдің негізгі бөлшектерін көлденен және айналма қысқыштар, сыналар қағу үшін тілінген тесіктері бар жұмыс тақтайы, аспап-құралдарға арналып қойылған науа құрайды. Әрбір жұмыс орнында жеке құрал-саймандар,



37-сурет. Ағаш өндeйтін станок пен олардың жайғасуы.

Ағаш материалдар станоктың науасына қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып, тәртіппен орнатылады. Қол ара, сүргі, қашау, балға сияқты аспаптардың тұтқалары жұмысшыға қаратып қойылады.

Станокпен ағаш кескен кезде, тілу мен кесуді кесілетін тақта материалының ұзындығы мен еніне қарай тілегі немесе кеседі.

Станок үстіндегі аспаптар пайдалануға қолайлы болып орналасуы керек.

Ағаш өндeу станогындағы қысқышта бұрамалы механизмі пайдаланылады. (38-сурет). Оның бұрамасын бұрағанда, сығушы тақтай жылжиды да, өндeletіn деталь нықталып қалады немесе босатылады.

Ағаш өндeу станогының



38-сурет. Ағаш өндeйтін станоктың қысқышы.

биіктігі онымен істейтін жұмысшының бойына сай болу керек. Бұны былай тексеруге болады:

Станоктың қасында тұрып, қолдарынды созып, алақандарынды станоктың үстіне қой. Егер сонда сен дененді яки қолдарынды бүге алмайтын болсан, демек станоктың биіктігі дұрыс бапталған емес.

Станоктың үстіңгі беті бұзылмаған, бұрамалы қысқыш оңай қозғалуы керек. Ағаш өндеу станогын пайдаланған кезде оның алдыңғы және артқы қысқыштарын шамадан тыс сығуға болмайды. Сыналарды станок ұяшықтарына ағаш балтамен ғана қағуға болады. Станоктың қақпағын кесуші және соғушы аспаптар келтіретін зақымнан сақтандыру керек.

Қол аспаптарының құрылышы мен түрі, оларды пайдалану ережелері

Ағаштарды қолмен өндеу аспаптарының түрі өте көп, сондықтан олардың кейбіреулеріне тоқталамыз.

Қысқыштар бүйімды берік ұстап тұра алатын, оның сығып тұрушы бөлігінің сыны өзгермеген болу керек.

Балғаның, зілбалғаның және басқа аспаптардың желкесі тегіс болуы, ойылған яки жарылған жері болмауы, берік тұтқасы бар болуы керек.

Балға мен зілбалғаның тұтқаларын ағаштың қатты, майысқақ түрлерінен жасайды.

Жұмсақ және сынғыш ағаштан істелген тұтқаларды пайдалануға болмайды.

Балға мен зілбалғаның сыртқы беті тегіс, көлденең қимасы сопактау, ұстап тұратын жағы жуанданған пішінді болу керек. Тұтқаның беті тегіс болуы, онда жарықшақ яки шығынқы жонқалар болмауы керек.

Балға, егеу, қашау, ара сияқты басқа аспаптардың артқы

жағына жарықшалардан сақтандыратын металдар – саки тәрізді тұтқыштар қондырады.

Тұтқыш ұзындығы аспаптың өлшеміне сай келуі қамтамас етіледі.

Аспаптың салмағы мен өлшемі онымен істейтін оқушын сергектілігіне сай болу керек.

Егер жоғарыда айтылған аспаптардың тұтқасы болмаса я бұзылған болса, оны пайдалануға болмайды.

Металл өндеген кездегі үшкіннан сақтану үшін корғаныш көзілдірік тағады. Өндірістегі шеберлер қорғаны көзілдіріктердің тағылуын тексеріп отыруға міндетті.

Аралар дұрыс өткірленген және керілген, тұтқыштары бе салынған, тегіс тазаланған болу керек.

Ағаш сүргілейтін аспаптар тегіс, олардың тегістеп тазаланы колодкалары бар болу керек.

Колодканың артқы бөлігі топасталған, тұтқышы тегістел болуы керек. Ағаш сүргілейтін аспаптың жону бөлігі дұр қайраулы, ағаш колодкаға берік те тығыз қондырылған бол жарықшалар мен ойық жерлер болмауы керек.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ағаш өндейтін станок қандай мақсатпен қолданылады?
2. Ағаш өндейтін станоктың құрамы қандай бөлшектерден тұрағыз?
3. Станок үстелінің бір жағы неліктен терендетілген болады?
4. Станок үстелінің биіктігін қалайша белгілейді?
5. Материалды станокқа дұрыс орнату және бекіту жөнінде ережелерді неліктен сақтау керек?
6. Станоктың жақсы сақталуы неге байланысты?
7. Жұмысты қол аспабымен орындағанда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?



Өз бетімен орындаңтын жұмыс

1. Ағаш өндейтін станоктардың құрылышы мен жұмысына қатыс принциптер мен ережелер туралы түсінік бер.

2. Ағаш өндеуші станоктың дұрыс пайдалану әдістерін үйренуге жаттығу.

Керек-жарақтар: Ағаш өндейтін станок.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Сен өзің істейтін станоктағы үстелдің биіктігін белгілеу үшін, дененді станок алдында тік ұстай тұрып, қолдарынды станок үстелінің бетіне тік және төмен созып, қол алақанынды бүгіп, оның толық бетіне тиетін биіктікті белгілеп ал.

2. Өнделетін материалды станокқа орнату және бекіту ережелерін сақтай отырып, дұрыс орнат.

3. Станоктың барлық бөліктерінің қызметін жұмыс дәптеріңе жазып ал.

4. Жұмысты қол аспаппен істеген кездегі сақтауға тиісті қауіпсіздік техникасы ережелерін жұмыс дәптеріңе жазып ал.

Өлшеу және белгі қою аспаптары

Белгі қою дегенде, жасалатын бүйімның пішіндері мен өлшемдерін белгілеу аспаптар жәрдемімен оның дайындастасына көшіру амалын түсінеді. Белгілі бір бүйімді жасаудан бұрын оның дайындастасына белгілер қою, яғни өндеу шекараларын сзықтармен белгілеп қою керек болады. Ағаш өндеу ісінде масштабты және үшбұрышты сыйфыстар, мұқаба бұрыштамасы, темір жазғыш сияқты тексеру-өлшеу мен белгілеу аспаптары колданылады. Белгілерді қарындашпен (масштабты сыйғыш, ағаш ұсталығы үшбұрышы сияқты) белгілеу аспаптарының жәрдемімен сыйбаға, эскизге, техникалық суретке сәйкес қояды. 39-суретте үшбұрышты сыйғыш, бұктемелі метр мен рулетка сынды белгі қою аспаптары кескінделген.

Үшбұрышты сыйғыш бір-біріне қатысты тік бұрыш астында орналасатын сзықтар сыйзуға, сондай-ак тік бұрыштар тексеруге арналған.

Масштабты сыйғыш детальдың өлшемдерін өлшеу, оларды дайындаға белгілеп қою, өнделген дайын детальдың өлшемдерін тексеру, сзықтар сыйзу үшін қызмет етеді.



39-сурет. Белгі қою және өлшеу аспаптары.

Мұқаба бұрыштамасы. Бұл аспаптың көмегімен бұйымны (портрет жиектемесінің бөліктері, есік пен терезе рамаларыны бұрыштары, шкаф тәрізді жиһаздың карниздері, жалпы алғанда сүргілер жәрдемімен безендірілген бөліктер сияқты) бөліктерін белгі қою жұмысы орындалады. Бұл бұрыштаманың линейкасы дөңес ағашқа 45° бұрышта қондырады.


Темір жазғыш – кесу, сүргілеу, ою-тілу жұмыстарын дә келтіріп орындаған кезде ағаш материалдардың түрлі жақтарын олардың қабырғаларына параллель белгі сызықтарын сымудауданылатын белгілеу аспабы. Темір жазғыштардың сәул тәрізді бір, екі яки көп жазғыштары болады.

Тік бұрышты детальдарға белгі қоюда мынаған ерекше наза аудару керек (40-сурет):

1. Масштаб сызғыштың 0 бөлігі өлшенетін сызықтың басында тұру керек.

2. Өлшеген кезде сызғыштың өлшенетін сызыққа қатысты бұрыс орналасуына жол бермеу керек.

Белгі қою – жауапты операция. Өйткені, дайын бұйымны сапасы белгі қоюдың дәл орындалуына байланысты. Сондықта белгі қоюда өте ұқыпты болу керек. Белгі қою станоктың як үстелдің үстінде қарындашпен сызғыш, ұшбұрыш бойынш




40-сурет. Детальға масштаб сыйғыштың жәрдемімен белгі қою:
а) детальдың енін өлшеу; ә) белгілеу сыйғыны сыйзу.

орындалады. Белгі қойған кезде мынадай тәртіпті сақтау керек.

Алдымен дайындағаның тегіс жағын яки тандайды, яки дайындайды да, содан бастап барша өлшемдер мен сыйықтарды белгілейді. Дайындағаның дәл осы жағы база деп аталады. Ағашты үнемдеп жұмсау үшін, осы дайындағадан бірнеше детальдар жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, тиісті әдіпті ескеріп, анық есептеп шығады. Дайындағаны өндеп, белгілі өлшемдері бар дайын детальға түсіру үшін ағаштың белгілі бір қабатын кесуші аспаптың жәрдемімен алып тастайды. Дәл осы қабат әдіп деп аталады.

Дайындағаның бетінде түзу сыйық сыйзу үшін, алдымен базадан сыйғышпен тиісті аралықты өлшеп, 2-3 белгі қояды. Кейін сыйғышты осы белгілер үстіне қойып, сол қолмен басып тұрып, қарындашпен контур сыйғыны сыйзады. Ал сыйықтарды үшбұрыш сыйғыштың жәрдемімен сыйзу үшін, оның табанын дайындағаның базалық кырына қояды да, қарындашты он қолмен оқ жаққа қарай біраз еңкейтіп сыйзады (41-сурет).

Ағашты өлшеу және белгілеу аспаптарына сыйғыштар, метр,



41-сурет. Үшбұрыш сызғыштың жердемімен сзықтар сыйзу.

рулетка, үшбұрыштар, транспортир мен өлшеу сыйба үлгілері жатады.

Бірнеше сантиметрден бір метрге дейінгі сызғыштарда ағаштаи, металдан, пластмассадан немесе басқа материалда ұзындығын миллиметрлерге бөліктеп дайындайды. Ола миллиметрге дейінгі дәлдікпен өлшеу, керекті түзу сзықта сыйзу, ағаш қырының пішіні түзу сзықты екенін тексеру үшін қолданылады.

Ұзындығы 100 сантиметрге тең сызғыш **метр** деп аталады. Рулеткаларды оңай тасып, сактау үшін орама түрінде жасайды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлшеу деген не? Өлшеу аспаптарына қандай аспаптар жатады?
2. Белгі қою дегеніміз не? Белгі қою аспаптарын айт.
3. Сзықтарды не үшін пайдаланады?
4. Өлшеу сыйба үлгілері не үшін қолданылады?
5. Белгі қою үлгілерін не үшін пайдаланады?
6. Темір жазғыш не үшін қолданылады?



Өз бетімен орындастын жұмыс

Өлшеу және белгі қою аспаптарымен жұмыс істеуге жаттығу.

Керек-жарақтар: өлшеу және белгі қою аспаптары.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Детальдарға масштаб сызғыштың көмегімен белгі қоюға жаттығу.
2. Ұшбұрыш сызғыштың (ағаш шеберлігі ұшбұрышы) жәрдемімен белгілеу жұмыстарын орындау.
3. Темір сызғыштың жәрдемімен бір уақытта бірнеше сзықтар сзызуға жаттығу.
4. Циркульдің жәрдемімен түрлі шенберлер, шенбер доғаларын сзызуға, сондай-ақ олардың өлшемдерін өлшеуге жаттығу.

Аралардың түрі мен аралау ережелері


Ағашты аралау – дайындаудан кесетін аспаптың, яғни араның жәрдемімен екі бөлікке бөлу операциясы.

Қолмен аралау үшін ағаш шеберлігі ісінде түрлі аралар пайдаланылады (42-сурет).


Ағашты еніне, көлденен, екі бүйірге кесу үшін арнаулы аралар бар.

Жақ арамен істеген кезде, оның денесін керілген күйде ұстап тұру үшін білте арасынан өткізілген бұрау таяқшаны бұрап, білтені созып керу керек (43-сурет).


Қол араның тістері ұсақ та ірі болады. Аралаған кезде ағаштың ажыратылатын бөліктері ара полотносын қажайды, сондықтан оның сығылуын болғызбау үшін тістері онда-мұнда, яғни рет-



42-сурет. Араның құрылымы:
1 – полотносы, 2 – тұтқасы.



43-сурет. Жақ ара:
1 – араның денесі;
2 – тартпа;
3 – тұтқа;
4 – керуге арналған тетік;
5 – білте.



44-сурет.

Араның тістерін ажырату (екі жағын сәл кисайтып қою).



45-сурет. Аralau процессі.



46-сурет. Белгі коу сызығын салу.

ретімен екі жаққа қисайған болады (44-сурет). Сондықта араның орны полотно қалындығынан кеңірек болады да, арала процесін жеңілдетеді (45-сурет).

Дайындаманы кескен кезде араны белгіленген сызықтан 2-мм алыс қояды.

Қол араның полотносын дайындаманың бетіне қатысты түрлі астында жылжыту керек. Аралаудың дұрыс орындалы жатқанын белгіленген сызыққа қарап бақылайды. Тап ос сызық дайындаманың кесілетін жерінен сол жақта болу керек.

Ағашты әуелі біраз тіліп алып, кейін аралайды. Жұмысш қол араның бірінші қозгалысын 20° бұрышта өзіне қарай тарты жүзеге асырады. Кейінрек қысқа-қысқа қимылдармен арань орнын терендете береді. Аралаған кездегі дайындаманы ұстап тұрған қолын жарап алмау үшін, ағашты белгіленген сызыққа қатысты 46-суретте көрсетілгендей етіп қою керек. Осы сурет араны қалай ұстап тұру керектігі көрсетілген.

Дайындаманы біраз тіліп алған соң, жұмысшы аран бүкіл бойына бар күшімен жылжытады. Сонда дайындаман сол қолмен арадан ең азы 10 мм алыс ұстап тұру керек. Жұмыс барысында ара полотносын дайындаға қатысты діверпендикуляр бағытта жылжыту керек. Сонымен белгіленген сызаққа да қарап отыру керек. Бұл сызық ара орнынан сол жақта болу керек. Ағашты кесіп түсіруде араны оған қатысты.



47-сурет. Фанер (а) мен агашты (ә) кесудегі араның ауыткысы.

баспау керек, ондай болмаса, ара белгіленген сзықтан жылжып кетуі мүмкін. Аralau қарқыны минутына 40-50 рет екі жақты кесуден аспау керек. Дайындааманы агаштан (47-сурет, ә) яки фанерден (47- сурет, а) дәлірек кесіп алу үшін, ұсақ тістері бар ара қолданылады. Дайындааманы 90° және 45° бұрыштар астында дәлірек кесу үшін, үшбұрыш қалып деп аталатын тетік қолданылады (48-сурет). Бұл тетіктің екі кішкене салмасы мен тірегі болып, 90° пен 45° бұрыш астында кесуге арналған салмаларда араның орындары тілінген. Үшбұрыш қалыптың жәрдемімен аралаған кезде, дайындааманы сол қол бас бармағымен бүйір жақ салмаға қатты тіреп, белгіленген сзықтың қалыптағы араның орнына қарама-қарсы болуын бақылап тұрады.

Аralau кезіндегі жұмысты оңайлату үшін көбінесе тіреуіш тақта қолданылады (49-сурет).

Ағаш өндійтін кәсіпорындардағы агашты аralau жұмыстары домалак және маятник тәрізді ағаш тілетін станоктарда орындалады, бұл станоктар еңбек өнімділігі мен өнімнің сапасын, қолдан аралаумен қарағанда, ондаған есе арттырады. Осылай жұмыстарды орындастын жұмысшы станокта істейтін күрделі маманды жұмысшы деп аталады. Станокта істейтін жұмысшыларды оку-өндіріс кәсіпорындары, кәсіптік-техникалық колледждер, сондай-ақ тікелей кәсіпорындар өз бетімен дайындаиды.



48-сурет. Ушбұрыш қалыптағы аralau



49-сурет. Тіреуіш тақтадағы аralau

Аralau жұмыстарын қауіпсіз орындау үшін:

1. Аralaudан бұрын дайындааманы берік орнату керек.
2. Ара тістерін саусақтармен туралауға болмайды. Бұл үшін арнайы тақта я тіреуіштерді пайдалану керек.
3. Аралаған кезде сол қолды араның полотносына жақындау жарамайды.
4. Арамен істеген кезде полотноны жұлқылауға әрі бұғуге болмайды.
5. Станоктың үстінгі бетін үгінділерден тазалау үшін сыптырыш шөткені пайдалану керек.

Сүргінің түрлері және сүргілеу ережелері


Ағаштан бұйым дайындауға арналған материалды кесіп алған соң, оның сыртқы бетін тазалау, ондағы кедір-бұдырды тегістеу, анық бір өлшемге келтіру үшін сүргілеу жұмыстарын жүргізеді. Осылай мақсатпен түрлі сүргілер қолданылады.

Ағаш шеберлігі сүргілері атқаратын қызметіне қарай екіге: ағашты бастапқы өндійтін сүргілер (шерхебель, тақта сүргі, жұдырықша сүргі, тығыз сүргі), яғии оның бетін тазалау, тегістеу, туралау үшін қолданылатын сүргілер, және арнаулы

сүргілер (закров сүргі, жік сүргі, конус сүргі, дила сүргі, қыстырылған сүргі) делінетін түрлерге бөлінеді. Шерхебель ағаш материалдың бетін тазалау, қалың жонқа жону арқылы алғашқы сүргілеу мақсатында қолданылады. Оның құрамадас бөліктері мыналар: сүргінің қалыбы, жүзі мен сынасы; қалыптың ұзындығы 250 – 260 мм, ені 40-45 мм, қалыңдығы 60 мм болады. Сүргі жүзінің ені 30 мм, ал кесетін қыры доға тәрізді болады. Ол – қалың жонқа жонып, оңай сүргілеуге мүмкіндік береді.

Беттерді тегістеп сүргілеу үшін **такта сүргі** қолданылады. Бұл сүргі шерхебельден қалыбының ені мен тұзу жүзі жағынан ерекшеленеді. Такта сүргі қалыбының ені 50 – 60 мм, жүзінің ені 45 – 50 мм болады. Беттерді осы сүргінің жәрдемімен сүргілеу үшін, оның жүзін жұқа жонқа жонатындағы етіп, қалыбынан мүмкіндігінше аз шығарады. Жонқаны қалыңдатып жонса, беттер тегіс болып шықпайды (50-сурет, ә).

Жұдырықша сүргі құрылымы бойынша такта сүргіден өзгешеленбейді. Оның жүзінде қосымша тартпа болып, ол



50-сурет. Сүргілер түрі: а) шерхебель; ә) такта сүргі; б) жұдырықша сүргі; 1 – сүргінің сынасы; 2 – қалыбы; 3 – жүзі; 4 – темір тартпа;

в) тартпалы жүз; г) тығыз сүргі: 1 – сүргінің жүзі; 2 – тартпа; 3 – сына; 4 – темір тұтқа; 5 – балғалау түймесі.

жонқаны сындыру үшін қызмет етеді. Сондыктан темір тартпаны сүргі жүзінің кесетін қырына жақындастып орнатады. Солайша орнатылған жүз шығарылатын жонқаны дереу майыстырып сындырады да, сүргілеуді женілдетеді (50-сурет, б, 51-сурет).

Тығыз сүргі. Ұзын да кең тақталардың бетін тақта сүргі мен жұдырықша сүргінің жәрдемімен тегістеуге мүмкін болса да, олармен тегіс сүргілеуге болмайды. Мұндай беттерді тығыз сүргімен тегістеп сүргілейді. Тығы сүргінің қалыбы ұзын ($700 - 800$ мм), ені $70 - 80$ мм, жүзінің ені $55 - 60$ мм болады (50-сурет, г).

Сүргілердің жұздері де қызметіне қарай түрліше болады. Мәселен, таза сүргілеуге арналған сүргінің жүзін түзу сызың бойымен қайрайды, ал қатпарлы қалың сүргілейтін жұдырықша сүргінің жүзі енсіз болады да біраз дөнгелектенеді.

Сүргінің құрылымы 29 – 30 суреттерде көрсетілген. Дұрыс орнатылған жұздің ұшы қисаймай орнығып, қалыптың астына (тығыз сүргіде $1 - 3$ мм, тақта сүргіде $0,1 - 0,3$ мм) шығып тұрады. Сүргілеген кезде өндөлмеген ағашты станокка бері орнату керек. Өндөлмеген бүйімдарды өндеу түріне қарағанда әртүрлі жолмен тіркең қоюға болады, мысалы:


- станок қашауымен;
- тарақ-тіректің яки қазық-тіректің жәрдемімен.

Сүргілеген кезде аспапты дұрыс ұстая, жұмысшының денесін тік ұстая ережелерін сақтау керек.

Сүргілеген кезде жұмысшы қолдарын барынша ұзына бойын созып, сүргіні бар күшімен алға жылжытады (52-сурет). Сүргін жылжыта бастағанда, ол сүргінің алдыңғы жағын сол қолмен ал артқы жағын он қолмен қатты ұстайды (53-сурет).




51-сурет. Сүргінің құрылымы




52-сурет. Сұргіні беттегендегі іс-әрекеттер.

Техникасы ережелері:

1. Сүргілеуден бұрын сұргінің дұрыстығын тексеру;



53-сурет. Сүргілеу кезіндегі қолдардың қимылы.



54-сурет. Беттің тегістігін сызғышпен (а) яки ұшбұрышпен (б) тексеру.

2. Сүргілеуден бұрын дайындааманы станокка берік орнату
3. Жұмыс барысында сүргіні оң қолмен оның сынасы мемлекеттің қоса ұстау;
4. Өндөлген беттердің сапасын, сүргі жүзінің өткірлік қолмен сипап тексермеу;
5. Жарақаттан сақтандыру үшін үзіліс кезінде сүргіле енкейтіп, жүзін басқа жаққа қаратып қою керек.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ағаш аралауда қандай аралар қолданылады?
2. Аралар бір-бірінен қай белгілерімен ерекшеленеді?
3. Қол араның қандай түрлері болады?
4. Екі сапты арамен қандай жұмыстарды орындаиды?
5. Араларды қызметіне қарай қандай түрлерге бөледі?
6. Аралаған кезде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?
7. Ағашты сүргілеу арқылы қалайша өндейді?
8. Сүргілер құрылымына қарай қандай түрлерге бөлінеді?



Өз бетімен орындаитын жұмыс

1. Шеберханадағы түрлі аралардың қандай жұмыска арналғанықта.
2. Әртүрлі аралау мен сүргілеу жұмыстарын ағаштың бөлімдерінде орындауда машиналар.
3. Жұмысты сүргілермен дұрыс істеу жөніндегі жаттығул орында.

Керек-жарақтар: аралауға және сүргілеуге ариалған ағаш ұлгілері.

Қашаулар мен олардың түрі. Балталар

Ағаш шеберлігі қашаулары қызметіне қарай жонушы, оюышы және науа қашауларға бөлінеді (55-сурет, а, ә, б).


Жонушы қашаудың жәрдемімен жону жолымен тақтандың шетіне фаскалар шығарады, тырнактарды туралайды, тесіктер мен ұяшықтарды ұлғайтады. Сондай-ақ жұмсақ та жұқа тақталарды тесіп шығады.

Жонушы қашаулар жұқа, ал оюышы қашаулар калың болады. Бұған қарамастан, олардың енін түрлі өлшеммен істеп шығарады.


Қашаулардың бір-ақ жағын қайрайды. Жонушы қашаулардың өткірлік (қайрайтын) бұрышы 18–35°, ал оюышы қашаулардың өткірлік бұрышы шамамен 25–35° болады.

Қашау тұтқасын үйеңкі, қара қайың, жаңғақ сияқты қатты ағаштан жасап, оның ішіне металл сақина кигізеді. Қашаулар тұтқаларын пластмассадан да жасауға болады. Бұл аспаппен істеген кезде станокты бұзып қоймау үшін, бұйымның астына сақтық тақта қояды.

Жұмысшы балтамен ағаш шабады, жыралар тіледі, ағаштан жасалған құрылымдардың кейбір детальдарын киыстырып



55-сурет. Ағаш шеберлігі қашаулары: а) оюышы; ә) жонушы; б) науа қашау.



56-сурет. Балта жүзінің тұтқаға қатысты орналасуы: а) тік бұрыш астында (отын жару үшін); ә) сүйір бұрыш астында (сабактарды шабу үшін); ғ) додал бұрыш астында (ағашты аз ғана шабу үшін).

Келтіреді. Ағашты балтамен әрі жаруга, әрі жонуға болады (56-сурет).

Жону дегенде, әдетте ағаштан жонқа шығару түсініледі. Ағашты жонған кезде одан жонқаға ұксас жұқа жаңқаны алып тастайды.

Егер ағаштың тал жіптеріне көлденең балтамен соғып, оны екіге бөліп тастаса, бұл процесс шабу деп аталады. Ағаш шапқан кезде балтамен тал жіптеріне көлденең ұрып жіберіп, оларды кесіп жібереді. Бөренелерді әдетте бір, екі, үш, төрт қырлы, сондай-ақ дөңгелек тәрізді етіп өндейді.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қашаулардың қандай түрі болады?
2. Оюыш қашаумен қандай жұмыстарды орындауға болады?
3. Жонушы қашаулар жүзінің пішіні қандай болады?
4. Кесетін қашаудың жәрдемімен қандай жұмыстар орындалады?
5. Қашаумен жұмыс істегендеге қандай қауіпсіздік ережелерін сактау керек?
6. Балтаның ағаш ұсталығындағы қызметі мен түрлері жөнінде не білесін?


Өз бетімен орындаңтын жұмыс

Әртүрлі ағаштарды қашаумен өндөу бойынша жаттығуларды орында.
Керек-жарақтар: Қашаулар мен балталар.

Балғалар мен олардың түрлері

Ағаш бұйымдарын бір-бірімен құрастырганда, ою-тесу жұмыстарын қашаумен орындағанда ағаш шеберлігі балғалары мен қол тоқпақтар қолданылады. **Ағаш шеберлігі балғаларының** желкесі квадрат және домалақ, ал ішкі бөлігі түрліше болады (57-сурет, а, ә). Кейбір балғалардың тұмсық бөлігі шеге суыруға арналған болады. Ағаш ұсталығы балғаларының желкесі тегіс те жатық болу, ал дөнес те жаншылған жері болмауы керек. Өйткені, дөнес те жарықшак желкесі бар балғалар ағаштың бетін жаншып тастап, оның тегістігін бұздады.

Ағаш бөліктерін біріктіріп, тығыздана қыстырыған кезде, балғамен ұрып жіберген беттерді жаншып тастамау үшін олардың астына қатты ағаштан жасалған сақтық тақта қояды. Бөлшектердің тік қағылуына, қисайған шеғелердің ағашты жаншып тастамауына ерекше назар аударады. Шегенің бүркеншігін ағашқа балғалап жаппайды, керісінше, оның үстіне тескіш қойып қағады. Ондай болмаған жағдайда, бұрыс соғылған балтаның салдарынан дайындағаның беті езіліп қалады.



57-сурет. Ағаш шеберлігі балғалары мен қол тоқпақтар: а) квадрат желкелі; ә) домалақ желкелі; б) қол тоқпақтар.

Ою-тесу жұмыстарын қашаумен орындағанда, дестені жаншып тастамау үшін балғаның орнына ағаштан жасалған қол тоқпақ пайдаланылады (57-сурет, б). Ағаш тоқпақтың желкесі үлкен де тегіс болып, қашаудың тұтқасын, ағаштың бетін жоншымайды, сондай-ақ оның жәрдемімен балғалау қолайлы. Бірдемен ойып-тескен кезде қолдарын балғамен соғып жібермеу үшін, окушылар көздерін дестеден тайдағырмайды да, қашаудың жүзіне назар аудармайды. Бұның нәтижесінде қашау қойылған белгіден шығып кетіп, ағашты ойып жібереді. Сондықтан бұйымдар құрастыруда, бөліктердің тығыздығын қамтамасыз етуде, қашаумен жұмыс істеген кезде ағаштан жасалған қол тоқпақтар қолданылады.

Ағаш тоқпақтарды қарағай, шынар, акация, тұт сияқты қатты да төзімді ағаштардан сүргілеп немесе ағаш өндейтін токарлық станокта дайындаиды.

Болаттан, пластмассадан істелген балғалар мен тоқпақтар бізге кітаптың өндөу технологиясы туралы бөлігінен таныс.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Балғалармен кандай жұмыстарды орындаиды?
2. Балғалар құрылымы нелерден тұрады?
3. Балғаларды салмағына қарай қандай түрлерге бөледі?
4. Ағаш пен пластмассадан жасалған тоқпақтармен қандай жұмыстарды орындаиды?
5. Балға мен тоқпақтың жәрдемімен жұмыс істеген кезде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?




Өз бетімен орындаңтын жұмыс

Ағашты жонуға үйрену.

Жұмысты орындау тәртібі:

Берілген технологиялық картада сүйене отырып, ағашты белгілеу, аралау, сүргілеу, жону операцияларын орындауға үйрену (58-сурет).

Керек-жарақтар: Токпақтар, қашаулар, өлшеу және белгі қою аспаптары.



№	Эскиз	Жұмыстың мазмұны	Еңбек құралдары
1		Шикізатты таңдап алу, оның өлшемдерін өлшеу, сүргілеу, аралау	
2		Өлшеу, сүргілеу, аралау	
3		Өлшеу, сүргілеу, аралау	
4		Өлшеу, сүргілеу, ою, аралау	
5		Бұйымдарды зімпарамен ажарлау, ысып жылтырату	

58-сурет. Ағаш жонудың технологиялық картасы.

Егеулердің құрылымы мен түрлері

Егеулер де – кесетін аспаптар. Олардың негізгі құрамдастары бөлігін жұмыс бетіне ойылған тістері бар әртүрлі өлшемді де пішінді тілме, қайрақ яки сызық құрайды. Егеулер профиліне, тістерінің пішініне, қалай жайғасқаны мен өлшемдеріне қарай.


әртүрлі болады. Егеулерді пішіні жағынан жалпақ, квадрат, ұзындығының 2/3-інде орналасқан кырлы, жұмыр етіп дайындайды. Оларды пішініне қарай түрлі егеулеу жұмыстарында қолданады. Ескерте кету керек, егеулер жәрдемімен қалың, таза және өте жұқа да тегіс күйге келгенше өндеге болады.

Егеу дайындаудан жінішке әдіпті алып тастайды да, содан кейін деталь сыйбада көрсетілген нақты өлшемдері мен пішінін алады.

Егеулерді тістерінің үлкен-кішілігіне, 10 мм-лік жұмыс бөлігіндегі санына қарай мынадай түрлерге бөледі: қалың – 5 – 12 тісі бар егеулер, олар ең бірінші дайындауданың бетін алғашқы өндеген кезде пайдаланылады; шындалған егеулер, олардың іштілігі тығыз (қатты), ал түсі күнгірт күлгін, мақпал тәрізді болу керек, олардан қайрау, кесу, ажарлау үшін қолданылатын әртүрлі түрпілі аспаптар дайындауды.

59-суретте егеудің жалпы көрінісі мен ойықтары кескінделген. Ойықтар арасындағы шығынқы жерлер егеудің тістері болып, олардың пішіні синаға ұқсайды.

Егеулерді аспаптық болаттан жасайды. Олар бір-бірінен көлденең қимасының пішіні, кедір-бұдырылғының көрінісі,



59-сурет. Егеулер: а) құрылымы; ә) бір қырлы; б) екі қырлы; в) нүктелік қырлы.

бір ұзындық бірлігіне тура келетін шығыңқы жерлердің саны, жұмыс бөлігінің ұзындығы жағынан ерекшеленеді.

Жұмыс істеген кезде егеуді қайтала ма-ілгерілемелі қозғалысқа келтіреді. Мұнда оның алға қарай қозғалысын жұмыс жүрісі деп, ал артқа қарай қозғалысын – бос жүріс деп атайды. Жұмыс жүрісі барысында аспапты дайында маға басады, ал бос жүріс кезінде баспайды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Егеулеу деп нені айтады?
2. Егей тістерінің көрінісі қандай болады?
3. Дайындаманы алғашқы өндеген кезде қандай тісі бар егеулерді пайдаланады?
4. Кисық сзықты беттер деп қандай беттерді айтады?
5. Дөңесті және батыңқы беттерді қандай егеулермен өндейді?



Оз бетімен орындастын жұмыс

Түрлі пішінді егеулермен жылтырату бойынша жаттығуларды орындау.

Керек-жарақтар: Дайында ма, егеулер, станоктар.

Зімпаратың құрылымы мен түрлері

Беттерді зімпарамен қырнап өндеу. Беттерді жылтыратудан бұрын зімпарамен тегістеп, олардың түзу сзықтығын жақсылай әрі тазалау керек. Өткір қырлар мен бұрыштарды әуелі егеумен, кейін зімпарамен өндеу керек.

Зімпаратың құрылымын бір жағына ұсақ та қатты минералдар немесе шыны ұнтағы желімдеп жапсырылған макта мата яки қалың қағаз құрайды. Бұлар өз кезегінде дәндерінің ірілі-ұсақтығына қарай қалың (№ 6, № 5, № 4), орташа (№ 3, № 2), майда (№ 1, № 0), жылтырайтын (№ 00, № 000) зімпаратарға бөлінеді. Беттерді зімпарамен жылтыратып өндегендеге кездес арнағы ағаштар болу, ал зімпараты оларға шегемен жапсыру керек. Ағаштан дайындалған кішкене детальдарды баскаша

әдіспен өндейді: зімпараны беті тегіс тақтайға қойып, түрлі бағыттарға қарай ысқылайды.

Өрнектерді бұйымның немесе детальдың бетіне алдын ала әзірленген ойма тетікпен түсіру – ең жарамды әдіс.

2.3. МАШИНАЛАР, МЕХАНИЗМДЕР, СТАНОКТАР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Ағаш өндейтін станоктар мен олардың құрылымы туралы түсінік


Мектептердің ағаш ұста шеберханасында кейбір жағдайда СТД-120 маркалы ағаш өндейтін токарылық станоктар орнатылады.

Ағаш өндейтін токарылық станоктың жәрдемімен ағаш материалдан айналмалы беттері бар детальдар, күрделі пішінді бұйымдар жасайды.

СТД-120 маркалы ағаш өндейтін токарылық станогының негізгі құрамдас бөлігінің құрамына станина (1), алдыңғы бабка (2), артқы бабка (3), тірек (4), жонушы тетік (5) кіреді де, оның жәрдемімен ою-тесу жұмыстарын орындаиды (60-сурет).

Станица – станоктың таяныш құрауышы, оның бойымен артқы бабка мен тірек жылжыйды.

Алдыңғы бабка өндөлөтін ағаш материалды ұстап тұрып, айналмалы қоз-



60-сурет. СТД-120 токарылық станогы.

алысқа келтіреді. Алдыңғы бабканың шпинделіне сатылы іків кигізілген болады, оған электр қозғалтқыштан белік арқылы қозғалыс беріледі. Белдікті шкивтің бір сатысынан кіншісіне қойып, шпиндельдің айналу жиілігін өзгерtedі.

Артқы бабка ұзын өлшемді ағаштарды центрде ұстап тұруға, ескіштер мен бұргылар орнатуға мүмкіндік береді.

Tірек жонған, кескен кездегі қашауларды ұстап (тіркеп) ұры мақсатында пайдаланылады. Өндөлеттін ағаштың өлшеміне, алайша өндөлеттініне қарай, тіректі станинаға шпиндельге атысты параллель немесе көлденең қалып-күйінде орнатады. Тіректі әрқашан центрге бейімдеп, өндөлеттін ағашқа жақындастып рнатады.

Артқы бабка мен тіректі станинаның бағыттаушыларын бойлап лдыңғы бабкаға қатысты керекті қашыққа жылжытқаннан ейін, тартқыш болттармен станинаға қозғалмайтындей етіп іркеп қояды.

Ағаш өндейтін токарълық станоктар арнайы токарълық етіктерімен жону, кесу жұмыстарын орындауға мүмкіндік береді.

Ағаш өндейтін токарълық станокпен жұмыс істегендег мына дауіпсіздік ережелерін сақтау керек:

1. Шпиндельдің дұрыс (яғни жұмысшыға қарай) айналуын әрқашан бақылап отыру керек.
2. Өндөлеттін ағаштарды центр мен айырдың арасына, іатрондарға, планшайбаға берік бекітіп қою керек.
3. Шпиндель айналып тұрғанда айыр мен центрдің арасына әғаш орнатуға болмайды.
4. Жұмыс барысында тіректі әрқашан центрге бейімдеп, әғашқа жақын орнату керек. Бұл үшін жонған кезде тіректі әғашқа оқтын-оқтын жақындана жылжытып отырады.
5. Жұмыс кезінде артқы бабка мен тіректі станинаның бағыттаушыларына берік бекітіп қою керек.

6. Өндөлген беттің тегістігін станокты тоқтатпай, қолмен сипалап тексеруге болмайды.

7. Жұмыс кезінде қорғаныш көзілдірік тағып, жұмыс істеу керек.


2.4. ӨНІМ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ағаш үста бұйымдарының бөлшектерін дайындау

Ағаштан жасалатын үй керек-жараптарының түрі өте көп. Олардың негізгі түрлерін асханалық керек-жараптар, қонақ жайда, жатын жерде, жалпы алғанда, үй шаруашылығында қолданылатын түрлі аспаптар мен бұйымдар, ағаштан жасалған бөлшектер құрайды. Үйдегі әрбір керек-жарапты дайындаудан бұрын оның қызметіне қарай ағаштың қай түрі мақсатқа лайық болатынын анықтайды. Мұнда, негізінен, қолданылатын материалдың қаттылығын, сондай-ақ одан жасалатын бұйымның пайдаланылуы кезінде пайда болатын әсерлерге төзімділік дәрежесін ескереді. Жай пішіні бар үй керек-жараптарының бірі – көкөністер турауға арналған тақтайды әдетте қаттылығы орташа ағаштан әртүрлі пішінді етіп дайындаиды.

Ағаштан жасалатын ыдыс-аяқты кәдімгі немесе бұрама шегелермен мықтап бекітуге болады, сондай-ақ арнайы тақтада ойыктар оюға үйрену жолымен біріктіруге болады. Бұл бұйымды дайындау үшін ағашты таңдалап алу, онда белгілеу сызбасын сизу, аралау, сүргілеу, бұрғылау, жылтырату және ағаштарды біріктіру жұмыстары орындалады. Осы тақтайдың айналасын түрлі өрнектермен безеуге де болады.

Мұндай тақтайларды асхана қабырғасындағы қазыққа іліп қойып сақтау біраз қолайлы. Осылай іліп қоюға бейімделген тақтайлардың артқы жағын әдемі өрнектермен яки басқа суреттерді түрлі әдіспен түсіріп безейді. Осындай безендірілген



61-сурет. Көкөніс турауға арналған тақтайдың дайындау сыйбасы.

қтайларға көбінесе ойықшалар жасамайды, оларды зендірілген жағы көрінетіндегі етіп қазыққа іліп қояды.

Оз бетімен орындаитын жұмыс

«Көкөніс турауға арналған тақтайдың» сыйбасына сүйене отырып, ы іс жүзінде дайындау (61-сурет).

Жұмысты орындау тәртібі:

1. «Көкөніс турауға арналған тақтайдың» сыйбасын сыйзу.
2. Осы сыйбаға сүйеніп, бұйым жасауға үйрену.
3. Жұмыс орнына орналасып, бұйым жасауға кірісу.
4. Сыйбаға қарап, өлшеу және белгі қою жұмыстарын жүргізу.
5. Сүргілеу, кесу, егеулеу, бұрғылау жұмыстарын тиісті жүйелікпен жүргізу.
6. Қын болған жұмыс операциялары кездескенде оқытушының әрдеміне жүгіну.

Керек-жарақтар: Ара, егеу, зімпара қағаз, сондай-ақ өлшеу және белгі қою аспаптары.

Ағаш шеберлігі қосылыстары туралы мәлімет


Ағаш шеберлігі қосылыстарын жасаған кезде бірлестіріп байлаудың бірнеше әдістері қолданылады. Бұйым қай материалдан дайындалып, қай мақсатпен қолданылса, оған қандай сапа беру керек болса, осы талаптарға сәйкес оның бөлшектерін бір-бірімен жай немесе құрделі түрде біріктіреді. Қосылыстар жасауда қолданылатын бірлестіру әдістері мыналар: десте бет байлау, призмалы яки дұрыс (бір немесе бірнеше) тырнақты қосылыстар, ұшбұрыш әдісімен байлау, закров қосылыстар, жік қосылыстар, «қарлығаштың құйрығында» тырнақты қосылыстар және т.б.

«Десте бет» байлау – ағаш ұста қосылыстарын жасаудың ең қарапайым да оңай әдісі. Бұл әдіс құрылыш жұмыстарында, жылыжайлардағы ағаш бөлшектерін бір-бірімен біріктіруде, жай қаптауыш рамкалар, витриналар және т.б. дайындауда қолданылады.


Қосылыстың өлшеміне қарай, детальдарды бір-бірімен шегелеу жолымен бұрамашеге, болт яки ілмектің жәрдемімен біріктіреді.

«Десте бет» байлауда детальдарды «Г» тәріздес, «Т» тәріздес пішінді етіп, дұрыс және «қарлығаштың құйрығына» ұқсатып біріктіруге болады (62-сурет).

Ағаш ұста қосылыстары біріктіру әдісіне қарай ажырайтын және ажырамайтын қосылыстарға бөлінеді.



62-сурет. Тырнақты қосылыстар құрастыру: а) дұрыс тырнақ; ә) «Т» тәрізді тырнақ; б) ашық тырнақ.




Араның ізи

63-сурет. Тырнақ шығару және құлак тілу: а) тырнақ пен құлактар тілу; ә) тырнақ керту; б) құлакты ою.

Қосылысты жеткілікті дәрежеде берік ету үшін шеге, шөпшеге, бұрамашеге, бұрышты қондырма, ендірме пластинка, болт, гайка, әртүрлі ағаш қосылыстар, атап айтқанда: тырнақты қосылыстар, десте бет байланысты, жасырын және жартылай

жасырын қосылыстар және басқа да жабдықтар қолданылады (63-сурет). Қатты да иілгіш ағаш шегені өте мықты ұстап тұрса да, оны осындағы ағашқа қағу қыын. Бұрамашегелер үшін ұста жұмыстарында, яғни есіктер мен терезелердің өпсаларын орнатуға қолданылады (64-сурет). Мұндай шегелер сәдімгі шегелерге қарағанда неғұрлым берік кұрама жасауға мүмкіндік береді. Ағашқа арналған шегелердің жуандығы 3–12 мм болады. Оларды бұрғылап тесілген тесіктерге же пімдел қағады. Ысып жылтыратылған бұйымдардың бұрышастында қосылған жері босансып кетпеуі үшін, оларды бұрышты қондырма, ендірме пластинка, бұрамашегелермен тіркең қояды.



64-сурет. Бұрамашегелер: а) шеге бастары: 1 – жасырын; 2 – жартылай жасырын; 3 – жартылай домалак; ә) бұрамашегелердің өлшемдері.

Кұрастырылып, ауыр жүктемемен істейтін кейбір ағаш детальдарында болттар мен гайкалар пайдаланылады.



Оз бетімен орындайтын жұмыс

«Десте бет» қосылыштарын жасауға үйрену.

Жұмысты орындау тәртібі:

«Десте бет» ағаш қосылыштарын мына технологиялық картада қарап жасайды.

№	Жұмысты орындау тәртібі	Жұмыс эскизі	Аспаптар		Тетіктер
			Өлшеу	Жұмыс	
1	Қосылышқа сай келетін ағашты тандап алып, берілген өлшемдерге келтіріп, сүргілейді де кеседі. Содан кейін мына жұмыстарды тізбектеп орындаиды.				
2	Кертіктерді белгілеп қою (2)		Сызығыш, карындаш, темір жазғыш		Белгі қою үстелі яки станок
3	Кертіктер жасау			Тілуші және кесуші ара, жонушы кашау	Станок
4	Қосылышты жасау			Шеге, балға, бұрамашеге, бұрауыш	Станок

Ағаш ұста бұйымдарының бетін ыстып өндөу және детальдарды құрылымдау. Бұйымдар бетіне жабыстырылатын жабындар

Дөңес ағаштан жұқа қабат етіп сыйдырып алынған жұқа жапырақ материал шпон деп аталады. Шпондардың қалындығы 0,3 және одан көп миллиметр болады. Олардың бірін екіншісінің үстіне қойып, тал жіктерін өзара перпендикуляр жабыстыру жолымен пайда болған қабатын **фанер** деп атайды. Фанерлер дайындалу әдісіне қарай сыйдырылған, сүргіленген, жонылған және желімденген фанерлерге бөлінеді. Сүргіленген фанерлерді емен, шынар, жаңғак, үйеңкі, шаған, қарагай жаңғырықтарынан дайындауды. Осындай фанерлер жағымсыз текстурасы бар ағаштардан жасалған, сондай-ақ ДСП үшін, яғни ағаш жонқаларынан престеп жасалған бұйымдардың бетін жабу үшін (жылтыр ретінде) қолданылады. Олардың қалындығы 0,8–1,5 мм, ені 80 мм, бойы 1000 мм болады. Жалпы алғанда, фанер жапырактарының өлшемдері түріне, пайдалану әдісіне және сортына тәуелді болып, түрліше, мәселен, ені 1525 мм, бойы 1830 мм, қалындығы 12 мм болады.

Желімденген фанердің құрамына бірінің үстіне екіншісі желімдеп жабыстырылған 3-тен 15-ге дейінгі тақ сандық шпондар кіріп, олар желіммен жапсырылады. Ал фанердің өзін бұйымға БФ маркалы, альбумин, казеин желімдермен жапсырады.

Фанерлер маркасына қарай ФК және ФБА делінетін фанерлерге бөлінеді. Фанер – екі жағы да бірдей берік болған материал, ол тақталардан гөрі азырақ қисаяды, оның үстіне, желімдеп жапсырғанда яки шпилькалармен тартып тіркегендегі, олардың қисайған жері тегістеледі. Бұл материал онша жарылмайды, оның бар жарықшактары арқасында оны оңай майыстыруға да, тасымалдауға да болады. Дәл осындай қасиеттерімен ол ағаш тақталардан жақсырақ.

Шығарылған бұйымды өңдеу – жұмыстың соңғы процесі. Мұнда детальдың немесе бүкіл бұйымның бетін әдемілейді, оның ылғалдыққа қарсы төзімділігін асырады, құрт-құмырсқадан сактандыру үшін тиісті аспаптармен өндейді.

Ағаш ылғал ауаның әсерінен тез жарамсыз болып қалады. Сондай-ақ шан, жел, құрт-құмырсқалар да оған зиянды әсер етеді. Суланған ағаш құрғаған сон, қисайып жарылады, оның жарықшақтары шаңға толады. Боялған әрі лакталған бұйымдардың көрінісі әдемі болады, оларды оңай сақтауға болады. Бұндай бұйымдар нашар жағдайда да аз зиянданады.

Беттер өңдеудің ажарлау, әшекейлеу, күйдіру, бояу жағу, лактау және бояу сияқты түрлері бар.

Беттердің желімдеуден бұрын зімпарамен ыскылап, тұзу сзызықтығын жақсылау әрі тазалау керек. Өткір қырлар мен бұрыштарын егеуlep, кейінірек зімпарамен өңдеу керек.

Лактау және бояу. Лактау – ағаш бұйымдарды жылтыратып өңдеудің кеңінен таралған әдістерінің бірі. Бұл жұмыстың мәні сол, бұйымның бетіне бірнеше қабат лак жағады. Лакпен сырлаған кезде спиртті, майлы, нитролактар қолданылады. Бұйымдарды лакпен сырлау жұмыстарын құрғақ та жылы, ауасы тазарып отыратын бөлмеде, шаң мен үгінділері жоқ жерде орындау керек. Лактарды щеткамен я тампонмен жағады. Тампонды су өткізбейтін мақтаның бір кесегінен немесе жұқа макта матаға орап дайындаиды. Бұйымның бетін тампонмен лактау әдістері 65-суретте көрсетілген.

Бұйымның бетін әдемілеген кезде майлы бояулар да кеңінен қолданылады. Олар бұйымның бетінде ылғалға төзімді, берік, корғайтын қасиеті бар қабатты тудырады. Майлы бояудың кемшілігі сол, ол жақсы жылтырайды да баяу (шамамен 24 сағатта) кеүіп қалады. Майлы бояумен боялатын бұйымның бетін әуелі зімпарамен ыскылап, жақсылап құрғату, шаңнан тазалау керек. Майлы бояуды бұйымның бетіне щеткалармен



65-сурет. Тампонмен лактау.



66-сурет. Шөткемен лактау.

жан-жаққа жылжытып жағады (66-сурет).

Ағаш өндейтін кәсіпорындардағы әдемілеу жұмыстарымен өндеуші жұмысшылар шұғылданады. Олар бұйымдарды бояу жұмыстарын машина жәрдемімен іске асырады. Бұйымдарды арнаулы құргататын қондырыларда кептіреді.

Кәсіпорындар мен көркем-өнерпаздық шеберханалардағы арнайы жұмысшылар, нақысшылар ағашты қүйдіріп өндеу жұмыстарын орындаиды.

Әдемілеу жұмыстарын қауіп-қатерсіз жүргізу үшін:

1. Лактау, бояу, зімпарамен ысқылау, қүйдіру жұмыстарын жүргізген кезде бөлмеде ауа тартқыш вентиляция болу керек.
2. Әдемілеу жұмыстарын, әсіресе лакпен, бояумен сырлау жұмыстарын жүргізгенде арнайы киім мен қолғап киу керек.
3. Май жүккан тампондар мен шеберектерді шеберханада үлдірып кетуге болмайды, өйткені олар өздігінен жана бастауы үмкін.
4. Бояғыш заттар пайдаланған кезде сақ болу керек. Олардың імге, қолдар мен дененің терісіне жұғып кетуін болғызыбау керек.
5. Бұйымның бетін егеулеуден шығатын үтінділер мен тақтарды арнайы шөткемен сыйырып алу керек.
6. Жұмыс аяқтаған соң қолдарды сабынмен жақсылап жуу керек.
7. Жұмыс кезінде қыздырылыш инесі бар тетікті тірекке қою керек.



Өз бетімен орындаңтын жұмыс

Балғаның сабын жасау.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. «Балға сабының» сыйбасын сизу.
2. Осы сыйбага сүйеніп, бұйым жасауға үйрену.
3. Жұмыс орнына жайғасып, бұйым жасауға кірісу.
4. Сыйба бойынша өлшеу және белгі қою жұмыстарын жүргізу.
5. Сүргілеу, кесу, егеулеу және жылтырату жұмыстарын рет-ретімен орындау.

Керек-жарақтар: Ара, сүргі, зімпара қағаз, егеу, сондай-ақ өлшеу және белгі қою аспаптары.

Ағаштан істелген үй керек-жарақтарын пайдалану




Өз бетімен орындаңтын жұмыс


67 – 68 суреттерде үйде қолданылатын бұйымдар – «Орындық» пен «Киім ілгіштің» сыйбасы келтірілген. Осы сыйбалар негізінде бұйым жасаудың технологиялық картасын жасап, картага қарап, бұйымдар жаса.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. «Орындық» яки «Киім ілгіш» сыйбасын сыйзып, осы сыйбаларға қарап, технологиялық карта құрастыру.
2. Жұмыс орнына жайғасып, технологиялық картага сүйеніп, бұйым жасауға кірісу.
3. Сыйба бойынша өлшеу және белгі қою жұмыстарын жүргізу.
4. Сүргілеу, кесу, егеулеу және жылтырату жұмыстарын рет-ретімен орындау.
5. Жұмыстың қын түскен операциялары кездескенде оқытушының жәрдеміне жүгіну.



67-сурет.
Орындықтын
сыйбасы.



68-сурет.
Киім ілгіштің
сыйбасы.

Керек-жарақтар: Ара, сүргі, зімпара қағаз, егеу, сондай-ақ өлшеу және белгі қою аспаптары.

Ағаш өндеуде қолданылатын халық қолөнершілігінің элементтері

Нақыш қондыру өнері Орта Азияда ежелден әйгілі болған. Ата-бабаларымыз өткен заманда құрған ғимараттар осы күнге дейін тартымды әсемдігін жоғалтқан жоқ. Ерекше талғаммен істелген нақыстар бізді таңдандырып келуде.

Біздің ұлттық нақыстарымыздың астарында өте мол мазмұн жатыр. Жай қасық, леген, құтыша, сандық, бесік, ішекті аспаптар, үй керек-жарақтары сияқты бұйымдардың, түрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың қабырғасы мен сыртына салынған нақыстар адамды таңдандырып, ойға салады. Көне шебер нақысшылар осынау сұлу нақыстарды жарыққа шығарып, көп ғасырлар бойы дамытып, архитектура мен бейнелеу өнерінің дамуымен бірге жетілдіріп келді.

Нақыс сөзі – араб тілінен бейне, гүл деген мағыналарды білдіреді. Бұл – табиғаттағы өсімдіктерге, құстарға, жануарларға ұқсатып салынған пішіндер мен басқа да элементтерді белгілі бір тәртіппен қайталаулардан пайда болатын әшекей. Нақыстар ганч күйдіру, канда, кесте мен шапан тігу, қыш-құмыра кәсіпшілігі, зергерлік өнері, кілем тоқу, тор жасау сияқты қолөнер кәсібінде қолданылады. Мәселен, нақыстар ою, сызу, тігістің жәрдемімен, соғу, қадау және т.б. әдістермен салынады. Бұл өнердің тарихы адамзат мәдениетінің тарихымен бірдей көне. Мәдениеттің дамуы нәтижесінде суреткерлік пен нақыштылық өнері бөлініп шығып, өркендеді.

Нақышты өнерде қолданылатын нақыстар құрылымына қарай ислими және гирих нақыстарға бөлінеді.

Ислими нақыс – жапырак, шыбықша, ағаш, бұта, күс, балық сияқты табигаттагы нәрселердің нақысшы тарапынан белгілі бір стильге салынған пішінін мәлім заңдылыққа сүйеніп, қайталаулардан пайда болады. Стильге салу – құстың, балықтың, гүлдің түсі мен пішінін көркем бейнеде ортақастыру.

Гирих нақыс – геометриялық нақыстар түрінің бірі, ол балық, түйін деген мағыналарды білдіреді. Гирих нақыс – күрделі нақыс. Ол геометриялық нақыстар түрінің бірі болып, оның құрамын ұшбұрыштар, шеңберлер, дөғалар мен көпбұрыштар құрайды. Бұл нақыстар құрылымы жағынан түзу сзықтардан, қисық сзықтардан және аралас сзықтардан тұратын гирих нақыстарға бөлінеді.

Ағаш өндеу бойынша кәсіп-мамандықтар туралы мәлімет

Мектепті жақсы бітірген соң сен кәсіптік-техникалық колледждерде қызмет көрсету салалары бойынша мына мамандықтарды иелейсің:

- ағашты көркем ою шебер-суретшісі;
- нақыс салу шебер-суретшісі;
- ағаш өндеу технологиясы мен жиһаз өндірісі бойынша шебер;
- музика аспаптарын жасау және жөндеу маманы;
- лакталған миниатюра бойынша шебер;
- жиһаз жобалаушы дизайнер.



Өз бетімен орындаңтын жұмыс

Гирих нақыстар үлгілерін сизу.

Жұмысты орындау тәртібі:

Егер гирих (геометриялық) нақыстарды үлгіге қарап сыйса, бұл нақыс сыйуды жеңілдетеді.

Керек-жарақтар: Қарындаш, сыйғыш.

Дайындауның эскизі мен технологиялық картасын жасау, таңдау, белгі қою және дайындау

Кез келген бұйым жасау үшін оның сыйбасы мен технологиялық процесін күрайтын технологиялық картасы болу керек. Технологиялық карталар жасау, оларды пайдалану оқушылардың жасампаздық белсенділігін асырып, техникалық санасты дамытады да, өз бетімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұдан тыс, технологиялық карталар жасау арқылы, оқушы бұйымның үлгісіне я сыйбасына қарап, оның күрделі күрылымын зерттеп дайындау; бұйымға арналған дайындау таңдап алу және оның өлшемдерін анықтау; технологиялық процестің өтпелі жерлерін, олардың орындалу тәртібін белгілеу; аспаптар, тетіктер мен механизмдер таңдау сияқты маңызды жұмыстардың жаңа әдістерін менгеріп алады.

Құрастырылған технологиялық картаның жәрдемімен, жоспарлап қойылған бұйымның барша бөлшектерін жасап, оларды бір-бірімен жинауға болады.

«Көрсеткіш» (указка) жасаудың технологиялық картасын құрастыр.

№	Жұмысты орындау тізбегі	Жұмыс эскизі	Аспаптар		Қолданылатын тетіктер
			Өлшеу	Жұмыс	

Ағаш өндіру процестерімен үйлесімді халық қолөнершілігінің технологиясы

Ағаш ою – өзбек халқының қолданбалы бейнелеу өнерінің кеңінен таралған түрі. Мұнда белгілі бір нақысты яки бейнені

тактаға немесе ағаш бұйымға яки сзыып, яки кесіп, яки ойып түсіреді. Көркем өнердің бұл түрі барша халықтарда болып, Ежелгі Шығыстағы антик әлем елдерінің архитектурасында кең қолданылған. Ғасырлар барысында Еуропа мен Азия елдерінде ағаш ою өнерінің өзгеше бір әдістері жаратылды. Сол сияқты, ағаш ою біздің елімізде де ежелден өркендеп, үй керек-жарактарын жасауда, сәулетшілікте кең қолданылған. Бұл өнер ежелгі архитектура саласында есік, дарбаза, бағандар, әртүрлі бөренелер, үстел, қобдиша, рамка, қаламсауыт сияқты басқа да бұйымдарды безендіруде қолданылып келген.

Ағаш ою өнерінің өзіне тән түрлі әдістері мен тәсілдері бар. Мысалы, Хиуадағы ағаш ою өнері саналатын ойманың айбындылығы басқалардікінен ағаштың сақтап қалынған табиги түсімен өзгешеленеді.

Ал Бұхарадағы ағаш ою өнері ойып жасалған нақыстың әсемділігімен, алтын мен күміс жалатылған нәзік нақыстардың сүйкімділігімен, нақыстың негізінде пайдаланылған түстердің алуандығымен көзге түседі.

Марғылан ағаш ою өнерінде терең негізі бар жайпақ ойма қолданылып келген.

Ал Ташкентте нақыспен жабылған жалпақ дөңесті, негізсіз сызба ағаш ою өнері кеңінен таралған. Ағаш ою мектептері шамамен өткеи ғасырдың 40 – 50 жылдарынан кейін пайда болған. Біздің республикамызда Қоқан, Хиуа, Самарқант, Ташкент мектептері бар.

Ағаш ою өнерінде қолданылатын аспаптар.

Ағаш оюда әртүрлі аспаптар қолданылып, олар өздеріне тән жұмыстарды орындайды. Мұндағы аспаптар екі: нақыс оюға арналған «ойма қарындаштар» мен «нақыс қаламдар» делінетін түрге бөлінеді.

Аспаптардың пішініне, орындастын жұмысына қарай қашаулардың бірнеше түрі болады. Мәселен, қашау, морпеш

қашау, балық сырты қашау, негізгі қашау, ковза қашау, чекма қашау және басқалар. Орындалатын жұмыстың сипатына қарай, нов қашау,чув қашау (оюда), қыныр қашау қолданылады (69-сурет).

Ковза қашау. Бұл аспаптың жүзі түзу және қисық болады. Түзу жүзі бар ковза қашау ойылған нақыс сзықтарының үстінен үш қырлы да дөнес жолшықтар тілу, параллель сзықтар сыйзу үшін қолданылады.

Түзу қашау. Бұл аспаптың түзу және кескіш өзегі болады. Оны еніне қарай кішкене, орташа және үлкен қашауларға бөледі. Оның жүзінің ені 1,5 мм-ден 10 мм-ге дейін болады. Бұл аспап көбінесе бағдаттық стилімен салынған нақыстарды және негіздерді ойып жасауда қолданылады.


Нова (науа) қашау. Бұл аспаптың жүзінің ұшы құрылымы бойынша науа тәрізді болады. Оның ені 2 мм-ден 8 мм-ге дейін болып, тұтқасы әдетте қатты ағаштан жасалады. Жалпы алғанда, кішкене, орташа, үлкен науа қашаулар болады. Бұл аспаптар ою және жылтырату жұмыстарында қолданылып, негізінде, нақыстың ең ұсақ, саңылаусыз, шеңбер тәрізді, тартымды, кішкене тесіктері бар, есілген әрі гүлді бөлімдерін кесуге қолайлы.

Негізгі қашау. Бұл аспап нақыстың негізін ойып алуша қолданылады. Оның ені 2 мм-ден 8 мм-ге дейін болады.

Балық сырты қашау. Бұл аспаптың жүзі батынқы, кемпірқосақ тәрізді көтерілген, балықтың қабыршағына ұксас болады. Оның кескішінің ені 4 мм-ден 9 мм-ге дейін болады. Аспаптардың ұзындығы үлкен-кішілігіне қарай, кішкене, орташа, үлкен балық сырты сиякты топтары болады.

Морпеш қашаулар – ойын жасалған нақыстардың шеткі жиектерін, шынжырлар, жартылай шеңберлер, нүктелер тілуде қолданылады.

Чекма қашау – ойып жасалған нақыстың негізін түйреп алу үшін қолданылатын аспап. Бұл аспап ойылған нақыстардың



69- сурет. Ағаш ою өнерінде колданылатын аспаптар.

анық көрінісін, олардың негізін біртегіс те өте әдемі етіп шығару үшін қолданылады. Қолданылатын жеріне қарай, олар бір тісті, үш тісті, бес тісті, он алты тісті болады.

Күрекше қашау. Бұл аспаптың кесетін жүзінің ұшы бір жаққа еніс болып, оны күрекшеге ұқсатып жасайды. Өлшемінің үлкен-кішілігіне қарай кішкене, орташа, үлкен күрекше қашаулар болады. Бұл қашаулар енсіз шынжырлы және жиекті нақыстар оюда қолданылады. Оюышы осы аспаптың тұтқасын он қолымен ұстап, оның жәрдемімен бейненің якн нақыстың сзызығының үстінен керекті терендіктे шашып, өзіне қарай кеседі.

Чекма қарындаш – ағаш негізін пәтір бетіне ұқсатып, оймалап ойып шығуда қолданылатын аспап. Бұл аспаптың құрамын түйреуіш, ағаш имек пен темір өзек құрайды. Тескіштер бір қатарлы және үш қатарлы болады. Аспаптың бедерлі тістерінің саны 1, 2, 3, 4 болуы мүмкін. Түйреп алынған нақыстың көрінісі анық, жұмсақ, әдемірек және нақыштырақ болады. Ағаш ою өнеріндегі түйреп алу амалы өте көне заманнан бері дамып келеді. Ганч ою өнерінің өзгеше бір түйреп алу әдісі бар.

З-тарау. ЭЛЕКТРОТЕХНИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР


Электромонтаждау жұмыстарындағы жұмыс орнын ындастыру. Электр өткізетін сымдардың түрі. Электр аспаптар және олармен жұмыс істеу әдістері.

Электротехникалық жұмыстар оқшаулағышпен (изоляция) жабылған көлденең қақпағы бар үстелдің үстінде орындалады. Электромонтаждау аспаптарын оқушының оң жағына, ал термелдерді сол жағына жайғастырады, сондай-ақ көбірек қолданылатын аспаптарды оқушыға жақынырақ қояды.

Электротехника жұмыстарын орындауда сен (электр сымы, шаулағыш материалдар, кішкене тұтіктер сияқты) түрлі термелдер мен (бұрауыш, пышак, өткір тісті тістеуік сияқты) папттарды пайдаланасың.

Электромонтаж сымдарын мыстан немесе алюминийден ындаиды. Монтаждау үшін оқшаулағышпен жабылған ымдар пайдаланылады (70-сурет).


Электр сымы – үй тұрмысында қолданылатын электр папттарын электр желісіне қосуға арналған жінішке әр шауланған сым. Оның құрамына ортақ қабыққа оралған бір екі ток өткізетін сым кіреді.



70-сурет. Сымдар (а) және электр сымдары (ә).



71-сурет. Оқшаулағыш таспа (а) және тұтікше (ә).



72-сурет. Электромонтаждау аспаптары: а) өткір жүзі бар тістеуік; ә) монтаждау пышағы; б) домалак жүзі бар тістеуік; в) жалпақ жүзді атауыз; г) бұрауыш (отвертка).

Оқшаулағыш таспа мен тұтікше бір-бірімен жалғасатын электр өткізгіштерін оқшаулауға арналған (71-сурет).

Өткір жүзі **бар** тістеуік сымдарды кесуде қолданылады. Тістеуіктің **жұмысы** бөлімінің өткір кесуші жүзі бар. Домалақ және жалпақ тістеуіктер сымдарды бүгіп, бұрауда пайдаланылады. Олардың **тұтқыштарын** оқшаулағыш материалмен жабады (72-сурет).


Монтаждау пышағы сымдардың оқшаулағышын кесуге арналған. Олар бұрауыш қосылыстар жасауда қолданылады. Олардың **тұтқыштарын** пластмассадан немесе ағаштан дайындауды.

Электр өткізгіштерді монтаждау, оқшаулау жұмыстары

Электр тұтынушыларын электр желісіне қосу үшін, электр аспаптардың **бәрі** электр желісіне ашалы (штепсель) розетка арқылы қосылады.

Тармақталу барысында екі электр сымның 30 мм-дей бөлігіндегі **оқшаулағышын** монтаждау пышағымен алып тастайды (73-сурет, а). Біріктірілген сымдардың ұштарындағы 50 мм-лік **оқшаулағышын** да алып тастайды (73-сурет, ә).

Бір-бірімен қосылатын барша сымдардың ұштарын **жылтырағанша** тазалайды. Тармақтануға жататын өткізгіштерді бір-біріне **перпендикуляр** және бір-бірінен оқшауланған **күйде** 6 мм аралықта қойып (73-сурет, б), оқшаулағышты он қол



73-сурет. Сымдарды монтаждау және тарту.

саусақтарымен екінші сымның үстіне 4 – 5 рет орайды (73-сурет, б). Сымның артылып қалған ұшын өткір тістеуікпен кесіп, жайпак жүзді атауызben мықтылап сығып қояды. Өткізгіштердің тармақтанған жерін электр дәнекерлегішпен дәнекерлеп, оқшаулады. Оқшаулағышты өткізгіштердің тармақтанған жерінен 10 – 15 мм алыстағы сымның оқшаулағышы үстінен екі рет орайды. Кейін сымдардың қосылған жерін де орап қояды. Сымдардың қосылған жерін оқшаулағыш таспамен 2 – 3 рет ораған соң ғана, оқшаулағыш сенімді болады.


Электротехникалық арматура

Электротехника жұмыстарында электр ажыратқыш, электр патрон, ашалы айыр және басқа да қондырғылар қолданылады (74–77-суреттер).

Электр ажыратқыш аспаптарды электр желісіне қосу әрі алып тастау үшін қолданылады. Оның құрамына негіз, корпус, жылжымалы және жылжымайтын екі контакт кіреді. Ажыратқыштың контактін мыстан немесе жезден дайындайды. Құрылымына қарай, ажыратқыштардың қабырғаға және төбеге іletін аспалы түрлері болады.

Электр патрон электр жарығы шамын электр желісіне қосу үшін қолданылады. Патрондар төбеге, қабырғаға қыстырытын немесе аспалы түрде болуы мүмкін.

Ашалы айыр электр тогын тұтынушыларды желіге қосу үшін қолданылады. Қазір бөліктеге ажырамайтын айырлар көбірек қолданылады. Олар өз алдына сенімді әрі қауіпсіз болады.




74-сурет. Ажыратқыштар: а) қабырғаға қыстыратын (ашық сымы бар); ә) қабырғаға қыстыратын (жабық сымы бар); б) түймешіктері бар; в) қабырғаға қыстыратын (клавиштері бар); г) аспалы.

Салалық кәсіби мамандықтар туралы мәлімет

Мектепті жақсы аяқтаған соң сеи кәсіптік-техникалық колледждерде қызмет көрсететін салаларға қатысты мынадай мамандықтарды ала аласың:



75-сурет. Аспалы ажыратқыштың құрылымы.



76-сурет. Электр патрондар: а) төбеге іletін ә) қабырғаға қыстыратын; б) аспалы күйде іletін.



77-сурет. Аспалы патронның құрылымы.

- электр станциялар, электр жабдықтар, электр құрылғылар бойынша монтаждау, қызмет көрсету және жөндеу техник-электригі;

- жылу электр станцияларындағы жылу-энергетикалық жабдықтары мен қазандары бар құрылғылар бойынша монтаждау, пайдалану және жөндеу техник-механигі;

- электрондық техника бүйімдарын монтаждаушы;
- электр жабдықтарын монтаждаушы, баптаушы және жөндеуші техник;

- трансформаторлар істеп шығару бойынша техник-технолог;
- теміржол-электротехника жүйелерін техникалық пайдалану бойынша электр-механик;
- авиация аспаптары мен электр жабдықтарын жөндеу және орнату бойынша механик.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Электромонтаж аспаптарының, материалдарының атавы мен қызметін айт.
2. Электромонтаж аспаптары қандай талаптарға сай болуы керек?
3. Кәдімгі сымның электр сымынан айырмашылығын айт.
4. Электр өткізетін бірнеше сымдарды салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықты айт.
5. Электр ажыратқыш, электр патрон, ашалы айырды үйреніп шығып, олардың құрамы қандай бөлшектерден тұратынын айт.
6. Жалпы алғанда, тұрмыстағы электр аспаптарын неліктен пластмассадан жасайды?
7. Электро қауіпсіздік техникасы ережелерін түсіндір.



Оз бетімен орындаитын жұмыс

Электр құрылғылардың құрылышымен танысу.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. 75-суретті ықыласпен үйреніп шығып, мыналарды орында:
 - бұрамаларды босатып, аспалы айырғыштың қақпағын аш;
 - түйіспелі механизм құрылышын қарап шығып, оның қосылу жерін зертте;
 - айырғыштың иінтірегін жылжытып, түйіспелі арқалық күйінін өзгергенін бақыла;
 - оның өшірілген және қосылған орнын анықта;
 - оның қақпағын жауып, бекіткіш бұрамалармен тіркең қой;
2. 77-суретті пайдалана отырып, мыналарды орында:
 - электр патрон қақпағын ашып, шыны өзекті суырып ал;
 - өзектің құрылымын үйреніп шығып, таяныш және бүйір жак контактілерді, түйіспелі бұрамаларды тап;
 - сымдардың қосылған жерін тап;
 - патрон өзегін қақпақтағы орнына бейімдеп қой;
 - патронның қақпағын бұрап жап.

4-тарау. ҮЙ КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫН ЖӨНДЕУ

Еден жабыны мен жиһаздың лактанған және қапталған беттерін сақтау шаралары, шағын жөндеу жұмыстары

Еден жабыны мен жиһаз саған ұзақ уақыт бойы сапалы қызмет көрсетсін десен, олардың өндірушілері берген ұсыныстарын сақтау, күнделікті жөндеу жұмыстарын дер кезінде жүргізу керек.

Жиһазды жылдықты аспаптарға жақын жерге орнатуға болмайды. Сондай-ақ, күннің тіке түсегін сәулесі де жиһаз үшін қауіпті болады, ейткені өте қызған жиһаз құрғап, өзінің қасиеттерінен айырылады. Бөлмедегі ылғалдықтың қалыпты деңгейін қамтамасыз ету үшін, бұл жерде әдемі гүлдер, аквариум сияқты ылғалдық көздерін пайдалану керек.

Пластмассамен жабылған жиһазды, қажеті болғанда, сулы шүберекпен сұртіп тұру жеткілікті болады. Осы істің аяғында жиһазды құрғак шүберекпен сұртсе, бұл шара жиһазды ылғалдың оның санылауларына және қорғанған қосу жерлеріне түсуінен сақтандырады.

Сонымен бірге, ағаштан істелген беттерді өңдеуге арналған арнайы химиялық заттар — полирольдарды пайдалануға болады. Бірақ асханада пайдаланған кезде, азық-түлік өнімдерін олардың жұғып кетуінен сақтау керек.

Шпоннан, фанерден дайындалған беттерді шаңнан үнемі тазалап тұру ұсынылады, бұл амал олардың жарамдылық мерзімін ұзартуға қызмет етеді.

Жиһазда пайда болатын ұсақ жарамсыздықтарды сен шеберге бармай-ақ, өзің де дер кезінде жоя аласын. Бұл үшін үйінде арнайы аспаптар мен керекті фурнитура болу керек. Мысалға, шкаф пен тумбалардың есіктері қисайып қалған болса, жиһазды еденге қатысты қөлденен қою керек. Ол үшін тұрмыс

жағдайларында жиһаздың аяғының астына картоннан немесе пластмассадан істелген төсем қоюға болады. Егер шкафтың түбі иіліп қалған болса, оны сыртынан көрінбейтіндегі етіп, астынан ағаш тірекпен бекемдейді.

Жиһаздың есіктеп мен басқа да бөліктеріндегі топсалы детальдарын алдын ала сақтандыру, бүкіл құрылымның жарамдылық мерзімін ұзартуға қызмет етеді. Сонымен қатар ондағы бұрамалар мен болттарды арнайы аспаптар жәрдемімен жиі-жіңі бұрап, мықтап бекітіп тұру керек.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Еден мен жиһаздың лактанған және қапталған беттерін сақтауда неге назар аудару керек?
2. Ағаштан істелген беттерді өндейтін арнаулы химиялық заттар туралы мәлімет бер.
3. Женіл-желпі жөндеу жұмыстарына мысалдар келтір.



Өз бетімен орындағытын жұмыс

Еден мен жиһаздың лактанған және қапталған беттерін сақтау шараларын, сондай-ақ женіл-желпі жөндеу жұмыстарын орында.

Керек-жарақтар: Қауіпсіздік техникасы ережелері жазылған плакат, сақтық шараларына қатысты материалдар.

Терезе кәсектерін оңай жөндеу және қыстығунгі жылулықты сақтау әдістері

Жылыштылатын үйлердегі жылулық сыртқы және ішкі температуралар арасындағы айырмашылықтың себебінен үйдің сыртқы қабырғасын, еденін, төбесін жарып өтіп жоғалады. Жылышту жүйесі дәл осы жоғалатын жылудың орнын толтыруға, үйлердің калыпты температурасын сақтауға тиісті.

Үйлердің жылулығын қыстығуні сақтау үшін, алдымен тығыз жабылмайтын терезелердің өкпек жел соғатын тесіктерін жабу керек. Үйдегі терезе кәсектерінің бар тесіктерін жауып қою үшін, әуелі оларды поролонмен яки мақтамен тығындаш шығады. Соныра мақтадан 4–5 мм ені бар ұзын таспаға үксас

Ұзындау қықтар кесіп алғып, оның үстінен жабыстырады. Бұл үшін мата қықтарын суға жібітіп, сүйн сарқиды да, жабыстырылатын жағына сабын жағады. Егер матаны осындай әдіспен жабыстырса, көктемде оны оп-оңай алғып тастауға болады. Сондай-ақ, терезе кәсектерін тығыздап жабу үшін жінішке жіпті де пайдалануға болады.

Үйдегі жабуға тиісті басқа тесіктерді парафинмен жабуға болады. Бұл үшін балауыз шамын жасайтын кәдімгі парафинді температуrasы 65–70° суға ерітеді. Содан кейін бір реттік жылы шприцпен сорып алғып, тесіктерге бүркеп шығады.

Үйлердің жылулығын сактауда өнеркәсіп әдісі бойынша істеп шығарылған қазіргі заманғы тығыздаушыларды пайдалануға болады. Оларды негізінде тұтікше сияқты дайындауды. Сондай-ақ олардың пішіні ірі тесіктер үшін П әріпке, ал майда тесіктер үшін Д, Е әріптерге ұқсас болуы мүмкін.

Қызмет көрсету салалары бойынша кәсіби мамандықтар түрі

Мектепті жақсы аяқтаған соң сен кәсіптік-техникалық колледждерде қызмет көрсететін салаларға қатысты мынадай мамандықтарды аласың:

- Гидроэнергетика жабдықтарын жөндеу және баптау механигі;
- Металлургия, өнеркәсіп жабдықтарына қызмет көрсету, баптау, жөндеу және монтаждау механигі;
- Автоматтандырылған жүйелерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу механигі;
- Машина жасайтын жүйелерді, станок жабдықтарын монтаждау, баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу механигі;
- Технологиялық және өнеркәсіптік жабдықтарды баптау, қызмет көрсету әрі жөндеу механигі;
- Ауа тазартқыш жүйелері, сұйту, криоген техникалары агрегаттары мен механизмдерін монтаждау, баптау және пайдалану механигі;

- Нан, маңарон және кондитерлік өнімдерді өндіру қондырығыларың жөндеу механизигі;
- Элеватор, дән жарғыш және құрама жем өндіретін механизмдерді салтау механизигі.



Пысықтау

Үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жылдыту жүйесінің негізгі элементтерін айт.
2. Жылдыту жүйесінің орталықтанған және жергілікті түрлерін сипаттау айрымдайтын жөндеу, қыстығұнгі жылуулықты сактау дистері туралы мәлімет бер.
3. Терезе кәсек ашылықты айт.
4. Салалық кәсеби мамандықтар түрін санап шық.



Оз бе-

Імен орындағының жұмыс

Үйлерді жылдытыстығынгі жылуулықты сактау шарапарын орында. Салалық кәсеби амандықтар түрінде мәлімет жинау.

Керек-жарақтау. Терезе кәсектерін женіл-желпі жөндеу, қауіпсіздік техникасы ережелері жазылған плакат, шарапарын орындау женіл-желпі жөндеу, қыстығұнгі жылуулықты сактау бойынша материалдар.

II бағыт

СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1-тарау. АСПАЗДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕР

Аспаздықта үйрену бөлмесіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері мен санитариялық-гигиеналық талаптар

Аспаздық бағытымен байланысты жаттығулар бөлмесіне жаңық жақсы түсірілген, мұндағы иістер мен булардан тазалайтын арнайы ауа тазартқыш қондырғылар орнатылған болу керек. Оның қабырғалары кафельмен жабылған, қол мен асхана ыдыс-аяғын жууға арнайы шұңғылша болу керек. Асханадағы керек-жараптарды сактау үшін жиһаз, өнімдерді өндеу және әзірленген тағамдарды белеуге арналған үстелдер болу керек, сондай-ақ өнімдерді жылумен өндеуге арналған электр плитасы мен духовкалар өрттен сақтандыру, электр қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес орнатылған болу керек.

Аспаздықта үйрету бөлмесіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері:

1. Тамақ әзірлеуге кірісуден бұрын қолданылатын электр аспаптары мен жабдықтардың дұрыстығын тексеру керек.
2. Электр аспаптарын электр желісіне қосқан кезде қолдар құрғақ болу керек.



1-сурет. Асхананың жабдықталуы.

- Еттартқышпен жұмыс істеген кезде өнімді оның ішіне арнағы тетікпен салу керек.
- Пышақты басқа адамға сап жағымен беру керек.
- Сұйықты қақпағы бар шарада яки қазанда жылдыққанда оны оған толтырып қүюға болмайды.
- Қайナп тұрған сұйықтығы бар ыдыстың қақпағын оған кері жаққа қаратып ашу керек.
- Өнімді табадағы қызған майға біртіндеп, табаның бір шетінен салу керек.
- Өнімдерді қайнап тұрған сұйыққа шашыратпай, абалап салу керектігін ұмытпа.
- Ұстық қазан, таба, ыдыс-аяқты арнағы қолғаппен яки тетікпен ұстау керек.
- Асханада асты майысқан, тұтқыштары сынған, шеті мен сырты көшкен ыдыс-аяқты колдануға болмайды.

Аспаздық бөлмесіндегі санитариялық-гигиеналық ережелер:

- Тамақ пен азық-тұлік өнімдерін пісірген кезде арнағы киім – ашық түсті фартук пен қалпақ кио яки басына ақ орамал тарту керек.
- Тамақ әзірлеуге кірісден бұрын қолдарды сабынмен жуып, тырнақтарды алу керек.
- Тамақ әзірлеген кезде мүмкіншідігінше сапалы өнімдерді пайдалану керек.
- Мал мен балық етін алғашқы өндегендеге арнағы «ШЕ» және «ШБ» таңбасы бар тақтайша мен пышақтар пайдалану керек.
- Жұмыс орнын жиі-жі тазалап, әрқашан таза да мұнтаздай ұстауға дағдылану керек.
- Бөлмедегі жабдықтардың тазалығы мен ыңғайлышын сактау керек.
- Таза ыдыс-аяқты арнағы гигиеналық шкафта сактау керек.

- Қалдықтарды қақпағы бар арнайы ыдысқа салып, дер кезінде шығарып тастау керек.

Аспаздықтың тарихы мен дамуы. Азық-тұлік өнімдерінің тағамдық құнарлылығы, адам организмі үшін маңызы

Аспаздық – адамзаттың ең ежелгі өнерінің бір түрі. Оның пайда болуы отты пайдалану, диқаншылық пен мал шаруашылығы сияқты салалардың бастапқы кезеңімен қатар басталып, осы салалардың дамуымен байланысты түрде өркендеді.

Қызметтің басқа түрлері сияқты, өзбек халқының ұлттық аспаздық өнері де тұрақты өзгеріп, жетіліп келді. XIX ғасырға қарай қызанак (помидор), қырыққабат (капуста), картоп, қызылша сияқты көкөністер; таңқурай, құлпынай сияқты жидектер Өзбекстанда да жетілдіріле бастады. Көкөніс, жеміс-жидек, жасылкөктің молдығы арқасында біздің ұлттық тағамдарымыз өздерінің хош иісі мен дәмі бойынша өзшеге болып көрінеді. Тағамдардың түрлілігі мен дәмділігін қамтамасыз ету, оларды жарасымды етіп дастарқанға тарту – аспаздықтың ең басты қағидаты.

Аспаздық өнері – адамның денесіне қажетті, оның еңбекке жарамдылығын арттырып, салауатты өмір сүруге жағдай жасайтын әртүрлі дәмді, тойымды да жағымды тағамдарды өсімдік және мал өнімдерінен әзірлеудің, талғаммен дастарқанға тартудың белгілі бір әдістер жинағы.

Адам денесінің бірқалыпты өсуі мен салауатты болуы үшін, әртүрлі тағамдық заттар, атап айтқанда: белоктар, майлар, көмірсулар (тәтті заттар), минералды тұздар, дәрумендер, сондай-ақ су мен басқа да заттар керек.

Белоктар – өмір сүруге ең керекті зат. Белокты заттар негізінде ет, балық, жұмыртқа, астық пен сүт сияқты өнімдер күрамында көп болады. Белокты заттар адам денесіндегі жана жасушаларды жаратады, оның барша мүшелерінің жақсы

өсуіне жағдай жасап, күш-куат береді. Адамның денесі сүтті белоктарды жақсы сіндіріп, толығымен бойға таратады.

Майлар – адам денесіне жылу беретін негізгі заттар. Олар өсімдікten және малдан алынады. Өсімдік майларын мақта, зығыр, күнбағыс, зәйтүн, соя сияқты өсімдіктердің мәйегінен өндіреді. Ең жақсы май сүтті өнімдерден алынады. Өсімдік майлары да әртүрлі тағамдар мен салаттар әзірлеуде қолданылады. Мал майын қара мал, қой сияқты жануарлар терісінің шел қабатынан және ішкі майынан алғандықтан, адам организмі оларды жақсы сіндіреді.

Көмірсулар (тәтті заттар) – адам денесіне күш-куат пен жылу беретін негізгі заттар. Көмірсулардың негізгі шикізат көздері бұлар – қант, бал, тәттіліктер, шикі күйіндегі жемістер, кекөністер, сүтті және дәнді өнімдер. Адам денесі көмірсуларды тез де женіл сіндіреді.

Адамның бірқалыпты өсуі мен дамуын, ауырып қалмауын қамтамасыз етуде дәрумендердің маңызы өте зор. Дәрумендердің негізгі шикізат көздері – кекөністер мен жеміс-жидектер, дәнді өнімдер, балық, сүт, сүттен жасалған өнімдер.

Әрбір адам өзіне керекті тағамдық заттарды күн сайын тұтынатын тамақ пен азық-түлік өнімдері арқылы қабылдайды. Бұлар мынадай топтарға бөлінеді:

1. Сүт пен сүтті өнімдер.
2. Ет пен ет тағамдары.
3. Дән мен дәнді өнімдер.
4. Кекөністер мен жемістер.
5. Тағамдық майлар.
6. Қант пен тәттіліктер.

Сүттің құрамында адам денесіне қажетті барша заттар бар. Бұдан тыс, онда организмдегі ауруларды жоятын, олардан сактандыратын заттар бар. Сүтті өнімдер құрамына катық, сүзбе, ірімшік, қаймақ, сарымай кіреді.

Еттерге келсек, Өзбекстанда негізінен қой мен мал етін,

сөндай-ақ жылқы, ешкі, құс, балық етін де тұтынады. Етті өнімдер кұрамына шұжық (колбаса), сосиска, бұға тартылған ет, қазы, етті консервілер кіреді. Бұлар – құнарлылығы мол, тойымды өнімдер.

Дәнді өнімдер өте көп топтарға бөлінеді. Олардың кұрамына әртүрлі (күріш, қарақұмық, ұнтақ, арпа, сұлы, тары) жармалары, (маш, лобия, ноқат) бұршақ тұқымдастар, макарон өнімдері, наң мен астық өнімдері кіреді. Олардан әзірленетін тағамдар көмірсуларға, минералды заттар мен мен дәрумендерге бай болады.

Көкөністер мен жемістердің кұрамында адам денесіне қажетті заттар көп. Олардың кұрамында көмірсулар, минералды заттар, әсіресе дәрумендер мол болады. Көкөністер әсіресе тәбет ашу, тамақты сіндіру, ішектің қызметін жақсарту сияқты адам өмірінде маңызы өте зор. Пияз, сарымсақ, шомыр (редька), шалқан (репа) сияқты көкөністердің кұрамында адам денесіндегі микробтарға қарсы құрсетін заттар бар.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Аспаздық бөлмесін жабдықтауда неге ерекше назар аудару керек?
2. Аспаздыққа үйрену бөлмесінде қандай қауіпсіздік ережелерін сактау керек?
3. Бөлмедегі санитария мен гигиена ережелерін түсіндір.
4. Аспаздыққа үйрену бөлмесінде қандай тәртіп ережелерін сактау керек?
5. Адамның бірқалыпты өсуі мен дамуы үшін қандай тағамдық заттар керек?
6. Азық-түлік өнімдері қандай топтарға бөлінеді?

1.2 ҚҰРАЛ-САЙМАНДАР, АСПАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Өзбек ұлттық асханасының өзіне тән қасиеттері мен дамуы

Өзбек аспаздығының ерекшелігі – таңсық тағамдардың дәмді болуы екі факторға сүйенеді. Бірінші фактор – құрауыштардың

жаңа, сапалы, жақсы сұрыпты болуы, екінші фактор – тағамның сыртқы көрінісі, хош иісі, өте дәмділігі сияқты сипаттарын көрсете алу. Бұлардың бәрі аспаздың шеберлігіне байланысты (2-сурет).

Өзбек тағамдарын әзірлеуде халық көп тұтынатын ет, ұн, күріш, маш, ноқат, лобия, көкөніс пен жасылкөк пайдаланылады.

Өзбек ұлттық аспаздығында етті тағамдар әзірлеудің орны ерекше. Мұнда қой, ірі қара мал, жылқы, құс еттерінен түрлі дәмді тағамдар әзірленеді. Сондай-ақ Өзбекстан халқы сүт пен үтті өнімдерді кеңінен пайдаланады. Өзбекстан – көкөніс пен кеміс-жидекке өте бай өлке. Осынау алуан жеміс-жидектер мен сөкөністер өзбек дастарқанында лайықты орын алады.

Бұл жерде ішімдіктерден негізінен қара және көк шайларды шеді. Шаймен бірге өзбек дастарқанында қант, парварда, іашмак (халуаның түрі), науат, бал, халуа сынды шығыстық әттілер қойылады.

Ұлттық аспаздық рецепті бойынша тамақ әзірлеуде өзгеше ір дәмдеуіштер, дәрілік өсімдіктер мен жасылкөктер (зелень) айдаланылады. Бұдан басқа, тағамның сапасы мен сыртқы өрінісіне де айрықша көңіл бөлінеді.

Өзбек тағамдарын түбі жарты шенберге ұқсас қазандарда ісіреді. Мұндай қазанда құрауыштарды аударып қуыруға

қолайлы, тамақтың асты күймейтін, қазан ошақта да, газ плитасында да жақсы орналасады.

Өнердің басқа салалары сияқты, өзбек аспаздық өнері де ешқашан жекедара дами алмайды. Өйткені, Өзбекстанда жасайтын түрлі ұлт-ұлыстар мен көршілес елдердің халықтары



2-сурет. Өзбек халқының ұлттық дастарқаны.

бір-біріне ықпал жасап келеді. Мысалы, өзбек тағамдық мәзіріне қарайтын болсақ, онда европалық, кавказдық, татар, ұйғыр, қазақ, тәжік және басқа да көптеген тағамдар түрінің қосылып жатқанын байқаймыз. Өз кезегінде, біздің палауымыз, камырдан әзірленген тамақтарымыз, сұйық тағамдарымыз басқа халықтардың дастарқанын безендіріп тұр.

Асханада істегендеге жеке гигиена ережелері

Қоғамдық тамақтану орындарында, азық-түлік кәсіпорындарында істейтін қызметкерлер жеке гигиена ережелерін міндettі түрде сактауға тиісті. Егер олар жеке гигиена ережелерін сақтамайтын болса, бұл жағдаят (іш сүзек, дизентерия, туберкулез, тері туберкулезі сиякты) түрлі жұқпалы ауруларды, сондай-ақ түрлі тамақтан улануды коздырады. Сондықтан қоғамдық тамақтану орындарының қызметкерлері, жұмысқа қабылданудан бұрын медициналық тексеруден өтуге, санитариялық-гигиеналық білімдерді оқып үйреніп, емтихан тапсыруға тиісті. Қоғамдық тамақтану орындарындағы қызметкерлер мынадай жеке гигиена ережелерін сактау керек:

1. Жұмысқа таза киім киіп, тап-таза болып келу.
2. Тыңнактар жақсы алынған болу керек.
3. Жұмысқа кірісуден бұрын қолдарын сабынмен тазалап жуу, арнайы таза, ақ халат пен фартук кию, шаштарын бас киімнің астына жинау керек.
4. Суық тигенде пайда болатын белгілер, яки ірінді жаралар, қүйген, кесілген жерлер бар болса, оған жұмысқа рұқсат етілмейді.
5. Әжетханаға кіруден бұрын арнайы киімді шешеді де, шыққан соң қолды сабынмен тазалап жуады.

Практикалық жаттығу. Көкөністерді алғаш өндөу, турау әдістерін пайдалана отырып, салаттар әзірлеу, дастарқанға тарту ережелері

Көкөністердің алатын орны тамақтануда өте-мөте маңызды, өйткені олардың құрамында жасушаға қажетті көмірсулар, дәрумендер, тұс және иіс беретін заттар, минералды заттар бар. Көкөністер құрамындағы тамаққа тұс, иіс және дәм беретін заттар тәбетті ашады, тамақты қорытуда маңызды рөл ойнайды.

Көкөністерді тамаққа салудан алдын олардың сапасын тексеріп, бастапкы өндейді. Көкөністерді бастапкы өндөу процесін төменде келтірілген басқыштар құрайды:

іріктеу – жуу – аршу – қайта жуу – турау

Іріктеу. Көкөністерді тиімді әрі үнемдеп пайдалану үшін, оларды әрбір тамақтың сапасына, үлкен-кішілігіне, мөлшеріне қарай іріктейді.



Жуу. Көкөністерді пайдаланудан бұрын сыртындағы топырактан, құмдардан жуып тазалайды.


Аршу. Көкөністердің үстіңгі қабығын арнайы яки кәдімгі пышақпен немесе қырғышпен аршып тазалайды.

Қайта жуу. Көкөністердің үстіңгі қабығын тазалаған соң, оларды ағын суық суға жуады.

Көкөністерді турау әдістері. Көкөністерді негізгі және күрделі әдістермен турауға болады. Оларды турау үшін қарапайым, арнайы пышақтар мен тетіктер пайдаланылады. Көкөністерді әзірленетін тамаққа бейімдеп, негізінен керекті пішінді етіп турауға болады (1-кесте). Негізгі әдістер көкөністерден тағамдар мен салаттар әзірлеуде қолданылады.

Көкөністерді турау әдістері

Турау пішіні	Көкөністер	Аспаздықтағы қолданылуы
 Сабанша тәріздес	Сәбіз Қызылша Картоп	Палау мен салат үшін, көп майға қуыру, гарнирімен қоса котлет пен бифштекс үшін, лағман мен борщ үшін
 Ұзынша төртбұрыш	Картоп	Көп майға қуыру, гарнирімен қоса бифштекс, көкөністен істелген сорпа үшін
 Текшелер	Картоп Сәбіз	Мастава, машкорда, лағман және басқа да сүйық тамактар мен салаттар үшін
 Қалакша	Картоп Сәбіз	Қуыру үшін, сорпалар мен гарнирлер үшін
 Жапырактап	Сәбіз Картоп Қызылша	Түрлі салаттар, тамакқа қосылатын гарнирлер үшін



3-сурет. Көкөністерді күрделі әдіспен турау.

Көкөністерді күрделі әдіспен турау

Көкөністерді күрделі әдіспен турау үшін арнайы қондырылар мен пышактар пайдаланылады. Күрделі тураудың шиыршық тәрізді, шар тәрізді, жұлдызыша тәрізді, гофиrlenген және т.б. әдістері бар (3-сурет).

Көкөністерден «Көктем» салатын әзірлеу

Практикалық жаттығуға қажетті аспаптар мен ыдыстар: шикізат көкөністер турау үшін – тақтайша мен пышактар, кішкентай табақша, салатқа арналған ыдыстар; салатты безендіру үшін – көкөністерді пішінді етіп кесетін аспаптар мен пышактар, шанышқы.

Қажетті тағамдық өнімдер: 4 шалғам (редиска), 1 бау салат жапырағы, жаңа піскен 2 қияр, 1 бау көк пияз, 2 дана жұмыртқа, 200 г қаймақ (сметана) яки қатық.

Жұмысты орындау тәртібі: 1. Тазартып жуылған шалғам мен қиярды ұсақ сабанша етіп турайды.

2. Салат жапырағын бөліктерге бөліп турайды, көк пияз бен укропты 1,5 – 2 см ұзындықта ұсақтап турайды.

3. Жұмыртқаны суға қайнатып пісіреді, қабығын аршып, сабанша пішінді етіп турайды.

4. Аскөкten (укроп) басқа барлық өнімдерді араластырып, қаймақ яки айранға аударады. Дайын болған салатты ыдыстарға салып, аскөк себеді, көкөністермен, жұмыртқамен безендіріп, дастарқанға тартады.

Қияр қосқан қызанақ салаты (аңыз-тұщы салат)

Қажетті тағамдық өнімдер: 2 бас пияз, 500 г қызанак, қияр, тұз бен қалампир.

Жұмысты орындау тәртібі: 1. Пиязды жүқалап, жарты сақина пішінді етіп турап, жуады.

2. Қызарып піскен қызанақтарды жуып, тілік немесе ірі етіп турайды да, пиязға араластырады, дәміне қарай тұз салады.

3. Қиярды жуып, майда тілік етіп турайды, салатқа араластырады.

4. Салатты тәрелкеге салып, дастарқанға тартады (4-сурет). Калампырды салатқа турап та, бөлек беруге де болады.


Қырыққабат салаты

Қажетті тағамдық өнімдер: 1 бас қырыққабат, 50 г күмшекер, 50 г өсімдік майы яки 50 г қаймақ, 250 г көк пияз, 100 г жаңа піскен алма, 100 г қызыл сәбіз.

Жұмысты орындау тәртібі: 1. Жаңа піскен қырыққабатты сабан пішінді етіп ұсақтап турайды, тұз қосып араластырып, үстін жауып қояды.

2. Тураган қырыққабатқа жапырак әдісімен тураган алма, майдалап тураган көк пияз, сабан пішінді етіп майдалап тураган сәбіз қосып араластырады.

3. Әзірленген өнімге күмшекер, қыздырылған май яки қаймақ қосып араластырады.



4-сурет. Қияр қосқан қызанақ салаты.



5-сурет. Қырыққабат салаты.

Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өзбек ұлттық аспаздығының өзгеше қасиеттерін айт.
2. Өзбек ұлттық аспаздығында тағамды дастарқанға қалай тартады?
3. Көкөністер турағанда неше иегізгі әдістер пайдаланылады?
4. Көкөністерді алғашқы өндөу процесі қалай жүзеге асырылады?
5. Картопты қандай әдіспен турайды?
6. Сәбізді қандай әдіспен турайды?
7. Көкөністер тураудың күрделі әдісі қай кезде қолданылады?
8. Тураған көкөністер сапасына қандай талаптар қойылады?
9. Көкөністерді турауда қандай санитариялық-гигиеналық ережелерді сактау керек?
10. Көкөністерден қандай салаттар әзірлеуге болады?

1.3. АСПАЗДЫҚ ӨНЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Жабдықтар және оларды пайдалану туралы жалпы түсінік

Үй жағдайында қолданылатын және технологиялық процестерді орындайтын аспаздық жабдықтар мына түрлерге бөлінеді:

1. Тағам және аспаздық өнімдер әзірлеуде және жылдыуда қолданылатын жабдықтар: газ яки электр плитасы мен пеші, электр табалар, электр сужылытқыш, шағын толқынды пеш, тостер, жұмыртқа қайнатқыш т.б.

2. Азық-түлік өнімдерін механикалық жолмен өндейтін жабдықтар: еттартқыш, көкөніс тазалағыш, турау құрылғысы, шырын сыққыш т.с.с.

3. Азық-түлік өнімдерін механикалық емес жолмен өндейтін жабдықтар: ыдыс-аяқ сақтайтын шкафтар, үстелдер, тақтайшалар, пышақтар, балғалар, ыдыс-аяқ пен асхана жиһаздары.

4. Дастарқан жаю үшін қажетті жиһаздар, құрал-аспаптар: үстелдер мен орындықтар, асханалық сервистік қызмет көрсету жабдықтары, дастарқан мен сұлгілер.

Асханада қолданылатын жабдықтар мен аспаптар, ыдыс-аяқ температура өзгерісіне, жуғыш заттарға, залалсыздандыру құралдарына төзімді, олардың сырты жылтыр да мөлдір болу керек. Асханада қолданылатын беймеханикалық жиһаздар катарына үстелдер, ыдыс-аяқ, өнімдер жуатын ванналар және басқалар жатады. Үстелдердің үстін су өткізбейтін материалмен қаптайды.

Ыдыстарды ыстық суға біраз ас содасын, жуғыш заттар салып, қажетті құрылғыда жуады. Бұл құрылғылар ыдыстарды жақсы тазартып жуады. Аузы тар ыдыстардың ішін арнайы шөткемен жуады. Мырышталған шайнектердің ішін ас содасы қосылған суға қайнатып, содан соң жуады.

Тағамдар әзірлеуде түрлі өлшемі бар қазандар мен табалар, кастрөл, әмальданған керсендер пайдаланылады. Ал өнімдерді өндөу үшін арнайы құрылғылар мен құралдар пайдаланылады. Мұндай құрылғыларға түрлі тақтайшалар, оқтау-тактай, қысқа оқтау, елгезер, елек, көпірткіш, үлкендігі түрліше керсендер, пішінді кескіш, тәтті тағам қалыптары жатады. Қазір осындағы жабдықтардың осы заманғы түрлері де пайдаланылуда. Негізінен, түрлі ыдыс-аяқтар, қасқандар, кастрөлдер, шәугім, салат ыдыстары, сужылытқыш, шағын толқынды пеш, заманалық шайнек, түрлі өлшемдегі пышақтар, сусын әзірлейтін, тағы басқалар бар. Бұларды пайдалану арқылы жаттығулар қызықты өтеді, сондай-ақ окушылардың үй бұйымдары мен аспап-құралдарын пайдалану бойынша тәжірибелері артады.

Асханада өнімдерді кесіп турауда тақтайшаны пайдаланады. Шикі ет кесетін тақтайша, пышақтарды бөлек-бөлек «ШЕ» (шикі етке) деп белгілеп қояды. Піскен ет, колбаса, сыр, нан және сол сияқтыларды кесу үшін де арнайы белгіленген тақтайша мен пышақтарды қолданады, яғни «ШК» (шикі көкөніс), «ПЕ»

піскен ет), «ПК» (піскен көкөніс), «Н» (нан), тағы басқа әрптермен белгілейді.

Заманауық асхана жабдықтары

Асханалық комбайн. Асханалық комбайн – әмбебап құрылғы, ол бірнеше міндеттерді атқарады (6-сурет). Бұл құрылғыда көкөністерді турау, жеміс және көкөністерден сөл шығару, камыр илеу, етті майдалау, жұмыртқаны көпірту, салаттарды араластыру, тағы сондай істерді орындауға болады. Комбайнда көкөністерді турау үшін алдымен көкөністерді алғаш рет өндеп, жуып алады. Көкөністерді қалаған өлшемде, пішінде турау мүмкін.

Еттартқыш. Оны етті қималап, котлет массаларын әзірлеуде қолданады (7-сурет).

Миксер. Миксер негізінен жұмыртқаның ак узынын көпірткенде, торт үшін крем әзірлегендеге қолданылады (8-сурет).

Шырын сыққыш. Шырын сыққыш түрлі жеміс-көкөністердің сөлдерін сығып алу үшін қолданылады (9-сурет).



6-сурет.
Асханалық
комбайн.



7-сурет.
Еттартқыш.



8-сурет.
Миксер.



9-сурет.
Шырын
сыққыш.

Газ плитасы. Газ плитасы – үй жағдайында ең көп қолданылып, жылумен өндейтін жабдық (10-сурет). Оның жалпы алғанда төрт конфоркасы бар болып, қазіргі күнде бес конфоркасы бар плиталар да кеңінен қолданылуда. Бұлардың конфоркаларының өлшемі түрлі болып, өнімдерді қызуы жоғары яки бәсен отка

пісіруге арналған. Плитаның духовка бөлігі әртүрлі аспаздық өнімдер пісіруге мүмкіндік береді. Духовканың ішінде жарықтандыруға арналған шам, сондай-ақ керекті температурада пісіруге арналған терморегулятор (температура реттегіш) орнатылған. Тамақтың яки өнімнің піскендігін хабарлайтын плитаның қонырауы және оны қосатын түймешігі болады. Газ плитасымен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік техникасы ережелерін қатан сақтау керек. Сөндай-ақ, сөз жоқ, газ плитасы бар бөлмедегі терезелердің желкөздері (форточка) болу керек.



10-сурет. Газ плитасы.

Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Аспаздық өнерінде қолданылатын жабдықтардың түрін айт.
2. Асханада қолданылатын ыдыс-аяқтың түрлерін айт.
3. Асханалық жабдықтар мен ыдыс-аяқты пайдаланған кезде санитария мен гигиена, еңбек қауіпсіздігі жеңіндегі қандай ережелерді сактайты?
4. Асханалық шкафтардағы ыдыс-аяқ қандай тәртіппен сакталады?
5. Неліктен әртүрлі өнімдерді арнайы алынған тақтайшада және пышақтармен турау керек?
6. Асханалық комбайн қандай қызметті атқарады?

Практикалық жаттығу. Көкөністерді қайнату әдістері

Көкөністерден әзірленген тағамдардың маңызы, әсіресе тамактануда өте зор. Адам организмі оларды жеңіл әрі тез корытады. Көкөністен жасалған тағамдар тамақ қорытуда, асқазанның қызметтің жақсартуда жақсы жәрдем береді.

Көкөністерді қайнатуға, қуыруға, бұқтырып пісіруге болады. Көкөністерді қайнатып пісіргенде мына ережелерді сақтау керек:

1. Егер тағам қайнатылған көкөністен әзірленетін болса, онда оларды біраз қайнап тұрған тұзды суға салып, қызуы бәсек отқа пісіреді. Сонда олардың тойымдылығы, пайдалы заттары койылмайды, дәрумендері бөлшектеніп кетпейді.
2. Қызылша мен сәбізді тұздалмаған суға қайнатады, өйткені тұзды су олардың дәмін бұзады.
3. Көкөністерді қайнатқан кезде ыдыстағы судын деңгейі үлардан 1 – 1,5 см жоғары болу керек. Егер су көбірек болса, үлардың құнарлы заттары азайып кетеді.
4. С дәруменінің жойылуын болғызбау үшін, көкөністерді сті жабық ыдыста қайнату керек.

Картоп ботқасын әзірлеу

Практикалық жұмысқа қажетті аспаптар мен ыстыстар: артоп қайнатуға арналған қазан, 2 л-лік үлкендеу керсен, лендер яки картоп езетін құрылғы, тәрелкелер, қасық пен іанышқы.

Қажетті тағамдық өнімдер: 300 г картоп, 40 г сүт, 10 г арымай.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Картопты қабығынан аршып, суға жуып, бөліктеге бөледі ә, тұзды суға қайнатып пісіреді.
2. Картоп піскен соң, сүйін төгіп, жылды күйінде езеді.
3. Қызуы бәсек отқа қайнатылған сүтті, сарымайды езілген үртопқа салып, жақсылап араластырады да тұзын реттейді. Сындағы картоп ботқасын жеке бір тағам ретінде, екінші тағам ретінде де тартуға болады.
4. Дастанқанға тартудан алдын ботқаны тәрелкеге салып, қалқпен “нақыштап” безендіреді де, үстіне сарымай, жасылкөк беді.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көкөністерді қандай әдістермен пісіреді?
2. Көкөністерді қайнатып пісіргенде қандай ережелерді сақтайды?
3. Картоп ботқасын әзірлеу үшін қандай аспаптар, ыдыстар, азық-түлік өнімдері керек?
4. Картоп ботқасын әзірлеу процесін айтып бер.

1.4 ТАМАҚ ПІСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жұмыртқа мен оның тағамдық құнарлылығы, пісіру әдістері. Дастанқанға тарту ережелері

Жұмыртқа – өте тойымды өнім, өйткені оның құрамында белоктар, минералды заттар, атап айтқанда: кальций, фосфор, дәрумендер көп болады. Саудаға негізінен тауық жұмыртқасын шығарады. Тауық жұмыртқасының салмағы шамамен 45 – 55 г болады.

Егер ауа мен микроорганизмдер жұмыртқа қабығының ішіне кіріп кетсе, ол тез шіріп кетеді. Жаңа жұмыртқа қабығының түсі күңгірт болады. Ал тұрып қалған жұмыртқаның қабығы тегіс те жылтырауық болады. Жұмыртқаның қабық асты пердесі өте берік болып, оның ақ уызын сақтайды. Ақ уыз – жұмыртқаның негізгі құрамдас бөлігі, ол өте тойымды болып, адам организмі оны толығымен және женіл қорытады. Тамактарды, басқа да азық-түлік өнімдерін жұмыртқадан әзірлеуде оның сапасы мен сақталу мерзімінің маңызы өте зор. Жаңа жұмыртқалар қайнатылған және қуырылған күйінде, сондай-ақ торттардың кремі мен қамырын әзірлеу үшін пайдаланылады. Ал салқын бөлмеде сақталған жұмыртқалар қамыр әзірлеу, қамырлы өнімдердің бетіне жағу үшін қолданылады. Жұмыртқаны пайдаланудан бұрын, әрине, оның сыртын жуып тазартады.

Қайнатылған және қуырылған жұмыртқадан әртүрлі тағамдар, салаттар әзірлеуге болады:

Жұмыртқаны қайнатып пісіру әдістері

Жұмыртқаны үш әдіспен қайнатуға болады (11-сурет):

1. Жұмыртқаны қайнаған суға салып, 3 – 5 минут сұтады а, тап осы жұмыртқаны шала піскен күйінде тұтынады күтады).

2. Жұмыртқаны суға салып, 7 – 8 минут ішінде қайнатып, қалташа» әдісімен пісіреді. Соңда жұмыртқаның ағы піседі, 1 сары уызы сұйық күйінде қалады, соңдықтан организм оны ақсы қорытады. Соңыра, жұмыртқаны қабығынан оңай тазалау шін оны суық суға салады.

3. Егер жұмыртқаны суға салып, 10 – 12 минут бойы қайнатса, ол қатты болып піседі, соңда оны салаттар мен мақтар әзірлеу үшін қолдануға болады.

Жұмыртқаны қуыру әдістері

Қуырылған жұмыртқадан тұтас жұмыртқадан істелген құймак, илет, құймақтар әзірлеуге болады.

Тұтас жұмыртқадан істелген құймақ: 4 жұмыртқа, 15 г май. Жұмыртқаны шағып, оның сары уызының табадағы сөл қызған үйға жайылып кетпейтінбей етіп салады да, бетіне ұсақ тұз беді. Мұнда оттың қызуы бәсек болу керек, ондай болмаса,



11-сурет. Пісірілген жұмыртқа.



12-сурет. Бүтін жұмыртқадан істелген құймак.

жұмыртқаның шеті күйіп кетуі мүмкін. Жұмыртқаны 2 – 3 минут ішінде ақ уызы қатпағанша араластырмай қуырады. Сонда оның ортасындағы сары уызы көздей болып қалады. Піскен жұмыртқаны тәрелкеге салып, дастарқанға тартады.

Омлет: 2 дана жұмыртқа, 30 г сүт, 5 г май.

1. Жұмыртқаны ыдысқа шағады да, сүт, тұз қосып, жақсылап илейді.

2. Шала дайын өнімді табадағы ете күшті қызған майға жұкаладап құйып, қызуы бәсек отқа қуырады.

3. Омлет қоюланып, оның астында қызғылт қабықша пайда болғанда, ол піскен деп саналады.

4. Дайын омлеттің шеттерін ортасына қайырып, оның бетіне ерітілген сарымай құяды.

Омлеттерді піскен ет, тартылған ет (фарш), колбаса, сосиска, нан, жасылкөк және басқа да өнімдер қосып қуыруға болады.

Өзбекше құймак: 2 дана жұмыртқа, 15 г ұн, 10 г май, 50 г сүт, 2 г тұз.

1. Тұз бен ұнды сәл жылдыған сүтке салып, жақсылап илейді де, оның ішіне жұмыртқаны жарып, араластырады.

2. Майды табаның бетіне жағып, оған жоғарыда дайындалған көспаны 1 см қалыңдықта қасықпен құяды да, сырты қызарғанша пісіреді.

3. Дайын құймакты тәрелкеге салып, оның бетіне сарымай құяды да, дастарқанға тартады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жұмыртқаның құрамы қандай бөліктерден тұрады?
2. Жұмыртқаның сапасын қалай білуге болады?
3. Жұмыртқа кайнатудың қандай әдістері бар?
4. Тұтас құймакты жұмыртқадан қалай істейтінің айт.
5. Жұмыртқадан әзірленетін омлеттің түрлерін, сондай-ақ оны қалай әзірлейтінің айтып бер.
6. Өзбекше құймакты қалайша әзірлейді?

Практикалық жаттығу Ыстық ішімдіктер дайындау Шай мен кофені демдеу әдістері

Тамақ ішкен кезде ыстық ішімдік ретінде шай, кофе, какао пайдаланылады. Шай ежелден шипалы да күш берушішімдік ретінде біздің елімізде қадірленіп келген. Шайдың құрамында кофеин заты бар. Бұл зат адамның жүйкесі мен жүрегінің қызметіне әсер етіп, организміне күш-қайрат береді. Шайдың қара және көк түрлері бар. Олардың құрамына енетін заттарды сұық суға салып ерітуге болмайды. Сондықтан шайды неғұрлым ыссы суға демдесе, оның шығымы соғұрлым жақсы да хош иісті болады. Егер шайды шәйнекке бір-ақ толтырып салып, сұық су құйып демдесе, құрғақ шай құрамындағы заттардың 10 – 15 %-ы ғана ериді де, шай жақсы қайнап шықпайды.

Демделген шайды + 70°C -тан төмен температураға дейін сұытпай, пиялаға яки стаканға құйып, дастарқанға тартады. Шайға қоса әдетте қант, тосап, бал, сүт, лимон беріледі. Бұлардан басқа, дастарқанға тәттілер, тәтті тоқаш, торт, печенье де қоюға болады.

Басқа халықтар сияқты, өзбектер де шайды жақсы көреді. Ыстық шайды жылдың барша маусымдарында іше береді. Өзбек дастарқанына таңертеңгі асқа көбінесе ақ шай мен шыршай да дайындалады.

Кофе тропик елдерінде өсетін кофе ағашының жемісінен алынады. Кофе – күшті ішімдік, ол адамның жүйкесі мен жүрегінің қызметіне күшті әсер етеді. Кофеин затынан басқа, кофенің құрамында белоктар, көмірсулар, минералды тұздар, хош иістендіргіш заттар бар. Олар саудаға бүтін дәндің ұсақталған және ерігіш күйінде шығарылады. Кофе ішімдігін дайындау үшін арнайы кофе қайнатқыштар пайдаланылады. Оны дастарқанға тартуда да арнайы ыдыстар жинағын пайдаланады. Кофені демдеп, дастарқанға тартудың бірнеше әдістері бар.

Керекті аспаптар мен ыдыстар: су қайнатуға арналған «Tefal» аспабы яки эмальданған темір құмыра, электр яки газ плитасы, 3 л-лік кастрөл, кофе қайнатқыш, 1 л-лік шэйнек, пиялалар, тәрелкелер, кофе сервисі, шыны аяқ, шай қасық.

Шайды демдеу тәртібі. Қажетті тағамдық өнімдер: 1 л су, 20 г құрғақ қара яки көк шай.

1. Шай демдеуге арналған шэйнекті қайнатаған сумен шайып тастайды.

2. Құрғақ шайды шэйнекке салып, оның көлемінің 1/3 бөлігіне дейін қайнатаған су құйып, шэйнектің қақпағын жауып, 5 – 7 минут демдейді.

3. Соныра қайнап тұрған суды шэйнек толғанша құйып, дастарқанға ыстық қүйінде тартады.

Ақ шайды демдеу тәртібі. Қажетті тағамдық өнімдер: 2,5 л сүт, 1 л су, 2 шай қасық құрғақ қара шай, қалауына қарай сарымай.

1. Бір литрдей суды кастрөлде қайнатып алып, оған құрғақ шай салады.

2. Шай қайнап шыққан соң, шэйнекке су құйып толтырады да, дастарқанға ыстық қүйінде тартады.

3. Қайнатаған соң азғана тұз салады.

4. Дайын ақ шайдың бетіне жарты шай қасық сарымайды қалауына қарай, пиялаға құяды да дастарқанға тартады.

Шыршайды демдеу тәртібі. Қажетті тағамдық өнімдер: 1 кесе каймак, 3 шай қасық құрғақ шай, 1 шай қасық тұз, ұнатуына қарай қара бұрыш.

1. 1,5 – 2 л суды кастрөлкеге құйып, қайнатады. Соныра құрғақ қара шай алып, тағы 2 – 3 минут қайнатады.

2. Каймак салып, жақсылап араластырады да, азғана тұз косады.

3. 3 – 4 минут қайнатағаннан кейін шыршай қайнап шығады.

4. Шыршайды үлкен пиялаларға құйып, әр ииляға жарты

шай қасық сарымай, қалауына қарай күра бұрыш салып дастарқанға тартады.

Қара кофе дайындау тәртібі:

1. Кофе қайнатқыштағы 1 л суға 10 г тез ерігіш ұсақ кофе салып, қайнағанша жылтытады, бірақ қайнатпайды.

2. Дайын кофені шыныаяқтарға құйып, бөлек ыдыстағы құмшекермен және қантпен бірге дастарқанға тартады.

Сүтпен қайнатылған кофені дайындау тәртібі. Қажетті тағамдық өнімдер: 6 г ұсақталған кофе, 25 г құмшекер, 75 г сүт.

1. Әуелі қою қара кофені кішкене кастрөлде дайындайды.

2. Сүтті қайнатып, соныра құмшекер мен қара кофе қосып одан әрі қайнағанша жылтытады.

3. Дайын кофені стақан яки шыныаяққа құйып, дастарқанға тартады.

Какао дайындау тәртібі. Қажетті тағамдық өнімдер: 6 г какао, 25 г құмшекер, 130 мл сүт.

1. Какао ұнтағына құмшекер қосып, бәрін араластырады.

2. Осы қоспаға аз ғана қайнаған сүт қосып, жақсылап араластырады.

3. Соныра қалған сүтті құйып, қайнағанша жылтытады.

4. Дайын какаоны стақандарға яки шыныаяқтарға құйып дастарқанға тартады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ыстық ішімдіктердің қандай түрі бар?

2. Шайдың адам организмі үшін маңызы қандай?

3. Шайды демдеу тәртібін айт.

4. Ақ шайды демдеу тәртібін айт.

5. Шыршайды қайнату үшін нелер керек?

6. Кофе демдеудің қандай әдістері бар?

7. Сүтпен қайнатылған кофені қалай демдейді?

8. Какао дайындауда нелерге назар аудару керек?

Практикалық жаттығу. Көкөністерден жеңіл тамақтар әзірлеу

Жеңіл тамақтар мен салқын басытқылар да – тамақтың жеңіл түрлері. Оларды негізінде жаңа піскен көкөністерден әзірлейді, сондықтан олардың құрамы дәрумендерге, минералды тұздарға, органикалық қышқылдарға бай болады. Жеңіл тамақтар, әсіресе тәбетті ашу, тамақ қорыту, асқазан қызметтің жақсартуда маңызы өте зор. Жеңіл тамақтар басқа тағамдардан өздерінің сыртқы көрінісімен, әшекейлерімен, дәмімен, әртүрлі түсімен, пішінімен ерекшеленеді. Басытқылар салқын әрі ыстық болуы мүмкін. Жалпы алғанда, олардың құрамын бір ғана негізгі өнім құрайды, ал гарнирімен қоса яки гарнирсіз тартылатын тамақтар жеңіл тамақтар деп аталады.

Жеңіл тамақтар мен басытқыларды дастарқанға тартудан бұрын олардың бетін көкөніспен, салат жапырағымен яки басқа көкөністермен безейді. Жеңіл тамақтар мен басытқыларды дастарқанға тәрелкелерге, шыны және салат салуға арналған басқа да ыдыстарға салып тартады.

Жеңіл тамақтар әзірлеуде санитариялық-гигиеналық ережелерді қатаң сақтау керек, өйткені дастарқанға тартудан алдын оларды жылумен өндемейді. Дастиарқанға тарту кезіндегі жеңіл тамақтың температурасы $10 - 12^{\circ}$ болу керек.

Көкөніс және ет қосылған жеңіл тамақтар әзірлеу

Керекті аспаптар мен ыдыстар: электр яки газ плитасы, 3-лік кастрөл яки қазан, түрлі өлшемді шаралар, тақтайшалар, пышақтар, арнайы араластырғыш, тәрелкелер, салат салуға арналған ыдыстар, қасық, шанышқы.

Көкөністен істелген винегрет

Кажетті тағамдық өнімдер: 300 г картоп, 200 г қызылша, 150 г сәбіз, 200 г тұздалған қияр, 200 г тұздалған қырыққабат, 200 г көк пияз, 100 г салат майы.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Пісірілген қызылшаны, картоп пен сәбізді қабығынан
2. тазартып, текшелеп (куб) ұсақтап турайды.
3. Көк пияз бен басты пиязды ұсақтап турайды.
4. Қызылшаны қоспағанда, көкөністердің бәрін араластырады.
5. Салат майын қосып, тұзын реттейді.
6. Дайын салатқа ақырында қызылша қосып, араластырады.
7. Салаттың ішіне салынған өнімдерден пішіндер жасап, оны безейді де дастарқанға тартады.

Етті салат (Оливье).

Қажетті тағамдық өнімдер: 65 г ет, 55 г картоп, 40 г тұздалған қияр, 15 г жұмыртқа, 30 г майонез, 15 г жас бұршак.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Пісірілген ет, жұмыртқа мен картопты кішкене куб етіп турайды.
2. Тұздалған қиярды кішкене куб пішінді етіп турайды.
3. Тураған өнімдерді араластырып, тұзын реттейді де, жасыл бұршақ қосады.
4. Араластырылған өнімдерге майонез қосып, бәрін илейді.
5. Дайын салатты арнайы ыдыстарға салып, оның үстін жасылкөкпен безейді де, дастарқанға тартады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Женіл тамақтардың адам организмі үшін маңызы қандай?
2. Басытқы дегендे нені түсінесін?
3. Женіл тамақтар әзірлеуде қандай санитария-гигиеналық ережелерді сактау керек?
4. Көкөністен істелген винегрет әзірлеудің басқыштарын айт.
5. Етті салатты қалай әзірлеп, дастарқанға қалай тартады?

Ашық, жабық, басытқыға арналған бутербродтар әзірлеу және оларды дастарқанға тарту тәртібі

Бутерброд – көп дайындалатын басытқылар түрі. Әзірлеу адистеріне қарай, олардың ашық, жабық және басытқыға арналған түрлері болады. Бутербродтарды негізінде таңертенгі асқа арнап дайындайды.

Ашық бутербродтар. Бұндай бутербродтар әзірлеу үшін, бөлке яки батон нанды қалыңдығы мен салмағын сәйкесінше шамамен 1 см және 40 г тегіс етіп кеседі. Дайындалған өнімді нан тілімінің үстіне жауып тұратындағы етіп жайғастырады. Өнімдерді 1 – 3 бөлікке бөлшектеуге, ал бутербродты бір яки бірнеше өнімдерден дайындауға болады (13-сурет).

Жабық бутерброд. Жабық бутербродтың нанын, ашық бутербродтағы нанға қарағанда жұқартып кеседі. Сарымайдын



13-сурет. Ашық бутерброд.

жұка кабатын оның сыртына жағып, үстіне өнімдер салып, тағы тілім нанмен жабады (14-сурет).



14-сурет. Жабық бутерброд.



15-сурет. Канапе.



Басытқаға арналған бутербродтар (канапе) әзірлеу.

Бұл өнімдерді әзірлеу үшін нанның жұмсақ бөлігін кішкене текше, ромб, шеңбер тәріздес етіп кеседі де, кейін қыздырылған табада екі жағын қызартып қуырып алады. Нан суыған соң, оның үстіне сарымай жағады да, оның пішініне бейімдеп өнімдер салады. Бутербродтың үстін көкөністермен, жасылкөкпен bezейді. Бұл бутебродты бірнеше қабатты етіп және бірнеше өнімдерден дайындауға да болады (15-сурет).



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Бутербродтарды әзірлеу әдістеріне қарай қандай түрлерге бөледі?
2. Ашық бутербродты қалай әзірлейді?
3. Жабық бутербродты қалай әзірлейді?
4. Басытқаға арналған бутербродты (канапе) қалай әзірлейді?

Құймақты әзірлеу және дастарқанға тарту тәртібі

Қамырлы өнімдерді қамырға сүт яки су, күмшекер, май, жұмыртқа және басқа да өнімдер қосып әзірлейді. Құймак пешінде қамырлы өнімдердің бір түрі болып саналады.

Қамыр дайындау үшін әуелі ұн илейді, сүтті жылтырады, жұмыртқаны жылы суға жібітеді.

Керекті аспаптар мен ыдыстар: электр яки газ плитасы, эмальданған кастрөл, таба, көпірткіш, тәрелкелер, шанышқы.

Сұзбеден жасалған құймақ әзірлеу

1 кг құймақ әзірлеуге керекті өнімдердің мөлшері: 400 г ұн, 1 л сут, 4 дана жұмыртқа, 25 г күмшекер, 8 г тұз, 20 г өсімдік майы, 300 г сүзбе.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Жұмыртқаны, күмшекер мен тұзды эмальданған кастрөлге салып, бәрін араластырады да, жақсылап көпіртеді, оған сүттің жартысын қосып, елекten өткізілген ұн салып, сұйық қамыр илейді.
2. Қамыр біркелкі болып араласқан соң, қалған сүт пен өсімдік майын қосады да, жақсылап араластырады.
3. Табаны қыздырып, оның бетінә өсімдік майын жағады да, дайындалған сұйық қамырды шөмішпен алып, табаға біркелкі қуды.
4. Табадағы қамырды қызуы орташа отқа әуелі бір жағын, кейін екінші жағын аударып пісіреді.
5. Піскен құймактарды қамырлы легенге қаттап салады.
6. Құймаққа арналған сұзбеден сүзбе қоспасын әзірлейді. Бұл үшін сүзбені жақсылап езіп, оған қалауына қарай қүмшекер мен каймақ қосып, араластырады.
7. Құймақтың қамырын илеп, киманы салады да, конверт сияқты брайдай.
8. Құймақты дастарқанға тартудан бұрын оралған құймактарды қызыған әрі маймен жағылған табаға салып, екі жағын қызартып қуырып алады да, тәрелкелерге салып, үстіне сарымай яки қаймақ құрып, дастарқанға тартады (16-сурет).



16-сурет. Сүзбе қосылған құймақ.

Тосап салып пісірілген құймақ әзірлеу

Тосап салып пісірілген 1 кг құймақ үшін қажетті тағамдық өнімдер: 400 г үн, 1 л сүт, 4 жұмыртқа, 25 г құмшекер, 8 г тұз, 20 г өсімдік майы, 300 г тосап (қайнатпа).

Жұмысты орындау тәртібі: 1. Тосап салып пісірілген құймақты әзірлеу үшін, сұзбеден жасалған құймақтың қамыры сияқты қамыр дайындайды.

2. Қамырдың екі жағын маймен жағылған табада қызыу орташа отқа қызартып пісіріп алады.

3. Піскен қамырларды легенге қаттап салады.

4. Кейін қамырларды шығарып, олардың сыртына тосап жағады да, төртке бүгіп, тәрелкелерге қаттап салады.

5. Тосап салып пісірілген құймақты дастарқанға салқын құйінде тартады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Құймаққа арналған қамырды қалай дайындайды?
2. Қамырлы өнімдердің сапалы болып шығуы үшін нелерге назар аудару керек?
3. Сұзбеден жасалған құймақ әзірлеудің амалдар тізбегін айт.
4. Дайын құймақты дастарқанға қалай тартады?
5. Тосап салып пісірілген құймақты қалай әзірлейді?

2-тарау. МАТАНЫ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

2.1. Жалпы түсініктер

Президентіміз Ислам Каримов өзінің «Жоғары руханият – женілмес күш» туындысында айтып өткеніндей, оқушылардың рухани жан дүниесін қалыптастыру – тәрбие және оқыту жүйесімен тығыз байланысты. Осындай оқыту мен тәрбиелеу жүйесін іске асыруда жалпы білім беретін мектептердің материалдық базасын күштейтуге зор назар аударылуда. Жалпы білім беретін мектептерінде оқытылатын еңбекке баулу сабактарының табысты жүргізуі көбінесе матта тоқу технологиясы оқу бөлмелерінің материалдармен қамтамасыз етілгендікте көрінеді.

Еңбекке баулу жаттығулары барысында пайда болатын шудың әсерін азайту үшін, матта өндейтін технология оқу бөлмелерін арнайы жайғастырады. Бөлме пішу-тігу жұмыстарын жүргізуге мамандандырылады. Бұл бөлме кең, жарық әрі құрғақ, 12 – 15 оқушыға арналған, оның бір бұрышында киім өлшектін орын бөлінген, онда әрине айна да болу керек. Осындай бөлмеде орындалған жұмыстарды көрсету үшін, көрме шкафтар мен тақтайлар, манекендер, экспонаттар, техникалық күжаттар сақтауға арналған шкафтар болады. Сондай-ақ, бөлмеде оқушылардың жұмыстарына түсінік беретін стендтер болу керек, оларды «Тігіншілер ханшайымы», «Жас тігінші», «Шебер тігінші», «Тігістен бастап бұйымға шейін», «Жас дизайнер» деп атауға болады.

Бөлмедегі әр 2 оқушыға арналған тұрмыстық бір тігін машинасы, мүмкіндігінше, бәрі пайдалана алатын арнаулы машиналар, су бүріккіш аспабымен қоса үтіктеуге арналған

үстел, пішуге арналған үстел болады. Үтіктеуге арналған үстелдің үстіне шыт матадан қаптама тігеді де, оны оқтын-оқтын тазалап, алмастырып отырады. Үтікпен жұмыс істегендеге аяқ астына резеңке кілемше төсейді. Бөлмеде үлкен әрі кішкене пішу қайшылары, үлкен сызғыштар, сантиметрлік таспа, бірнеше жұмыс қобдишалары болады. Мұнда тігу барысында керек болған мына енбек құралдары болады: қайши, инелер жинағы, пышағы бар сақина, із түсіргіш, бор, сантиметр таспа, оймак қарындаш, масштабты сызғыш болады. Енбек бөлмесіне кірген окушыдан жұмыс киімінде болу талап етіледі.

Қауіпсіздік техникасы ережелері мен санитариялық-гигиеналық талаптар

Мата өндейтін технология оқу бөлмесі санитария мен гигиена талаптарына, қауіпсіздік техникасы талаптарына сай болу керек. Бөлмедегі ауаның температурасы 19 – 21°C болу керек. Бөлменің ауасын дер кезінде жаңартып отырады. Бөлменің ауасы терезе мен есіктер, сондай-ақ механикалық жолмен желдеткіш арқылы желдетіледі. Бұдан басқа, қыскы маусымда бөлмені арнаулы жылытқыш аспаптардың жәрдемімен жылытып отыру керек.

Мата өндейтін технология оқу бөлмесін жақсы жарықтандырудың маңызы өте зор. Өйткені, жарық жақсы түсірілмесе, окушылардың енбекке қабілеттілігі төмендейді, көзі шаршап, бұзылуы мүмкін. Окушылардың енбекке жарамдылығы жақсырақ болу үшін, бөлмелерді құн сәулесінің түсуіне қарай ақшыл түстерге бояу керек.

Жұмыс орнына жақын жерге оған тиесілі енбек қауіпсіздігін ережелерін іліп қояды. Бөлмеде, әрине, бірінші медициналық көмек көрсетуге қажетті дәрі-дәрмектер жиылған қорапша «аптечка» болу керек. Дәрі-дәрмек қорапшасының қасында ән жақын емдеу орнының мекенжайы және оған жету сызбасы іліп қойылған болу керек.

Сабак барысындағы кезекші окушының міндеттері:

1. Бөлмедегі жабдықтарды, қолданылатын аспаптар мен тетіктердің тазалығын тексеру.
2. Практикалық жұмыстың орындалу тәртібі көрсетілген, нұсқаулар картасын тарату және жұмыс аяқталғанда оларды кайта жинап алу.
3. Практикалық жұмыс аяқталған соң, бөлмені тазалау әрі желдету.

Жұмысты ине, түйреуіш, қайшымен істегендегі қауіпсіздік техникасы ережелері:

1. Ине мен түйреуіштер арнаулы ыдыстарда, жастықшаларда сакталады.
2. Бұйымды оймақтың жәрдемімен тігу керек.
3. Ине сиңықтарын төңірекке шашып тастауға болмайды.
4. Қайшылар, инелер өлшемі тігілетін тігін бұйымына сай болу керек.
5. Қайшыны арнаулы ыдыста сақтаңдар.
6. Оқушылар қайшыны бір-біріне берген кезде, оны лақтыруға, оның ұшын берілетін оқушыға қайрауға болмайды.

Тігін машинасымен істегендегі санитариялық-гигиеналық, қауіпсіздік техникасы ережелері:

1. Жұмыс орнындағы жарық алдыңғы яки сол жақтан түсірілуі керек.
2. Орындықты машина инесінің қарсысына қойып, оған басты сәл алдыңға еңкейтіп отыру керек.
3. Тігінші мен машина арасы 10 – 15 см болу керек.
4. Шаштар орамал астына жинастырылған болу керек.
5. Машиналар мен құрал-саймандардың жарамдылығын тексеру керек.
6. Машинамен жұмыс істегендеге колдардың дұрыс-күйіне ерекше назар аудару керек.
7. Істеп тұрған машинаны майлауға, оның үстінен нәрселер беруге болмайды.

Өсімдік талшығынан дайындалған маталар, олардың қасиеттері. Тігін барысында қолданылатын маталар табиғи және химиялық талшықты маталарға бөлінеді. Табиғи талшықты маталарға макта, зығыр, жұн, жібек талшықтарынан шығарылған маталар жатады.

Макта ылғалды тез жұтады да тез кебеді. Оның беріктігі жарықтың әсерінен біртіндеп жойылады. +150°C-та үтіктелгенде құрғақ мактаның талшықтары өзгермейді, ал температура одан әрі асқанда, біраз сарғайып, қоныр түске енеді де, +250°C-та көмірге айналады. Макта талшықтары сарғылт жалын шығарып жанып, құлғін күл шығарады. Макта талшықты киім-кешекті күйдіргенде, күйген қағаздың ісі шығады.

Зығыр талшығы мақта талшығына қарағанда неғұрлым берік болады. Зығыр талшығынан тоқылған мата, макта талшықты мата сияқтыдай, ылғалды тез жұтады да тез кебеді, жылуды жақсы өткізеді, оны саусақтармен сипалап мыжғылағанда, олар салқын сезінеді. Бұл мата қызған үтіктің әсеріне шыдайды да, құдды мактаға ұқсап жанады.

Макта мен зығырдың талшықтарынан тоқылған маталардың қасиеттері. Макта талшығынан тоқылған макта-маталар жеңіл, жұмсақ әрі тәзімді болады. Олардан дайындалған киім-кешек әдемі, ыңғайлы, ауаны жақсы өткізетін, жеңіл жуылатын болады. Олар тез тазартылады, жоғары температура әсеріне тәзімді болады. Мұндай маталар жұқарып қалмайды, жуғанда, бойлық жіп бойымен кіріседі, тез мыжылады да жақсы үтіктеледі.

Зығыр талшығынан дайындалған маталар, макта талшығынан дайындалған маталарға қарағанда, тәзімдірек болады, олар бойлық пен көлденең жіптер бойымен аз созылады, қатты, ауыр да қалың болады. Зығыр талшығынан тоқылған маталардың үсті тегіс, сөгілуге бейімді болып, тез мыжылады да онай үтіктеледі.

Бұйымдарды тіккен кезде қолданылатын жіптер де макта талшығынан дайындалады. Олар бірнеше түрлерге бөлінеді,

мәселен: машиналы жіп, брезеу жібі, тігін (жібек пен мулина) жіптер, тоқыма жіптері (17-сурет).

Машина жібімен киім-кешек тігуге болады. Машина жіптеріне мыналар жатады: кәдімгі, жібек, картон, лавсанды жіптер. Жіпті бірнеше талшықтардан іреді. Талшықтарды арнаулы машиналарда иіріп, ағартады, бояйды, крахмалдайды да шарғыға (келептерге) орайды.

Біздің өнеркәсібіміз 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 100, 120 деп нөмірленген жіптерді істеп шығарады. Жіптің нөмірі өскен сайын оның өзі жүқаланады. Шаршыға оралған жіптердің ұзындығы 200, 500, 1000 м-ге тарта болады. Олар ақ, кара және түрлі түстес болып, құрылымына қарай ақшыл-қоңыр, бұлынғыр және жалтырақ жіптерге бөлінеді.




17-сурет. Жіптің түрлері:
1 – машиналы жіп; 2 – брезеу жібі; 3 – тігін жібі;
4 – тоқыма жібі.

Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Матамен жұмыс істеуге арналған бөлмедегі қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін айт.
2. Оку бөлмесіндегі санитария мен гигиенага қатысты қандай талаптар сақталады?
3. Мақтамен жұмыс істегендегі бөлменің ішкі тәртіп ережелерін айт.
4. Оқушының жұмыс орнын қалай жарықтандырады?
5. Табиғи талшықты маталар катарына нелер кіреді?
6. Өсімдік (мақта мен зығыр) талшығынан дайындалған маталар, олардың қасиеттері жөнінде мәлімет бер.
7. Мақта талшықты матаның зығыр талшықты матадан айырмашылығын түсіндір.
8. Біздің өнеркәсібімізде қолданылатын жіптер туралы мәлімет бер.

Практикалық жаттығу. Саржа мен кенеп мата тоқу.
Матаның өң әрі теріс жақтарын, бойлық әрі көлденең жіптерін анықтау.



18-сурет. Кенеп матаның белгі.

Мatalарды бойлық пен көлденең жіптерді айқастырып тоқиды. Ең қарапайым тоқыма бұл – кенеп мата тоқу (18-сурет). *Кенеп мата тоқу* – мата тоқудың кеңінен тарапған түрі, мұнда бойлық (матаның керілген негізі) және көлденең (арқау) жіптер кезек-кезек келеді де, матаның өніне біресе арқау жібі, біресе бойлық жіп шығады. Жіптер орны әр бағытта ауысып тұрады. Осылай тоқығандағы матаның өні мен теріс жақтары бірдей болады.

Кенеп мата тоқу – мата тоқудың кең тарапған түрі болып, талшықты құрамы бар маталардың бәрінде дерлік кездеседі. Бұларға, мысалы, мақта жібінен тоқылған маталардан: шыт, қолмен тоқылған қалың бөз, өндірістік бөз, маркизет, бәтес, майя және басқалар; зығыр талшықты маталардан: кенеп, бортовка, брезент (су өтпейтін қалың кенеп) және басқалар кіреді. Кенеп тоқу әдісімен істеп шығарылған маталар, тоқудың басқа әдістерімен істеп шығарылған маталармен салыстырғанда, мықты болады, олардың құрылышы тығыздырақ, тоқылғанда, қаттырақ болады.

Саржа (өндөліп бітпеген мата) түрінде тоқылған маталардың кенеп мата түрінде тоқылған матадан айырмашылығы сол, матаның өң жағында солдан онға, төменнен жоғарыға қарай диагональ бойымен өтетін жолшықтар болады. Бұл жолшықтар кей-кейде оннан солға қарай бағытталған болуы мүмкін. Саржадай өрілген маталар созылғыш та жұмсақ болса да, олардың беріктігі, кенеп сияқты тоқылған маталарға қарағанда, біраз нашар болады.

Кенеп мата мен саржаның тоқыма үлгілерін дайындау.

Аспаптар мен тетіктер: түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, щетка, сызғыш, сантиметр, альбом, жұмыс қобдишасы.


Кенептің екі түрлі қағаздан тоқылуын көрсету. Мата тоқудағы бойлық қағаз – матаның керілген негізі болып, ал көлденен қағаз – арқау болып саналады (19-сурет).

Кенептің қағаздан тоқылуы әдетте ретретімен байлайша жүзеге асырылады:




1. Өлшемдері 105 x 150 мм-ге тең ак қағаз алып, оны сызғышпен ұзына бойы сызғылап алады, соныра түзу сыйықтар бойынша кесіп шығады (ұзынша қыықтар саны жұп болсын). Сонда олардың арасынан тоқып өткізілетін қағаз таспалардың екі ұшын да ак қағаздың артқы жағына келтіруге болады (20-сурет, а).

2. Түсті қағаздан таспалар кесіп алады (20-сурет, ә). Таспаның ені ак қағаздағы екі кесіктің арасына тең болады, ал ұзындығы ак қағаздың ұзындығымен бірдей болсын. Ак қағаздағы кесіктер – матаның бойлығы (керілген негізі), ал түсті таспалар – матаның көлденеңі (арқауы) болып келеді.

3. Түсті таспаларды ак қағаздың артқы жағынан өткізеді. Оларды кезекпен, біресе бойлық астынан, біресе ұстінен өткізіп тоқиды. Әр таспаның ұшын ак қағаздың артқы жағынан кіріп тоқи отырып, ақырында қайтадан артқы жағынан шығып аяқталсын. Олардың әр екі ұшын ак қағазға желімдеп таставайды.




19-сурет. Кенеп матаның тоқылуы.



б

20-сурет. Кенеп мата тоқылуын іс жүзінде орындау.



21-сурет. Кенептің тоқылуын іс жүзінде картон мен жіптің жәрдемімен орындау.

4. Дайын үлгіні альбомға жапсырады.



Кенеп матаның тоқылуын іс жүзінде картон мен жіптің жәрдемімен былайша орындаиды:

1. Инеге жіп сабактап, оны рамкаға қадайды (21-сурет, а).
2. Жіпті рамкадан айналдырып тартады. Бұл – бойлық жіп болады (21-сурет, ә).
3. Түсі басқаша жіпті екі қабаттап, тігетін машинаның қайығына орайды да, бойлық жіптердің арасынан (бірінің үстінен, екіншісінің астынан) өткізеді. Бұлар – көлденең жіптер болады (21-сурет, б).
4. Жұмыстың аяғында жіпті үзбей, соңғы жіпті айналдырып қайтарады. Сонда матаның екі жағында ені бойына жиек пайды болады (21-сурет, в).
5. Дайындалған үлгіні рамкасымен бірге альбомға жапсырады (21-сурет, г).

Саржаса тоқудың өзгеше белгілерінің бірі сол, матадағы суреттің қайталамайтын белгіне (раппортына) ең аз қатынасатын жіптердің саны үшеу болады да, әрбір арқау жібін альп тастағанда, тоқылу суреті бір жіпке алға жылжиды.

Саржаның тоқылуы іс жүзінде былайша орындалады (22-сурет).

1. Кенеп матаны өргендей, саржаны тоқуда да дәл осындаады.



22-сурет. Саржа тоқу және оның іс жүзінде орындалуы.

өлшемдері бар ақ түсті қағаздар алып, оларды сондай тәртіппен кесіп шығады.

2. Түсті таспаларды ақ қағаздың артқы жағынан өткізеді. Оларды бірінші қатарда кезек-кезек, біресе 2 негіздің астынан, біресе 1 негіздің үстінен өткізіп тоқиды.

3. Екінші қатардағы таспаларды бірінші 1 негіздің үстінен, біресе 1 негіздің үстінен және біресе 2 негіздің астынан өткізіп тоқиды да, ақырында қайтадан артқы жағына шығып аяқтайды.

4. Ушінші қатардағы таспаларды біресе 1 негіздің үстінен, біресе 2 негіздің астынан өткізіп тоқиды.

5. Төртінші қатарды, бірінші қатарға ұқсатып, қайтадан тоқиды. Барша қатардағы таспалардың әр екі ұшын ақ қағазға желімдеп тастайды.

6. Дайын үлгіні альбомға жапсырады.

Матаның өң және теріс жақтарын анықтау. Матаның екі – өн және теріс жағын онда басылған суреттің тегістігіне, түгіне, тазалығына немесе суреттің беталысына қарай анықтайды.

Аспаптар мен тетіктер: мата қықтары, дәптер я альбом, желім, щетка, есеп үлгісі (2-кесте).

Жұмыстың барысы:

1. Түрлі түсті мата қықтарымен танысу.
2. Матаның өң және теріс жақтарын анықтау.
3. Мата қықтарын екіге бөліп, альбомға жапсыру (мұнда

альбомға бірінші бөліктің өң жағын, ал екінші бөліктің теріс жағын жапсырады).

4. Практикалық жұмыстың аяғында есеп беру үлгісін толтырады.

2-кесте

Маталар	Матаның жактары	
	Өң жағы	Теріс жағы
Сурет басылған Бірыңғай түсті, жалтырақ Бір ренкті Арқаулы түрлі түсті		

Матаның бойлық және көлденең жіптерін анықтау.
Матадағы бойлық пен көлденең жіптердің бағытын матаның жиегіне, бойлық пен көлденең жіптердің созылғандығына, тез тартқан кездегі шығарған даусына, бойлық және көлденен жіптердің көрінісіне қарап білуге болады.

Аспаптар мен тетіктер: матадан кесіп алынған (жиегі бар және жиегі жоқ) үлгілер, үлкейткіш шыны (лупа), дәптер яки альбом.

Практикалық жұмыстың нәтижелерін 3-кестеге жазып, оны толтырады.

3-кесте

Жіп беталысы	Жиегі бар үлгі	Созылуы	Даусы	Жуандығы	Тегістігі
Бойлық жіп					
Көлденең жіп					

Жұмыс барысы:

1. Мата қызығын алыш, оның бойлық және көлденең жіптерін белгілейді.

2. Мата қызығын созып көріп, оның қай жаққа карай көбірек созылғанын анықтайды.

3. Мата қығын тез-тез тартып, қай кездегі дауыстың қатты немесе бәсек шықканын анықтайды.

4. Мата қығына үлкейткіш шыны арқылы қарап, бойлық пен көлденен жілтердің көрінісін анықтайды (23-сурет).

Матадағы жілтердің беталыс белгілері

1. Мата тоқудағы негізгі (бойлық) жіп оның жиегінде бойлық болып етеді.

2. Мата ұзына бойы аз, ал көлдененінен көбірек созылады.

3. Матаны бойлық жібі бойымен тартқанда, ол қатты дауыс шығарады.

4. Матаның бойлық жілтері жінішкірек те тегіс, ал көлденен жілтері жуанырақ та түк түкті болады. Бұл үлкейткіш шыны арқылы жақсы көрінеді.

Мақта мен зығыр талшықты маталардың қасиеттерін анықтау. Аспаптар мен тетіктер: шыт пен зығыр талшықты матада үлгілері, ине, жұмыс қобдишасы, дәптер.

Жұмыс барысы. Маталардың қасиеттерін анықтайды да, соларды бір-бірімен салыстырып, нәтижелерін кестеге жазады:


1. Эрбір үлгінің 3 – 4 бойлық жібін суырып алып, олардың қайсыбірі жуанырақ екенін анықтайды.

2. Эрбір үлгінің бойлық та көлденен жілтерін суырып алып, оларды тартып көріп, қайсыбірі мықтырақ екендігін анықтайды.

3. Екі үлгідегі жілтердің ұштарын сипап көріп, қайсыбірі жұмсағырақ екендігін анықтайды.

4. Эр екі матадан бір-біреуден үлгі алып, шамамен 1 минут бойы мыжғылайды да, кейін жайып туралайды, сонда қайсыбірі көбірек мыжылғанын анықтайды.

Мақта мен зығыр талшықтарының қасиеттері 4-кестеде көрсетілген.



23-сурет. Матаның бойлық және көлденен жілтері.

Талшыктын атавы	Түсі	Көрінісі қандай	Ұзындығы	Қалындығы	Жұмсақтығы	Беріктігі
Мақта	ак	бұғынқы	0,6-5,2	жіңішке	мамық	берік
Зығыр	акшыл көк	жылтыр	25-100	жуан, тегіс	дөрекі	берік



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Матаны қалай өндіреді?
2. Жіптердің түсі неліктен екі түрлі болады?
3. Бойлық және көлденең жіптердің беталыстарын қалай анықтайтының?
4. Матаның өң және теріс жақтары қалай білінеді?
5. Мата жиегінің неліктен түтеленіп кетпейтінін түсіндір.
6. Жіп иіруші және тоқушы кәсіптері жөнінде не білесін?
7. Матадағы қайсы жіп көбірек созылады?

2.2. ҚОНДЫРҒЫЛАР, АСПАПТАР МЕН ТЕТИКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙЛАНЫЛУЫ

Колмен істелетін жұмыстар. Аспап-қондырғылар туралы мәлімет

Колмен істелетін жұмыстарға машинамен орындалатын жұмыстардан гөрі көбірек уақыт кетеді. Колмен істелетін жұмыстарды екі топқа: тік тұрған күйде және отырған күйде орындалатын жұмыстарға бөледі. Жұмысты тік тұрып орындаған кезде, қиім-кешекті немесе оның бөлігін үстелдің үстіне қояды, ал отырған күйде орындаған кезде – оларды әрі үстіне қоюға. Әрі окушының тізесіне де қоюға болады. Аяқтарды қажыттуу үшін, отырған күйде орындалатын жұмыс орнының төменгі жеріне кішкене жәшік қояды. Қолданылатын аспаптар мен тетіктерді алуға қолайлы және бір-біріне жақындастырып қояды. Колмен істейтін жұмысшылардың жұмыс орнын ұйымдастырудар.

мына керек-жарақтар қажет болады: жоғарғы бөлігі тегіс, еңбек құралдары мен үлгілерін сақтауға арналған, тартып алатын тартпалары бар үстел; жіптер мен құралдар сақтауға арналған арнаулы жұмыс қобдишасы; қалдықтар тастауға арналған ыдыс; аяқ астына қоятын тірек.

Үстелдің оң жағындағы алдыңғы бөлігінде шектелген жер болады, бұл жерде қайши, бор, ине мен басқалар сақталады. Үстелдің он жағындағы жоғары бұрышына органикалық шыны астына технологиялық картаны іліп қояды. Қалдықтарға арналған ыдысты жұмыс үстелінің астына қояды. Жұмысты тік тұрып не отырып істеген кезде дененің күйіне ерекше назар аудару керек, өйткені, дененің күйі бұрыс болса, адам тез шаршайды, оның еңбекке жарамдылығы нашарлайды да, дененің майысып я бүкірейіп қалуына әкеледі. Орындыққа дұрыс отыру үшін, жұмысшы өз аяқтарын тірекке толығымен тіреп тұру керек. Окушының аяғын айқастырмай отырғаны жөн, ондай болмаган жағдайда, оның қан айналымы нашарлайды. Окушы денесі мен басын дұрыс ұстап немесе сәл ғана алға иіп отыру керек. Оның тігіп отырған киімі я бөлігі көзінен 25 – 30 см алыс жерде болу керек. Жұмыс орны жақсы жарықтандырылған, жарық сол жақтан түсірілген болу керек. Тік тұрған күйде істейтін жұмысшы денесін тұзу де нық ұстап тұруға, оның мойын әрі қөкірек омыртқалары тұзу тұруы керек.

Жұмысты қолмен істегендеге қолданылатын құрал-саймандар 5-кестеде келтірілген. Осы құрал-саймандарды пайдаланған кезде окушылар қауіпсіздік техникасы мен санитария-гигиена ережелерін сақтауға тиіс.


Матадағы жіптерді өрімдеудің аяқталған циклі **инешаншым** деп аталады. Қолдан салынған инешаншым халық тілінде тігім деп аталады. Тізбектеп қайталанған бірнеше инешаншымдардан тігім, ал бірнеше тігімдерден тігіс пайда болады.

Колмен істелетін жұмыстарға арналған аспаптар мен тетіктер

5-кесте

Аспаптың атауы	Сурет
<p>1. Қол инелер. Қол инелердің ұшы өткір де берік, сынып қалмайтындағы тегіс болу керек. Оларды ұзындығы мен жуандығына қарай 1-ден бастап 12-ге дейін нөмірлейді. Нөмірі тақ инелер, қос нөмірлі инелерге қарағанда, ұзынырақ болады. Инелердің өлшеміне қарап, оларды түрлі қалындықты маталарға қатысты қолданылады.</p>	
<p>2. Қайши – киім бөліктерін пішуге, тігіп отырғандағы бөліктердің кейбір жерлерін, тігістер ақырындағы жіптің ұштарын кесуде қолданылады. Қайшының 8 түрі болады.</p>	
<p>3. Оймақ – қол саусақтарын инемен шашып алушан сақтандырып, оны оң қолдың орта саусағына киеді. Ол екі түпті яки түпсіз болады. Эйелдер кейлегін, іш киім тіккен кезде түпті оймақ пайдаланылады. Үйде киетін киім-кешек – пальто, костюм, плащ тігуде түпсіз оймақ қолданылады.</p>	
<p>4. Сантиметрлік таспа – ұзындығы 150 см-ге тең таспа болып, оның беті 0,5 см жоларалық арқылы бөліктенеді. Сантиметрлік таспаны дененің өлшемін және бөліктер өлшеу үшін пайдаланады.</p>	
<p>5. Манекен – киім бөліктерінің дұрыс қосылғандығын тексеріп көру үшін қолданылады.</p>	
<p>6. Пышағы бар сақина – жалпы алғанда, колмен қабудан кейінгі жіптің ұшын кесуде қолданылады. Оны сұқ саусаққа киеді.</p>	


7. Үршық (жіп орауыш) – матадан, пластмассадан я сүйектен істелген, өткір ұзындығы бар өзек; оны киім өнірі мен жағасының ұштарын, өрнекті тігістерді аударып тұралуға үшін пайдаланады.



8. Түйреуіш – түрлі бөліктегі бір-біріне жабыстыру, сзызықтарды бір жақтан екінші жаққа өткізу, сондай-ақ бүйімді шактап көру үшін пайдаланылады.



9. Сызғыш – киім сыйбасын сыйзуда әрі пішуде қолданылады.



10. Із түсіргіш – киім үлгілерін дайындаған кезде, оның сыйбасы бөліктегі картонға түсіру немесе қағаздан матаға, бір бөліктен екінші бөлікке із түсіру үшін пайдаланылады.




11. Бор – сзызыктар түсірген кезде ондағы ақауларды белгілеу үшін қолданылады. Бор ізінің қалындығы 0,1 см-ден артып кетпеуі керек.



Киім тіккен кездегі қол тігістерін негізінде детальдарды біріктіру және бүтіндей қалдыру үшін тігеді. Қолдан тігілген қарапайым тігістерге мыналар кіреді (24-сурет):

1. уақытша біріктіруге арналған дұрыс көктелген тігіс (а);
2. жарма тігіс (ә);
3. салқы тігіс (б);
4. ирек біріктіретін тігіс (в).



24-сурет. Қолдан тігілген тігістер.

Қол тігістерін тігу ережелері:

1. Бордың матаға түсірген сызығының қалындығы 0,1 см.
ден артып кетпеуі керек.
2. Уақытша біріктіруге арналған сырып тігілген тігісті (көзде жақсы көрінерлік етіп) ақшыл түсті жіппен тігеді.
3. Қабылған жерінің ұзындығы 1 см ішінде 3 – 4 тігіс болады.
4. Тігістер сырып тігілген соң, оны нығайтады.
5. Салқи тігістер тігілгеннен кейін, оны машинамен тігілген тігіс-қатар тігісінен алдын сөгеді.
6. Көктеп тігілген тігісті тігімнен кейін сөгеді.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қол жұмысын орындағанда қандай талаптар қойылады?
2. Қолмен істелетін жұмыстар қандай топтарға бөлінеді?
3. Жұмыс орнына қандай талаптар қойылады және қалай жөнге салынады?
4. Пішу-тігу жұмыстарын қолмен істегендеге қандай құрал-саймандар пайдаланылады?
5. Қолмен істелетін жұмыстарды орындағанда қауіпсіздік техникасы мен санитария-гигиенаға қатысты қандай ережерлерді сақтайды?
6. Қолмен көктеп тігілетін тігістердің түрін санап шық.
7. Тігістердің қолмен тігу ережелерін айт.
8. Тігім деп нені айтады?


Практикалық жаттыну. Қолдан тігілген тігістер үлгілерін дайындау. Ұстағыш дайындау. Үтіктеу әдістері

Қол тігістерін орындау. Аспаптар мен тетіктер: жұмыс қобдишасы, үлгі дайындауға арналған мата, арнаулы сызғыш, бор, қайши, ине, жіп.

Қол тігістерін орындау үшін матадан өлшемі 5 x 8 см-ге тәжірибелікі пішіп алады. Бұл үшін сызғыш, бор, қайши пайдаланылады. Осы жұмысты орындау үшін, қол тігістерін б-кестеде көрсетілгендей істейді де, дайын өнімдерді альбомға жапсырады.


Қол тігістерін орындау технологиясы

6-кесте

Аталуы	Қолдану саласы		Инешаншымның орындалу тәртібі
1. Уақытша бірліктіруге арналған дұрыс көктеме тігіс	<p>Бұл тігісті онай сөгүге болады. Ол киім беліктерін уақытша көктеп тіккен, беліктерінде бүрме шыгарған, матаның бетіне жолактар я торкөзді гүлдер түсірген кезде қолданылады. Сондай-ақ, киімкешектің бүйір де иық жағындағы қыыктарын косқан, жендерін жең ойығына кіргізген кезде қолданылады.</p>		<p>Көктеп тігілген жердің ұзындығы $L_k = 2 - 3$ см болады.</p>
2. Жарма қабылған тігіс	<p>Бұл тігіс беліктер қыыктарын құлтеленуден сақтандыру үшін қолданылады. Жарма қабылған тігісті орындағанда инені матаның артқы жағына шығарады. Қабылған жерді өте-мәтес нығыздалап тартпай, мата қынығынан өткізіп айналдырады да, он жақтан солға қарай киялатып орналастырады. Жарма тігістің ірілігі матаның тығыздығына тәуелді.</p>		<p>Иненің шаншым жерінен мата қынығына дейінгі аралық $0,5 - 0,7$ см болады.</p>

3. Салқи (көшірмелік) тігіс	<p>Бұл тігіс бор я белгілеу сзықтарын бір бөліктен екінші бөлікке көшіру үшін қолданылады. Салқи тігісті орындау үшін, дұрыс көткеме тігіс сияқты, белгі сзықтарын бойлап түсіреді де, жіптерді тартпай, емін-еркін, яғни салқи етіп қалдырады. Салқи жіптің ұзындығы 0,5 – 0,7 см, ал қабу қайталануы 5 см-де 4 – 5-тен болады. Соныра бөліктерді сөргіп, қабылған жіптерді тартады. Өні ішкеп-рі жакқа каратып койылған детальдар арасында көрінген, салқи тігістің жіптерін қайшымен кесіп тастайды.</p>		<p>Салқи жіптің ұзындығы 0,5 – 0,7 см, ал инешаншым аралығы 1,0 – 1,5 см болады.</p>
4. Ирек біріктіретін тігіс.	<p>Бұл тігіс түтеленетін матадан тігілетін бөліктердің шетін, соның ішінде бөліктер шетін қайырып тігуде қолданылады. Ирек сырылған жер солдан онға қарай тігіледі. Оның үстінгі қайырылған бөлігі толық тесіліп, астыңғы бөлігі матаның жарты қалындығында іліп алынады. Матаның тығыздығына қарай, қабу ірілігі 0,5 тен 0,7 дейін болады.</p>		<p>Кабылған жердің ұзындығы 0,5 – 0,7 см, ал тігістің ені 0,3 – 0,7 см болады.</p>

Ұстағыш дайындау. Аспаптар мен тетіктер: жұмыс қобдишасы, ұстағышқа арналған мата (16 x 31 см), сыйзыш, қарындаш, ине, жіп.



25-сурет. Ұстагыш дайындау.

1. Матаны дайындау үшін оның оң жағын ішіне салып, екіге қайырады да (8×31 см), 3 жағының шетімен 0,5 см көктеп тігеді, өніне аудару үшін 3 – 4 см жерді тікпей қалдырады. Колмен істелетін жұмысты орындағанда орта саусаққа түйреуіш кигізеді.

2. Қалдырылған бөлікті өңіне қайырып, тігістерін туралайды да үтіктеіді.

3. Дайындалған матаны тен үш бөлікке (7×10 см) бөліп, параллель сызықтар сымады.

4. Матаны барша сызықтар үстінен қолмен көктеп тігіп шығады (25-сурет).

5. Ұстагыштың айналасын тегістең, үтіктеіді. Оның бір ұшына жіптен істелген ілмекті жапсыра тігеді.

Матаны тегістеу, тігілген бұйымның тігістерін тегістеу үшін, оларды үтіктеіді. Киім-кешек тіккен кездегі үтікті дұрыс пайдаланса, жұмыс сапалы болып шығады. Үтіктер салмағы жағынан жеңіл, орташа және ауыр болады. Олардың салмағы 1 кг-дан 10 кг-ға дейін болып, 1 – 3 кг-дық үтіктер жеңіл киімдер Үтіктеуде, ал 4 – 8 кг-дық үтіктер сыртқы киімдер үтіктеуде қолданылады. Киімдердің тігістерін матаның ішкі жағынан Үтіктеу керек.

Электр үтігін пайдаланған кездегі қауіпсіздік техникасы ережелері:


1. Үтікті электр желісіне жалғаудан бұрын электр сымының оқшаулағышын тексеріп, жалғаған кезде қол құрғақ болуы керек.

2. Электр үтіктің қызғанын саусакты тигізіп тексеруге болмайды.
3. Электр үтіктің қызып кетуіне, электр сымының айналышын кетуіне жол бермеу кажет.
4. Истеп тұрғанда электр сымы үтікке тиіп тұрмауы керек.
5. Үтіктең жатқанда аяқ астында резенке төсөніш болу керек.
6. Үтіктең болған соң үтіктің сымын электр желісінен суырып тастау керек.
7. Үтіктің электр желісіне қосатын сымдары жарамсыз болса, ұстаны шақырып, оны жөндөтеді.
8. Үтікті тік күйінде немесе арнайы тұғырықтың үстіне қою керек.
9. Үтіктің электр желісіне қосылған күйінде қалдыруға болмайды.

Үтіктеу әдістері:

1. Үтіктеу — матаны немесе дайын киімді тегістеу (26-сурет, а).
2. Ортасынан үтіктеу — тігістердің арасын ашып, екі жакка жатқызып үтіктеу (26-сурет, ә).
3. Бастырып үтіктеу — тігістерді бір жаққа жатқызып үтіктеу (26-сурет, б).
4. Үтіктең жұқалау — сулап үтіктең жұқалау (26-сурет, в).
5. Булау — киімде пайда болған жылтырды жою.

Оқытушы әрбір әдісті іс жүзінде көрсетіп береді.



26-сурет. Үтіктеу әдістері.

Үтіктеу жұмыстарын орындау ережелері:

1. Матаның қасиетіне қарап, үтіктің жылулық реттегішін баптайды.
2. Үтіктеуден бұрын алдымен оның асты таза екенін тексеру керек.
3. Дайын киімді әуелі теріс жағынан, ал өнді жағында алдымен майда бөлімдерінен бастап үтіктеїді.
4. Үтіктелген киімді дұрыс іліп немесе бүктеп қойған жөн болады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қол тігістерін орындау тәртібін айтып бер.
2. Ұстағышты дайындау кезеңдерін түсіндір.
3. Неліктен тігілген бұйымдарды үтіктеу қажет?
4. Үтіктер туралы мәлімет бер.
5. Үтіктеу әдістерін айт.
6. Үтікті дұрыс пайдалану ережелерін түсіндір.
7. Электр үтігін пайдаланғанда орындалатын қандай техникалық шарттар бар?


2.3 МАШИНА, МЕХАНИЗМ, СТАНОКТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қол жетегіндегі тігін машинасы. Тігін машинасын жұмыска дайындау және жіпсіз тігу

Қазіргі таңда тігетін машиналардың көптеген түрі бар болып, оларды іске қосуға қарай үш түрге бөлуге болады:

1. Қол жетегіндегі тігін машиналары.
2. Аяқ жетегіндегі тігін машиналары.
3. Электр жетегіндегі тігін машиналары.


Кез келген тігетін машина бірнеше бөлімдерден құралып,



27-сурет. Қол жетегіндегі тігін машинасының негізгі бөлшектері.

рычаг, 9 – үстіңгі жіпті реттегіш, 10 – ине жүргізгіш, 11 – тігін машинасының қайығы, 12 – қысу тепкісі, 13 – ине пластинкасы, 14 – платформа қорабы.

Тігін машинасының қолмен тігетін бөлімінің құрылышы мынадай (28-сурет). Оның (1) корпусында үлкен үш тісті және кішкене бес тісті донғалақтар болады. Ағаштан не пластмассадан жасалған (7) үлкен донғалаққа (4) тұтқа рычаг арқылы орнатылады да, донғалақты айналдырады. Тісті донғалақтар козғалысты болат (6) тізгін арқылы маховикке береді. Рычагты ірі тісті донғалақтағы (2) ұяшыққа, қол жетек корпусын арнайы винтпен (8) машина корпусына бекітеді. Маховик білікті айналдырады да, машина істей бастайды.



28-сурет. Қол жетек бөлшегі.

олар түрлі металдардан дайындалған болады. Тігу машинасының 27-сурет) бөлшектері мен негізгі механизмдері құрамына мыналар кіреді: 1 – платформа, 2 – инешанышты реттегіш, 3 – қол жетек корпусы, 4 – жіп орағыш, 5 – маховик, 6 – денесі, 7 – жіп тартқыш, 8 – тепкішті көтеретін

рычаг, 9 – үстіңгі жіпті реттегіш, 11 – тігін машинасының қайығы, 13 – ине пластинкасы, 14 – платформа қорабы.

Тігін машинасымен жұмыс істеп жатқанда мына санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау керек:

1. Жарық машинаның инесіне алдыңғы немесе сол жақтан түсірілуі керек.
2. Тігушінің орындығы иненің дәл карсысында болуы керек.

3. Тігушінің шынтағы машинаның үстеліне тұра келуі керек.

4. Адам өз денесін машина үстелінен 10-15 см алыс, кеудесін тұра ұстап, басын сәл-ак еңкейтіп отыру қажет.

5. Инеден адамның көзіне дейінгі аралық 30-35 см болуы керек (29-сурет).

Тігу машинасымен жұмыс істегендег мұнадай техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау керек:

1. Арнайы киім (фартук) киілген, шаштар орамал астына жиналған болу керек.

2. Қосымша нәрселерді машинаның үстінен алу, қайши сол жақтағы тартпада болу керек.

3. Тігілетін бұйымның арасында түйрегіш болмауы керек.

4. Машинамен жұмыс істеуден бұрын оның инесі мен тепкісінің дұрыс орнатылғанын тексеру қажет.

5. Машинамен жұмыс істеген кезде аландайға, қозғалып отырған бөлшектеріне жақын келуге болмайды.



Тігін машинасын жұмысқа мына тәртіппен дайындайды:

1. Тігіс жетекті баптау (30-сурет). Тігістің ірілігін матаның қалындығы мен түріне қарай таңдал алады (0-4 мм-ге дейін). Инені қондырады (31-сурет). Инені ең жоғарғы калпына келтіріп, 3 – винтті босатады. 1 – иненің арықшасын жіп еткізілетін жақта туралайды да, 2 – ине тұтқыштың тесігіне кіргізіп бекітеді.

2. Жіпті шпулькаға (тігетін машинаның астынғы жібін орайтын тетігіне) орайды. Машинаны бос жүріс күйіне келтіріп, жіпті шпулькаға орайды .



29-сурет. Тігін машинасымен жұмыс істей.



30-сурет. Инешаншым жетегін баптау.

31-сурет. Инені орнату.

3. Астыңғы және үстіңгі жіптерді тағып, машинаны іске дайындайды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тігетін машиналардың түрлерін санап шық.
2. Қол жетегіндегі тігін машиналарының қандай негізгі бөлшектері бар?
3. Қол жетегіндегі тігін машиналарының құрылышын талда.
4. Тігін машинасының қол жетек бөлімінің құрылышын айт.
5. Тігін машинасымен жұмыс істегендеге қандай техникалық қауіпсіздік ережелерін сактау керек?
6. Тігін машинасымен жұмыс істегендеге қандай санитариялық гигиеналық талаптарды орындау керек?
7. Тігін машинасын жұмысқа дайындау тәртібін айтып бер.

Практикалық жаттығу. Машинамен жұмыс істеу ережелері. Машинамен жіпсіз тігу. Машинаға жіп өткізу. Біріктіретін, шет және безек тігістерін тігу

Тігін машинасымен жұмыс істеу ережелері.

1. **Машинаны жұмысқа дайындау.** Машинаның майларын сүртіп, тепкісін көтеріп, үстіңгі және астыңғы жіптерін сабактап, тігістің ұзындығын баптап қояды.

2. **Жұмысты бастау.** Матаны тепкінің астына қойып, инені түсіреді. Жіптің ұшын ұстап тұрып, тепкісін түсіреді де жұмысты бастайды.

3. **Жұмысты орындау.** Белгіленген жерден тігіс тігу (матаны тартуға немесе жылжытуға болмайды).

4. **Жұмысты аяқтау.** Ине мен тепкіні көтеріп, матаны сол жақ қолмен тартып, жіпті 10-15 см қалдырып ұзеді. Тепкінің астына бір кесім мата қойып, тепкіні түсіреді. Машинаның инесін де төменгі қүйіне түсіреді.

Машинамен жіпсіз тігу. Аспаптар мен материалдар: тігін машинасы, жіпсіз тігуге арналған мата бөлегі немесе қағаз, сызғыш, қарындаш.

1. Матаның бөлегіне немесе қағазға сызғыштың көмегімен арасы 2 см-ге тең параллель сзықтар сымады.

2. Машинаның майларын сұртіп, тепкісін көтеріп қояды.

3. Матаны немесе қағазды тепкінің астына қойып, инеден кейін тепкіні түсіреді де тігуді бастайды.

4. Параллель сзықтар бойымен тігімдерді тігеді. Мұнда тігістердің тұра болып шығуына назар аударады.

5. Инені, тепкіні көтеріп, матаны я қағазды сол қолмен тартып, тепкі мен инені түсіріп қояды.


Машинаға жіп өткізу. Керекті жұмыс құралдары: тігін машинасы, бір катушка жіп.

Жоғарғы жіпті өткізу (32-сурет).


1. Машинаны жұмысқа дайындайды, инені жоғарыға көтереді (иненің арықшасы ішкі он жағында болу керек).

2. Жібі бар катушканы арнайы (1) бағанға орнатып, жіпті бағыттаушы арқылы өткізеді.

3. Жоғарғы жіпті дәлдеуіші (2) еki



32-сурет.
Жоғарғы жіпті
өткізу.



33-сурет. Астынғы жіпті өткізу.

тарелканың арасынан және (3) дәлдеуші пружина арқылы өткізеді.

4. Жіпті (4) тартқыштың тесігі арқылы өткізіп, жанындағы қақпақтағы (5) жіп жолымен, иненің үстіндегі (6) жіп жолына (ілгек арқылы) өткізеді.

5. Жіпті ине тепкісіне (7) жіп жолы арқылы иненің арықшасы тарапынан өткізеді, жіптің артықша ұшы 10-15 см болады.

Астынғы жіпті өткізу (33-сурет):

1. Жіпті оралған түтікше қайығына орнатады (33-сурет, а).
2. Түтікшедегі жіпті қайықтағы жіп шығаруши серіппенің арасынан өткізеді, жіптің артықша бөлігі 10-15 см болады (33-сурет, ә).

3. Қайықты өзінің ұяшығына кондырады (33-сурет, б).
4. Үстіңгі жылжымалы пластинканы жауып, қайықтағы жіпті ине пластинкасының тесігінен шығарады (33-сурет, в).
5. Әр екі жіпті тепкінің арқасына өткізу керек.




Машина тігістерін тігу. Қажетті жұмыс құралдары: тігін машинасы, бір катушка жіп, 5x8 см өлшемдегі мата қыықтары, жұмыс қобдишасы, арнайы сызғыш, қайшы.

Машина тігістері түрліше болады (7-кесте).

1. Біріктірілетін тігіс. 2. Шет тігістер. 3. Безек тігістер.


Машина тігістерін тігу бойынша технологиялық карта

7-кесте

Tігіс түрі	Сызба	Тігісті орындау тәртібі
1. Біріктіретін тігістер		
1.1 Бір жаққа жатқызып үтіктеу (а) 1.2 Ортасынан үтіктеу (ә)		<p>Біріктіретін тігісті тіккенде екі мата белігінің өнін өніне аударып, киыктарды бірдей жасайды, алдымен қолмен көктейді де, біріктіретін тігіспен киыкпен параллель тігеді. Тігістің кеңдігі 0,5-1,2 см. Көктелген тігістің жібін алып тастайды да, тігісті тегістеп, тігіске тиесілі жерді бір жаққа жатқызып, немесе арасын жарып үтіктеїді.</p>
1.3 Көктеме тігіс		<p>Бір беліктің орнына екінші беліктің өнін қойып, көктеп шығады. Тұзу тігіспен киыктан 0,5 см кеңдікте тігеді. Көктеп тігілген тігістің жібін алып тастайды да, тігісті тегістеп үтіктеїді.</p>
2. Шет тігістер		
2.1. Ашық қиықты бүктемелі тігіс		<p>Қиықты алдымен жарма тігіммен тігеді де, қиықты бүктеп, көктеп тігеді. Көктелген тігістен 0,1 см аралықта машинамен қайып жиектер бойлап тігеді де, тігістің ақырын түйіндейді. Көктелген тігістің жібін алып тастайды да, тегістеп үтіктеїді. Белік қиығын теріс жағына 0,5-0,7 см бүгеді. Тігістің кеңдігі 0,1-0,3 см.</p>
2.2 Жабық қиықты бүктемелі тігіс		<p>Белік қиығын теріс жағына бүктеп көктейді де, фасонда көрсетілген кеңдік бойынша тағы бүгіп, көктеп тігеді. Бүгілген шеттен көктеу тігісінен 0,1 см аралықта тігімдер жүргізеді, тігістің аяғын түйіндейді. Көктелген тігістің жібін алып тастайды да, тегістеп үтіктеїді. Бірінші бүктеменің кеңдігі 0,7 см. Тігістің кеңдігі 0,1-0,2 см.</p>


3. Безек тігістер

3.1. Бір-біріне қарайтын бүрме



Бір-біріне қарайтын бүрме 3 сызық пешінде орта сызық – 1, бүйір сызық – 2, тігістің соңғы сызығы – 3 (сызба-а). Бір-біріне қарайтын бүрмені жасау үшін онын өңін белек белгіленген (1) ортандырылған сызық бойынша іш жағына қаралып кайырады. Бүйір (2) сызық бойынша ақырғы тігілетін (3) сызыққа дейін әуелі көктеледі, соныра машинамен тігеді. Соңғы (3) тігу сызығында тігісті түйіндейді. Көктелген тігісті алып тастайды да, бүрмені екі жакқа жарып, (белгіленген ортандырылған сызық тігісінде анық жатуы керек) үтіктеиді (сызба - ә). Бүрменің терендігі фасонға тәуелді.

3.2. Қатпар



Өн жағынан бір сызық белгілейді. Орындау кезінде белек белгіленген сызықтан теріс жакқа бүктең, алдымен көктейді, соныра машинамен тігеді. Көктелген тігісті алып тастайды да, қатпарды бір жакқа қаратып үтіктеиді. Тігістің кеңдігі 0,1-0,3 см.

Оқушылар технологиялық картаның көмегімен тігіс түрлерін тігеді, дайын үлгілердің әркайсысына ат қойып, альбомға жазысады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тігін машинасымен істеу ережелерін түсіндіріп бер.
2. Машинамен жіпсіз тігу кезеңдерін айт.
3. Тігін машинасына астынғы жіпті қалай өткізеді?
4. Тігін машинасына үстіңгі жіпті қалай өткізеді?
5. Машиналы тігістердің қандай түрі бар?
6. Біріктіретін тігістің түрлерін санап шық.

7. Шет тігістерінің түрлерін санап шық.
8. Безейтін тігістердің түрлерін санап шық.

2.4. ӨНІМДІ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Пішу және тігу туралы мәлімет

Киімнің түрлері. Киімді жарасымды етіп, талғаммен, жақсы, таза және ұлттық сән бойынша киіне білуге жас кезден үйрену керек. Балалардың денебітіміне шақтаپ, қолайлы киім таңдау қажет. Киімдер өз қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: үй киімін үйде киеді; күнделікті киімді жұмысқа күн сайын барғанда киеді; спорттық киімді демалыс күндерінде, спорт жаттығуларында киеді; салтанатты киімдерді түрлі сауық кештерінде, той-жындарда киеді; жұмыс киімін үйдегі жұмыстарды істегендे, енбек сабактарында киеді.

Киім тіккен кезде мынадай реттілікті сақтайды:

1. Адам кеудесінің өлшемін алу.
2. Тігілетін киімнің фасонын таңдау және оның эскизін сыйзу.
3. Мата таңдау және оның қасиеттерін анықтау.
4. Бұйым сызбасын жасау, сызбаға сүйеніп, пішімді дайындау, олардың шетін кесіп алу.
5. Пішімді пішуге дайындау және оған белгілер қою.
6. Матаны пішуге дайындау және пішімді жайластыру.
7. Бұйымды пішу және тігу, дайын киімді безендіру.

Фартуктың (алжапқыштың) сызбасын сыйзуға қажетті денебітім өлшемін алу 34-суретте көрсетілген.

Өлшемді дұрыс алу үшін дененің негізгі жол шектерін, атап айтқанда: мойын, көкірек, бел, бәксе, етек бойынша сзықтарын анықтайды.

Өлшем алғанда мына ережелерді сактайды:




34-сурет. Кеуденің өлшемін алу.

өлшемдер толық жазылады. Денеден алған өлшемдер мәндегі 8-кестеде көлтірлген.

8-кесте

Өлшемнің атауы	Өлшем белгісі	Өлшемді алу
Көкірек бөлімінің ұзындығы	КБҰ	Белден жоғарыға қарай модельге сәйкес ұзына бойына өлшенеді
Фартуктың (киімнің) ұзындығы	ФҰ	Белден төмен қарай, көйлектің ұзындығынан 4-5 см жоғары өлшенеді
Бел шенберінің жартысы	БАЖШ	Белдің ең кішкентай жері өлшенеді
Бексе шенберінің жартысы	БкШЖ	Бексе шенберінің көлдененінен өлшеп неді

Денеден алған өлшемдерге сүйеніп, бұйымның сызбасын салу. Фартук сызбасын сызуға кажетті өндек күралдары: масштабты сызғыш, үшбұрышты сызғыш,



35-сурет. Сызба сызуға қажетті еңбек құралдары.

өлшемді лекалолар 35-суретте көрсетілген. Сондай-ақ 9-кестеде сызу кезінде қолданылатын сзықтар мен шартты белгілер көрсетілген.

9-кесте

Атауы	Сзықтың көрінісі	Белгілеу
Бір миллиметрлік жіңішке сзық	—	Үстінен сзылады
Жарты миллиметрлік жіңішке сзық	— —	Сызба сзылады
Штрих-пунктир сзық	— — —	Ось және орталық сзықтары
Тендік	=	
Бұрыш	∠	



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Киімнің қандай түрлерін білесің?
2. Киімді дайын күйге келтірудің қандай кезеңдері бар?
3. Өлшем алу ережелерін айт.
4. Ұзына бойы және айналма өлшемдерді қалай жазады?


5. Өлшемдердің белгілері қалай бейнеленеді?
6. Сызба сыйған кезде қандай еңбек құралдары керек болады?
7. Сызба сыйзуда қандай шартты белгілер қолданылады?

Фартук пен бауы бар қалпақшаның сыйбасын салу

Көкірек алды бөлімі тұтас болған фартук (36-сурет). Суретте келтірілген алжапқышқа (фартук) 70 см мақта талшықты матада жұмсалады. Бұл фартукты әртүрлі маталар киыктарын да



36-сурет. Балаларға арналған фартуктың үлгілері.



37-сурет. Фартуктың сыйбасы.

пайдаланып тігуге болады. Фартуктың бетіне түрлі түстес өрнектер түсіріп, оны одан да әдемірек көрініске келтіруге болады.

Көкірек алды бөлімі тұтас болған фартуктың сыйбасын салу (37-сурет).

Аспаптар мен тетіктер: масштабты және үшбұрышты сыйғыштар, лекало, қарындаш – ТМ және 2М, өшіргіш, альбом.

Фартуктың сыйбасы 37-суреттегі, өлшемдері 10-кестеде, фартук бөлімдерін өлшемдерін есептеу 11-кестеде келтірілген.

10-кесте

Өлшем белгісі	Өлшем атавы	Стандартты өлшем	Менің өлшемім
1 КБҰ	Көкірек бөлімінің ұзындығы	20	
2 ФҰ	Фартук ұзындығы	40	
3 БкШҰ	Бексе шенберінің ұзындығы	40	
4 БЛШЖҰ	Бел шенбері жартысының ұзындығы	30	
5 ФЕҚ	Фартук енінің қосымшасы	10	

11-кесте

Сызбадағы кесінді	Сызу тәртібі, кесіндінің атавы	Стандартты өлшем	Менің өлшемім
1 А	Тордың өлшемдері	-	-
2 AB ₁	А нүктесінде бұрыш сызу	20	20
3 B ₁ E	Көкірек бөлімінің ұзындығы КБҰ Фартук етегінің ұзындығы ФҰ	40	40
4 B ₁ B ₁₁	Фартуктың ені	БкШҰ:2+ ФЕҚ	40:2+10=30
5	B ₁₁ нүктеден жоғарыға және төменге қарай А мен Е нүктелері арқылы өткен көлденен сзықпен қылышқанша жалғастырады да, тиісінше A ₁ мен E ₁₁ нүктелерін түсірелі		
6 AA ₂	Көкірек бөлімінің өлшемі	Үлгі бойынша	10
7 B ₁ K ₁	Қалта орны	Үлгі бойынша	4 – 5
8 K ₁ K ₂ = =K ₁ K ₃	Қалтаның өлшемдері K ₁ K ₂ = K ₃ K ₄ K ₁ K ₃ = K ₂ K ₄	Үлгі бойынша	15

9	-	Сызбаның негізгі сзықтарының үстінен жүргізу		-
10	-	Белдік ұзындығы. Матадан ұзындығы БЛШЖУ+15 болған енсіз ұзынша (жиекке ұқсас) киық дайындалады		30+15=45
11	-	Байламның өлшемдері – ұзынша қиық дайындалады		30



38-сурет. Байламы бар қалпақша.



39-сурет. Қалпақшаның сызбасы.

Байламы бар қалпақша (38-сурет). Мұндай қалпақшаның сызбасын салу үшін $B_{шA} = 48$ см, $K_{B_{шA}} = 4-6$ см өлшемдер қолданылады.

Байламы бар қалпақшаның сызбасын салу (39-сурет). Тік төртбұрыш сызып, оның жоғарғы бұрышын В әрпімен белгілейді. В нүктеден оң жақта бас шеңберінің өлшеміне сәйкес оның қосымшасын қосып, екіге бөлінген мәнін түсіреді де, В₁ әрпімен белгілейді:

$$BB_1 = (B_{шA} + K_{B_{шA}}):2 = (48+4):2 = 26 \text{ см.}$$

В нүктеден төменге қарай өлшемдері бірдей 20 см болған мәндер түсіреді де. Е әрпімен белгілейді: BE = 20 см.

BB₁EE₁ дұрыс төртбұрыштың құрылышын аяқтап бітіреді, яғни:

$$BB_1 = EE_1 = 26 \text{ см}, BE = B_1E_1 = 20 \text{ см.}$$



Пысықтау ұшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Балаларға арналған фартук туралы мәлімет бер.
2. Фартук сызбасын сызғанда қандай өлшемдер қолданылады?
3. Фартуктың сызбасын қандай бөлімдер құрастырады?


4. Байламы бар қалпакшаның сыйбасын сызу үшін кандай өлшемдер қолданылады?
5. Байламы бар қалпақшаның сыйбасын қалайша сыйады?

Фартук пен байламы бар қалпақты модельдеу және олардың пішімін дайындау

Модельдеу. Модель жасау үшін, негізінен, модель сзықтарын негіздің сыйбасына түсіреді. Негіз сыйбасы – бұл өлшемдер мен есептеу формаларын пайдалану арқылы сыйылған сыйба. Осындай жұмысты орындағанда әуелі таңдап алғынған фасон бойынша негізгі сыйба сыйылады. Осы сыйбаға белгілі бір сзықты қосып немесе одан алғып тастап, сыйба бөлімдері пішінін өзгерту процесі модельдеу деп аталады (40-сурет).

Киімді ондағы бөлімдердің пішінін өзгертпей, оларды белеу жолымен де модельдеуге болады (40-сурет). Бірдей пішіммен тілген үй фартуктары 40-суретте көрсетілген. Бұл фартуктар түрлі көріністе және түрлі өрнектермен қоса тілген. Кестенің материалдар құрамына жиек, тор, кесте, құрак, аппликациялар (турлі-түсті қағаз, мата, тері қиқымдарынан құрастырып салған суреттер) кіреді. Аппликациямен бәзендірілген фартуктар әдемі көрінеді.

Фартуктар мен қалпақтарға арналған мата таңдау. Киімдерді қайсы уақытта киілуіне карай әртүрлі матадан тігеді. Жалпы алғанда, фартук пен қалпақты тігу үшін акшыл түсті бір сыйдырғы маталарды немесе майда суреттері бар зығыр не макта талшығынан тоқылған маталарды таңдап алады. Мұндай маталардың әдемі сыртқы жақсызлап үтіктеуге болады. Сондықтан, матаны таңдап алуда оның технологиялық касиеттеріне де назар аудару керек.



40-сурет. Фартукты модельдеу.

Тоқыма өнеркәсібі қазір ені әр түрлі (40 сантиметрден бас. тап 2,80 метрге дейінгі) маталар шығаруда. Сондықтан киімде жұмсалатын матаның мөлшерін анықтауда оның енін есепке алады.

Аспаптар мен тетіктер: масштабты және 50 см-дік сыйыштар, ұшбұрыш сыйыш, түрлі лекалолар, ТМ және 2M қарындаштар, өшіргіш, альбом, қайши.

1:4 масштабпен сыйылған сыйбаға сүйене отырып, өз өлшемдері бар фартуктың және байламы бар қалпақтың сыйбасы салынады. Фартуктың және жапсырма қалтаның етек бөлімдерін дөңгелек пішінге келтіріп модельдейді. Фартук пен қалпақтың сыйбаларын негіз сыйбасын және ұлгіленген сыйықтарды бойлап кесіп алады да, олардың пішімін әзірлейді, яғни:

1. Киімнің атын – «көкірек алды тұтас болған фартук» – пішімге жазып қояды.
2. Пішімге киімнің өлшемін – 38 өлшемді жазып қояды.
3. Пішімге детальдар санын көрсету – 1 дана.
4. Пішімде матаның бойлық жіптерінің бағытын анықтау.
5. Пішімде матадан қалдырылып пішілетін, тігіске тиесілі оның мөлшерін – бүйір жақ қырқым бойынша 1 см – жазып қояды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Модельдеуден көзделген мақсат қандай?
2. Пішімді пішуге қалай әзірлейді?
3. Фартуктың эскиздегі сыйықтарын пішімнің бөлімдеріне көшір.
4. Қалтаның түріне қарап, фартуктың бөлімдеріне жана сыйыктар енгіз.

Байламы бар қалпақты пішу және тігу

Пішуге қойылатын талаптар:

1. Пішуден бұрын матаны жақсылап үтіктейді де, жинао қояды.

2. Матаның бойлық жібін, суреттерін, сыртындағы ақауларын есепке алып, пішімнің бөліктерін матаға кезек-кезек жайластырады.
3. Пішім бөліктерінің айналасын бормен, сабынмен немесе жай карындашпен сыйып шығады.
4. Матаның тігіске сақталған жері пішім бөліктеріндегі тігіске сақталған жермен бірдей болуы керек.
5. Пішім бөліктерін анық сыйылған сыйықтармен кесіп алады.
6. Пішу кезінде пішімді матаға ұнемдеп орналастыру, қалдықтар мүмкіндігінше аз болу керек.

Тігілетін киімнің бөліктерінің сапасына қойылатын талаптар:

1. Қолмен тігілген тігістердің ұзындығы бірдей болуы керек.
2. Машиналы тігістер белгіленген жерден және шетінде бірдей аралықта өтуі, олардың бұрыштары тегіс болып шығуы тиіс.
3. Салқи инешаншымдар мен түйреуіштерді көктеп тігілген тігімнен кейін алып тастайды, ал осы көктелген тігімді тігістен алып тастайды.


4. Тігістер мен бөліктердің бәрін ұтіктейді.

Дайын киімнің сапасына қойылатын талаптар:

1. Дайын киімнің сыртқы көрінісі таңдал алынған сәнмен бірдей болуы керек.
2. Киімнің ұқсас бөліктері бір-біріне тең әрі симметриялы үрде орналасқан болуы керек.
3. Дайындалған киімді жақсылап ұтіктеу керек.

Байламы бар қалпақты даярлау технологиясы:

1. Пішу.
2. Пішілген бұйымның бөлімдерін тігуге әзірлеу.
3. Қалпақтың шеттерін тігу.
4. Қалпақтың жоғарғы, тәменгі қыықтарын бүгіп тігу.
5. Қалпақты соңғы рет өндедеу және безеу.



41-сурет. Байламы бар қалпақты пішу.

мына жұмыстар орындалады:

1. Матаның сапасы, яғни ондағы дақтардың, жібі үзіліп кеткен (жыртық, тесік) жерлерінің және басқа да кемшіліктердің бар-жоғы тексеріледі.
2. Матаның ені мен ұзындығы (ұлғіні үнемдеп орналастыру үшін) өлшенеді.
3. Матаның суретіне, бойлық жіптерінің бағытына қарап, оның өң және теріс жақтары анықталады.
4. Матаны үтіктейді. Оны ұзына бойы созылған жиегін кесіп алады.
5. Матаның өңін айналдырып, бормен сыйылған орнына түсіреді де, түйреуішпен түйреп қояды.
6. Матаның көлденен (бүйір) жағын тегістеп кеседі (сызғыштың жәрдемімен және бормен сызады да, матаның артығын кесіп алады).

Байламы бар қалпақты тігу үшін мына жұмыстар орындалады:

1. Тік төртбұрыш пішіні бар осы қалпақтың екі бүйір жағын әуелі 0,5 см-ге бүктейді де, соныра 1 см-ге тағы бүктеп, қолмен көктеп шығады.
2. Көктеп тігілген сыйықтан 0,1 см жерде машинамен тігімді тігеді.
3. Соныра көктеп тігілген жіпті алып тастайды. Тігістерді ылғалдық-жылулық өндейді.

Байламы бар қалпақты пішу. Аспаптар мен тетіктер: мата, қайши, жұмыс қобдишасы, түйрекіш, бор.

Байламы бар қалпақты пішімін, 41-суретте көрсетілгендей, алдын ала дайындалап, 1 данасын матадан кесіп пішуде

4. Ленталы қалпақтың төменгі бөлігін әуелі 0,5 см-ге бүктейді де, соныра 2 см-ге тағы бүктеп, қолмен тігіп шығады.


5. Ленталы қалпақтың жоғарғы бөлігін алдымен 0,5 см-ге бүктеп, соныра 4 см-ге тағы бүктеп, қолмен тігіп шығады.

6. Көктеп тігілген тігістерден 0,5 см жерде машинамен тігімдерді тігеді.

7. Ленталы қалпақтың жоғарғы бөлімінде бұрме жасау үшін шетінен 2 см қалдырады да, қайтадан әуелі қолмен, кейін машинамен тігістер жүргізіп шығады.

8. Соныра көктеп тігілген жіпті алып тастайды. Тігістерді ылғалдық-жылулық өндейді (42-сурет).

9. Қалпақтың жоғарғы және төменгі 2 см-лік тігістерінің арасына ленталар өткізіп алады.



42-сурет.
Қалпақты
тігу.

Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Пішу кезінде қандай талаптар қойылады?
2. Дайын бұйымға қандай талаптар қойылады?
3. Матаны пішуге қалай әзірлейді?
4. Байламы бар қалпақты пішу жолын айт.
5. Байламы бар қалпақты пішken кезде қандай жұмыстар орындалады?
6. Неліктен бұйымды (матаны) ылғалдық-жылулық өндейді?
7. Неліктен әуелі көктеп тігеді?

Тұтас пішілген фартукты пішу және тігу

Көкірек алды тұтас болған фартукты пішу мына тәртіппен асырылады.

Аспаптар мен тетіктер: қайшы, жұмыс қобдишасы, түйреуіш, артурлі лекалолар, мата, бор.

1. Фартуктың пішімін матаның бүктелген жеріне, көрсетілген тиесілі жерді есепке алып, орналастыру және түйреуіш



43-сурет. Фартукты пішу.

қалтасы да матаға орналастырылады. Оның шетінен созады да, тігіске тиісті жер қалдырып, бормен сзып шығу.


4. Пішім бөліктерінің матаға дұрыс ораналастырылғанын тексеру.

5. Бойлық жіптің бағытын, суреттерді және пішім бөліктеріндегі тігіске арналған орынды дұрыс түсіру.

6. Үлгіні пішіммен бірлестіріп түрған түйреуіштерді суырып алып, үлгіні айырып алу және түйреуіштерді пішілген екі қабат бөлімдерге түйреп қою.

7. Көкірек алды тұтас болған фартук пішудің нәтижесінде мына детальдар пайда болды (44-сурет):

1. Фартуктың негізгі бөлігі – 1 дана.



44-сурет. Фартуктың бөлшектері.

түйреу. Пішімнің айналасының сзып шығу (43-суретте көрсетілгендей матаға жайластырады).

2. Етек, бүйір және көкірек алды бөлімдерінің тігістерін өндеу үшін тігіске тиісті жер қалдырып, бормен сзып шығу (44-сурет).

3. Фартук пішімінің

қалтасы да матаға орналастырылады. Оның шетінен созады да, тігіске тиісті жер қалдырып, бормен сзып шығу.

4. Пішім бөліктерінің матаға дұрыс ораналастырылғанын тексеру.

5. Бойлық жіптің бағытын, суреттерді және пішім бөліктеріндегі тігіске арналған орынды дұрыс түсіру.

6. Үлгіні пішіммен бірлестіріп түрған түйреуіштерді суырып алып, үлгіні айырып алу және түйреуіштерді пішілген екі қабат бөлімдерге түйреп қою.

7. Көкірек алды тұтас болған фартук пішудің нәтижесінде мына детальдар пайда болды (44-сурет):

1. Фартуктың негізгі бөлігі – 1 дана.

2. Фартуктың қалтасы – 2 дана.

Фартук жасау процесі:

1. Фартукты пішу.

2. Фартук бөлшектерін тігуге әзірлеу және тігу.

3. Фартук бөлшектерін бірлестіру және белеу.

4. Фартукты соңғы рет өндеу.

Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Пішуден бұрын неліктен матаңың бойлық жібінің бағытын және өн жағын анықтайды?
2. Үлгінің айналасын неліктен сзызып шығады?
3. Пішімді үлгіден ажыратып алған соң неліктен оған түйреуіш түйреп қояды?

Тұтас пішінді фартукты тігу

Көкірек алды тұтас болған фартуктың көкірек алды бөлімінің бүйір жағын, мойын жібін және белдігін матаңың ұзынша қызығымен (көлденең лентамен) өндеу арқылы тігуге болады. Бұларды фартуктың етек бөлігін бүктеп, кия түскен лента, тор, бұрме сияқтылармен безеп тігеді. Жапсырма қалтаны да дәл осылай өндеу керек.


Аспап-құралдар: жұмыс қобдишасы, фартуктың пішілген бөлшектері, тор, қайши.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Фартуктың ортасына көктеп, инешаншым салу (44-суретте ортаңғы орталық сзызық).
2. Қалтаға арналған орынды фартукта белгілеу үшін салқи тігістер салу.
3. Салқи тігістің ортасын кесіп алу – қалтаға арналған орынды белгілеу (44-сурет).
4. Белгілер мен салқи тігістердің дұрыс салынғанын тексеру.
5. Бақылау сзызығының анық салынғанын тексеру.

Тұтас пішімді фартуктың етек бөлімін тігу:

1. Ұзындығы фартуктың етек бөлімі ұзындығынан бір жарым алынады.
2. Егер безек-деталь бүрмeden түзілетін болса, онда оның бір жағын машинамен жарма тігіс арқылы өндейді (45-сурет, а).
3. Безек-детальдың екінші жағына машинамен инешаншым аралығы 4 мм болған машина тігістерін тігеді (45-сурет, а),



45-сурет. Тұтас пішімді фартуктың етек бөлімін тігу.

тігістерден 0,1 см алыс жерде машинамен тігістер жүргізеді де, көктелген жіптерді суырып алады, тігіске тиісті жерді жармалап қояды (45-сурет, б).

6. Бүрменің өндін айналдырып, оны туралайды да, үстінен безайтін тігіс тігіп шығады (45-сурет, в). Тігістерді ылғалдыкжылулық өндейді.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тұтас пішімді фартукты тіккен кезде қандай тігіс **колданылады?**
2. Жұмысты қайши мен иненің жәрдемімен істеген **кезде** қауіпсіздік ережелерін айт.
3. Фартуктың қайсы бөлімін бүктелген тігіс, **ұзынша** қыық немесе бүрме салу арқылы өндеуге болады?
4. Бүрмені фартуктың етек бөліміне қалай тігеді?
5. Әртүрлі тігілген тігістен кейін неліктен үтіктеу **керек**?

Тұтас пішімді фартуктың мойын ойындысын өндеу

Көкірек алды бөлігі тұтас болған фартуктың **көкірек** алды бөлімінің жоғарғы жағын, дәл етек бөлімін **сияқтыдай** бүтіп,

сондай-ақ осы безек детальды фартуктың етек бөлімінің ұзындығына тен болғанша тартып, бүрмені жинайды (45-сурет, ә).

4. Дайын болған бүрменің немесе тордың өң жағын фартуктың етек бөлімінің **өң** жағының қыығына қойып, алдымен колмен тігіске тиісті 1 см жерді көктеп тігеді.

5. Көктеп тігілген

тігістерден 0,1 см алыс жерде машинамен тігістер жүргізеді де, көктелген жіптерді суырып алады, тігіске тиісті жерді жармалап қояды (45-сурет, б).

6. Бүрменің өндін айналдырып, оны туралайды да, үстінен

безайтін тігіс тігіп шығады (45-сурет, в). Тігістерді ылғалдыкжылулық өндейді.

7. Фартуктың қайсы бөлімін бүктелген тігіс, **ұзынша** қыық немесе бүрме салу арқылы өндеуге болады?

8. Бүрмені фартуктың етек бөліміне қалай тігеді?

9. Әртүрлі тігілген тігістен кейін неліктен үтіктеу **керек**?

көлденен лента, тор немесе бүрме салып өндөуге болады.

Тұтас пішімді фартуктың көкірек алды бөлімінің жоғарғы жағын мына тәртіппен өндейді.

Аспаптар мен тетіктер: жұмыс қобдишасы, фартуктың пішілген детальдары, тор, қайши.

1. Фартуктың көкірек алды бөлімінің жоғарғы жағын 0,5 см-ге бүгеді, соныра 2 см-ге тағы да бүгіп, қолмен көктеп тігеді.

2. Көктеп тігілген тігістерден 0,1 см алыс жерде машинамен тігістер жүргізеді де, көктеп тігілген жіптерді суырып алып, тігістерді ылғалдық-жылулық өндейді (46-сурет, а).

3. Фартуктың көкірек алды бөлімінің жоғарғы жағын бүрмемен өндеген кезде, оның қыығының ұзындығынан бір жарым есе ұзынырақ безек-деталь, яғни тор немесе қия бүрме алынады.


4. Егер безек-деталь бүрмеден күралса, оның бір жағын машинамен жарма тігіс тігу арқылы өндейді (46-сурет, а).

5. Безек-детальдың екіиши жағына машинамен инешаншым аралығы 4 мм болған машиналы тігіс жүргізеді (46-сурет, а), сондай-ақ осы безек-детальды фартуктың көкірек алды бөлімінің жоғарғы жағының ұзындығына тең болғанша тартып, бүрмені жинайды (46-сурет, ә).

6. Дайын болған бүрменің яки тордың өң жағын фартуктың көкірек алды бөлімінің жоғарғы өң жағының қыығына қойып, алдымен қолмен тігіске 1 см қалдырып көктеп тігеді.

7. Көктеп тігілген тігістерден 0,1 см алысырақ машинамен тігістер жүргізеді де, көктеп тігілген жіптерді суырып алады, тігіске тиесілі 1 см жерді жармалап қояды.

8. Бүрменің өңін



46-сурет. Фартуктың көкірек алды бөлімін өндөу.

айналдырып, оны туралайды да, үстінен бәзейтін тігістер тігіп шығады. Тігістерді ылғалдық-жылулық өндейді.



Пысықтау үшін сұрактар мен тапсырмалар

1. Үтікпен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік ережелерін айт.
2. Фартуктың көкірек алды бөлімін бұктелген тігіс арқылы өндедеу қалай орындалады?
3. Бұрмені фартуктың көкірек алды бөліміне қалайша тігеді?


Жапсырма қалтаны тігіп қою

Егер тұтас пішімді фартуктың жапсырма қалтасы біреу болса, онда қалтаны ортаңғы орталық сызық бойынша жапсырып тігеді. Егер қалталар екеу болса, оларды 44-суретте көрсетілгендей етіп жапсырып тігеді.

Аспаптар мен тетіктер: жұмыс қобдишасы, қалтаның пішімі, тор, бұрме, қайши.

Жұмысты орындау тәртібі:

1. Қалтаның сопакша бөлімін, фартуктың етегін өндегендей жасайды (45-сурет).
2. Қалтаның жоғарғы бөлігін әуелі 0,5 см-ге бұктеп, соңыра тағы 2 см-ге бұктейді де, қолмен көктеп тігеді.
3. Көктеп тігілген тігістерден 0,1 см алып жерде машинамен тігістер жүргізеді, көктелген жіптерді суырып алып, тігістерді ылғалдық-жылулық өндейді (47-сурет).
4. Қалтаның түзу бөлімін теріс жағына 1 см-ге бұктеп, көктеп алады.
5. Дайын болған қалталарды фартуктың қалтаға арналы белгіленген орындарына қойып, түйреуішпен түйреп қояды. Соңыра қалтаны з жағынан фартукқа көктеп тігіп шығады (47-сурет).
6. Көктелген жіптерге соқпай, машинамен қойып қалталарды тігіп қояды.



47-сурет. Жапсырма қалтаны тігіп қою.

қалта тігудің басында және ақырында тігістерді бекемдейді, көктеп тігілген жіптерді алғып тастайды және қалталарды үткітейті.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жапсырма қалтаның дайындалуын түсіндіріп бер.
2. Жапсырма қалтаны фартукқа қосып қалай тігеді?
3. Жапсырма қалта фартукта қалай орналасады?


Фартукты ақырғы рет өндеу және үтіктеу

Көкірек алды бөлімі тұтас болған фартуктың белбауы мен мойын бауын киғаш түскен лентадан дайындаиды. Киғаш лентаны негізгі матадан пішіп әзірлеуге болады немесе дайын ленталарды пайдалануға болады. Бірінші жағдайда 220—230 см лента керек болады. Бұл лента екіге бөлінеді. Лентаны фартукқа мына тәртіппен қосып тігеді:

1. Екіге бөлінген лентаның бір бөлігінен мойын бау үшін 30 см сақтап қалып, ұзынша қықтың бір жағын көкірек алды бөлімінің бүйір жағына тігіске тиісті 0,5 см жер қалдырып көктеп тігеді де, екінші бөлігін белбау үшін қалдырады (48-сурет, а).
2. Көктеп тігілген тігістерден 0,5 см алыс жерде машинамен тігістер жүргізеді де, көктелген жіптерді суырып алады.

3. Лентаның мойын бау мен белбауға тиесілі бөлімін, ұзынша қық түрінде, көкірек алды бөлімінің бүйір жағына, ұзынша қықтың екінші жағына да ұзынша қық түрінде көктеп тігеді.

4. Ұзынша қықты, ұзына бойы көктелген тігіске соқпай, машинамен қайырып тігеді, көктелген жіптерді алғып тастайды (48-сурет, ә).



48-сурет. Фартуктың мойын бауын, белбауын және бүйір жағын өндеу.

5. Дайын фартукты жақсылап үтіктеп, жинайды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Фартуктың қайсы бөлімдерін бірдей өндейді?
2. Бөлімдерді уақытша бірлестіру үшін қандай тігістер қолданылады?
3. Фартуктың бөлімдерін қандай тігіспен тігеді?
4. Фартукта қолданылатын безек түрлерін айт.

Халық колөнері технологиясы. Кесте тігу өнерінің даму тарихы мен жұмыс әдістері

Кестенің киімдер мен бұйымдарды әшекейлеуде зор маңызы бар. Кесте тігуді біліп алып, киімді жаңалауға, салфетка, фартук, жастықтыс, жақын адамдарға арналған сыйлықтар сияқты көптеген керекті бұйымдарды әшекейлеуге және даярлауға болады.

Кесте тігу өнерінің көп ғасырлық тарихы бар. Археологиялық қазба жұмыстарда табылған заттарда жазылғанындей, сүлгі, тор көзді жиек, дастарқан, мерекелік және күнделікті киімдер, фартук, бас киім сияқты үй керек-жараптары мен басқа да бұйымдарға әшекейлеп кестелер тігілген.

Кесте тігу әдістері, суреттері, түстердің үйлесімділігі үрпақтан үрпаққа өтіп, жетілдіріліп келді. Сөйтіп, ең жақсы ұлттық қасиеттері мен сипатты белгілері бар кестенің сирек ұшырайтын үлгілері бірте-бірте жаратылды.

Халық шеберлерінің кесте тігіп әшекейлеген бұйымдары өздерінің әдемі суреттерімен, бір-біріне лайықты түстерімен, үйлесімділігімен, орындау әдістерінің анықтығымен көзге туседі.

Еліміздегі мұражайларда халық қолөнерінің көптеген үлгілері жиналған, олардың арасында әсіресе XIX ғасырға тиісті кестелер жақсы сақталып, осы күндерге дейін жетіп келген. Кесте тігу өнерінде қолданылатын тігіс үлгілерін пайдаланып, киім-кешекті, үй және бөлме жасауда пайдаланылатын керек-

жаракты әшекейлеуге болады. Бұл кезде, әрине, қауіпсіздік ережелерін сақтау керек, яғни кесте тіккен кезде дұрыс отыру, жарық сол жақтан түсірілуі, құрал-сайманды дұрыс пайдалану керек.



Кестені қолмен тігу үшін өте қарапайым аспаптар керек болады, бұлар: ине, оймақ, қайши, сантиметр таспа, шеңбер, кесте тігуге арналған ширатылған әртүрлі (мулине) жіптер. Бұлардың бәрі арнаулы қобдишада сақталуы керек.

Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Кесте тігу өнері туралы не білесін?
2. Кесте тігу өнерінің маңызын айт.
3. Кесте тігу өнеріндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін түсіндір.
4. Кесте тіккен кезде қандай аспаптар мен құралдар пайдаланылады?

Кесте тігу өнерінде қолданылатын тігіс үлгілерін тігу


Кесте тігу өнерінде тігістің мына түрлері қолданылады. Қайталайтын тігіс (49-сурет, а). Тігістің бұл түрін ірілігі бірдей қабылған жерлердің үздіксіз қатары, яғни инені оңдан сол жаққа жүргізгенде, оның бірінші шаншым аралығы мен осы шаншым арасындағы айырмашылық құрастырады. Екінші қабылған жерді салып қондыру үшін, жіпті солдан онға жатқызып, бірінші шаншым жер аяқталған жердегі нүктеге шаншиды да, оның шаншым аралығы жерде өңіне шығарады. Үшінші және кейінгі



49-сурет. Қайталайтын тігіс.



50-сурет. Су тігіс.



51-сурет. Ирек тігіс.

шаншым жерлерді салып қондырған кезде инені олардың бұрынғы қабылған жер аяктаған жерге шаншиды. Қайталайтын тігісті (49-сурет, ә) қабылған жерлер арасында ашық жер қалдырып тігуге де болады.

Су тігіс (50-сурет). Бір-біріне тығыз орналасқан қатар қиғаш қабылған жерлерден құралады. Бұл тігісті солдан онға қарай немесе өзінен ілгері қарай бағыттап тігуге болады. Су тігісті тіккен кезде жіп үнемі бір жақта – не сол, не он жақта болуы керек. Тігу барысында жіптің бағытын өзгертуге болмайды. Әйткені тігістің құрылышы бұзылады.


Ирек тігіс (51-сурет). Бұл тігісті матадан суырып алғынған екі жіптің ізімен немесе ерікті пішінді кесте суретінің сызығы үстінен тігеді. Мұнда инені кесте суретінің не ол, не бұл жағына кезектесіп шаншиды да, қабылған жерлерді солдан онға орналастырады. Иненің матаға шаншылған жерлер аралығы бірдей болуы керек. Қабылған жерлер жолдың ортасын бойлап шалысады. Әрбір жаңадан қабылған жер алдындағы жердің үстінен салынады.



52-сурет. Жарма тігіс.

Жарма тігіс (52-сурет). Бұл тігіс кейде шет тігіс деп те аталады, әйткені, бұл тігіспен матаның шет-шетін тігеді. Сонда матаны теріс жағында 3-4 см-ге бүктеп, мата түстес жіппен көктеп тігеді. Бұл тігістерді шеңберсіз тігеді. Тігістегі қабылған жерлер аралығы бірдей болуы керек.

Кестелейтін тігіс (53-сурет). Бұл тігіс бір-бірінің ішінен үздіксіз шығып келетін бірнеше ілмектерден тұрады. Осындай тігісті шенбермен, шенберсіз де тігуге болады. Екі жағдайда да, инені өз жағына жүргізіп, қабып тігеді. Кестені шенберсіз тіккен кезде матаның керіліп қалмауын, тігіс ілмектерінің домалақ пішінде болуын бақылап отыру керек. Кестелейтін тігісті сынық сзызық түрінде тігуге болады. Осындай тігістің теріс жағында қабылған жерлер мен өң жағындағы ілмектер тігістің ортаңғы сзызығынан кезекпен, біресе сол, біресе он жакта орналасқан болады.



53-сурет. Кестелейтін тігіс.

Тігістің кесте тігу өнерінде колданылатын түрлерін тігу

Аспаптар мен тетіктер: үстел, орындық, тігілген ұлгілер, бір сыйырғы матаның бөлігі, ине, оймақ, қайши, сантиметр лента, технологиялық карта, әртүрлі жіптер жиынтығы.

1. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және санитария-гиена ережелерін қайталау.
2. Кесте тігуге керекті тігістер түрі көрсетілген технологиялық картаны жаю.
3. Өлшемдері 20x20 см бір сыйырғы матадан бір бөлек кесіп алу.
4. Мата бөлігіндегі шеткі қыықтардың жібін шамамен 0,5 – 1,0 см-ге сурып алу.
5. Мата бөлігінде кесте тігуге керекті сзықтар мен белгілерді белгілеп алу (мұнда таратылған тігіс ұлгілері тігіп койылған көрнекі құралдарға назар аударылады).
6. Технологиялық картаны пайдаланып, қайталайтын, су, ирек, ілме және кестелейтін тігістерді бірінен соң екіншісін тігу.

7. Тігістер тіккен кезде түрлі түстес жіптерді пайдалану.
8. Тігіс ұлғілерін аяқтап шыққан соң, матаның бөлігін әуелі теріс, кейін өң жағынан үтіктеу.
9. Дайын кестенің ұлгісін альбомға жапсыру.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

- 1: Кесте тігу өнерінде қолданылатын тігістердің қандай түрлерін білесің?
2. Практикалық жұмысқа арналған технологиялық картаны қалай жасайды?
3. Кесте тіккен кезде аспап-құралдарды неге пайдаланады?
4. Қайталайтын, су, ирек, ілме және кестелейтін тігістерді қалай тігеді?

Қықшаны пішу, әшекейлеу және тігу

Кесте тігу өнері Орта Азияда кеңінен таралған болып, әр жанұдағы әрбір әйел кесте тіге алатын болған. Сондықтан, кез келген жанұя өзі үшін алтыннан тігілген қабырға, түс кілем, суретті көрпе, кирпеч (таза іш киімдерді шаңнан арнайы қуыста жауып сақтауга арналған жапқыш), сюзане, дорпек (салмаға жайылған көйлектерді жабуға арналған) сюзанеге ұқсас жапқыш, перде, белбау, кішкене айнаға, шайға арналған қалталар, (жастықтың үстіне жабатын) кестеленбеген жалпақ такия, кестеленген такия, әмияи, жайнамаз, сөмкө, кеудеше, мәсі мен кебіс, әртүрлі қалталар мен дорбалар сияқты түрлі өлшемдегі бұйымдарды талғаммен маталарға көркемден тіккен.



54-сурет. Қықша-белбау.

Қықша-белбау – еркектер беліне байлап алатын орамал (54-сурет).

Белбау бізде өте көне замандардан бері пайдаланылып келеді. Түймелер әлі қолданылмаған заманда-ақ шопанның алдыңғы бой жағын жауып тұру үшін, оны белбаумен мықты ғып байлайтын болған. Кезі келгенде белбау намаз окуға арналған төсем, дастарқан, мандайға тарту, беторамал, түйіншек ретінде де қолданылған. Қықша-белбауларды суреті жок бір түсті бөзден, сәтеннен, селоннан (бір түсті тегіс астарлы кездеме), атлас пен тауарлы матадан тіккен. Белбау суреттерін ілме, жарма, су, бөртпе тігістермен тіккен, ал олардың өлшемдері түрлі түсті болған. Еркектер белбауды қазіргі күнде де өзбек халқының түрлі мереке-жындарында қолданады. Қықшаның өлшемі 110x110 см болады.


Қықшаны пішу және шынжырлы тігіспен тігу

Қықшаның әшекейлері, негізінен, шеткі 4 жағында орналасады. Мұнда алдымен әшекейдің суретін қықшага салып алады да, шынжырлы (ілмектелген) тігіспен матаның түсінен өзге түстес жіппен тігеді (55-сурет).

Аспаптар мен тетіктер: үстел, орындық, шынжыр тәрізді кесте тігетін тігіс үлгілері, өлшемдері 110x110 см бір сыйырғы матаңың бөлігі, оймақ, қайши, сантиметр лента, әртүрлі мулине жіптер, шеңбер.

1. Өлшемі 110x110 см бір сыйырғы мата бөлігінің қықтарын тігін машинасымен өндейді.

2. Белбаудың төрт жағынан ені бірдей жиек сзыылады. Белдаудағы суреттің әшекейі, негізінен, шеткі 4 бөлігінің жиегінде орналасқан болады. Жиектің ені тігілетін тігістің еніне сай келуі керек (55-сурет).



55-сурет. Қықшага арналған әшекей үлгілері.

3. Алдымен әшекейдің суретін қыықшаға түсіреді, белбауды шеңберге бөліп-жарып тартады да, шынжырлы тігіспен матаның түсінен өзге түсті жіппен тігеді. Бұл ретте мулине жіптерін екі қабат етіп қолдануға кеңес береміз.

4. Жиектен басқа, белбаудың 4 ұшына (жиектен ішкери) әшекей суретін түсіріп, оны тігуге болады.

5. Улгіні тігіп болған соң, белбауды әуелі теріс, кейін өз жағынан үтіктеиді.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қыықша-белбаудың қызметі қандай?
2. Қыықшаны тігу үшін қандай аспап-құралдар керек?
3. Қыықша үшін қандай матаны пайдаланған дұрыс?
4. Қыықшаны тігуде кесте тігуге керекті тігістің қандай түрі қолданылады?
5. Қыықшаға қосып тігілетін әшекейдің суретін матаға қалай түсіреді?
6. Қыықшаның тігіс сатыларын айт.

Ұлттық ойыншықты (қуыршақты) тігу технологиясы

Жұмсақ ойыншықтарды әртүрлі маталардан, соның ішінде мата қыықтарынан да тігуге болады. Осындағы ойыншықтарды безеген кезде әртүрлі жүн, былгары, поролон, ленталар пайдаланылады. Ойыншықтың көздері үшін түймелер мен моншақтар, ал аузы үшін – былгары мен клеенка қолданылады.

Қуыршақпен ойнап, қолына ине ұстай бастасымен көптеген қыздар қуыршақтарына арнап көйлек тігуді жақсы көреді. Жалпы білім беретін мектептердегі еңбекке үйрететін сабактарда қыздар қуыршаққа мата қыықтарынан көйлек тігуге үйренумен катар оны жасауға да үйренеді. Төменде ұсынылып отырған ұлттық әдіс бойынша жасалған қуыршақты тіккен кезде қарапайым

әдістер пайдаланылады (56-сурет).

Аталмыш қуыршақтың әуелі денесін әзірлейді. Бұл үшін тығыз тоқылған ақшыл түсті бір сыйдырғы матаны пайдаланады. Оның ішін синтелефонмен толтырады. Соныра, шаштарын қара түсті жіптен даярлап, жабыстырады немесе тігіп қояды. Қуыршақтың бетін кестемен белеуге болады. Дайын қуыршаққа арналған көйлекті атлас не адрастан (қолдан тоқылған жібек аралас әшекейлі кездемеден) тігуге болады. Бұл үшін дайын қуыршақтың өлшемдерін алып, көйлектің сызбасын салады. Көйлектің артқы бой жағында бел бөлігіне дейін бекітпелер болуы керек. Сонда қуыршаққа көйлек кигізуге онай болады. Көйлектің мойын ойындысын және етек бөлігін бүрмелеп өндейді.

Қуыршақты кестелеп тіккен кезде ондағы шалбардың төменг бөлігін жиектің орнына лента алып немесе кесте тігіп міндетт түрде өндейді.

Ал қуыршақтың шәркесін (кебіс) қара түсті матадан даярлайды. Мұнда шәркені берілген өлшемде тігіп, синтелефонмен толтырады да, қуыршақ аяқтарының ұшына тігіп қояды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар


1. Қуыршақты тігу үшін қандай материалдар керек?
2. Қуыршақтың қай бөлігін бірінші кезекте әзірлейді?
3. Қуыршақтың көйлегін қалайша тігеді?
4. Қуыршақтың шәркемен байланысты бөлігін қалай даярлайды?



56-сурет. Ұлттық қуыршақ.

Куыршактың пішімін даярлау, пішімді матаға жайластыру және пішу


Куыршақ тігісін оның пішімін пішуден бастайды. Куыршактың пішімі 57-суретте келтірілген. Бұл пішімді әзірлеу үшін суретте



57-сурет.

Куыршактың пішімі

көрсетілген пішімнің үстіне калағанша ұзындықтағы бір-біріне тен квадраттар (торлар) сызады. Сонда квадраттар неғұрлым ұсақ болса, пішімнің нүктелері соғұрлым анық көшіріледі, сондай-ақ контур көшірмесі де оңай сзылады. Миллиметровкаға немесе таза қағазға бұйымның көлеміне тұра келетін дұрыс төртбұрыш сзып, оны сзыбадағы квадраттар саны қанша болса, сонша квадраттарға бөледі (57-сурет). Егер куыршактың пішімі ұлғайтыла түсетін болса, бұл торлар нағыз көшірмеге торлардан үлкен болып шығады, ал егерде пішім кішірейе түсетін болса – кіші болып шығады. Осыдан кейін торлардағы нағыз көшірме ұлғисіндегі суреттің негізгі нүктелерін таза торға көшіреді. Осы нүктелерді бірқалыпты сзықпен абайлап бірлестіріп, пішімнің ұлғайтылған не кішірейтілген көшірмесін жасайды. Сурет нүктелерін оңай табу үшін сзылған тордың екі жағына олардың нөмірлерін жазады.



58-сурет. Көйлектің пішімі және оны матаға жайластыру

Жоғарыда айтылған жұмыстарды орындаған соң қуыршактың мынадай пішімдері пайда болады: 1. Денебітім бөлігі – 1 дана. 2. Куыршактың аяқтары – 2 дана. 3. Куыршактың қолдары – 2 дана. 4. Куыршактың шәркесі – 2 дана.

Аспаптар мен тетіктер: жұмсақ картон, ақшыл түсті (шәрке үшін қара түсті) бір сыйырғы матаның қыықтары, ине, матаның түсіне түстес бір катушка жіп, қайшы, оймак, сызғыш.

Жұмысты орындау тәртібі. Қуыршақтың бөлшектерін көрсетілген санында ақшыл түсті (шәрке үшін қара түсті) бір сыйырғы матадан пішіп алады да, оның денебітім бөлігін тігіп даярлайды. Қуыршақтың дene бөлігі дайын болған соң, көйлектің осындай өлшемі бар пішімін даярлайды. Оның пішімі, пішімнің матаға жайғастырылуы 58-суретте көрсетілген. Көйлектің пішімін де қуыршақтың денесін тіккендей даярлайды.

Қуыршақтың дene бөлігін былайша даярлайды:

1. Қуыршақ денебітімінің бас бөлігінде 3 см-лік 4 бүкпелерді (камтаулы тігістерді) матаның теріс жағынан белгілейді де тігеді.
2. Қуыршақтың алдыңғы бөлігінде өң жағынан қас, көз және ауыз орындарын белгілейді.
3. Қуыршақтың денебітім бөлшектерінің өңін теріс айналдырып, барша үш жағынан 0,5 см-лік тігіспен тігеді. Мойын бөлігінде аз ғана кендік (ашық жер) қалдырып, дene бөлігін теріс айналдырады да, ішін синтелефонмен яки мақтамен толтырады. Тігіс жерін көрінбейтін тігіспен тігіп қояды.
4. Қуыршақтың аяқтары мен қолдарын да өңін ішіне айналдыра 3 жағынан тігеді, ішін толтырып, дene бөлігіне қосып жібереді.
5. Қуыршақтың шәркесін екі бүтіп, табан бөлігін тігеді, ішін толтырып, аяқ ұштарына қосып жібереді.
6. Қуыршақтың бетіне кесте тігіп, оны безейді, шашын қара жілтен әзірлеп, басына тігіп, желімдеп қояды.

Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қуыршақтың денебітім бөлігі үшін қандай мата қыықтары керек?
2. Қуыршақтың дene бөлігі қандай бөлшектерден түзіледі?

3. Эрбір бөлшекті қалай атайды және қалай пішеді?

4. Қырышактың дене бөлігін қандай сатылар бойынша тігеді?

Бөліктерді өндеу. Қырышакты тігу

Аспаптар мен тетіктер: жұмсақ картон, ақшыл түсті (шәрке үшін қара түсті) бір сыдырғы матаның қыықтары, ине, матаның түсіне түстес бір катушка жіп, қайшы, оймақ, сызғыш, ұсақ түреуіштер.

Жұмысты орындау тәртібі. Қырышак пішімін 58-сурете көрсетілген сызба бойынша даярлайды (осының алдындағы тақырыптарға қараныздар). Онда мынадай пішімдер мен бөлшектер жасалады:

1. Көйлектің алғы бөлігі – 1 дана.

2. Көйлектің артқы бөлігі – 2 дана.


3. Көйлектің жағасына және женінің етек бөлігіне арналған бүрмесі 45° градуста 4 см көлденен пішіледі.

4. Шалбар – 2 дана.

Көйлектің тігісі былайша іске асырылады (59-сурет):

– тігіске тиесілі жерді көйлектің артқы бөлігінің ортағы сзығында жармалап шығады да, өнін теріс айналдырып, кендікке шейін 0,5 см көлдененен тігіп шығады, тігіске сақталған жерді үтіктеуді (59-сурет, а);

– артқы және алғы бөліктегі бір-біріне қаратып, иық пен бүйір жақ бөліктегін бойлап 0,5 см тігіспен тігеді де, тігіске тиесілі жерді жармалап қояды әрі үтіктеуді (59-сурет, ә);



59-сурет. Көйлектің бөлшектерін өндеу.

- әуелі мойынға және етек бөлігіне арналған бүрмелерді даярлап, соныра қосады (фартукты тігу туралы тақырыпқа караныздар) (59-сурет, б);
 - көйлектің етек бөлігін бүгеді (59-сурет, в);
 - шалбар бөлшектерін екіге бөліп, көлденеңінен ұзындығы 0,5 тігіспен тігеді де, тігіске тиесілі жерді үтіктейді;
 - шалбардың 2 бөлігінің өнін теріс айналдырып, көлденеңінен ұзындығы 0,5 тігіспен тігеді де, тігіске тиесілі жерді үтіктейді;
 - шалбардың бел және етек бөліктерін бүгіп тігеді және үтіктейді.

Пысықтау үшін сұралтар мен тапсырмалар

1. Куыршақтың көйлегі қандай бөлшектерден құралады?
2. Көйлек тігісін қандай бөлшектен бастайды?
3. Әрбір тігісті неге үтіктейді?
4. Көйлектің бүйір және етек жақ тігістерін тігу әдістерін айт.
5. Шалбар тігудің сатылары туралы мәлімет бер.

Куыршақтың киімін соңғы рет өндіеу

Куыршақтың көйлегі дайын болған соң, оны соңғы рет өндійді. Көйлекті әртүрлі жіптерден тазалайды. Көйлектің артқы бойы бөлігінің ортанғы сзызығындағы түйме ілгегін өндейді, яғни жіп пен инені пайдаланып, бос 2 сақинаны кеңдік бойынша артқы бөліктің бір жағына тігеді де, сақиналарға мөлшерленген түймелерді артқы бөлігінің екінші жағына көктеп қусырады. Көйлекті қуыршақтың денесіне кигізеді.

Шалбардың бел бөлігіне лента қосылады, төменгі бөлігіне жиектің орнына суретті лентаны тігіп қояды. Жіптерді кесіп алғып, шалбарды қуыршаққа кигізеді.

Куыршақтың шашын өріп, оның басына төртбұрыш я домалак пішінді тақия кигізуге немесе орамал тартуға да болады.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Куыршақтың көйлегін ақырғы рет қай тәртіппен өндейді?
2. Шалбарды соңғы өндеу сатыларын айт.
3. Куыршаққа арналған тақияны қалай дайындауға болады?


Іліптоқу туралы мағлұмат. Тігіс түрлерін іліптоқу

Іліптоқу үшін табиғи, атап айтқанда: жұн, мақта, жібек және жасанды талшықты жіптер пайдаланылады. Мақтадан иірүлі жіптер, өнделмеген жіптерден тоқылған бұйымдар тез септінуге бейімді, олардың созылғыштығы нашар болады. Сондыктан осындағы жіптерге синтетикалық жіптер қосып, тіккен кезде жақсы нәтиже шығады.

Қолмен іліптоқу барысын спицамен қатар ілмектің жәрдемімен де орындауға болады (60-сурет, а). Сонда ілмекті ұстап тұрып, оның ұшын өрменің арасына енгізеді де, шүйкеден келе жаткан жіпті осы өрме арасынан тартып алады. Сөйтіп бос сақина пайда болады (60-сурет, ә).

Жоғарыда айтылған тәртіп бойынша тізбектеп келетін бос сақиналар шынжыр деп аталады және тоқымалы матаның негізін – бастапқы тігісін құрастырады (60-сурет, б және в).

Шала ұстыншаны іліптоқу үшін 20 сақинадан тұратын шынжырды іліптоқиды. Ең соңғы бірінші сақинаны қалдырып, ілмектің ұшын одан кейінгі екінші сақинаның арасына кіргізеде-



60-сурет. Шала ұстыншаны іліптоқу тәсілдері.


де, шүйкеден келе жатқан үшінші жіпті ілмектің ұшымен іліп алып, осы аралықтан және бірінші сақина арасынан тартып шығарады. Ілмекте жаңа бір сақина пайда болады. Ілмектің ұшын тағы да кейінгі үшінші сақинаның арасына кіргізіп, жұмыс жібін осы және ілмектегі сақиналар арасынан тартады және т.с.с (60-сурет, г).

Алғашқы сақинасыз (пәс) ұстыншаны іліптоқу үшін 20 бос сақинадан тұратын шынжырды тоқып алады. Ілмектің ұшын шынжырдағы үшінші сақинаның арасына кіргізіп, шүйкедегі жұмыс жібін іліп алады да, осы сақина аралығынан тартып шығарады. Ілмекте екі қатарлы сақина пайда болады. Жұмыс жібін тағы да ілмектің ұшымен іліп алып, ілмектегі сақиналардың арасынан тартып алады. Кезектегі сақиналар да дәл осылай орындалады.

Әрбір шынжырдан бір ұстынша іліптоқуға болады. Тігістің аяғында жиекті сақина тоқиды да, іс аударылады және солайша тоқу одан әрі жалғасады.

Жаңа тігісті іліптоқу үшін, алдымен ілмектің ұшын алдыңғы тігіс сақинасының арасына емес, оның негізіне кіргізіп, жұмыс жібін іліп алады да, осы аралықтан жаңа сақинаны тартып шығарады, соңыра жұмыс жібін тағы да ілмектің ұшымен іліп алып, ілмектегі екі сақинаның арасынан тартып шығарады және т.с.с (61-сурет).

Жаңа тігістердің әрқайсысын іліптоқыған кезде сақиналар санын тексеріп отыру, яғни әрбір шынжырдың үстіне бір-бірлеп жаңа сақина тура келудің қажеттігін бақылап отыру керек.



61-сурет. Алғашқы сақинасыз (пәс) ұстыншалар.

Ондай болмаған жағдайда, сақиналар саны өзгеріп, матаның көлденеңінен өзгергені, жұмыстың тегіс болып шықпағаны байқалады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ілмектің жәрдемімен қандай бұйымдарды іліптоқуға болады?
2. Сақина қалайша пайда болады?
3. Шала ұстыншаны қалай іліптоқиды?
4. Алғашқы сақинасыз ұстыншаларды қалай іліптоқиды?

Көзілдірік қабын іліптоқу

Көзілдірік қабын іліптоқу үшін жұн, мақта, жібек және жасанды жіптер мен нөмірі 2-3 ілмектерді пайдалануға болады.

Аспаптар мен тетіктер: 50 г жұн талшықты жіп, нөмірі 2-3 болған ілмектер.

Жұмысты орындау тәртібі. 1. 16 бос сақинадан тұратын шынжырды іліптоқу.

2. Екінші қатарда алғашқы сақинасыз ұстыншаларды іліптоқу.
3. Қатардың аяғына жеткенде жұмысты қарсы бетке бүрмай, бірінші тоқылған шынжыр төңірегінде айналдырып, алғашқы сақинасыз ұстыншалармен іліп тоқу.

4. Сөйтіп көзілдірік қабын, оның ұзындығына бейімдеп, шеңбер түрінде ұзына бойы 15-18 см іліптоқиды (көзілдіріктің ұзындығына қарай).

5. Қаптың кіріс бөлігіне қакпағын қосып тоқу үшін, қаптың домалақ бөлігінің жартысын конус пішінінде тоқып аяқтайды, яғни 16 сақинаны әр қатарға екі-екіден азайтып келеді.

6. Жұмыстың аяғында қаптың қакпағы жабулы болуы үшін, 10 шынжырды тоқып, ілгекті жөрмейді.



62-сурет.
Көзілдірік қабын.

7. Ілмекті пайдаланып, көзілдірік қабының екінші жағына түйме тоқып қосуға немесе әшекей ретінде жіптің түсіне түстес түйме тігіп қоюға болады (62-сурет).

8. Көзілдірік қабын мықтырақ ету үшін, дайын қаптың ішіне көлдененеңін және көзілдіріктің ұзындығына бейімдеп, жұмсақ картон салуға болады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көзілдіріктің қабын іліптоқу үшін қандай аспаптар мен тетіктер керек?

2. Көзілдіріктің қабын іліптоқуды неден бастайды?

3. Көзілдіріктің қабын іліптоқу сатыларын айт.

2.5. БҮЙЫМДАРДЫ ЖӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ


Практикалық жаттығу. Тігісі сөгіліп кеткен бүйымдарды тігу

Киімдерді жөндеген кезде жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру керек. Жұмыс орны орындалатын жұмыска қарай дайындалады. Осы орындалатын жұмыстар құрамын қолмен тігу, түйме қадау, шимекті тігу әрі жөрмеу, киімнің сөгіліп кеткен тігістерін тігіп кою құрастыруы мүмкін. Осы жұмыстарға үстел мен орындық, тігін машинасы, үтік, жұмыс қобдишасын, басқа да керекті аспаптарды әзірлейді. Жарық жұмыс орнына жақсы түсірілуі керек.


Кейде киімнің тігісі сөгіліп кетеді. Кенет істелген іс-әрекет, басылған қадам, киім тіккен жіптердің сапасыздығы салдарынан тігістер сөгіліп кетеді.

Киімнің сөгіліп кеткен жерін тігу қолмен немесе машинамен іске асырылады. Бұл үшін матаның түсіне түстес катушка түріндегі жіп пен ине керек болады. Ине матаның қалындығына лайық болуы керек.

Практикалық жұмыс: тігісі сөгіліп кеткен бүйымдарды тігу.



63-сурет.
Сөгіліп кеткен тігісті тігу.



64-сурет.
Жыртылған тігісті тігу.

Аспаптар мен тетіктер: жұмыс қобдишасы, бір катушка жіп, ине. Жұмыс мынадай тәртіппен орындалады (63-сурет):

1. Тігісі сөгіліп кеткен жердегі жіптерді суырып алып, оны үтіктейді (63-сурет, а).

2. Матаның тігісі сөгіліп кеткен жерін түйреуіш түйрейді де, қолмен көктеп шығады (63-сурет, ә).

3. Матаның тігісі сөгіліп кеткен жерін қолмен қайталайтын тігіспен машиналы тігіс қатарында тігеді (63-сурет, б).

4. Көктелген жіптерді суырып алды да, тігісті үтіктейді.

5. Орындалған жұмыстың сапасын, яғни қолмен қабылған жердің ірілігін, машиналы тігіс қатарына тұра келуін, тігістің тегіс тігілгенін тексереді.

Практикалық жұмыс: жамау салу.

Аспаптар мен тетіктер: Жұмыс қобдишасы, бір катушка жіп, ине. Жұмыс мынадай тәртіппен орындалады:

1. Матаның жыртылған жерінің өнін ішіне айналдырып, қықтарын бір-біріне туралап, екіге бүктейді. Жыртылған жерге түйреуіш түйреп, қолмен көктеп тігеді (64-сурет, а).

2. Жыртылған қықты майда жарма тігіспен қолмен тігіп шығады (64-сурет, ә).

3. Көктелген жіптерді суырып алды да, тігісті үтіктейді.

4. Орындалған жұмыстың сапасын тексереді.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Киімдердің тігісі не себебтен сөгіліп кетеді?
2. Сөгілген тігісті тіккенде тігістің қандай түрлері қолданылады?
3. Жыртылған тігісті тіккенде тігістің қандай түрлері қолданылады?
4. Тігісі сөгіліп кеткен жерді тігу барысы қандай сатылардан тұрады?

III бағыт

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

1-ТАРАУ. ӨСІМДІКТАНУ

1.1. ЖАЛПЫ ТУСІНІКТЕР

Біздін Отанымызда фермерлік шаруашылықтарды дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Олардың халықты азық-тулік өнімдерімен қамтамасыз етудегі маңызы өте зор.

Ауыл шаруашылық өнімдерін көптеп жетістіріп, олардың сапасын жақсарту үшін материалдық-техникалық базаны нығайту, егер шаруашылығы мәдениетін жақсарту, мал шаруашылығын кешенді түрде механизацияландыру, жердің мелиоративтік жағдайын, жер суландыратын жұмыстарды жақсарту, техникины, минералды және органикалық тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, тұқым шаруашылығы бойынша істерді жақсарту керек болады.

Озбекстанда, жалпы айтқанда, мақта, астық, картоп, жемісжидек, көкөніс сияқты дақылдар өсіріледі, олардың астық өнімділігі тұрақты артуда. Егер дақылдарының мол түсімді сұрыптары, малдардың жана тұқымы шығарылуда.

Аймақтарда өсірілетін дақылдардың түрі және олардың маңызы

Озбекстан аймақтарында егілетін ауыл шаруашылық дақылдарының түрі белгілі бір аймақтың аяғы райы жағдайлары, осы жерде жасайтын халықтың дәстүрлі тұрмыс салты сияқты азтышарттармен белгіленеді.

Мәселен, Республиканың солтүстік аймақтары – Каракалпақстан Республикасы мен Хорезм облысында күріш макта өсіріледі. Таңкент облысында, негізінен, көкөністер

мен жемістер, мақта, оның кейбір аудандарында күріншілік өсіріледі. Ферғана облысында бағбаншылық, мақта мен астың шаруашылығы жақсы жолға қойылған. Самарқант, Қашқадария Сұрхандария мен Жызақ облыстары негізінен дәнді дақылдарды бақша өнімдерін жетілдіреді.



1-сурет. Көкөністер.



2-сурет. Дәнді дақылдар:
1-а, ә - бидайдың жұмсақ сұрыптары; 1- б, в - бидайдың қатты сұрыптары; 2- а, ә - арпаның сұрыптары; 3- карабидай; 4 - сұлы; 5- а, ә - күріш сұрыптары; 6 - тары.

Еліміздің негізгі аймақтарында суармалы егіншілік дамыған. Жеміс суға толы, ал жұмсағы тамаққа салынатын бір жылдық және көпжылдық шөпті өсімдіктер көкөніс деп аталады (1-сурет). Олардың тамырын, өзегі мен сабағын, түйнегі мен баданасын, гүлі мен жемісін тұтынуға болады. Көкөністер ішінде өмір сүрге қажетті көптеген нәрлі заттар мен дәрумендер бар. Сондықтан көкөністер ежелден тамақ пісіруде қолданылады.

Сәбіз, қызылша, шалғам, қырыққабат сияқты көкөністердің өнімін күзде жинап алады.

Дәнді дақылдар, негізінен тағамдық өсімдік саналады, олардан әртүрлі сапалы да тойымды тамактар әзірлейді (2-сурет). Олардың құрамында адам өмірі үшін қажетті көмірсулар, майлар, белоктар және баска да органикалық қоспалар бар. Сонымен катар, дәнді дақылдар мал шаруашылығында жем-пішен ретінде де кеңінен пайдаланылады.

Ақ және жасыл бұршак, лобия, соя және басқалар бұршак дәнді тұқымдастарға жатады. *Дәнниң*

сабағы мен жапырактарының құрамында көп (20–30 пайыз) мөлшердегі белоктармен бұл өсімдіктер ерекшеленеді. Бұдан тыс, олар жерді азотпен байытады.

Майлы дақылдар қатарына күнжіт, күнбағыс, жержаңғақ сияқтылар кіреді. Бұл өсімдіктер тамырының құрамында 15–60 пайызға жуық май болады. Олардан шайқалған майдан олифа, маргарин, сабын мен басқа да өнімдер ажыратып алынады. Олардың күнжарасы малдарға арналған құнды азық ретінде, ал егіндерге арналған табиғи тыңайтқыш ретінде пайдаланылады.

Талшықты дақылдарды тұқымынан талшық шығарып алатын (қоза), паясынан талшық ажыратып алатын (кенеп, зығыр), жапырағынан талшық шығаратын (зығыр) сынды топтарға бөлуге болады.

Мәдени өсімдіктерді негізінен, қолдан суарылмайтын және суарылатын жерлерде өсіреді. Егіс көлемін жетістірілетін дақылдың қасиеттеріне карай таңдап алады. Қолдан суарылмаған жерде, негізінен, бидай, қарбыз, қауын, маш, жүгері сияқты дақылдарды өсіреді.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Көкөніс дақылдарға қандай дақылдар жатады?
2. Дәнді дақылдарды неге өсіреді?
3. Бұршак тұқымдас өсімдіктер тобына қандай өсімдіктер кіреді?
4. Сенің аумағында өсірілетін негізгі дақылдар түрін санап шық.

Өнімді жылышайларда өсіру

Халқымыздың жаңа піскен өнімдерге деген сұранысын жыл бойы қанағаттандыру мақсатында өсімдіктерді жылышайларда өсіріп, жетілдіреді. Жылышайлардағы көкөністерді екі әдіспен: жылышайдың тікелей ішінде және үсті полиэтилен таспамен жабылған жерде өсіреді.

Соңғы жылдары республикадағы жылышайларда лимон, кияр, кызынақ, помидор, қырыққабат және әртүрлі жасыл көктер жетістірілуде. Бұл халқымызды жаңа піскен ауыл шаруашылық



3-сурет. Кекөністі пленка астында өсіру.

өнімдерімен уақытылы қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Кекөністерді пленка астында өсіру. Егісті пленка астына еgetін жерлер онтүстік жаққа кия түсетін болса, олар көктемде қызыда, тұқымдарды яки көшеттерді дер кезінде әрі қысқа уақытта отырғызуға мүмкіндік береді (3-сурет). Бұл үшін жерді күзде жыртып, тырмалайды, дақылдың түріне қарай

атыз (борозда) салады. Жердегі қардың ерісімен ақпан-наурыз айларында атыздың үстін полиэтилен таспамен жабады, бұл топырактың жылуына жәрдем береді. Ол үшін диаметрі 4–6 мм, ұзындығы 90–100 см келетін сымдарды орақ тәрізді пішінге иеді, ал көшеттеуге тиісті бороздаларды ортасында қалдырып, сымның екі ұшын жерге қадайды. Иілген сымдар аралығы 100 см болады, оларды бір-бірімен кенеп жіппен бірлестіреді, сондай-ақ олардың екі ұшын өте қатты тартып, атыздардың басты және етек жағына қағылған қазықтарға байлап қояды. Таспамен жабылған атыздардың топырағы 8–10 күн қызыда да, сол жерге даламен салыстырып қарағанда 1–2 ай бұрынырақ тұқым себуге немесе көшет отырғызуға болады.

Жылыжайлар – бұл арнайы шыныланған немесе пленкамен жабылған құрылымдар, онда өсімдіктерді жылулық көздерін пайдалана отырып өсіреді (4-сурет). Сол жердің топырағы корғалған болып, ондағы өсімдіктерді жылдың әр маусымында да өсіруге болады. Қысқы, көктемгі, жазғы жылыжайлар да болады. Онда өсімдіктерді жетілдіру үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік бар. Мұндағы ауа мен топырактың температурасы



4-сурет. Жылыжай.

басқарылады. Өсімдіктер уақытылы суарылады және тыңайтылады.

Жылышайлар, жалпы алғанда, қырыққабат, қызанақ және басқа да көкөністер, гүлдер өсіруге арналған. Сондай-ақ жылышайларда көшет жетістірумен де айналысуға болады.

Жылышайды егіске даярлау:

1. Көнді алдын ала әзірленген шұнқырға қалындығын 30-35 см біркелкі етіп салып, жақсылап басып сығады.
2. Тыңайтыштың температурасын термометр арқылы тексеріп отырады. Егер бұл температура шамамен 45°C болса, демек, оған топырақ салуға болады.
3. Егер жылышайлар сумен жылтыллатын болса, онда әуелі құбырларды тексеріп шығады.
4. Әзірленген топырақты електен өткізеді.
5. Дайын жылышайға 15-20 см қалындықта топырақ салады. Топырақтың үстін тырнауышпен тегістейді.
6. Жылышайдың рамасы мен топырақ бетінің арасындағы биіктікті сынғышпен анықтайды. Өсімдіктің түріне қарай бұл биіктік 10-15 см болуы мүмкін.
7. Жылышайдағы топырақтың жақсы жылнынуы үшін оны қалың матамен жабу керек.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Көкөністердің қандай түрін пленка астында өсіреді?
2. Жылышайлардағы өсімдіктерді күту ережелерін айт.

1.2. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ

Ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру техникасы мен технологиясы

Казіргі заманғы ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы негізгі ауыл шаруашылық жұмыстары механизацияландырылған.

Республикамыздағы ауыл шаруашылықтарында трактор, комбай және басқа да техника пайдаланылады.

«Техника» сөзі бірнеше мағынада қолданылады. Біз оның материалдық байлық жасау үшін қолданылатын еңбек құралдар мен осы амалдардың кешені ретінде білеміз. Сонымен бірге бұл сөз адам қызметіндегі амалдардың бағытын, оның қызметін іске асыру әдістерін де білдіреді. Осындай құралдар құрамына машиналарды, механикалық еңбек құралдарын, әртүрлі құрылғыларды енгізуге болады.

Ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықтары өсімдіктерді өндеде орындалатын жұмыстарға қарай, мынадай негізгі топтарға бөлінеді: жерді баптау, тыңайтқыш себу тұқымдар себу мен ауыл шаруашылық өсімдіктерін отырғызу, өсімдіктерді күту, өнімді жинау және өнімді алғашқы өндеде үшін қолданылатын техникалар.

Жерді баптайтын машиналар мен жабдықтар құрамына соки, борона, қопсытқыш (культиватор) және т.б. енгізуге болады.

Тыңайтқыш себу үшін топыракты қатты әрі сүйік органикалық тыңайтқыштармен тыңайтатын құрылғылар пайдаланылады. Ауыл шаруашылық дақылдарының тұқымдық дәнін себу тұқым сепкіштің (селялка) жәрдемімен, ал көшеттерін отырғызу – өсімдік отырғызатын машиналардың жәрдемімен жүзеге асырылады.

Өсімдіктерді қопсытқыштар, тозандатқыш пен бүріккіш машиналар жәрдемімен бапташ күтеді.

Ауыл шаруашылық өсімдіктерін оратын машиналар комбайндар жәрдемімен орып алады.

Жинал алынған өнімдерді алғашқы өндеу үшін дән тазартқыш, ұсатқыш және басқа да машиналар пайдаланылады.

Ауыл шаруашылық өндірісінің бағбаншылық, шаруашылығы, егіншілік пен басқа да салаларында әртүрлі жұмыстарды орындаитын өте көп техника қолданылады.

Міне, осындай машиналарда ауқымды жұмыстарды орындаудың алатын механизаторлар істейді. Олар ауыл шаруашылық

техникасын, ауыл шаруашылық өсімдіктерін өсіру және үй малдарын бағу шарттарын білуге тиіс.

Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өсімдіктер күтімінің әдістерін және агротехникасының құрамдас бөлшектерін айт.
2. Ауыл шаруашылық машиналары қандай топтарға бөлінеді?
3. Өсімдіктерді қандай машиналар жәрдемімен бапташ күтеді?

Ауыл шаруашылығындағы мақта өсіру технологиясы және барысы

Шиіттің өне бастасымен жаңа тұқым пайда болғанша коза өсүдің белгілі сатыларын басып өтеді (5-6-суреттер). Қозаның өсу және даму барысында негізгі 5 саты ерекшеленеді:

1. Өсіп-өну.
2. Бүршік ату (шығару).
3. Түйіндеу.
4. Гүлдеу.
5. Пісіп жетілу.


Өсіп-өну. Шиіттің өсіп-өнуі үшін топырактың температурасы 10–12°C-тан темен болмауы керек. Егер топырактың температурасы 20–25°C аралықта болса, шиіттің өнуі жеделдейді. Шиіттің өне бастасымен көктей бастаған жас өскіндердің жердің бетіне шығуы жылулық

температураның қарай әртүрлі іске асырылады: бұған тұрақты 15°C-та 19–20 күн, 20°C-та – 8 күн, 25°C-та – 4 күн керек болады. Шиіт белгіленген мерзімінен ертерек немесе кешірек етілсе де, өнуден бастап көгере түскенге дейінгі кезең ішінде гауліктік орташа температура мөлшері 15°C болу керек.

Шиіт жердің бетін жарып, пәлек шығысымен бүршік ату сатысы басталады. Шиіттің 50 пайыздан астамының өнгіштігі



5-сурет. Қозаның гүлдеуі мен өнімі.



6-сурет. Қозаның өсу сатылары: 1 – өсіп-өну; 2 – бүршік ату; 3 – түйіндеу; 4 – ғулдеу; 5 – пісіп жетілу.

температурадағы бүршіктің 4 күннен кейін шығуы анықталды. Егер ауаның температурасы жоғары және топырақтың ылғалдығы жеткілікті дәрежеде болса, бүршіктер тез пайда болады. Әдетте, бірінші бүршік шыққаннан кейінгі 8-12 күн ішінде екінші бүршік пайда болады, ал келесі бүршіктер олардың алдындағы бүршіктерден 3-5 күннен кейін шыға бастайды.

Түйіндеу. Қозада 7-8 бүршік шыққан соң, 5-6 бүршіктің жағынан өнім беретін түйнек көрінеді. Тәжірибелердің көрсетуі бойынша, тәуліктің орташа температура мөлшері 20°C болғанда, бірінші бүршіктің шыққан күнінен түйіндеуге дейінгі кезең 30-36 күнге, ал 25-56°C болғанда – 22-24 күнге дәл келеді. Өнім беретін бұтақшада пайда болған түйнектер кішкене, 3-5 мм көлемді, пирамида тәріздес пішінді болып, оларды айналдыра 3 бөбежапырақ қоршап тұрады. Жеміс беретін бұтақшадағы түйнек тостағанша ішіндегі бүршіктерден пайда

оның толық өнгіштік сатысы деп аталады. Шиіт өсіп, өне бастағанда тұқымдық дән, негізінен, пәлектегі құнарлы заттар қорының есебіне өседі. Егер топырақтың температурасы мен ылғалдығы, сондай-ақ ондағы ауа жеткілікті дәрежеде болса, шиіт 5-8 күн ішінде өніп шығады.

Бүршік ату. Шиіт өніп, жердің бетіне шыққан соң, белгілі бір уақыттан кейін қозада бірінші бүршік шығады. Егер бірінші қалыпты егіс уақытындағы температураның тәуліктік орташа мөлшері 15-16°C болса, шиіт өніп шыққаннан кейін орта есеппен 8-9 күн ішінде бірінші бүршіктің шығуы байқалады. 25°C

болады. Өсімдіктің өсу және даму барысында жеміс беретін бір бұтақшасында бірнеше түйіндер пайда болуы мүмкін.

Гүлдеу. Қалыпты өскен жағдайларда қозада 9–11 жеміс беретін бұтақша пайда болады, кейін жеміс беретін бірінші бұтақшаның бірінші тостағаншасындағы бірінші түйнек ашылады да, гүлдеу фазасы басталады. Гүлдеу фазасының басталуы үшін тәуліктік орташа температура мөлшері шамамен 19–20°C болу керек. Коза бұтасында түйнектер пайда болғаннан кейін, гүлдер төменгі бұтақшалардан бастап ашыла бастайды. Ал әрбір бұтақшадағы гүлдер пая жағынан бұтақшаның ұшына қарай біртіндеп рет-ретімен ашылады. Гүлдердің паяның ұшына қарайғы ашылуы орта есеппен 2–3 күн ішінде, ал бір бұтақшаның өзіндегі бір гүлдің ашылуы мен екінші гүлдің ашылуы 5–7 күн аралықта болады.

Өзбекстан жағдайларында қоза маусым айында гүлдей бастайды да, бұл процесс өсу кезеңі аяқталғанша созылады. Мақтаның орта талшықты сұрыптары гүлі ақшыл сары және қызыл түске, күннің екінші жартысында – қызыл және күлгін түске енеді. Қозаның жіңішке талшықты сұрыптары таңертен сары, кешкүрим қоңыр сары түсті болады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қозаның даму фазаларын санап шық.
2. Шиіт қандай температурада өніп шығады?

Ауыл шаруашылығындағы картоп өсіру технологиясы мен барысы

Картоп – күнды азық-түлік дақыл, оның құрамында 20 пайыз крахмал, 2 пайыз белок пен минералды тұздар бар. Бұдан басқа, картоптың түйнектерінде С (аскорбин қышқылы), В (тиамин), В₂ (рибофлавин), В₆ (пирдоқсин) дәрумендері бар.

Агротехникалық шараларды уақытылы және дұрыс жүргізгенде бір гектар жерден 200–250 және одан да көп центнер өнім алуға болады.



7-сурет. Картоптың паясы мен тамыр жемісі.

топырақтың кұрамында органикалық тыңайтқыштар болады. Соңдай-ақ олар аз қызыиды. Сонымен бірге тың жер мен басқа да түрдегі топырақ та картопты өсіру үшін жарамды. Картопты түрлі көкөніспен ауыстырып егеді. Қырыққабат, кияр, бакша, тамыр жемісті және бұршақ тұқымдас дақылдар картоптың тегі болып саналады. Кеш пісетін картопты көкөністен, масакты дәнді дақылдардан, сурлемге (силос) арналған дақыл – жүгеріден босаған жерге егуге болады.

Тыңайтқыш салу. Картоп – көктемгі тыңайтуға сезімталған дақыл. Азот паяның өсуін күшейтіп, астық өнімділігін асырады. Жергілікті жағдайда картоп азотты және фосфорлы тыңайтқыштарды талап етеді. Бұл дақыл, әсіресе минералды тыңайтқыштарға сезімтал. Органикалық заттары аз топыраққа егілген картоп тыңайтқыш талғағыш дақыл болып табылады.

Органикалық және минералды тыңайтқыштарды пайдалану жаксы нәтиже береді.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

- Картоптың кұрамында қандай заттар бар?

2. Кеш пісетін картопты қай жерге егеді?
3. Картопты тыңайту туралы мәлімет бер.

Ауыл шаруашылығындағы астықты жетістіру технологиясы мен барысы

Дәнді дақылдар да маңызы зор тағамдық дақылдар болып табылады. Дәнді дақылдардан әзірленген азық-тұлік өнімдері дәмді, тойымды, жақсы қорытылатын болады. Дәнді дақылдар кұрамында ағза үшін қажетті өте көп мөлшерде В₁, В₂, РР дәрумендер, кальций, темір мен фосфор бар.

Дәнді дақылдарды біз бидайды өсіру мысалымен үйренеміз. Астық тұқымдастардың тамыры шашақ тәрізді болып, қосымша тамырлар жиынтығынан құралады. Олардың цилиндр тәріздес паясы тік өседі, буындарға бөлінген болады. Құлтелері қарапайым, буындарда екі қатар болып орналасады. Құлтенің кұрамы екі бөліктен: паяны қоршап алған төменгі бөлігі – жапырактың қынынан және қайырулы не біз тәрізді пішінді құлте жапырағынан тұрады. Масактар ішінде орналасқан гүлдері масақ, өңсіз де көгілдір. Ал масақтары өз кезегінде құрама масақ, собық, айрауық сияқты гүлшоғырға жиналған.

Күздік бидай жылулыққа және құрғақшылыққа төзімді болады. Ол топырактағы суды аз-аздан сініріп, өсу кезеңінің басы мен аяғында су талап етеді. Дәнді дақылдар температуралың түрлі мөлшерінде өніп шығады. Бидай, қарабидай, арпа мен сұлы дәндерінің өнуі үшін температура мөлшері 1–2°C, масақ шығару үшін – кемінде 4–5°C болуы керек.

Дәнді дақылдар тұзды топыракта жақсы өнім бермейді. Бидай етегін жердегі қарашірік (гумус) мөлшері 2–2,5 пайыздан кем болмауы керек.

Өзбекстанда қазіргі уақытта негізгі екі дақыл егіліп, бұлардың тұркайсысы бір-біріне негізгі тек тұқымдас болып табылады. Күздік бидайға арнап суарылатын егістіктерде егілетін негізгі дақыл – бұл қоза. Топырактың кұрамында қозадан кейін сіңбей

қалған минералды тыңайтқыштарды бидай біршама жақсы сіндіреді.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Астықтың өнуі үшін топырақтың температурасы қандай болу керек?
2. Бидай тұқымдастардың тамыры қандай болады?

Ауыл шаруашылығындағы бақша дақылдарын өсірудің технологиясы мен барысы

Бақша дақылдары құрамына қауын, қарбыз, аскабақ кіреді. Қарбыз бен қауынды жаңа үзілген күйінде де, қайта өндеуден кейін де тұтынуға болады. Қайта өнделген өнімдерге мысал ретінде шинді, қауын қағын, тұздалған қарбызды келтіруге болады. Қарбыздың құрамында орта есеппен 10–12 пайыз құргақ зат, соның ішінде 6–11 пайыз қант, 0,5 пайыз белоктар мен біріктіретін ұлпа, 0,1 пайыз май, 0,3 пайыз күл болады. Оның A₁, B₁, B₂, РР және басқа да дәрумендерге бай құрамында жеткілікті дәрежеде темір, кальций тұздары, калий, магний мен күкірт сияқты заттар бар (8-сурет).



8-сурет.

Қарбызды өсіру.

Қарбыз, қауын, аскабактың күлтелері қарапайым, пісте тәрізді және күлгін жасыл тұсті, ұзындығы 8–23 см болады. Олардың ақ тамыры топырақ ішіне бір-екі және одан да көп метр терең кіре түседі.

Бақша дақылдарының тұқымы тез өніп шығады, даму барысы тез жүреді. Ая температурасы қолайлы, топырак ылғалдығы жеткілікті болғанда,

олардың тұқымдық дәні 3–4 күн ішінде өне бастап, тұқым сепкеннен кейін 8–10 күн өткесін өскіндер өніп шығады. Бақша дақылдарын бір танапта үздіксіз немесе жиі-жиі еге беру ауруларды қоздырады да, өнімділікті төмендетеді. Шымды жер бақша дақылдары үшін ең жақсы егістік көлем болып табылады. Ал ауыспалы егу жағдайында оны қырыққабат пен сәбіздің орнына еккен жөн. Бақша дақылдары жүгері мен сұлының орнында да жақсы өніп өседі. Бақша дақылдарын жеңіл құмды



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар


1. Бақша дақылдарының түрін санап шық.
2. Бақша дақылдары неше жылдық өсімдіктер?

Топырақ құнарлылығын және егін өнімділігін арттырудагы тыңайтқыштардың маңызы және түрлері

Топырақтың құнарлылығын арттыру үшін, егістік жерден мол әрі сапалы өнім алу үшін топыраққа тыңайтқыш қосады. Тыңайтқыштар жергілікті және минералды тыңайтқыштар деген топтарға бөлінеді.

Көң, шымтезек (торф), қарашірік, өсімдіктер мен жәндіктердің қалдықтары жергілікті тыңайтқыштарға мысал болады. Олардың құрамында өсімдіктердің өмір сүруіне қажетті барша құнарлы заттар бар болғандықтан, олар өте пайдалы болып саналады. Минералды тыңайтқыштар фосфорлы, калий, азотты тыңайтқаштарға бөлініп, оларды химиялық зауыттарда өндіреді. Азот пен калий тыңайтқыштар суда жақсы ериді, сондықтан оларды жерге егіс егуден бұрын немесе жазғы құнарландыру кезінде қосады. Азот өсімдіктің және ондағы пая құлтelerінің тез өсуіне жағдай жасайды, фосфор мен калий тыңайтқыштары астық өнімділігін арттырып, өнімнің тез пісіп жетілуіне жәрдем береді.

Әртүрлі қалдықтарды топырақтың яки шымтезектің ішінде шірітіп, жергілікті тыңайтқыш (компост) даярлауға болады



9-сурет. Компост үйіндісі:

- 1 – өсімдік қалдықтары;
- 2 – көң не топырақ;
- 3 – кесіп бөлектеп тасталған сабан.

курамдас бөліктерден тұратын қабаттардай етіп төселеді. Әрбір қабаттың қалындығы 25–30 см, үйменің ені шамамен 2–2,5 метр, биіктігі 1–1,5 метр болуы керек, ал ұзындығы үйілген материалдың мөлшеріне тәуелді болып, оған шамамен аптасына бір рет су себеді. Бұл – өсімдік қалдықтарының тез шіріп кетуіне жәрдемдеседі.

Компост үйіндісін жинаған кезде оның шеттерін ортанғы жерінен биігірек етіп істеу керек, сонда су бүкіл үйіндінің ішіне сіңіп кетеді. Үйіндінің үстін қарақағазбен немесе полиэтилен таспамен жауып қояды. Жазғы шақта осы үйіндіні бір рет аудару керек. Компосты жерге бір жылдан кейін қосуға болады, бірақ іс жүзінде бұл істі 2-3 жылдан кейін іске асырады.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Тыңайтқышты жерге не үшін қосады?
2. Тыңайтқыш түрлерін санап шық.

Тыңайтқыш салу мөлшері, тәсілдері, мерзімі мен тиімділігі

Топыракты өсімдіктер қоректенетін элементтермен байыту үшін кейбір егістік алқаптарда арнайы өсімдіктер егіп, кейін бұл жерлерді жыртады (жасыл тыңайтқыштар). Мұндай өсімдіктер кұрамына беде, ақ және сары бас түйежонқышқа кіреді.

Органикалық тыңайтқыштар тірі жәндіктердің қалдықтары

былып табылады. Олар ауыл шаруашылығында кеңінен пайдаланылады. Минералды тыңайтқыштармен салыстырып қарағанда, олар тиімдірек, жер экологиясына залалсыз болып саналады.

Көң немесе компост барша дақылдарға беріледі. Қиярга жана көң, қалған дақылдардың бәріне шіріген көң қосылады. Өнімді жинап алған соң, топырақтың бетін жұмсартады, ал бұл өз кезегінде ылғалды сақтауға, бөгде өсімдіктерді жоюға мүмкіндік туғызады.

Тыңайтқыш жер жыртқан кезде беріледі. Жерді 20–35 см терең жыртып, тыңайқышты топырақпен аラластырады (10-сурет). Жер жырту терендігі өсімдіктің түріне және топырақтың қасиетіне байланысты болады.

Тыңайтқыш себудің мынадай әдістері ерекшеленеді: егуға дайын (негізгі) әдіс, егу кезіндегі әдіс (мұнда тыңайтқыштың катараралыққа немесе аз дегенде өсімдік еgetін шұңқыршаларға жақынырақ жерге тастайды), егуден кейінгі әдіс (мұнда тыңайтқышты өсімдіктерді қоректендіру мақсатымен олардың өсу кезінде себеді).



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Топырак құнарлылығы деген не?
2. Қандай органикалық және минералды тыңайтқыштарды білесін?

Жерді баптау: жер жырту және егістен бұрын жұмсартып, тегістеу бойынша жұмыстардың маңызы

Ауыл шаруашылық өсімдіктерінен мол өнім алу мақсатында жерді өндеп баптайды. Өсімдіктерді егістік алқаптардан жинап алған соң, күзгі баптауды күздігүні уақытылы әрі сапалы жүзеге



10-сурет. Тыңайтқыш сепкіш құрылғы.

асыру – келесі жылғы өнімнің молдығына кепіл болады. Өйткені ата-бабаларымыз: «Жер жыртсан, күзде жырт, күзде жыртпасан, жүз рет жырт», – деп тектен-текке айтқан емес.

Көктемгі егіс егуден бұрын да жерді өзгеше бір жолмен баптайды.

Күзгі баптау. Күздегі жер жыртуды күзгі сүдігер деп атайды, оны қысқы сұықтың басталуынан бұрын орындаиды.

Топырақтың күзгі баптаудың маңызы

Мақсат	Нәтиже
Топырақтың терең, жұмсақ қабатын жарату	Топырак жұмсақ болса, су мен ауа оған жақсы сінеді, топырақ жақсы қызыды
Топыраққа тыңайтқыш, өсімдік калдықтарын тастайды	Топырақ құнарлы заттармен байытылады
Мақсат	Нәтиже
Бөгде шөптердің тұқымдық дәндерін жерге терең көму, бөгде шөптердің жер асты бөлігін жердің бетіне шығару	Бөгде шөптердің саны азаяды, өйткені көптеген тұқымдық дәндер терең шұнқырдан сыртқа шыға алмайды. Ал жердің бетіне шықкан шөптердің жер асты бөлігі сұыктан курап жойылады
Қыска қарай топырақтың астына жасырынған зиянкес күрт-күмырсқаны сыртқа шығару, ал топырақтың бетінде қыстаушыларды жерге терең көміп тастау	Зиянкес күрт-күмырсқаның саны азаяды
Егістік жердің бетінде биіктік пен ойпаңдар, ойлы-қырлылықтар жасау	Қыстығұні егістік алқаптарында қар жиналады, сондықтан топырақтың ылғалдық дәрежесі артады

Жер жырту тәсілдері. Жерді екі тәсілмен, яғни айналма тәсілмен және бөліп жыртады. Айналма тәсіл бойынша жырткан кезде, трактор танаптың шетін бойлап айналып, ортасына қарай кіріп барады, ал танаптың ортасында атыз (соқа аударған жер) пайда болады. Мұнда танаптың бұрыллатын жері шалағай

жыртылады, ал кейде мұлде жыртылмай қалады. Айналма әдіспен жер жыртқанда трактор соқаны көтермей бұрылады, нәтижесінде соқалар жиірек іске жарамай қалады, кейде сынып қалады, сондықтан бұл тәсіл егіншілікте дерлік қолданылмайды.

Екінші тәсіл бойынша егістік жерді ені 40–60 м келетін шектерге бөліп жыртады. Мұнда трактор шектің ортасынан жүріп, ернеуіне қарай жыртады да, алқаптың ортасында аударылып жатқан топырақтың бір қабатының үстіне екіншісін аударып, меже жасайды. Егер трактор танаптың ернеуінен бастап, ішкери қарай жыртатын болса, аяғына келгенде танаптың ортасында атыз пайда болады. Өйткені, соқа топырақтың қабатын сыртқа қарай аудараады.

Жерді танаптарға бөліп жыртқан кезде, трактор егістік жердің етегіне жеткенде соқаны көтереді, артқа қарай бұрылып, жыртуға дайындалған соң, соқаны түсіреді де, жер жырту жалғаса береді. Жерді танаптарға бөліп жыртқан кезде сүдігердің беті тегіс болады, ал егістік жер бірдей тереңдікпен аударылады. Бұл тәсілдің кемшілігі сол, трактор бұрылған жерді тағы да жыртуға тұра келеді, сондай-ақ егістік алқаптың ортасында төмпешік немесе атыз пайда болады. Бұдан сақтандыру үшін егістік жерді кезекпен, бір жылы ішкери қарай, ал екінші жылы сыртқа қарай аударып жырту керек.




Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Жер жырту әдістерін айт.
2. Жер жырту мерзімдері неге байланысты?
3. Жер жырту тереңдігі неге байланысты?

Жерді баптау құралдары мен машиналары

Ұжымдық шаруашылықтары егілген егіс алқаптарын ауыл шаруашылық машиналары мен еңбек құралдары жәрдемімен баптайды. Оку-сынақ алқабындағы жерді қолмен, қүрек, кетпен, қол қосытқыш немесе басқа да еңбек құралдарымен баптайды.

Ауыл шаруашылығында қолданылатын қолмен істейтін еңбек құралдары

Еңбек құралы мен оның қызметі	Көрінісі
Күрек – жұмсақ жерді копсыту, катты жерді қазу үшін (1,2) күректер, жер шабу, топырақты аудару әрі тасу үшін тік бұрышты (3) күрек пайдаланылады	
Айыр – көңмен және компостпен жұмыс істегендеге қолданылады	
Тырма – топырақ кесектерін ұсақтау, өсімдік қалдықтарын оның ішінен алып тастау, арықтарды туралау, кейбір өсімдіктердің тұқымдық дәнін егуде үстіне топырақ тастау үшін пайдаланылады	
Таптауыш – тегіс (1) таптауыш тұқым себуден бұрынғы және кейінгі топырактың үстіндегі қабатын тегістеу әрі тығыздау, ал тісті (2) таптауыш үстіндегі қабат пен кабыршақты жұмсарту, бұзу, ұсақтау үшін қолданылады. Пайдаланудан бұрын оның цилиндрлік бетін қарап шығу, бөлшектерінің беріктігін тексеру керек	
Екі донғалакты арба – көшеттерді, жәшіктерді, тыңайтқыштарды тасу, өнімді жинап алу кезінде пайдаланылады	
Қазықшалар (1), аркан (2), өлшегіш таспа (3) – арықтар, атыздар, жүйекшелер белгілеуде пайдаланылады.	


Енбек құралы мен оның қызметі

Копсытқыш – егістен бұрынғы топырақты баптау, егін өсіп-өніп шыккан соң атыздар арасын қопсыту үшін пайдаланылады. Қопсытқыштың негізгі бөлшектері мыналар: 1 – тұтқасы; 2 – қаңқасы; 3 – донғалағы; 4 – отайтын табаны; 5 – айыры; 6 – жұмсартқыш табаны

Көрінісі




Сыдыра жыртқыш – егіс егуден бұрын жерді баптау және өсіп шыққаннан кейін оның астын сыйыра жырту үшін қолданылады. Оның негізгі бөлшектері мыналар: 1 – жұмыс органы; 2 – беріліс таспасы; 3 – редуктор; 4 – қозғалтқыш; 5 – басқару бөлігі; 6 – донғалағы



Су сепкіш – өсімдіктерге су себу үшін қолданылады. Суды атыздарға құйған кезде сепкіштің шумегін алып тастайды



Кол сепкіш – тұқымдық дәндерді себу үшін қолданылады. Ол бір қатарлы (1) және екі қатарлы (2) болады.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Жерді қандай құралдардың жәрдемімен егуге әзірлейді?
2. Шеберханадағы қауіпсіздік ережелерін санап шық.

Практикалық жаттығу. Жерді жырту және егістен бұрын қопсыту әдістері

Жер жырту деп – жердің топырағын аудару, кесектерін ұсактау, тыңайтқыштарды көму, бөтен өсімдіктерді жою, жерді жарым-

жартылай тегістеп шығу сияқты істерді айтады. Жер жыртуды соқалар жәрдемімен ғана іске асырады. Соқалар қызметіне қарай екі түрлі болады:

1. Жалпы жерлерде қолданылатын соқалар.
2. Арнайы жерлерде қолданылатын соқалар.

Жалпы жерлерде қолданылатын соқаларды егісін үнемі жүргізіп отырған жерде қолданады.

Арнайы соқалар жаңа жерлерде, бау-бақшаларда және жүзімдіктерде қолданылады.

Топыракты егістен бұрын қосыту

1. Қарашибікті немесе органикалық тыңайтқышты айырмен зембілге немесе шелекке салады.

2. Қарашибікті қосытылатын жерге әкеліп, кішкене үйінділер түрінде төсеп шығады.

3. Қарашибікті жерге айырмен біркелкі шашып жаяды.

4. Жерді қосыту үшін темірден істелген өткір ұшы бар күрек алып, оны жерден шамамен 60° градус бұрышта қояды. Жерді қосытқан кезде күректің темір бөлігі жердің ішіне кіруі керек.

5. Топырактың кесіп алынған қабатын біраз көтеріп, оны салынған тыңайтқыштар мен өсімдіктер қалдықтарының астына түсетіндей етіп аударады. Жерді қосытқан кезде өте қалың қабат кесуге болмайды.

6. Жерді қосытқан кезде топырақ ішіндегі бөлгө шөптерді, өсіресе көп жылдық өсімдіктердің тұқымдық дәндерін суырып алып, оларды сыртқа шығарып тастау немесе өртеп жіберу керек.

Бұл жұмысты қолға қолғап кніп орындаиды. Жерді қосытқанда күректі кезектесіп, біресе он, (5 миnutтан кейін) біресе сол аяқпен басады. Күрекпен жұмыс істегендеге абайлау, аяқтарды қорғау керек.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар


1. Жер жырту ұғымын түсіндіріп бер.
2. Соқалардың міндеттері қандай?

1.3. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫГЫ МАШИНАЛАРЫ

Тұқым және көшет отырғызу тәсілдері, мөлшері, мерзімдері. Тұқымдарды біркелкі өсіру бойынша шаралар

Өнімді ертерек жинап алу үшін көптеген көкөністердің, сәндік гүлдердің тұқымдық дәнін күзде сұық түсуден алдын отырғызады. Қысқа қарай сәбіз, ақжелкен, аскөк, балдыркөк, күнзе тұқымдарын, сарымсақ пен қызғалдақтың баданасын отырғызады. Бұл өсімдіктердің өскіндері мұздаған жерге де төзімді болады. Дақылды отырғызғанда әрбір дақылға арнайыландырылған қатарараптың және қатарда қанша жер аралатып тұқым қадау, көшет отырғызу, қандай тереңдікке көму керектігін есепке алады. Әрбір дақылдың тұқымы мен көшетін отырғызу жөніндегі өзіндік белгіленген схемасы болады. Дақыл отырғызуда әртүрлі мынадай әдістер қолданылады: қатарлап, тор сияқты қатарлап, кең қатарлап, таспалы, ұялап, шаршы-ұялап отырғызу және т.б. (11-сурет). Отырғызу тәсілі дақылдың түріне, оның қай мақсатпен (тұқымдық дән, жасылкөк, сүрлем және т.с.с. алу үшін) еgetініне, топырақтың құнарлылығына қарай түрліше болады.

Көптеген дәнді, бүршақ тұқымдас және техникалық дақылдарды негізінен, қатарларға қатар арасының енін 15 см етіп отырғызады. Кейде қатарараптың ені 7,5 см-ге дейін болуы мүмкін. Осындай отырғызууды тор сияқты қатарлап отырғызу деп атайды. Сондай дақылдар да бар, олардың қатарараптың 45 см және одан да кеңірек болуы мүмкін. Осындай отырғызу кең қатарлап отырғызу деп аталады. Егілетін дақылдың егу тәсіліне байланысты сепкіштер де екі: қатарлап және қатарсыз сепкіш делінетін түрге бөлінеді. Әртүрлі дақылдардың тұқымдық дәнін егу тәсілі әмбебап тәсіл деп аталады. Мысалға, дәнді және бүршақ тұқымдастардың, аскөктің, арнайы дақылдың тұқымдық дәні алынатын саны (қант қызылшасы, жугері) немесе дақылдар саны шектелген болуы мүмкін. Әмбебап тұқым сепкіш дәнді де



11-сурет. Ауыл шаруашылық дақылдарын отырғызу схемасы:

1 – қатарлап отырғызу; 2 – тор сияқты қатарлап отырғызу; 3 – ұялап отырғызу; 4 – шаршы-ұялап отырғызу; 5 – шахмат тәртібімен отырғызу; 6 – аралатып отырғызу.

Тұқымдық дәндер бөгде шөптердің тұқымдарымен араласып кетпеуі керек. Сондықтан егістен бұрын тұқымдарды бөгде шөптердің тұқымдарынан, ұсақ шөптерінен және басқа да араластардан тазалайды. Тұқымдар неғұрлым тез де толық өніп шықса, соғұрлым сапалы болады. Егер егілген тұқымдардың бір бөлігі өніп шықпаса, өсімдіктер қатары сирек болып қалады, ал олардың өнімділігі күрт азайып кетеді. Сондықтан тұқымдарды егуден бұрын өндіріп байқайды. Егер олардың бір бөлігі өніп шықпаса, онда тұқымдарды белгіленген мөлшерден көбірек егеді. Тұқымдық дән ірі де толық болса, одан күшті де ірі өркен шығып, жақсы өседі. Бөгде шөптер оны қысып қоймайды, сондай-ақ астық өнімділігі жоғары болады. Сондықтан ірі де толық тұқымдарды сұрыптап, егу ұсынылады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тұқымдық дәннің сапасы дегенде нені түсінесін?
2. Тұқым еккен кезде нелерге назар аударылады?

Тұқым себеде қолданылатын құралдар, жабдықтар мен машиналар

Тұқым себетін машина (сепкіш) (12-сурет). Сепкіштер себеде тәсіліне және өсімдіктің түріне қарай әртүрлі болады. Тұқым себетін машиналар тұқымдарды қатарларға керекті мөлшерде тастау, оларды бірдей аралықта жайластыру және ылғалды топыракқа белгіленген терендікке көмү сияқты қызметтерді аткарады. Сонымен бірге, сепкіш егін еgetін қатарлардың түзу және біркелкі тегіс болуын қамтамасыз етеді.

Тұқым себетін, көшет отырғызатын және тыңайтатын машиналар тор сияқты және кен қатарлап себуші, картоп отырғызуши, ұялап және тұқымды дәлдеп себетін сепкіштерге, сондай-ақ жүгері, шиіт, қызылаша, көкөніс, дәнді дақылдар сияқты басқа да дақылдардың тұқымдарын себетін сепкіштерге бөлінеді. Арнайы себетін машиналардың кейбіреулерін басқа дақылдардың тұқымдарын себуге де ынғайлауға болады.

Өнеркәсіпте шығарылған сепкіштердің доңғалақты және дисқіл себетін аппараттары болады.

Сепкіштің құрамын мынадай негізгі бөлшектер құрайды: тұқымға арналған жәшіктер, себетін аппарат, тұқым отырғызғыштар, сініргіштер (сепкіштің атыз ашатын оған тұқымдарды тастап, топыракпен көміп тастайтын жұмыс органы, көмгіш пен таптауыштар).

Тұқымдық дәндерді оларға арналған жәшікке салады, оның астына тұқымдарды керекті мөлшерде ажырататын диски болады. Дискіде ажыралған тұқымдар отырғызғыш сініргішке келіп түседі. Сініргішті



12-сурет. Тұқым себетін машина сепкіш.

қозғалтқанда оның пышактары топырақты кесіп, шетке жылжытады да, тұқымға арналған атыздарды ашады. Бұл кезде атыздың асты тығыздаушының жәрдемімен нығыздалады, ал тұқымдық дән топырақтың ылғалды қабатына түседі. Көмгіштер атыздардың бүйір жақтарындағы топырақты атыздың ортасына жылжытып, атыздарды көмеді, ал тұқымның үстінде жұмсақ топырақтан тұратын меже пайда болады. Ылғалды топыраққа қатарлап түскен тұқымның үстіндегі топырақты арнайы таптауыштармен нығыздайды.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тұқым себетін машиналар қандай түрлерге бөлінеді?
2. Тұқым сепкіш машинаның негізгі бөлшектерін және олардың міндеттерін айт.

Егіндер салу қатарапалықтарын баптау және оларды өсіруде колданылатын құралдар мен машиналар

Өсімдіктерді жақсы өсіріп-жетілдіру үшін, өнімділігін арттыру үшін қатарапалықты баптаудың маңызы өте зор. Өсімдіктердің қатарапалығын копсытқыштың жәрдемімен баптайды (13-сурет). Әдетте, копсытуды талап ететін өсімдіктердің қатарапалығын әмбебап қопсытқышпен және тыңайтқыш салатын қопсытқышпен баптайды. Мұнда өсімдік қатарапалықтары қабықшадан арылады, топырак жұмсарады, өсімдіктің тамырлары ауамен қамсыздандырылады, топырақ ылғалды болады, бөгде шөптер жоғалады. Қопсытқыштың құрамында қанқалар, жұмыс органдары, тіреу донғалактары мен тыңайту механизмі болады.



13-сурет. Культиватор.

Егілген егіске зияи келтірмеу үшін өсімдіктер қатарапалығын өндегенде қопсытқыштың жұмыс органдарын қатарапалықтан алыс белгіленген жерде орналастырады.

Қатарапалық ортасынан бастап жұмыс органына дейінгі аралық корғайтын аймақ деп аталады. Корғайтын аймақтың енін өсімдіктің түріне қарай таңдал алады.

Өсімдіктер қатарапалығын баптаған кезде қопсытқыштың жұмыс органдары белгіленген терендікте болу, ал ұсақталған топырақ тегіс жату керек. Жұмысты қопсытқышпен істегендеге оның жұмыс органдары топырақтың ылғалды қабатын жоғарыға көтеріп шығармауға, бөгде шөптерді толық кесуге, егістерге зиян келтірмеуге, топырақты көміп тастанауға туіс.

Қатарапалығын 60 см етіп егілген егістердің қатарапалықтарын өндегенде әрбір негізгі қатарапалыққа екі-екіден он және сол жакқа сына, яғии жебе табан орнатылады, ал тұтас қатарапалыққа бір-бірлеп пышақ және ортасына жебе табан орнатылады.

Өсімдіктердің қатарапалықтарын өндегенде қопсытқыштың органдарымен бірге ротациялық жұмыс органдары да қолданылады. Сонда ротациялық дисқінің ине тәрізді тістері өсімдік қатарларын 3–5 см алыс жерде орнатады. Осылай істегендеге топырақтың жоғарғы қабаты жұмсарып, өсімдік зақымданбайды.

Копсытқышты егілген егістерге минералды тыңайтқыштар беру, суаруға керекті атыз ашу үшін де пайдалануға болады. Тыңайтқыштар көметін машиналардың жұмыс органдарының жайғасуы өсімдіктің өсу дәрежесіне қарай белгіленеді.

Алғашқы тыңайту кезінде тыңайтқыштарды өсімдік қатарынан 15–28 см алыс жерде, ал кейінгі тыңайтуда 20–22 см-ге көшіріп салады.

Өсімдікті суару үшін қопсытқыштың жәрдемімен атыздар тіледі. Ол үшін атыз тілгіштерді бірдей терендіккке икемдеп, қатарапалықтардың қак ортасына орналастырады. Егер бұл

ереже сакталмаса, тракторды жүргізу қындарды, өсімдіктің бұзылған жерлері артады, қатарапалықты таптаудың сапасы төмендейді.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қопсытқыштың құрылышын айтып бер.
2. Қопсытқыштың жұмыс органдарын қалай жайластырады?

Суару тәсілдері, мөлшері, мерзімі және сол кезде қолданылатын құралдар мен машиналар

Өсімдіктер топырақты жасанды ылғалдандыру арқылы сүмен қамтамасыз етіледі. Суарудың бірнеше, атап айтқанда: жаңбырлатып суару, атыздап суару және басқа тәсілдері бар.

Жаңбырлатып суару жаңбырлатқыш машиналар мен құрылғылардың жәрдемімен жүзеге асырылады. Жаңбырлатып суару жердің ылғалдығына әсер етумен қанағаттанбай, ауаның ылғалдығын да қамтамасыз етеді, өсімдіктер бетіндегі шанды жуып кетіреді. Бұл өз кезегінде өсімдіктердің демалуына, органикалық заттардың пайда болуына үлкен жәрдем береді.

Егілген егістерді, негізінен, өсу кезеңінде суараңды. Суару мөлшері мен мерзімі топырақтың ылғалдық дәрежесіне, өсімдіктердің биологиялық өсу фазасына және қасиеттеріне байланысты болады. Сонымен бірге, суарулар саны температураға да байланысты. Әрбір өсімдіктің өзіне тән бірқалыпты кезеңі болады. Мәселен, картопты жауын-шашын мөлшеріне қарай бірінші рет шанақ пайда болған кезде, ал кейінгі реттерде әр 10–12 күн ара суараңды.

Қазіргі уақытта суарудың үш тәсілі қолданылады. Бірінші тәсіл – сыртқы суару (мұнда суарылатын жерге судың өзі ағып жайылады). Екінші тәсіл – жаңбырлату (мұнда суарылатын жерге су жаңбыр түрінде себіледі). Үшінші тәсіл – тұтіктен (топырақтың астынан) суару (мұнда топырақтың ылғалданырылатын қабаттарына су топырақ ішінде салынған арнайы тұтіктер арқылы беріледі).

Сырткы суару – ең қарапайым да оңай тәсіл. Бұл тәсілдің көмшілігі сол, су топырақтың өте терен орналасқан қабаттарына жетпейді, сондықтан ол көп мөлшерде жұмсалып, егістік жерге біркелкі жайылмайды, сондай-ақ жердің бедері күрделі болғанда, оны тегістеуге тұра келеді.

Суару кезінде «жаңбырлатып» суаратын машиналар мен құрылғылар пайдаланылады. Олар көбінесе су шықпайтын жерде қолданылады.

Егістік егіндерін суару

Егіс түрі	Суарулар саны	Мерзімі
Күздік бидай	1-2	Өскін пайда болып жатқанда, дән жеміс сала бастаған соң
Жүгері	3-6	Бастапқы тамыр пайда бола бастағанда, гүлдеп түрғанда және жеміс түйіндеп отырғанда
Қант қызылшасы	6-7	Өсіп шыққан кездегі тамыр пайда бола бастағанда, жеміс түйіндеген кезде
Картоп	2-5	Өніп шығу кезінде, бұтактану және гүлдеу кезінде



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суару дегенде нені түсінесін?
2. Суарудың қандай түрлерін білесін?

Егіндерді аурудан, бөгде шөптерден және зиянкестерден қорғау

Көбелек, қоңыз, шыбын, ұлу, кене, қандала сияқты құрт-құмырсқалар; тышқан, саршұнақ сияқты кеміргіштер егілген егістерге үлкен зиян келтіреді.

Осы зиянкестерден сақтау үшін өсімдіктерді агротехникалық, химиялық, механикалық, биологиялық жолдармен қорғайды.

Бұлардың бәрі өсімдіктердің жақсы жағдайда өсіп-өнуін қамтамасыз етіп, сонымен қатар ауру қоздырыштар мен зиянкестер санын азайтуға бағытталған. Агротехникалық және биологиялық тәсілдер экология түрғысынан мақсатта лайық болып табылады. Зиянкестерге қарсы күрес дегеніміз зиянкестерді түрлі тетіктермен ұстайды.

Өсімдік бойындағы аурулар коршаған ортаның қолайсыз жағдайлары мен микроорганизмдердің оған келтірген зияны салдарынан пайда болады. Ортаның қолайсыз жағдайлары дегеніміз – бұл құнарлы заттардың көптігі немесе жетіспеушілігі, жылулық, жарық, ылғал және т.б. Қолайсыз жағдайдың салдарынан өсімдіктер бойында жүқпайтын аурулар қоза бастайды. Жағдай жақсара бастасымен олар басылады.

Химиялық жолмен қорғайтын құрал ретінде сабынды су, марганец ерітіндісі қолданылады.

Мәселен, қырыққабат бүргесіне қарсы құлдің әкпен ерітіндісін себу, бүргелерді жабысқақ байрақшалармен ұстайды сияқты тәсілдер арқылы күреседі.

Қырыққабат битіне қарсы (мамыр айының соңы – маусым айы) сабынды ерітінді себеді.

Егілген егістерді зиянкестерден қорғау, маңызды рөл ойнайды, олай болмайтын болса, өте көп зиянкестер жемісті ағаштардан мол өнім алуға жағымсыз әсер етеді. Бұлар, мәселен: алма күйесі, долана көбелегі, зауда, буынаяқты құрт, күре көбелек және т.б. Жеміс-жидек дақылдарда қандала, бізтұмсық қоныз сияқты зиянкестер кеңінен таралған болады. Олармен курескен кезде оларды жою үшін бауға құстарды шақырып, оларға арналған ұялар құрады.

Баптау (кесіп қысқарту, қоректендіру, суару, қосыту) жұмыстарын уақытылы және дұрыс орындау өсімдіктердің ауруларға қарсы тәзімділігін арттырады.

Бөгде шөптерге қарсы күресу. Бөгде шөптер егілген егістерге үлкен зиян келтіреді. Олар топырақ құрамындағы

құнарлы заттарды сініріп алғып, топырақтың құнарлылығын азайтып, егістердің бірқалыпты өсуіне кедергі жасайды.

Құрғақ ұнтақты дәріні қалай да болса өз уақытында тозандатуға немесе сұйық улы дәріні бүркеуге, сондай-ақ құрғақ улы дәріні дер кезінде тозандатуға және су себуге мүмкіндік беретін машиналарды құрамдастырылған бүріккіштер – тозандатқыштар деп атайды. Белгілі бір жұмысты осындай машиналармен орындау үшін олардың жұмыс органдарын ауыстырып отырады.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дәнді дақылдарға қандай құрт-құмырсқалар зиян келтіреді?
2. Өсімдік бойындағы аурулар қалай пайда болады?
3. Егілген егістерді зиянкестерден қорғайтын тәсілдер туралы не білесін?
4. Сенің аумағында егіндерді қорғаудың қандай тәсілдері көбірек қолданылады?

Өнімді жинап алу және сол кезде колданылатын құралдар мен жабдықтар

Пісіп жетілген өнімді жинап алу және сақтау бойынша жұмыстар егілген дақылдың түрі мен қызметіне байланысты болады. Картопты жинап алған соң, сақтауга кіріспес бұрын оны біраз кептіру керек. Сәбізге қатысты бұл жұмысты орындау керек емес, өйткені, сәбіз өзінің беті арқылы көп ылғалдағы арылады. Қызылша, шалқан, шомыр, сәбіз сияқтылардың өнімін әртүрлі уақытта жинап алады. Бұл жағдай шалқан мен қызылшаның бір бөлігі жердің үстінде болуы және құзғі суын оған зиян келтіруі мүмкіндігі, ал сәбіздің тұтастай топырақтың астында болуы арқылы түсінікті болады. Сондықтан шалқан мен қызылшаны негұрлым ертерек, ал сәбізді кешірек жинап алады.

1–20 қыркүйек күндерінде өсімдіктердің біраз өсуі байқалады (шамамен 40 пайыз). Сондықтан ауа температурасы 4–6°C-к

төмендегенде, өнімді жинап аулға кірісken жөн. Мұндай температурада өсімдіктің өсуі токтайды. Өнімді абайлап қазып алу керек. Өйткені бұзылған өсімдікті ұзак уақыт бойы сактауға болмайды. Зиянкестер мен аурулар салдарынан бұзылған, сұық тиген өсімдіктерді ажыратып алады да, малға жем ретінде береді.

Өнімді жинап алуда дән жинайтын комбайндар, картоп қазғыш механизмдер, жүгері оратын машиналар мен басқа да техника пайдаланылады.

Өнімнің жақсы сақталуы көбінесе, оның уақытылы әрі сапалы жинап алуына байланысты. Көкөністерді сактау үшін арнайы қоймалар, жертөлелер құрылады. Қазіргі заманғы тәсілмен құрылған қамбалар кең, олардың ішіндегі өнімдерді сактау және қарап шығу үшін барша жағдайлар бар. Олардың ішінде ауа температурасы мен ылғалдығын реттейтін құрылғылар орнатылған болады.

Қызылشا, сәбіз және басқа да көкөністер өнімін жинап алу. Өнімі жинап алынатын атыздардағы өсімдіктерді жақсылап қарап шығу керек. Егер арықтарда бөгде шөптердің бары анықталса, оларды гербарий үшін жинап алу керек. Өсімдіктің жемісін қазып алған соң жапырақтарын кесіп алады.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Сенің өлкендегі өнімді жинап алған кезде қандай машиналар мен механизмдер пайдаланылады?
2. Жинап алынған өнімді жақсы сақтау үшін не істей керек?

2-тарау. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

Мал шаруашылығы салалары және оларды дамыту болашағы

Мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығының ерекше саласы. Ет, май, жұмыртқа, сүт сияқты мал шаруашылық өнімдерінен әзірленген тағамдар өте дәмді әрі сапалы болады. Мал шаруашылығы өнеркәсіпке де жұн, тери, елтірі сияқты құнды шикізат пен басқа да өнімдерді береді. Ал малдардың қалдықтары жерді құнарландыруда қолданылады.

Мал шаруашылығы бірнеше салаларды, атап айтқанда: ірі қара мал, қой-ешкі, жылқы, құс шаруашылықтарын қамтиды. Мал шаруашылығына балық шаруашылығы (балықшылық), ан терісін беретін жануарларды өсіру, (елтірі), жібек шаруашылығы да кіреді.

Мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығының негізгі салаларының бірі. Халықты (ет, сүт, май, жұмыртқа сияқты) құнды азық-түлікпен, басқа да өнімдермен қамтамасыз етуде оның маңызы зор. Адамдар, негізінен, өсімдік пен малдан шығатын өнімдер құрамындағы көмірсулардың, белоктар мен майдың есебіне энергиямен қамсыздандырылып өмір сүреді. Ет, май, жұмыртқа, сүт сияқты мал шаруашылық өнімдері өте дәмді де тойымды болады.

Жем-пішен құрамында бейорганикалық заттар (су, минералды заттар) мен органикалық заттар (азотты заттар, майлар, көмірсулар, дәрумендер) бар.

Судың мөлшері шөптөрдің құрамында 95 пайызға дейін, ал дән мен құрғак пішеннің құрамында 6 пайыздан 20 пайызға дейін болады.

Тамыры жеміс болатын дақылдардың құрамында калий мен натрий тұздары көп болады, ал кальций және фосфорлы тұздар аз кездеседі.

Жоғарыда аталған минералды заттардан тыс, азықтың құрамында кейбір микроэлементтер (мыс, кобальт, қүкірт, хлор, йод, марганец, мырыш) де бар, олардың малдарды қалыпты өсірудегі маңызы өте зор.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мал шараушылығы салаларын санап шық.
2. Мал шараушылығы өнімдеріне нелер кіреді?

Мал шараушылығындағы асыл тұқым алу істері.

Малдарды бағу және өнім сапасын арттыру жолдары

Асыл тұқымды бұқаларды өсірген кезде оларға берілетін азықтың мөлшерін шамадан тыс асыру не азайту дұрыс емес. Өйткені, оларды үнемі құнарлы азықпен қоректендіріп, тойғызып баққанда олардың денесін май басып кетеді.

Ал оларды керісінше, сапасыз жем-пішінмен баққанда олардың организмі босаңсып, әлсізденіп қалады. Демек, асыл тұқымды бұқаларды өсіруде ғылыми тұрғыдан дәлелді әрі болашақты әдістер бойынша рацион жасау керек болады. Ол рацион мынадай болуы мүмкін.

Асыл тұқымды бұқалардан тұқым алу үшін пайдалану кезінде олардың әр 100 кг тірідей салмағы есебінен 1,3 кг

азық бірлігі және 140 кг қорытылатын протеин (азық) беру жоспарланады.

Ірі қара малдардан алынатын негізгі өнімдер – сүт пен ет. Олардың терісі, ішкі органдары, жүні мен мүйізтұяқтары қосымша өнім болып саналады,

Сиырлардың сүт беру өнімділігі. Мол сүт беретін



14-сурет. Сүт көп беретін желіні үлкен сиыр.

сиырлардың жеген жем-шөпті жоғары дәрежеде сүтке айналдыра алуды – олардың ең маңызды қасиеті.

Дегенмен, олардың азығына ерекше көңіл бөлінбесе, сиырлар тез азып кетеді.

Көп сүт беретін сиырлардың желіні ұлкен болып, жыл сайын одан да ұлкейіп кету қасиетіне ие (14-сурет). Сиырлардың сүт өнімділігі көбінесе, оларға берілетін азықтың мөлшері мен құнарлылығына байланысты.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Асыл тұқымды бұқаларды қалай өсіреді?
2. Ірі қара малдардан алынатын қосымша өнімдерге нелер кіреді?

Мал шаруашылығы фермаларындағы істерді механикаландыру

Мал шаруашылығын жедел дамыту жолдарының бірі ретінде, ірі қара малдарды бағумен айналасатын мал шаруашылық кәсіпорындары түгел механикаландырылған – автоматтандырылған болуы керек. Мұндай кәсіпорындарда бір уақытта ірі қара малдың жуз мындаған басын бағуға болады.

Мал шаруашылығы өнімділігін арттыру ірі қара малдың тұқымына, оларды қоректендіру және оларды асырау жағдайларына байланысты.

Фермер шаруашылықтарындағы сүт фермаларында өсірілетін малдардың сақталуы және технологиялық процесті механикаландыру – өте маңызды.

Азық дайындау және үлестіріп беру. Малдар үшін азықтық заттар мен өнімдердің химиялық құрамы да, сіңілімділігі де өте маңызды болып табылады.

Фермаларда өнімдерді араластырып, азық дайындастын арнағы араластырғыштар бар. Мысалы, сауын сиыр үшін құрамында 4 кг-ден 6 кг-ға дейін сабан, 25 кг сүрлем, 15 кг тамыр жеміс, 6 кг концентрат және минералды дәрумендер бар аралас азық дайындалады.

Сырларды қолмен немесе машинамен сауып алу әдістері қолданылады. Сырды саууга дайындау істеріне бір минут уақыт бөлінеді.

Сырды машинамен саудың уақыт мөлшері 4–7 минут болу керек.

Мал шаруашылығы дамыған елдерде, қара мал шаруашылығының қосқанда, кой-ешкі және жылқы шаруашылығында да сауатын құрылғылар пайдаланылады.

Малдардың анатомиялық, физиологиялық, сондай-ақ сүт құрамындағы ерекшелігі тек сауатын құрылғылар мен аппараттардың құрылымдық көрсеткіштеріне әсер етеді. Ірі қара малдардың сауу құрылғылары құрылышын үйреніп шығып, басқа малдарға арналған сауатын құрылғылар туралы да түсінік алуға болады.

Жеке бір малды сауатын агрегаттар шағын және жанұялық фермер шаруашылықтарындағы сиырлар саны кемінде 25 басқа жеткенде пайдаланылады.

Мал шаруашылық фермаларындағы сиырларды қолмен және сауу құрылғылары көмегімен саудады.

Судың қажетті мөлшерін анықтаған кезде мал шаруашылығы фермасындағы жануарлардың санын, құрамын, жасын, бағу әдісін есепке алады. Мал шаруашылық фермасындағы су тұтынысы жылдың мезгіліне, аптаның күніне қарай өзгереді. Сондықтан да тұтынуға ұсынылатын көрсеткіштер жөніндегі мәліметтерде су шығыны тәуліктік орташа мөлшер түрінде көрсетіледі. Өзендердегі су деңгейінің маусымдық өзгеріп тұруы мен ластануы олардың құрамында кездесетін көптеген органикалық заттармен, бактериялармен сипатталады. Сондықтан өзен суының құрамында минералды тұздардың мөлшері аз болады.

Оқшауланған тұтынушыларға суды тек бір жақтан жеткізіп береді. Бұл жүйені тұтынушылар жан-жакта орналасқанда пайдаланады.

Айналма сүмен қамтамасыз ететін жүйе тұтынушылар орналасқан әрбір нүктені сүмен екі жақтан қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мал мен құстың көні өсімдіктер үшін пайдалы органикалық тыңайтқыш саналады. Оның құрамында өсімдіктерге қажетті барлық заттар бар. Бірақ мал шаруашылық фермалары сыртқа шығаратын қалдықтар, көн, ағынды сулар мен басқалар қоршаған ортаны ластайды. Сондықтан, көнді тазалау, жинау, өндеу, залалсыздандыру үшін арнайы инженерлік жүйелер қолданылады да мал шаруашылық фермаларының өндірістік құрамына енеді. Көн құрамында қатты, сұйық және газ тәрізді заттар бар. Сонымен қатар көн құрамына сабан төсемдер (ағаш жонқасы) түсіп қалады.

Көн ауру қоздыратын микроорганизмдер үшін жақсы орта саналады. Сондықтан көнді пайдаланудан бұрын оны залалсыздандыру керек.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Мал шаруашылығын дамыту барысындағы механикаландыру туралы не айта аласын?
2. Фермаларда аралас азық өнімдерін дайындау туралы айтып бер.
3. Сауудың неше тәсілі бар?
4. Сиырды машинамен сауып алу үшін қанша уақыт белгіленген?
5. Ауыл шаруашылығына керекті судың маңызы қандай екенін айт.
6. Мал шаруашылығында қандай су көздерін пайдаланады?
7. Суды қандай жолмен тазалап, залалсыздандырады?
8. Органикалық тыңайтқыштарды қай мақсатпен пайдаланады?

Мал шаруашылығы фермаларындағы малдарды бағу тәсілдері

Малдарды жақсы өсіріп, олардың өнімділігін арттыруда сыртқы ортаның әсері үлкен.

Мал шаруашылығын дамытуда климат, бір жердің ерекше жағдайлары маңызды рөл ойнайды. Климат малдарға да,

жем-пішен базасына да әсер етеді. Мал қорадағы ауаның температуrasesы, ылғалдық дәрежесі, құрамындағы газдардың алмасуы, жарықтандыру дәрежесі ауыл шаруашылық малдарына әсер етеді.

Температура. Жануарлар сұықта қалса, олардың денесінен бөлініп шығатын жылу мөлшері көбейеді, оның орнын толтыру үшін организм көбірек жем-пішен талап етеді, бұл жағдайда азықтық зат жеткілікті болмаса, өнімділік азайып, сапасы төмендейді. Сондай-ақ, жауарлар сұықта ұзак уақыт қалып кетсе, сұық тиіп ауырады, тіпті өліп те қалады. Малдардың терісі астындағы майлар қабаты мен терінің қалың жүнмен капиталғаны, жылудың денеден таралуына, сұқтың организмге әсер етуіне жол бермейді, бірақ температуралың қалыптан төмен түсүі де малдарға жағымсыз әсер етеді.

Ылғалдық. Малдарды бағатын бөлмелерде ылғалдық белгіленген дәрежеде болу керек. Бұл ылғалдық температураға және мал қорадағы ауаның алмасуына байланысты болады. Едендегі, астаулардағы және сулы жем-пішендегі судың булануы нәтижесінде, мал қорадағы ауаның ылғалдығы артады. Сонымен бірге, жануарлар дем алғанда және терлегенде де су көп мөлшерде буланады. Мысалы, салмағы 400–500 кг келетін сиыр бір тәулікте 8–12 кг суды буға айналдырығаны анықталған.

Мал қорадағы ылғалдық мөлшерінің көп болуы да, артықша құрғақ болуы да малдарға ұнамсыз әсер етеді. Сұық, ылғалды ауада малдар жылуды көп мөлшерде таратады да, нәтижесінде үсіп кетіп, сұық тиіп ауырады. Сұық әрі ылғал ая, әсіресе жас жануарлар үшін қауіпті.

Мал қораның ауасы шамадан тыс құрғақ болса, малдардың тамағы құрғап қалады да, шаң көбейген сайын, ауырып қалуына әкеледі.

Жарық түсү. Жарық мал қораға жарық жақсы түсірілуі керек. Жарықтандырылған бөлмелерде малдар жем-пішенді жақсы

тауып жейді. Жарықтандырылған бөлмелерде құстар, аттар, ірі қара малдар, шошқалар жақсы өседі. Бірақ мал қораға түнде жағып қойылған электр шамдар малдардың жақсы демалысына кедергі жасайды.

Мал қораларға қойылатын талаптар. Малдарға арналған фермалар желден қорғалған, терендігі 4 м-ден аз болмаған жер асты суларынан биігірек жерге құрылған болу қажет. Сондай-ақ, мал қоралар халық жасайтын үйлерден кемінде 500–1000 м арыда, желгे теріс және төменгі жақта, теміржол мен автомобиль жүретін үлкен жолдардан 300 м алыс жерде болғаны жөн.

Мал қораларды желдетіп тұру үшін ая сорып алатын тутіктер немесе арнайы ая алмастырғыштар орнатылады. Нәтижесінде, мал қорадағы зиянды газдар, су булары шығып, оның ауасы таза ауага ауысады, сөйтіп малдарға қолайлы жағдай жаратылады.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

- Ірі қара малдарды қандай жағдайларда бағу керек?
- Мал қорадағы температураның мөлшері қандай болу керек?
- Мал қорадағы ылғалдықтың қандай маңызы бар?

Мал шаруашылығында балық шаруашылығы, омарташылық, қоян өсірушіліктің маңызы және тармақтары

Балықшылық – мал шаруашылығының өзіне тән салаларының бірі. Өсіресе, біздің еліміздің жағдайында бұл салаға деген сұраныс барған сайын артуда.

Балық және балық өнімдері өздерінің тойымдылығы мен құнарлылығы бойынша ауыл шаруашылық малдарының етіне үқсайды, ал қорытылу бойынша олардан едәуір жоғары тұрады.

Ауланатын барлық балықтың 80 пайызын ашық су бассейндерінде аулап ұстайды.

Арал теңізінен, Сырдарня мен Әмудария өзендерінен сүген, табан, қаракөз, маринка, алабұға сияқты балықтарды аулап ұстайды. Ал шағын тоғандардан алабұға, тұқы, бекіре, тағы басқа да балықтардың түрі кездеседі.

Өзбекстанда балықшылықты жедел дамыту мақсатында көптеген балық шаруашылықтары құрылған. Сонымен қатар барша су қоймаларында балықтар өсірумен және оның тұқымын жетілдірумен шұғылданатын шаруашылықтар саны артып барады.

Орталық Азия республикаларындағы, соның ішінде республикамыз облыстарындағы суаттарда тез өсіп жетілдетін, тез көбейетін, етінің сапасы бойынша жоғары тұратын: ақ амур, жыланбас, дөңмандайша сияқты балықтар түрі көбейтіп өсірілуде.

Омарташылық. Омарташылық ерекше пайдалы, мол өнімді әрі қызық сала саналады. Омарташылықтың негізгі өнімдері бұлар – бал, балауыз, прополис (бал ара желімі), бал ара сүті, оларға деген сұраныс әрқашан жоғары болған.

Бал өзінің тойымдылығы, емдік қасиеті мен құнарлығы арқасында қадірлі. Бал аралар жетістіретін балауыз бен прополис медицина мен ветеринарияда кеңінен колданылады. Бал арасының уы медицинада жүйке ауруларын емдеуде, бұындар қабынуынан сақтандыруда, адамның ұйқысы мен температурасын жақсартуда пайдаланылады.

Бал аралардың өмірі мен қызметі бірінші кезекте, сыртқы ортаға байланысты болады. Олар жанұя үшін қор азық жинаиды, ұрықтанып көбейеді.

Қоян өсірушілік. Өзбекстанның барлық облысында қояндарды, негізінен, еті мен терісіне бола өсіреді. Қоян терісі өзінің түрлі-

түстілігімен, жұмсақтығымен, керек десе, арзан бағасымен басқа жануарлар терісінен өзгеше болады. Қоян терісінен балаларға арналған пальто, қалпақ, аяқ киім сияқтыларды тігеді. Сондықтан қоян шаруашылығы мал шаруашылығының мол өнім беретін және салмақты саласы болып табылады.

Қоянның еті. Қоян еті өзінің сапасы мен диеталық қасиеті жағынан басқа жануарлар етінен ерекшеленеді. Жалпы алғанда, ет жетістіру бойынша қояндар ерекше орында тұрады. Бұған мысал ретінде олардың тез көбеюі, тез өсуі, әртүрлі азықтарды жей беруі сиякты қасиеттерін келтіруге болады.

Бір ана қоян жылына орта есеппен 70–80 кг ет пен 25–35 дана тері жетістіруге мүмкіндік береді; қоян етінің құрамында белоктар көп, холестерин аз болғандықтан, ол әсіресе балаларға өте пайдалы. Қой-ешкі мен қара малдың майымен салыстырып қарағанда, қоянның майы тез ериді, толық сініп кетеді. Сондықтан да балабақшаларда, санаторийлерде, ауруханаларда қоян етінен тұрлі тағамдар әзірлейді.

Зерттеу нәтижелерін алғып қарағанда, бір ана қояннан жылына 200–250 көжек алуға болады екен. Қояндар төрт айлық болғанда, олардан орта есеппен 1,5-2 кг ет шығатыны анықталған.



Пысықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Балық шаруашылығы туралы түсінік бер.
2. Омарташылық туралы не білесің?
3. Қояндардың өміріміздегі маңызы қандай?

Мал шаруашылығы фермаларында ірі қара малдарды бағу және жұмыс барысымен танысу

Бұзауларды бағудың мал шаруашылығындағы маңызы өтө зор. Асыл тұқымды сиырдың баласы болғанымен, жақсы

бағылмаған және қолайсыз жағдайда сакталған бұзаулардан мол өнім беретін сиыр шықпауы мүмкін.

Емізулі бұзауларды бағу. Бұзауларды мақсатқа қарай ет алу, асыл тұқым қалдыру үшін өсіреді. Бордақылауға бағылатын бұзауларға көбірек белоктар, ал өсіріп жетілдіру үшін сақталатын бұзауларға құнарсыз және шүйгін азықтар береді. Бұзауларға емізу кезінде екі айға дейін ішуге 200–250 кг майы алынбаған, екі айлық болған соң майы алынған сүт береді. Бұзауларға сүт берген кезде емізіктер пайдаланылады.

10–12 күндік бұзауларға жұмсақ сабақты пішен, 20 күннен бастап сұлы жармасын, зығыр күнжараасын бере бастайды. Екі айлық бұзауларға жуып тазаланған шүйгін азықтар – қызылша мен сәбіз береді, ал үш-төрт айдан кейін бірте-бірте сапалы сүрлемге үйретеді.

Емізіп бағу. Бұл тәсіл бойынша сиырларды саумайды, бұзаулар сиырды еміп үлкен болады. Кейбір жағдайларда бұзауларды анасынан ажыратып алып, кемірек сүт беретін сиырларға біріктіріп қояды. Мұнда әрбір сиырға қосып, екі бұзауды бағуға болады. Сүті мол сиырлар бүкіл сүт беру кезеңінде 4–6 бұзауды тойдыра алады. Осылай бағу көбірек жайлау жағдайында болады, бағу бойынша қаражат көп жұмсалмайды, жас малдар жақсы өседі.

Кеңінен таралған емізу-сауу тәсілі бойынша, бұзаулар бастапқы 5–6 күнге дейін анасының жанында болады, уыз емеді, содан соң оларды ажыратып, сиырды сауудан бұрын және сауып болған соң баласын емізеді. Бұзаулардың емізу-сауу әдісімен сиырдың сүтін көбейтуге және бұзауларды жақсы өсіруге болады. Мұның себебі сол, анасымен бірге болған бұзаулар қаймағы алынбаған сүтке мұқтаж болмайды, фермадағы сиырлардың бағылуы мен механикалық сауылудың ұйымдастыру қиандайды. Сондай-ақ сиырлар бұзаусыз қалса, сүттен тез шығады.

Ажыратып бағу. Бұл әдіс бойынша бұзауды туылсымын

анасынан ажыратып алыш, арнайы бұзау корада бағады. Бұзау кора өте таза, құрғақ, жағдайы өте жақсы болу керек. Сондыктан бұзаулар дені сау болып өседі. Мұндай жағдайда бағылған бұзауларға уыз ішкізеді. Уызбен қамтамасыз етілген бұзаулар жақсы өседі, өйткені уыз құрамында тез сінетін белоктар, минералды түздар және аурудан сақтайтын қорғаныш заттар болады. Туылған соң бастапқы 10–15 күн ішінде бұзауларға күніне төрт рет уыз ішкізіліп отырады. Егер бұзаудың өз аны ауырып қалса, оған бір уақытта туған және дені сау басқа сиырдың сүтін беруге болады.

Бұзаулар шамамен 20 күннен соң жалпы бұзау қораға көшіріледі.

Бұзауларды белгілі бір мақсатпен бағу. Табынды толтыру үшін құнажындарға, негізінде, құнарсыз және аз ғана жем қосылған шүйгін азық береді. Нәтижеде олар көп мөлшерде азық жеуге және қорытуға үйренеді, ал бұл сүті мол сиырлар өсіруге мүмкіндік береді. Құнажындарға бір тәулік ішінде 600–700 г-ға семіру үшін 2,5–4 кг пішен, 2 кг кесілген саман немесе сабан, 10–15 кг сүрлем, 1,5–2 кг құнды азықтар беру керек.

Бордақылау үшін бағу. Ет үшін бағылатын бұзаулар 7–8 айға дейін анысын еміп үлкен болады. Бордақылық шаруашылықтарында ерте көктемде бұзаулаған сиырларды жайлауларда бағады. Жайлаудың көк шөптерін, сиыр сүтін беріп, бағылған бұзаулар тез өседі. Бұзауларды сүттен ажыратқаннан кейін де жақсы бағады және келесі жыл көктемде жайлауға алыш шығады. Бордақылауға бағылатын бұзауларға тәулігіне 30–40 кг шөп береді, су мен қосымша минералды азықпен қамтамасыз етіп тұрады. Жайлауларда жақсы бағылған малдар тәулігіне 900–1000 г-ға семіруі мүмкін.

Жайлауы жоқ аумактарда малдарды бордақылауға арнап баққан кезде жем-шөп егіндерін өсіруден түскен шөп пен

пішен, шүйгін азықтар кең пайдаланылады. Малдарды семіртуде оларға қызылша, шомыр, барда сияктыларды береді. Кейбір шаруашылықтарда малдарға сурлем, пішен, көк шөп беріп, жақсы семіртеді. Жалпы алғанда, бордақылауға арналған бағу үш кезеңге бөлінеді. Бастапқы және орта кезеңдерде малдарды арзан азықпен бағады, ал соңғы кезеңде оларға көбірек жем береді.



Пысықтау үшін сұраптар мен тапсырмалар

1. Жана туылған бұзауларды қалай бағады?
2. Емізуі бұзауларды қалай бағады?
3. Бұзауларды бордақылауға бағу қалай жүзеге асырылады?

ЕҢБЕККЕ БАУЛУҒА ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТҮСІНІГІ

Технология мен дизайн багыты бойынша

Аппарат – аппарат, аспап, құрал-сайман.

Аптечка – дәрі-дәрмек қобдишасы.

Архитектура – сәүлетшілік, сәүлет өнері.

Балка – бөрене.

Дизайнер – дизайнер (өнеркәсіп эстетикасы бойынша маман, суретші).

Гайка – гайка, бұрандалы қосылыштың немесе жүрістік берілістің бұрандалы тесігі бар бөлшек (деталь).

Зубило – шапқы, темірқашау, кескіш; металл кесуге, науа жасауға және басқаларға арналған сынаға ұқсас металл кесетін аспап.

Инструктаж – нұсқау, басшы, жетекші нұсқау беру, жол сілтеу.

Изоляция – оқшаулау, тұйықтық.

Ковка – қыздырып соғу.

Колодка – тұтқа, қалып, дөңбек ағаш.

Колонна (лат. columnna – ұстын, бағана) – тік бағытталған жүктемені қабылдайтын тірек (әдетте, оның көлденең қимасы домалақ болады).

Кернер – слесарлық аспап, шындалған болаттан істелген өткір ұшы бар металл стержень.

Конструкция – құрылым, құрылма.

Контакт – байланыс.

Маска – бетперде.

Монтаж – монтаждау, жинау, түрлі бөлшектерді бірлестіріп жинап, бір бүтін күйге келтіру.

Оправка – көзілдіріктің жақтауы, тех. кескіш (кесетін аспапты немесе өндірілетін детальді кесетін тетік).

Патрон – тех. өндірілетін бұйымды ұстап тұратын қысқыш, әл. Электр шамын қондыратын іші қуыс тетік.

Пресс – материалды қысыммен өндейтін машина.

Прокатка – рельстерді прокаттау, прокатка жолымен рельс жасау.

Профиль – қырын, бүйір жағынан қарағандағы көрініс.

Раковина – қабыршақ, құйғыш, асханадағы ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша.

Резьба – нақыш жасау үшін ою, өрнек; тех. резьба, бұранда көртік.

Рулон – орам, тай, бума.

Станина – токарлық станоктың тұғыры, табаны.

Станок – жабдық.

Стержень – таяқша, өзек.

Труба – құбыр.

Тумбочка – үстіне, ішіне зат қойылатын жәшік тәрізді шкаф.

Шестерня – шестерня, тістегеріш, тісті донғалақ.

Шлем – арнайы бас киім.

Штамповка – қалыптау, штампалау, таңбалалау, бір қалыппен істеу, бірдей іс істеу, шаблондастыру.

Вентиль (нем. Ventil – клапан) – құбырлардың белгілі бір бөлігін қосып-ажыратып тұратын, құбыр арқылы берілетін сұйықтың, газдың не будың мөлшерін реттейтін қосу-жабу тетігі.

Винт – винт, бұрама, бұрама шеге.

Волочение – сым тарту, сым созу, талшықтау.

Сервистік қызмет көрсету бағыты бойынша

Батон – сопақша тәтті нан, бөлке.

Булка – бөлке нан.

Доза – доза, мөлшер, өлшем.

Гигиена – гигиена, денсаулық сақтаудың шарттары және оған жәрдем беретін шаралар туралы ілім.

Дизентерия – дизентерия, іштің бұрап алуы, жұқпалы іш ауруы.

Финжон – шыны аяқ, тұтқасы бар пияла.

Комбинация – комбинация, бір түрдегі бірнеше нәрселерден құрамдастырылған қосылыс.

Конфорка – самауырдың мүржасына кигізетін қақпак, газ плитасының қақпағы.

Контур – контур, пішіннің сырты.

Корпус – қорап, қорапша, қаңқа.

Маховик – машинаның жүрісін реттейтін ауыр дөңгелек.

Микроволновка – шағын толқынды пеш, электр жылытқыш.

Миксер – электр көпірткіш.

Мода – сән, үлгі, мода, жаңа стиль.

Модель – модель, пішім, қалып, нұсқа, тип, схема.

Петля – ілмек, ілгек.

Пирожное – тәтті тоқаш, бәлішке ұқсас, бәліш.

Плита – плита, пеш, ошак

Размер – өлшем, мөлшер, размер.

Цикл – бір оқиғадан екінші оқиғаға дейінгі кезең.

Сметана – қаймак, кілегей, сметана.

Структура – құрылым.

Ауыл шаруашылығы негіздері бағыты бойынша

База – негіз, база.

Иrrигация – жер суландыру, суару істеріне қатысты сала.

Комбинат – комбинат, кәсіпорын.

Комплекс – кешен.

Механизация – механизаландыру.

МАЗМУНЫ

I бағыт ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДИЗАЙН

1-тарау. МЕТАЛЛ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

1.1. Жалпы түсініктер

Металл өндeйтін шеберхананың күрылсыы.....	4
Металл өндeудегі қауіпсіздік техникасы ережелері.....	5
Металдың тұрмыстағы және халық шаруашылығындағы маңызы, қасиеттері мен сипаттары	6
Металдың сыртқы көрінісі мен өзгеше белгілері	7

1.2. Аспап-құралдар, қондырғылар және оларды пайдалану

Слесарлық станок	10
Өлшеу және белгі қою аспаптары	11
Аралар мен фрезалардың түрлері	13
Кескіш, бұрауыш және атауыздар	15
Балғалар және олардың түрлері	16
Зімпара қағаздардың күрылымы мен түрлері	17

1.3. Машина, механизм, станоктар және олардың пайдаланылуы

Металл өндeйтін станоктар мен олардың күрылымы туралы түсінік	19
Машинаның негізгі бөлімдері	22
Қозғалысты бір бөлшектен екіншісіне өткізетін беріліс	23
Бұранда жасайтын токарлық станокты іске дайындау	24

1.4. Өнім опірү технологиясы

Металл өндeу технологиясы, күрылымдау элементтері	27
Жұқа қаңылтыр мен сымнан бұйымдар дайындау	29
Детальдарды пісіру арқылы біріктіру	31
Детальдарды тойтарып шегелеу арқылы біріктіру	33
Металл өндeуде колданылатын халық қолөнершілігінің элементтері	34
Металл өндeумен байланысты кәсіби мамандықтар туралы мәлімет	35
Металдарды өндeу процестерімен үйлесімді халық қолөнершілігі технологиясы	36

2-тарау. АҒАШТЫ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

2.1. Жалпы түсініктер

Ағаш өндeйтін шеберхананың күрылсыы	38
Ағаш өндeудегі қауіпсіздік техникасы ережелері	39
Ағаштың күнделікті өмірдегі және халық шаруашылығындағы маңызы, күрылсыы, түрлері, колданылу салалары	40
Ағаштардың сыртқы көрінісі, жарамдылық және жарамсыздық белгілері	42

Ағаш ұсталығында істетілетін ағаштар	45
Жергілікті аумакта өсетін ағаштарды және олардан шығарылатын ағаш сүргінің түрлерін үйрену	47
Ағаштардың сапасы мен ақауларын анықтау	48

2.2. Құрал-саймандар, аспаптар және олардың пайдаланылуты

Ағаш өндейтін станок	50
Қол аспаптарының құрылышы мен түрлері, оларды пайдалану ережелері	51
Өлшеу және белгі қою аспаптары	52
Аралардың түрі мен аралау ережелері	53
Сүргінің түрлері және сүргілеу ережелері	56
Қашаулар мен олардың түрі. Балталар	58
Балғалар мен олардың түрлері	60
Егеулердің құрылымы мен түрлері	61
Зімпарапының құрылымы мен түрлері	62

2.3. Машиналар, механизмдер, станоктар

Ағаш өндейтін станоктар мен олардың құрылымы туралы түсінік	63
---	----

2.4. Өнім өндіру технологиясы

Ағаш ұста бұйымдарының бөлшектерін дайындау	64
Ағаш шеберлігі қосылыстары туралы мәлімет	65
Ағаш ұста бұйымдарының бетін ыстып өндеу және детальдарды құрылымдау. Бұйымдар бетіне жабыстырылатын жабындар	66
Ағаштан істелген үй керек-жақтарын пайдалану	67
Ағаш өндеуде қолданылатын халық қолөнершілігінің элементтері	68
Ағаш өндеу бойынша кәсіп-мамандықтар туралы мәлімет	69
Дайындауданың эскизи мен технологиялық картасын жасау, таңдау, белгі қояндауда	70
Ағаш өндеу процестерімен үйлесімді халық қолөнершілігінің технологиясы	71

3-тарау. ЭЛЕКТРОТЕХНИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Электромонтаждау жұмыстарындағы жұмыс орнын ұйымдастыру. Электр өткізетін сымдардың түрі. Электр аспаптар және олармен жұмыс істеу әдістері	72
Электр өткізгіштерді монтаждау, оқшаулау жұмыстары	73
Электротехникалық арматура	74
Салалық кәсіби мамандықтар туралы мәлімет	75

4-тарау. ҮЙ КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫН ЖӘНДЕУ

Еден жабыны мен жиһаздың лактанған және қапталған беттерін сактау шаралары, шағын жөндеу жұмыстары	76
Терезе кәсектерін онай жөндеу және қыстығұнгі жылулықты сактау әдістері	77

II бағыт. СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1-тарау. АСПАЗДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Жалпы түсініктер

Аспаздықка үйрену бөлмесіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері мен санитариялық-гигиеналық талаптар 99

Аспаздықтың тарихы мен дамуы. Азық-тұлік өнімдерінің тағамдық құнарлылығы, адам организмі үшін маңызы 101

1.2 Құрал-саймандар, аспаптар және оларды пайдалану

Өзбек ұлттық асханасының өзіне тән қасиеттері мен дамуы 103

Асханада істегендегі жеке гигиена ережелері 105

Практикалық жаттығу. Көкөністерді алғаш өндеу, турау әдістерін пайдалана отырып, салаттар әзірлеу, дастарқанға тарту ережелері 106

1.3. Аспаздық өнерінде колданылатын технологиялық жабдықтар және оларды пайдалану

Жабдықтар және оларды пайдалану туралы жалпы түсінік 110

Заманалық асхана жабдықтары 112

Практикалық жаттығу. Көкөністерді қайнату әдістері 113

1.4 Тамақ пісіру технологиясы

Жұмыртка мен оның тағамдық құнарлылығы, пісіру әдістері. Дастиарқанға тарту ережелері 115

Практикалық жаттығу. Ыстық ішімдіктер дайындау. Шай мен кофені демдеу әдістері 118

Практикалық жаттығу. Көкөністерден женіл тамактар әзірлеу 121

Ашық, жабық, басытқыға арналған бутерброттар әзірлеу және оларды дастиарқанға тарту тәртібі 123

Құймақты әзірлеу және дастиарқанға тарту тәртібі 124

2-тарау. МАТАНЫ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

1. Жалпы түсініктер

Кауіпсіздік техникасы ережелері мен санитария-гигиеналық талаптар 128

Практикалық жаттығу. Саржа мен кенеп мата тоқу. Матаның өң әрі теріс жақтарын, бойлық әрі көлденен жіптерін анықтау 132

2. Қондырғылар, аспаптар мен тетіктер және олардың пайдалылығы

Қолмен істелетін жұмыстар. Аспап-қондырғылар туралы мәлімет 138

Практикалық жаттығу. Қолдан тігілген тігістер үлгілерін дайындау Ұстағыш дайындау. Үтіктеу әдістері 142

3. Машина, механизм, станоктар және оларды пайдалану

Қол жетегіндегі тігін машинасы. Тігін машинасын жұмысқа дайындау және жіпсіз тігу 147

Практикалық жаттығу. Машинамен жұмыс істеу ережелері. Машинамен жіпсіз тігу. Машинаға жіп өткізу. Біріктіретін, шет және безек тігістерін тігу 150

4. Өнімді өндіру технологиясы

Пішу және тігу туралы мәлімет 155

Фартук пен бауы бар қалпақшаның сыйбасын салу	158
Фартук пен байламы бар қалпақты модельдеу және олардың пішімін дайындау	161
Байламы бар қалпақты пішу және тігу	162
Тұтас пішілген фартукты пішу және тігу	165
Тұтас пішінді фартукты тігу	167
Тұтас пішімді фартуктың мойын ойындысын өндөу	168
Жапсырма қалтаны тігіп қою	170
Фартукты ақырғы рет өндөу және үткітеу	171
Халық қолөнері технологиясы. Кесте тігу өнерінің даму тарихы мен жұмыс әдістері	172
Кесте тігу өнерінде қолданылатын тігіс ұлгілерін тігу	173
Тігістің кесте тігу өнерінде қолданылатын түрлерін тігу	175
Қызықшаны пішу, әшекейлеу және тігу	176
Ұлттық ойыншықты (куыршақты) тігу технологиясы	178
Куыршақтың пішімін даярлау, пішімді матаға жайластыру және пішу	180
Бөліктерді өндөу. Куыршақты тігу	182
Куыршақтың күімін соңғы рет өндөу	183
Іліптоку туралы мағлұмат. Тігіс түрлерін іліптоку	184
Көзілдірік қабын іліптоку	186
2.5. Бұйымдарды өндөу технологиясы	
Практикалық жаттығу. Тігісі сөгіліп кеткен бұйымдарды тігу	187

III бағыт. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ 1-тарау. ӨСІМДІКТАНУ

1.1. Жалпы түсініктер	
Аймактарда өсірілетін дақылдардың түрі және олардың маңызы	189
Өнімді жылыжайларда өсіру	191
1.2. Ауыл шаруашылығындағы енбек құралдары және олардың пайдаланылуы	
Ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру техникасы мен технологиясы	193
Ауыл шаруашылығындағы мақта өсіру технологиясы және барысы	195
Ауыл шаруашылығындағы картоп өсіру технологиясы мен барысы	197
Ауыл шаруашылығындағы астықты жетістіру технологиясы мен барысы	199
Ауыл шаруашылығындағы бақша дақылдарын өсірудің технологиясы мен барысы	200
Топырак құнарлылығын және егін өнімділігін арттырудары	
тыңайткыштардың маңызы және түрлері	201
Тыңайткыш салу мөлшері, тәсілдері, мерзімі мен тиімділігі	202
Жерді баптау: жер жырту және егістен бұрын жұмсастьып, тегістеу бойынша жұмыстардың маңызы	203
Жер баптау құралдары мен машинадары	205

Практикалық жеткіліктердің жағдайларынан жердің мөрттүстіктерінен

жердің мөрттүстіктерінен 207

1.3. Ауыл шаруашылығы машиналары

Тұқым және көшет отырғызу тәсілдері, мөлшері, мерзімдері. Тұқымдарды біркелкі өсіру бойынша шаралар	209
Тұқым себуде қолданылатын құралдар, жабдықтар мен машиналар	211
Егіндер қатараралықтарын баптау және оларды өсіруде қолданылатын құралдар мен машиналар	212
Суару тәсілдері, мөлшері, мерзімі және сол кезде қолданылатын құралдар мен машиналар	214
Егіндерді аурудан, бөгде шөптерден және зиянкестерден қорғау	215
Өнімді жинап алу және сол кезде қолданылатын құралдар мен жабдықтар	217

2-тарау. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

Мал шаруашылығындағы асыл тұқым алу істері. Малдарды бағу және өнім сапасын арттыру жолдары	220
Мал шаруашылығы фермаларында істерді механикаландыру	221
Мал шаруашылығы фермаларында малдарды бағу тәсілдері	223
Мал шаруашылығында балық шаруашылығы, омарташылық, коян есірушіліктің маңызы және тармақтары	225
Мал шаруашылығы фермаларында ірі кара малдарды бағу және жұмыс барысымен танысу	227

Еңбекке баулуға қатысты терминдердің түсінігі 231

O'quv nashri

SHARIPOV SH., MUSLIMOV N., TOLIPOV O., ABDULLAYEVA Q.,
QO'YSINOV O., SATTOROV V., AHMADALIYEV S., MO'MINOVA M.

МЕХНАТ ТА'LIMI

(qozoq tilida)

**Umumiy o'rta ta'lif mакtablarining
5-sinfi uchun darslik**

"Sharq" nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Toshkent-2015

Басылым лицензиясы AI № 201, 28.08.2011

Аударған Райхан Бабатаева

Редактор Р. Өктем

Техникалық редактор Б. Каримов

Беттеуши Е. Юлдошева

Корректорлар: Ш. Хуррамова, М. Зиямұхамедова

Басуға 2015 жылғы 3 шілдеде рұқсат етілді.

Пішімі 70x90 1/16. «Times» гарнитурасы. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 17,55. Есепке алғынған баспа табағы 16,98.

Таралымы 6275 дана. Тапсырыс № 3936.

**Озбекстан баспа және ақпарат агенттігінің «O'ZBEKISTON»
баса-полиграфия шығармашылық үйінде шығарылды.
Ташкент қаласы, 100129, Науан көшесі, 30-үй.**

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz www.iptd-uzbekistan.uz

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің колы	Оқулықтың тапсырылғандағы күйі	Сынып жетекшісінің колы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда
кайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып
жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде
толтырады:**

Жана	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендеңі күйі.
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінеп ажыралмаған. Барлық параптары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сзықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сзызылыш, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін, пайдалануши тараپынан қанағаттанарлы қапталған, түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттеріне сзызылған.
Нашар	Мұқабасына сзызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған яки түгелдей жоқ, қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, параптарын, оқулықты тіктеп болмайды.



Сатуға тыйым салынады



ISBN 978-9943-26-358-1

9 789943 263581

